



**Ақылдастар алқасы:**

Әбдішев Б., *төраға*

Жұмабеков Б., *төраға орынбасары*

Жайлыбай Ғ., *төраға орынбасары*

Аймағамбетов Е.

Ақсұңқарұлы С., *жауапты хатшы*

Ахметов К.

Ғазалиев А.

Дулатбеков Н.

Исабеков Н.

Кобеев Е.

Қаңтарбекова Г.

Омаров Ә.



СЕРІК  
АҚСҰҢҚАРҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Екінші том

АЛАС

---

Алматы  
«Қазақстан»  
2014

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)

А 37

Сарыарқа кітапханасы

**Ақсұңқарұлы С.**

**А 37 Шығармалары / С.Ақсұңқарұлы.** – Алматы: “Қазақстан” БҮ” ЖШС, 2014.

ISBN 978-9965-10-121-2

Т.2: Алас. – 2014. – 400 б. (Сарыарқа кітапханасы)

ISBN 978-9965-10-123-6

16 18  
122654

Қарағанды өңірі ғана емес, бүкіл Қазақстан, тіпті алыс-жақын шетел оқырмандарына да белгілі – ақын шығармалары жинағының II томына оның жаңа – XXI ғасырда дүние есігін ашқан жырлары мен эсселерін енгіздік. Оқырмандардың бұл томнан да ләззат алары даусыз.

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)

**АБОНЕМЕНТ**

ISBN 978-9965-10-121-2  
ISBN 978-9965-10-123-6  
«ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ЖИНАҚТЫ АҚСҰҢҚАРУЛЫ С. АҚСҰҢҚАРУЛЫ А  
ЖИНАҚТЫ АҚСҰҢҚАРУЛЫ С. АҚСҰҢҚАРУЛЫ А  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕРКЕЗІ»

«Қазақстан» 2014  
Ақсұңқарұлы С., 2014

## ҰЗАН<sup>1</sup>

(IX-XXI)

Мен – Отпын, өртпін ғой мен лапылдаған,  
Лебіме жан шыдымас жақындаған.  
Болғанда өзім – жерде,  
Тәңірім – Көкте,  
Шерімді Соған айтып, лақылдағам...

Ұстаған, соңсоң, мені Ол биіктетіп,  
Пендеге – жат,  
Өзіне – сүйікті етіп.  
Жаныма жақындасаң құл боларсың,  
Жасыным бір жеріне тиіп кетіп.

Көкірек – шер де, кеудем – ыза менің,  
Түркі-Оғыз заманында Ұзан едім.  
Тәңірім алқап,  
Жебеп Аруағым,  
Ноқат боп көз ұшында ұзап едім.

Алаштың жүріп тағдыр-таланында,  
Енді кеп табанында қаламын ба?!  
Доспанбет,  
Асан Қайғы,  
Шалкиіз ем,  
Керей хан – Өз Жәнібек заманында.

Бір тауар бір кісінің жарты құны,  
Бүгінде базар – думан,  
Сарт – үкілі.  
Кімге айтам құл тұқымы түгіл, онда  
Аузыма қараған деп хан тұқымы.

Өңезге болмай айтқан өкімі – екі,  
Өлеңнің жүрген кезі-ай, өкілеті:  
Сүйген-ді мені Тәңірі,  
Соны сезіп,  
Именді тексіз кеңес өкіметі!

<sup>1</sup> Ұзан\* – Ақын, Жыршы (көне түркі-қыпшақ тіліне)

Арсы мен гүрсіге бір шарк ұрғасын,  
Нас тұлпар қалай қажып, алкынбасын.  
Болғанда Алаш – азат,  
Аяр – мазақ,  
Абдырап қалды-ау, қайран, алтын басым.

\* \* \*

Есінде ме Шайтанкөлдің түндері,  
Қиял бізді сонда алысқа сүйреді.  
Өмір деген тәтті болып кеткен-ді,  
Сонда сенің ерініңнен сүйгелі.

Көз алдымда – сауал толы көздерін,  
Жанарыңды жаһан қылып кезгенім.  
Өмір заны өз әмірін жүргізді  
Сен сезбедің... Мен де түкті сезбедім...

Тарпаң тағдыр жаншып басып енсені,  
Жолға шықтық... Жок! Жоғалттым мен сені!  
Мәрт ғашықтар бір-біріне өмірде  
Мәңгі бақи кездеспейді деуші еді...

...Құстай ұшып Шайтанкөлге жеттім де  
Елесіңе тұрдым тағзым еттім де.  
Сен де сеніп сол әзәзіл сөздерге  
Кездескеннің қолын ұстап кеттің бе?

Сенбеші оған, сұра жұрттан сыналған,  
Сұрашы анау шыңда тұрған шынардан:  
Алдау үшін ғашықтарды аңғалақ  
Пасықтар ғой соны ойлап шығарған!

Сенбеші оған... Есінді алған сұм ағын –  
Қайда әкетіп бара жатыр? Тұл – әнім...  
О, сұмдық-ай! Қасаң қағидалардан  
Тарс жарылып кетер ме екен құлағым?!

Сенбеші оған... Елең қылма түгін де,  
Өткенде емес бар үмітім – бүгінде,  
Жалғыз өзім жастанып ап жартасты  
Күтем сені Шайтанкөлдің түбінде.

Сенбеші оған... Жаңбыр менен жасында,  
Тірі жан жоқ – табиғат бар қасымда –  
Есіл шақты еркін еске түсіріп,  
Күтем сені Шайтанкөлдің басында.

Келші, жаным... Суытпашы бекер бой,  
Шайтанкөлің – қасиетті мекен ғой.  
...Мәрт ғашықтар бір-біріне өмірде  
Мәңгі бақи жолықпайды екен ғой.

## ЕКІ САЛТ АТТЫ

Дүние – Көш,  
Бірі – кеткен,  
Бірі – келіп,  
Заман да кеп алмасты күңіреніп.  
Сен кеттің.  
Қалды артында Қарқаралы,  
Орның ойсырап тұр,  
Үңірейіп...

Уақыт та ала-құйын ағын еді,  
Бара ма көмескі боп сағым өңі?  
Атыңның үзеңгісі Ақсұңқардың,  
Атының үзеңгісін қағып еді.

Көшкен бір көкжиектен көш есімде,  
Сол көшпен сен де қоса көшесің бе?  
Әкемнің сөзін естіп, көзін көрген,  
Бір шал жоқ Қарқаралы көшесінде.

Жүздеспей жүзі таныс кісіменен,  
Түксиген түнектің бір ішіне енем.  
...Түсімде екі ат көрем,  
Ер-тоқымы  
Баурына түсіп кетіп,  
Кісінеген!!!

Кісінейді екі ағ –  
Екі пірім менің,  
Көрдің бе тізесінің дірілдерін.  
Қалды екен қайда қайран үзеңгісі,  
Салды екен қайда сайран дүбірлерін...

*12.12.2005*

\* \* \*

Қас қағымда дүние бүлінді ме,  
Кеттің хабар-ошарсыз түңілдіре.  
Жат еркекке жүрегің жүгінді ме?  
Шайтанкөлде кездесіп қалып едік,  
Бүкіл жерде жоқсың сен бүгін, міне.

Күнімді де тәрк етіп – батпайтұғын,  
Таңымды да тәрк етіп – атпайтұғын,  
Іздеп келем. Белгілі – таппайтыным.  
Құпиям боп қалдың ғой, ғұмыр бойы  
Жүрегімнің түбіне сақтайтұғын.

Шайтанкөлге сені іздеп талай бардым.  
Жоктығыңды білгенде – қалай бардым?  
Сан барармын. Әлі сан қарайлармын,  
Ішқұса боп таба алмай тарта берем,  
Келіп кеткен жолымен талайлардың.

Мен секілді мазасыз шерлі екен көк,  
Барған сайын... Нәсерін селдетер кеп.  
Табысатын кезім де келді екен деп,  
Арулардың жалт еткен жанарына  
Жалтақ-жалтақ қарармын сен бе екен деп.

Дөңбекшітіп сені де төсегінде,  
Шырылдаса сағыныш – сезім – бала,  
Сабыр беріп жүр ме екен төзім – нала?  
Қалай десең – олай де: осы өмірде  
Сүйген, сүйе білетін – өзім ғана..



## КӨК БӨРІНІҢ КҮЙІ – «КӨК ТҮРКІ»

Немене жыбырлап тұр тамағымда,  
Қорқыттың қобызының шанағында?  
Болғанмен басым – мұнда,  
Көңілім – анау –  
Көк Тәңірі,  
Көк Түркінің заманында.

Жаһанды жанарыммен жасқап өстім,  
Жайлауды тастап, неге таска көштім?  
Дүниеде жоқ-ты бізден басқа –  
Ешкім,  
Біздерден бекзат, текті, асқақ –  
Ешкім!

Дүние неге бөлек ойға қалды,  
Ол онда көк ғасырын тойлаған-ды.  
Ғаламзат – Көктәңірі, Көк Түркі бар,  
Көк Бөрі ғана бар деп ойлаған-ды...

Түркіге түбі тексіз жүйе қас-ты,  
Бетіме қай сұм келіп күйе басты?!  
Қалайша Көк Тәңірі Көк Түркіден  
Көз жазып, –  
Көк Бөріден кие қашты?!

Құлайтын күн болғанда Құдайға анық,  
Атымның бауырына құлай барып, –  
Күн Ие, жалт қарасам Саған,  
Сонда –  
Дүние бара жатты шыр айналып...

Ұлып кеп, көкжиегін түріп көктің,  
Көз жасын құз кияда жүріп –  
Төктім.  
Оғыздың қабырына құлап түсіп,  
Қобыздың шанағына кіріп кеттім...

2004

Саған арнап сұлу жырдан гүл өрдім.  
Гүл өрдім де тығырыққа тірелдім.  
Рухыңды – бұлдыраған елестен –  
Өлеңіме айналдырып жібердім.

Өлеңімсіз бозаң тартар өң кірмей –  
Өр кескінің – өзегімнің өртіндей.  
Дүниеде менен күшті еркек жоқ,  
Бір әйелді алып қалдым өлтірмей!

Қанатымыз ұша-ұша талғанда,  
Енді бізге құлау ғана қалған ба?  
Бұл жалғанда сенен асқан ару жоқ,  
Менен асқан еркек жоқ бұл жалғанда!

Саған арнап сұлу жырдан гүл өрдім,  
Гүл өрдім де тығырыққа тірелдім.  
Рухыңды – бұлдыраған елестен  
Өлеңіме айналдырып жібердім.

Жүрегімнің, немене, аһ ұрғаны,  
Неңдей дауыл кеудемнен лапылдады?  
XX-шы ғасыр да кеткелі тұр –  
Қырық жастан аспайтын ақындары...  
Жүрегімнің, немене, аһ ұрғаны?

Қош, ғасырым! Музамен тебіреніп,  
Мұқағали боп сүйдің – еміреніп.  
Тереңіңе күмп етіп түсті-дағы,  
Жұмекен де тұншықты – Сені көріп.  
Бір жасадың Музамен тебіреніп.

Кеңшіліктің кім алды шыбын жанын,  
Қайтсем санап тауысам – қырылғанын.  
...Темір ғасыр балқытқан Темірхандар,  
Гүлнарларым, төгілген – бұрымдарың,  
Сендер аман болындар, құлындарым.

Сендер аман болындар,  
Дұшпаның – кіл,  
Сальеридей аяр ғой, құшқаны – тұл.  
...Ақындарды жалмаған жалмауыздай,  
Мынау ғасыр тұғырдан ұшкалы тұр...

\* \* \*

Вокзалдағы бомжы қазақ,  
Жанымыз – бір, зарымыз.  
Бодандықтан болдық та азат,  
Бомж болдық бәріміз.

Манайымыз толған сұмдар,  
Еміренбес ел десе,  
Сенде үй жоқ – онған кім бар?!  
Менде Отан жоқ, ендеше.

Арсыз жерге кім қарамас,  
Аяр, жәләп, малғұн ба? –  
Алаш қазір тыр-жалаңаш  
Адамзаттың алдында.

Ботадай боп боздадым да,  
Келдім саған, о, ғарып:  
Адамзаттың вокзалында  
Бомж – Алаш тұр боғы ағып...

Кел, ішейік! Түзге канат  
Қағып, көкті іліп бір,  
Күледі ашкөз бізге қарап,  
Ұры-қары күліп тұр!

Қазақ біткен қатарында,  
Бәрі сендей – қаралы.  
Өрген бит те сақалында  
Сак-сақ күліп барады...

12.2004

\* \* \*

Көп өкпем қалды ішімде көпке жетпей,  
Құс өкеш – құс та қоймас өкпелетпей.  
– Көгершін!  
Көкаршын ғой сенің ныспың,  
Жүрсіндер мұнда нағып, көкке кетпей?!

Көктегі шеруменен шерге қанып,  
Қанатты сендерге ұш деп бергені анық.  
Аспанның алапатын көзбен көрмей,  
Жүрсіндер лағып неге жерде қалып?

Аулада жүрсің көкті алаң көрмей,  
Ең құрса дауыл түгіл, самалға ермей.  
... Не дейін құса қылған құдайға мен,  
Қанатты саған берген – маған бермей...

08.2003

## ХАФИЗДЕН

Дәметпе түк те ешкімнен,  
Шығарма баска бай ұлын,  
Тіріде олар Тәңіріден  
Жиятын емес айылын.

О, шәйір! Шайтан – жолында:  
Оның да көрдік ойранын,  
Қаламың болса қолында,  
Береді құдай қайырын!

Хорезм шахын білмеуші ем,  
Көргенде көкте тұрды еңсем,  
Йездің шахы – өз шахым,  
Көрсетпей қойды қайырын.

Алтыннан, бактан, ақшадан  
Биікпіз біздер, бауырым,  
Тәңірі бір күн патшадан  
Сұрар-ау, біздей шәйірін!



Капитализм келді біздің маңайға.  
Социализм жұртқа қайдан қарайлар?  
Бес қабатты біздің бетон үйді кеп,  
Қоршап алды қос қабатты сарайлар.

Алтын менен аптап қойған бұл үйді,  
Күміс пенен күптеп қойған бұл үйді.  
Қабаған ит күніменен абалап,  
Түніменен Айға қарап ұлиды.

Ашулы иттер күндіз-түні үрді кеп,  
Бізбен неге ақын өмір сүрді деп.  
Мен өлгенде тақта ілмендер бұл үйге,  
Ақұсқарұлы тұрды деп.

Екі-ақ қадам бұл екі үйдің арасы.  
Иесінің, итгін де жоқ санасы.  
Өздерінің маған көрші болғанын,  
Сезбей отсін өңкей итгін баласы...

06.2003

## ҚАРА ӨЛЕҢ

Қайдасың, қасиетті қара өлеңім,  
Қазақтан аямаған бар өнерін?!  
Алаш бір Ару еді, аялап бір  
Сен оның қолаң шашын тарап едің,

Қарашы маған бір сәт,  
Қалғыма көк,  
Ғаламда мендей сұлу қалды ма?! – деп –  
Толықсып тұрды сонда Алаш Ару,  
Адамзат айнасының алдына кеп.

Сен де – құс.  
Қазақ дейтін халық та – құс.  
Ұша бер,

Бұлттан да әрі шарықтап ұш!  
Басқа елге бауыр баса қоймассың сен,  
Алаштың аспанында қалықтап ұш!

Эпостан –  
Цивилизацияға жөнелдің де,  
Музаны ақ бесікке бөледің бе?  
Сендегі асқак ой мен асау сезім  
Жоқ сенен басқа ұлыстың өлеңінде.

Алаш та сенімен бір биіктепті.  
Бұ жерге қалай келдің қиып көкті?  
...Тобеден сен түстің де,  
Төрт құбыла –  
Сенің төрт жолыңа кеп сиып кетті.

Арқаның тауын кезіп, жоны, белін,  
Кеудеме құйдың ән ғып соны менің.  
Жасынның арасынан ұшып шығып,  
Қасымның арқасына қонып едің.

Киесі топырақтың буынды ап бір,  
Дамылда, ұша бермей зуылдап құр  
...Алаштың мендей асау бір ұлының  
Арқасы сені күтіп дуылдап тұр...

\* \* \*

Мен сені сағындым көктемде,  
Төбемен жыл құсы өткенде,  
Домбыра күйшіге тап болып  
Әдемі әуенін төккенде.

Түк те жоқ, өзіңсің санада,  
Сағыныш, жалыныш, нала да.  
Мен сені сағындым далада,  
Мен сені сағындым қалада.

Сені іздеп шекті азап есіл ер,  
Мені де сен де бір есіне ал.  
Сүюді білмейтін адамның  
Осынау өмірде несі бар?!  
Мені де сен де бір есіне ал...

\* \* \*

Келеді алып кашкым –  
Жегідей жеп, жанымды құса қылған  
Түн андыған бұзықтың пышағынан,  
Жасындардан кенеттен жарк ететін,  
Сұлулық пен пәктікті тәрк ететін  
Дон Жуанның темірдей құшағынан!

Кереғарды калайша келістірем!  
Көзім алды – қайшылық, керіс кілең!  
Болсам егер қараңдар санатында  
Қысып алып өзінді канатыма  
Алып кашып кетер ем Жер үстінен!

Алып кашып кетер ем, сол – тыныш-ты,  
Маған керек басқа әлем мол тынысты.  
Қайда барып еркін бір демаламыз?  
Хиросима – секілді Жер-анамыз!  
Өмір сүру не деген қорқынышты...

\* \* \*

Күліп тұрып қоштасайық жас дәуренмен кезінде,  
Ұмыт қылып – ең алғашқы махаббаттың өзін де...

Қоштасайық танымасқа жету үшін асық боп.  
От басайық – тағы басқа біреулерге ғашық боп.

Күнді сүйдік, гүлді сүйдік. Ғажап еді-ау ортамыз.  
Кімді сүйдік? Бүгін соны еске алуға қорқамыз!

Күнә қалды... Куә қалды! Ол да өлгенмен – тірі адам.  
Бір адамды сүйгенінді кешірмейді бір адам!

Бар күнәдан сап болайық, асылық бар ма, ал мұнда?  
Ақталайық тағы басқа біреулердің алдында.

Күліп тұрып қоштасайық жас дәуренмен кезінде,  
Ұмыт қылып – ең алғашқы махаббаттың өзін де!

## БАЗАРДАН ТАУЫП АЛҒАН БАНК БИЛЕТІНДЕГІ ЖАЗУ

Бос сөз бәрі...  
Қоғам сөзге кенде ме,  
Естен танып есіріп жүр ел неге:  
Махаббат жоқ – құр қарар бар, қаулы бар,  
Жүрек те жоқ – ұлтабар бар пенделе.

Бай – банкті,  
Банк сүйген байларды.  
Мемлекет те банктерге байланды.  
Мақұлықтың басын жарып ми боп ем,  
Сол сәтте әлгі кемеңгерге айналды!

Түгендедім Сайтандардың есебін,  
Шідерледім сайқалдардың төсегін.

Неше килы жолдан жүріп –  
Қысылдым.  
Неше түрлі қолда жүріп –  
Қысылдым:  
Тек батырда қалта жоғын –  
Түсіндім,  
Тек ақында қалта жоғын –  
Түсіндім.

## БІРІНШІ

*«Біз бүкіл түркі халқының ата жұртында тұрып жатырмыз. 1861 жылы қазақтың соңғы ханы өлтірілгеннен кейін, біз Ресей патшалығының, одан Кеңес Одағының боданы болдық. 150 жылдың ішінде қазақ деген халық өзінің ұлттық салт-дәстүрін, тілін, дінін ұмытуға аз қалды. Жаратқанның қолдауымен 1991 жылы біз өзіміздің тәуелсіздігімізді жарияладық. Сіздердің бабаларыңыз атажұрттан бері қарай жылжыған кезде Түркі қағанатының ішінен түрік деген атты өздерімен алып кетті. Қазірге дейін түркінің ішінде жігіттің сұлтаны, ең жақсы жігіт қандай дегенде «қазақ» дейді. Сол қазақ – бізбіз».*

*(Нұрсұлтан Назарбаев)*



Кәуір біткен томсарып,  
Дүр-дүниеге дүбір енді.  
Көк Тәңірі аузына сөз салып,  
Көк Түріктің аруағы күнренді!

Он қабағым тартады,  
Күн астына жортайып асықты алшы иіріп.  
Алашты Алла алқады, –  
Аспаннан нұры құйылып!

Баурыңды жазып, баркала,  
Алаш деп қайда бармадың?  
Астана салып Хан Кене шыққан Арқаға,  
Адамзаттың көзін арбадың!

Жаныңды жасын жаныды.  
О-дағы тағдыр-талан-ды.  
Он бес миллион қазақты ғалам таныды,  
Ойланып отыр қазақ та танып ғаламды.

Дүние жүзінің аяр мен сұмы қысымға ап,  
Бір түреге, бір құлап, –  
Батыста – Аю, Шығыста – Айдаһар ысылдап,  
Арасында –  
Алаш тұр жаны шырқырап!

Сырласарға жан таппай іштен тынарсың:  
«Зәузәтім ертең жүрегімнің түбіне бойласа, –  
Өлімге қимас, өкпеге қиса қайтейін?!» деген шығарсың,  
Мұсылманға маза жоқ – кәуір тоймаса!»

Арқана аруак тұр қонып,  
Мандайға жазған Алланың жазуын малданған, –  
Қойшыңа сөз боп, жылқышыңа да жыр болып,  
Абылайдайын өтерсің мынау жалғаннан...

Ордана – елін кереге,  
Жайыла берер Жаратқан Иен қолдаса;  
Қасында жүрген кара құс опа берер ме,  
Аспанда ұшар Ақсұңқар-Алаш болмаса?!

АБОНЕМЕНТ

17

«ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН  
КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МӘКЕБЕЛІК  
М.С. 1989

Тектіден Мені кем көрме,  
Тексізіне теңгерме –  
Көншімес көңіл бір ісіне;  
Арқама біткен аруак  
Алты Алашка келгенде,  
Атойлап тартар арсы менен гүрсіге!

Көрдің бе, бекзат тегімді,  
Көшелі жұртқа көрінген даукес бас болмас.  
Алла бөлмеген Алашты  
Азғырып пендең не қылды?!  
Ақсарбас!  
Ақсарбас!  
Ақсарбас!

Замана қайда бет қойды,  
Шерімен қозып, шемені?  
Сұр жылан – социализмді Аждаһа – Батыс жеп қойды!  
Тамағыма қылтаны кетер демеді...

Отыз омыртқаң, қырық қабырған сөгілің,  
Кеудеңе запыран кептелді.  
Жеріңнің байтақ басы – дау да, көгі – бұлт.  
Еліңнің жайын Абайың айтып кеткен-ді...

Ашылғанда сұмның араны,  
Өгіз арбадан – Өркениетке шыққан жол басы ең,  
Ел жұртың ерге карағанда,  
Ер – неге жерге қарады?!  
Көзіңді жұмып, көш бастап шықтың сонда – Сен!

Елу елмен тізе қағысып,  
Қорғанды айналып, орманды,-  
Алағай да бұлағай заманнан  
Айдарың Айға шағылысып,  
Ап шықтың Алаш-Ордаңды!

Аласапыран, ала өкпе, тартыс-таласта,  
Алтайда – боран, Маңғыстауда – қызыл сең жүріп,-  
Сонарға тартқан Бірінші – Сенсің Алашта!  
Екіншісіне елпендей қоймас енді жұрт.

Атоммен ары сыналып,  
Алысқа жеткен дүркүрі,-  
Қазақстан деген мына жұрт  
Қазақ болады бір күні!

Уа, Қызғыш құс, Қызғыш құс!  
Ел қорыған Қызғыш құс,  
Жер қорыған Қызғыш құс!

Ел білмесе қадірінді – ер білер,  
Ер білмесе – жер білер,  
Жер білмесе – жел білер;  
Жел білген соң, көгінде  
Көк Байрағым желбіреп!

Көлің – мұз да, жерің – тон,  
Қазынаңда қазағыңның үлесі – аз;  
Мамырлап ұшып, кел де қон,  
Міне-майдан, міне – саз!

Қазағыңнан қайсысы артық, несімен?  
Құладың құсын қор болса, қиырдан ұшып жетермін;  
Хан ұлынан артық болмаса, кем емес Менің несібем,  
Елімді айтсам, Едігеге кетермін!!!

Күн астанда –  
Күнекей!  
Күлтегіндей –  
Ұлмыз!  
Жылағанды –  
Жұбат!  
Қисайғанды –  
Түзет!  
Құлағанды –  
Тұрғыз!

Сонарға тарттын, соңыға,  
Көтерді елім енсені  
Алла тапсырды Алашты Сенің қолына!  
Аллаға тапсырдым Мен Сені...

*29.10.2012 ж.*

Адамзаттың ұрмағы –  
Алматы.  
Науа жеген апорт.  
Соның қалды аты.  
Аңдып келіп, Адам мен сол науаны  
Шықпай қойды, Бірақ, Сайтан-салдақы.

Бірде – Жерде.  
Бірде – Көкте өмірі.  
Күннен-күнге күңіренеді өр үні.  
Арып-ашып Алматыға келмесе,  
Көншімейтін көрінеді көңілі.

Сайтан қайда жүрсе-дағы үкілі.  
Жүреді елге соның ғана үкімі.  
Қара басып қайдан бізде қалды екен,  
науа жеген сол алманың тұқымы?!

Нәсер селдеп, көзден жасы сығылып,  
Алматы тұр Алатауға бұғынып:  
Бейіш-бақтың бұтағының астында  
Періштелер отыр, әне, –  
Тығылып!

Алла да үнсіз,  
Абай да үнсіз азалы.  
Осы жерде жер-дүние назары.  
Салдақының сылқ-сылқ етіп күлкісі,  
Алматының қайнап тұр қан базары...

Уанбас ұлтыңды көріп,  
Ағаң жұлкынды келіп,  
Сілкінді келіп,  
Бір түрлі болып...

Жыркылды көріп жымысқы,  
Зіркілді көріп,  
Кетермін мен де келмеске, сыртымды беріп...  
Қиядан қарам көрінсе қаны қарайған  
Қырттарым сонда мәз болсын – қыркымды беріп!

Жырымды көріп жым болған,  
Жынымды көріп,  
Сайдағы, ойда, қырдағы жырынды келіп, –  
Бас қосып ішіп, басына көтерсін көкті,  
Жығылып жатсын мас болып – жылымды беріп!

Мынау жер – соның сайрандар тулақ мекені,  
Тулақты сабап тұқымы шулап кетеді.  
Аспанда жүрген ағанды көрмейді-ай олар,  
Қурап кетеді-ау, сүйегі... Қурап кетеді.

## ЕКІ РОМАН

Ұлттық Рух кимай жүр бұл араны,  
Құдай қолдап аспанда, Құран- әрі:  
Бір Шәмілдің соңынан бір Шәміл кеп,  
Қап тауында –  
«Қажы Мұрат» романы.

Ұлт та, ұлыс, рух та – құрамалы,  
Роменге айналмай – Ролланы –  
Бір Итбайдың соңынан бір Итбай кеп,  
Біздің елде –  
«Ботагөз» романы.

*11.2004*

\* \* \*

Есенғали, сері ақын, сал ақыным,  
Қайда жөнep барады Ана Тілін?  
Қаға-қаға, бұлттармен қақтығысып,  
Қауырсыны қалмады- ау, қанатының.

Бұл Алашта киелі аура бардай,  
Бар фәниді сонымен баурағандай.  
Гомерді де сөйлетті, Колбинді де,  
Жатқанда Русь Абайын аударып алмай.

Адамзаттың сол тілде азап,  
Мұны,  
Серілігі,

Махаббат,  
Азаттығы.  
Бір өзінен басқа жұрт білмейді оны,  
Латын Тілі сынды бұл –  
Қазақ Тілі!

Соғып сойқан уақыттың бораны әлі,  
Мұз Дәуірі кеп кірсін одан әрі,-  
Қасиетті Латынға қайтқандай,  
Жұрт –  
Қайтсе-дағы Оған бір оралады.

Халтуршиктер көрсетіп көкемізді,  
Шылқыта алған жок өлен шекемізді.  
...Іздемейді ...  
Іздесе, Есенғали,  
Біреу тауып алады екеуімізді...

*11.2004*

## **САРЫАУЫЗДЫҢ КЕЛІНІ**

Жетпіске дейін басылмай кеткен желігі,  
Бір шал бар еді... Сен соның болдың келіні.  
Едірейден кіріп соғысқа, Европаның –  
Сұлуын көріп – сары май құсап еріді,  
Жетпіске дейін жетті ғой сол бір желігі.

Соғыстың аты – соғыс қой – кісі өлімі!  
Сталин қайтсін, «халық жауына» теліді.  
Сібірге айдап жіберіп еді ыза боп,  
Айдалған сайын аскынып келді желігі.  
Мен қайтем енді, сол шалдың болсаң келіні.

Жетпіске дейін басылмай кеткен желігі,  
Қайтесің енді, сол шалдың сенсің – келіні!  
Тұқым қуады сарыауыз деген... Тағдырың –  
Тап қылды саған періден өткен періні!  
Жетпіске дейін жетеді мұның желігі!

Қаһары кайтып, кеберсіп алау еріні,  
Мұнын да әлі басылар жын мен желігі.  
...«Дон Жуан» деген Байрон да оған сүйсініп,  
«Сарыауыз» дейді арғындар мұндай серіні.  
Әй, қайдам, мұның басыла қоймас желігі...

12. 2004

\* \* \*

Бас игендер Сталинге – күштіге,  
Қалды да үнсіз қара бет боп арысы –  
Сұмпайылық тұғырынан түсті де,  
Басталды енді Сұлулықтың жарысы.

О, Сұлулық! Болдың бұрын қай елде?  
Біздің жер де саған тәнті мекен ғой.  
Дүниеде тыр жаланаш әйелге,  
Тең келетін ештеңе жоқ екен ғой!

Европа... Азиялық Падиша!  
Ауданнан да ару шықты, ал, қалай?  
Мұхаметті ғашық қылған Хадиша  
Қасымызда жүр екен ғой... Жалған-ай!

Биыл біздің әйелдерге қонды бақ,  
Заман оған аққу бол да – ұш! – дейді.  
...Мен білетін бір әйел бар... Ол бірақ  
Бұл додаға түспейді ғой...түспейді.

Мынау халық соңына еріп елестін  
Білмей жүр ғой қайда екенін һас тұлға.  
Жер бетінде одан артық жоқ ешкім,  
Ару жоқ қой сондай – аспан астында.

Сұрамашы кім деп, онсыз азайып,  
Ортайған жоқ сұлулығың мол әлі.  
Ол – өзімнің құпиям ғой ғажайып,  
Һәм ғаламның құпиясы болады.

Ол – құпия. Құпиясы ол ғаламның,  
Ғаламзатқа көрінбегуге хақылы.

Атомды да ойлап тапқан адамның,  
Жетпейді іздеп табуға оны ақылы.

Европа... Азиялық Падиша!  
Барлығын да ғажап дер ем талғамай –  
Мұхаметті ғашық қылған Хадиша,  
Ол да оған пар келмейді-ау, жалған-ай!

Бас игендер Сталинге – күштіге,  
Қалды да үнсіз, кара бет боп арысы –  
Сұмпайылық тұғырынан түсті де,  
Басталды енді Сұлулықтың жарысы...

## М. МАҒАУИННЫҢ 13 ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫҒАНДА

Үйсін мен Арғын,  
Керей,  
Адай ұлы –  
Һас Сактай Халық болдык қалай ірі:  
Көшіртіп Дінді арабқа Көк Тәңірден,  
Адами жолға салдық анайыны.  
Жүргенде ат үстінде көзге ілмеп ем  
Жабысып жерде жүрген жабайыны;  
Қазақтан қай жұрт осы аруақты,  
Түркіден басқа ел осы қалай ұлы?!  
Мағжан-Бекзат жұртым, маңкылдап кеп,  
Басыңа қалай шықты малай ұлы?!  
Жатырда жанталасып жатыр білем,  
Тонькөк, Токтардайын талай ірі:  
...Алтыауыз, алтыбақан – ағайыны.  
Кеудесін кернеген бір Абай үні, –  
Аузынан Бөкейханов Әлиханның  
Бүгін кеп түскендейін бар айыбы, –  
Алланың бетін елге бұрамын деп,  
Алаштың боздап отыр Мағауині!

– Мен! – дейді – Алаш ұлы!  
Адам ұлы!  
Мейірім жоқ адамда, Алла, ая мұны:



Бүгіні көзге қораш көрінген соң,  
Аңыз ғып айтады ылғи баяғыны.  
Осынау алты Алашка аян үні, –  
Өзі – ұлы,  
Өзінен де Абайы – ұлы,  
Жыр болған жылқышыға, қойшыға сөз,  
Қазақтың, қайран, Мұхтар Мағауині!

*20.05.2006*

\* \* \*

Көк Түркінің арын сатпан!  
Көк Бөрінің жұрты – біз! – деп –  
Түркі Жыры әлімсақтан  
Келе жатыр Түркіні іздеп.

Тау-тас – алтын қазығында,  
Қалмай, қайран, елім бүгін,  
Күлтегінің Жазуындай  
Күңіреніп тұр менің жырым.

*10.05.2006*

\* \* \*

Мен – һас Сақпын!  
Түбіне жетіп тексіздің,  
Жүзімді – желге,  
Жүрегімді – Тәңірге өпкіздім.  
Исламның өзін Әзірет Әлі Сұлтан мен,  
Абайдың Ұлы Миынан сүзіп өткіздім.

Бұлтағына көнбей дінсіз һәм ділсіз кәпірдің,  
Бұлттың үстінде Бұқардай өлең сапырдым.  
Алланың алдына араб боп барса ел, қайтейін,  
Мен оған һас Сақ –  
Қазақ боп бара жатырмын!

*10.05.2006*

\* \* \*

Мағжан – Тұран,  
Қасымым – кара орманым.

Тобықтан келмей дүние,  
Мен де толғадым:  
Өлеңсіз пенде өлмес-ау,  
Өлсе соры калын –  
Халық өледі!  
Салып өледі сонғы әнін...

23.07.2006

\* \* \*

Мен – Рухпын –  
Қан тамырыңда қайнаған.  
Менсіз Күннің көңілі – күпті, Ай да – алаң,  
Анахаристен – Абай болам бір күні,  
Әл-Фарабиден – Әлихан Бөкейханға айналам!

Еріп кеткен жаным эпос-дастанға,  
Егіледі парақтарын ашқанда.  
Адамзаттың аруларын арбармын,  
Жамбылдайын тоқсан жастан асқанда.

Сұм дүние сірескен мұз кірпігі,  
Сұраусыз деп ойламасын түркіні.  
Мағжаннан – Мұқағалиға айналып,  
Ордаңа кеп ойнақ салам бір күні...».

### **НАҒАШЫМ БЕКЗАТҚА**

Алаш дейтін айдын көлде,  
Шағаладай шарқ ұрғам,  
Шаршағам шалдығып,  
Алқынғам.  
Ұлы Атам – Өтеген Баһадүр,  
Нағашым – Қожа Ахмет Яссауи,  
Ата – Жұртым да,  
Ана – Жұртым да –  
Алтыннан!

Шалқаяр жерде –  
Шалқайдым.

Маркаяр жерде –  
Маркайдым.  
Тепсініп келгенде тең атаның ұлы емес –  
Тексізбенен тебісе-тебісе –  
Қартайдым.

Сайтанменен көрісе-көрісе –  
Қуардым.  
Сайқалменен өбісе-өбісе –  
Суалдым.  
Алла алқап, Аруақ жебесе,  
Алаш Анамнан қайтадан бір туармын!

Алтын бекет – Алты Алаш.  
Алты Алаштың екінші аты –  
Жанталас;  
Өмірге осы қайта айналып келгенше,  
Өзектегі өксігім бір таркамас...

\* \* \*

Муза бізге көз жасын жетті бұлап.  
Бастауы оның Гомердей текті бұлақ –  
Одан бұрын бір акын болған еді,  
Оны адамзат ұмытып кетті, бірақ.

Ол – Түрік-ті.  
Жасаған одан да әрмән.  
Бекзат еді,  
(Біз емес боданданған).  
Ат үстінен шолатын адамзатты,  
«Пегас» дейтін ұғым бар содан қалған.

Қаған еді,  
Болмысы, бітімі – нұр.  
Домбыра да – үкілі,  
Үкілі – жыр.  
«Алтын киімді адам»-ға таң қалмаймын –  
Сол кісінің заңды тұқымы – бұл.

Шакырмайтын шабыгын шатып елес –  
Қаған болған қаһарлы –

Қатын емес!  
Бұл түркінің түбінде бір заң бар:  
Батыр бола алмаса —  
Ақын емес!  
Ақын бола алмаса —  
Батыр емес!!!

Ол да өлді!  
Есе алып дүние — боқ,  
Пегас көкке кетті ұшып күйіне кеп:  
Қағандық пен ақындық қаққа айрылып,  
Кетті екеуі —  
Екі ұдай дүние боп...

Кетті соның соңынан шұбап бәрі,  
Тектілік те суалды, бұлақ тағы:  
Қаған біткен жек көріп ақындарын,  
Ақындар да Қағанын ұнатпады.

Ел қамында жүргенде, жол қамында,  
Ақын-батыр егіз-ді ол қауымда.  
...Әлі күнге Пегастың жан ұшырған  
Дауысы тұр Қазтуған толғауында.

Муза бізге көз жасын жетті бұлап,  
Бастауы оның Гомердей текті бұлақ.  
Одан бұрын бір ақын болған...  
Оны  
Қалай мына ел ұмытып кетті, бірақ?!

\* \* \*

Өмір сүрем өленсіз-ақ,  
Өзге кәсіп бастап бір.  
Америка — Гомерсіз-ақ,  
Абайсыз-ақ — асқақ тұр.

Көгермеді көсегем де,  
Жақындаспай қайманам, —  
Қан бақиды осы өленге,  
Қайдан келіп байлағам?

Ештеңеге танданбастан,  
Енді жерге енемін.

Мағжансыз-ак ман-маң басқан,  
Қай қазақтан кем едім?

Жетер жырсыз жебейтін ел,  
Жанымды ая, Жасаған!  
Кененсіз-ак кеней – түгел,  
Байронсыз да – бас аман.

Өмір сүріп өлеңсіз-ак,  
Болам, мейлі, баспак бір;  
Қазақ жыры – Нобельсіз-ак,  
Аксұнқарсыз да асқақ тұр!

## МҰҚАҒАЛИ МЕН ТОБЫР

«Ішу керек ақын қанша?»  
«Ішпеу керек ақыл болса!»  
Жердің Құрты!  
Көкте жүрген  
Періштеде һақын қанша?!

## ДУЙСЕН МЕН АЙГҮЛГЕ

Қарысып, дүние, алысып,  
Ойыны да оның осылған.  
Қарсы зарядтар табысып,  
Һас екі жаксы қосылған.

Саф таза тән мен санаға,  
Саулаған көктен нұр қандай:  
Адам Ата мен Һауа Ана  
Алдыма келіп тұрғандай!

Ал, енді, көкке самға деп,  
Алдантпай дүние ісіне, –  
Ақ нөсер күйды Алла кеп,  
Аспаннан екі кісіге.

Байланған екі үзігім,  
Үзетін оны қол қандай?

Екі дүниенің қызығын  
Екеуі көрсе болғандай!

Жанымен-тәнін сай қылған,  
Тәңіріде текті талғам да.  
Екі аққу көріп айдыннан  
Елжіреп жүрмін жалғанда!

Аққудың күйін шертіп-ақ,  
Аймалап күнде жүзін нұр, –  
Қос балапанын ертіп ап,  
Құс базарында жүзіп жүр.

\* \* \*

Не ғажап бар Тәңірдің қуатындай:  
Ұят берді –  
Ұлтымның Ұятындай!  
Топыраққа керемет кие салды,  
Бөкейханнав –  
Әлихан туатындай!  
Көкірекке көл қылып шер сіңірді –  
Көз жасымен көйлегін жуатындай...  
Иман берді – нәпсіні тыятындай,  
Сабыр берді – ішінен тынатындай;  
Тағдыр тартты – тар жол мен тайғак кешіп,  
Ақыл-есті абдырап жиятындай;  
Далам қандай – бес бірдей Франция  
Бебеулемей, беліме сиятындай!

Ар дарытты аздырмас текті ірітіп,  
Көк Бөрісі кеудемде кекті – ұлытып!  
...Қалай Тәңірі осынша ұлы ұлысқа  
Ұлттық сезім сыйлауды кетті ұмытып...

## **БІР ЕСЕР ШӘЙІРГЕ ЭПИГРАММА**

Оттайды «ақынмын» деп дамылсыз құр,  
Ойы жоқ, сезімі жоқ, жалынсыз – күл.  
«Ұлылық» дейтін дертпен ауыратын,  
Ұялмас жағы сембес дарынсыз – бұл.

\* \* \*

Қара түнек –  
Жарық барын ұмытты..  
Қара тобыр –  
Халық барын ұмытты.

Жасын түсті.  
Емен едім,  
Өр едім –  
Жанып барам.  
Нәсер қайда – көрегім?!

Қара түнек-  
Жарық барын сезгенше,  
Қара тобыр –  
Халық барын сезгенше,  
Өзектегі өртің сөнбес,  
Өлеңім.

\* \* \*

Менің сені сүйеге хақым бар ма?  
Жан-жүрегім дайын тұр лапылдарға.  
Сұлулыққа кенелген мына дүние,  
Неге суық қарайды ақындарға?

Менің сені сүйеге хақым жоқ па,  
Көбелектей көзсіздік шақырды отқа.  
Өртке түсіп өлгенім – ақымақтық,  
Суға түсіп сөнгенім... Ақыл боп па?  
Менің сені сүйеге хақым жоқ па?

Менің сені сүйеге хақым жоқ-ты,  
Судан гөрі етене ет ақынға от-ты.  
Лапылдап-ақ кетейін күлге айналып,  
Сүйме десең, қайтейін мақұл... Бопты...  
Менің сені сүйеге хақым жоқ-ты.

Менің сені сүйеге хақым бар-ды,  
Махаббаттың майданы шақырған-ды.  
Мынау дүние – күлкісі, шаттығы көп,  
Азасына жаратқан ақындарды,  
Менің сені сүйеге хақым бар-ды.

Менің сені сүюге хақым бар ма,  
Хақым бар ма өртеніп, лапылдарға.  
Махаббаттың майданы шақырғанда,  
Жасын оты жүректің атылғанда,  
Хақым жоқ па өртеніп, лапылдарға...

\* \* \*

Зағыпар, зарын қара мынау әннің,  
Егіліп ел тынышта жылаған кім?  
Сүйегің шымырлайды етпен бірдей,  
Қайғысы неткен зілдей мына адамның?!

Тұрмыз ғой құз басында –  
Құлау алды,  
Қаншама кінә қалды,  
Күнә қалды.  
Елжіріп екеумізден басқа пенде,  
Егіліп естімей ме мынау әнді.

Құнымыз аспанға анау кара бақыр.  
Мынауың содан келді,  
Қара да тұр:  
Жарықтай желден-дағы жедел жетіп,  
Табыттай неге ауырлап бара жатыр?!

Мынау ән қалай-қалай боздайды кеп,  
Қайғыны қай-қайдағы қозғайды кеп.  
Жарқылдап тұрғанымен бұ дүние,  
Омыраулап о дүниеден озбайды деп.

Болады бойдан мұзды еріткені,  
Қой деші...  
Жаның сонша берік пе еді?  
Бұ қазақ дүниеге ару анадай  
Боздап бір кету үшін келіп пе еді.

Отырсың көз жасаурап,  
Шерге құлап,  
Лапылдап кеудеңде от,  
Белде – қуат.



Қойыны – қонышыңда өрт пен өксік,  
Қой деуге шама бар ма сенде, бірақ...

09. 2003

\* \* \*

Қолыңнан сүйем, ерніңнен сүйгіз басқаға.  
Көңілімде – дауыл, көзімде – тамшы жас қана.  
Өзіңді көксеп, өзіңе ғана тәнті боп  
Өзгемен өмір кешуім неткен масқара.  
Қолыңнан сүйем, ерніңнен сүйгіз басқаға.

Сергелдең ғұмыр кешумен кеткен Серігің,  
Түсінбей кетті періште қайсы, пері – кім.  
Қолыңнан сүйсем түсіме түнде кіреді  
Жат еркек сүйген алаудай ыстық ерінің.  
Түсінбей кеттім, періште қайсы, пері – кім.

Жүректе білем, бір шеру барын қайнаған,  
Аспаннан аң-таң қарайды ылғи Ай маған.  
Көктемде күллі ел көгеріп, гүлге айналса,  
Мен, жаным, өстім өртеніп, – күлге айналам...  
Жүректе білем, бір шеру барын қайнаған.

Өрт едім өзім, отқа ұқсас пішін, порымы,  
Баз кешіп, жүріп, басылмай кеткен солығы.  
Қолыңнан сүйем. Мен сүйген кезде лап етіп,  
Өртеніп кетіп жүрмесін соның орыны?  
Өрт едім өзім, отқа ұқсас пішін, порымы.

\* \* \*

Алатаудың кез болып шалғайыңнан,  
Әсем әуен төккенде тандайыңнан –  
Менен басқа ешкімге көрінбейтін  
Мен бір жазу оқып ем мандайыңнан.

Сондағы ізді шаң басты шалғайдағы.  
Сондағы елес көзімнен қалмайды әлі:  
«Сен де әйелі боласың бір еркектің» –  
Деген жазу еді сол мандайдағы.

Тәңірі көктен нұр төгіп тал бойыңа,  
Ойран өлең сайраның салды ойыңа.  
Қаршадайдан қаныңда от ойнады.  
О да Алланың жазғаны маңдайыңа.

Жанарыңда терең мұң жатыр, күнім,  
Жете алмайды түбіне ақыл мұның.  
Әйелдіктен асты да ақындығың –  
Кей еркектің кешпей жүр қатындығың...

Тозғаны – күл-дүниенің,  
Азғаны – күл,  
Өзегіне орт салып, маздады жыр.  
...Көктен бір үн келеді таңдайыңа.  
Маңдайыңа тәңірдің жазғаны –  
Бұл.

\* \* \*

Талақ қылдым сені бүгін...  
Тастадым!  
Саусағыңда – сақинасы басқаның:  
Маза берер емес маған қас-қағым –  
Миыңдағы ойлары да басқаның.

Қойшы, жаным...  
Аузыңды да ашпағын,  
Тұншыққан бір демін сезем басқаның;  
Нұрлары да – көзіндегі басқаның,  
Денеңдегі – сезімдері басқаның!

Талақ қылдым сені бүгін...  
Тастадым!  
Саусағыңда – сақинасы басқаның;  
Сенен небір сезім өткен қас-қағым,  
Бұл да өтеді – күнірентіп аспаның,  
Сен сел қылған сезіміндей басқаның!

Саусағыңда – сақинасы басқаның.

## МОЙЫНДАУ

Жануарша жата ғап,  
Бізде аунадық шалшыққа.  
Сенде ғана – махаббат.  
Секс – сайқал қаншықта.

## ДИАЛОГ

### *Р. Рождественскийден*

– Махаббатты берейін бе?  
– Әкел, адам! Мастанбан!  
– Бірақ... Бірақ ол онбай бір ластанған...  
– Ластанса да – әкел! Алам! Жасқанбан!

– Бал ашсам ше?  
– Аш! Өзінде – құлагым...  
– Сауалым бар...  
– Жауап берем – сұрағын!

– Есігінді қағайын ба?  
– Ашамын!  
– Шақырсам ше?  
– Сенен қайда кашамын?

– Қасірет болсам?  
– Қорқам онын несінен!  
– Алдасам ше?  
– Кешірем!

– Ән сал десем?  
– Соны әуенді бастайын.  
– Жат пендеге қақпанды ашпа!  
– Ашпайын!

– «Өлтір!» – десем?  
– Коріп алдым оны да!  
– «Өл» – десем ше?  
– Құрбан болам жолыңа!

- Бір пәлеге ұшырасам?
- Құтқарам!
- Кенет... Түрме?
- Көп кетер жоқ түк те одан!
  
- Махабатты берейін бе?
- Әкелгің!
- Жоқ! Бермеймін! – деді сонда қатерлі үн.
- Неге? Неге бар ұлы арман ұрланды?..
- Жап аузынды! Жек көремін нәпсісіне құлдарды!

\* \* \*

Өнбей жүрген үйдегі, түздегі ісі,  
 Өмірі лан, күйіктен күйген іші, –  
 Сені қайдам, әйтеуір, мені көрсе,  
 Көрінгеннің келеді билегісі.

Оспадары, өзінше ізетгісі,  
 Осындағы ойбайшыл, дыз еткіші, –  
 Өмірімді өзінше қайта пішіп,  
 Өленімді келеді түзеткісі.

Жон терімді сүйектен сыпырып та ап,  
 Жылай да алмай, күле алмай сықылықтап,  
 Есаланның алдында тұрам ылғи,  
 Екі көзім еріксіз жыпылықтап...

Мына тобыр тоз-тоз ғой мал боп кеткен,  
 Жаманын да алмаймын жан деп беттен.  
 Ел ішінде жүрсінші Елтайларым,  
 Колбин екеш – Колбин де хан боп кеткен.

Басымды әлі бұлар сан қатырады.  
 Баспак болдым, – батыр ем, ақын әрі.  
 Миы ашыған Алашты аяймын тек,  
 Ақыл айтып көрінген ақымағы.

## ЖАРЫҚ ПЕН ТҮНЕКТІҢ ЖЫРЫ

**Түнек**

Ей, Жарық!

Тобырдың сыңары не еді? –

Халық!

Сәуленің сыңары не еді? –

Түнек.

Ішек-қарынның сыңары не еді? –

Жүрек!

Махаббаттың сыңары не еді? –

Зұлымдық.

Адамзаттың сыңары не еді? –

Жылым-күрт!

Жарық дүниенің осы жөні, жосығы.

Сен білмейсін осыны!

**Жарық**

Аулақ, сұмырай, адамзаттан, пендеден,

Түнек қалай егіз болмақ Жарықпен?

Тұла бойын ана жыры кернеген

Бесік – қалай егіз болмақ Табытпен?

Алланың да айтқанына көнбеген,

Адамзаттың жолын баққан көлденең –

Тобыр – қалай егіз болмақ – Халықпен?!

О, Тәңірі!

Зілі жойқын, жат үні,

Естідің бе мына зұлмат дауысты?

Ақырзаман келгені ме ақыры?!

Дүниенің ақыл-есі ауысты...

## ЕЛ МЕН ЭПИГРАФ

*Адам бір боқ – көтерген боқтың қабы.*  
*Абай*

Мәстегіне жауыр шығып,  
Келісабын кетпен ғып, –  
Еттен өткен қайыршылық  
Сүйегіне жеткен жұрт –

Ел бола ма, уа, тектім,  
Ғасыр да өтті, жосып жыл:  
Асхана мен туалеттің  
Арасында босып жүр...

## ЗАМАНА КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Күлембайым – ток.  
Көжекбайым – топ-топ.  
Оразбайым – көп.  
Лермонтовтың – жоқ...  
Жоқ!

Дүтбайларым – мас.  
Алшынбайым – жас.  
Ерболдарым – бір-бірімен – қас.  
Әбіштерім – аш!

Шәкәрімім – шет елде.  
Шәйірлерім – назарда.  
Шәріптерім – отельде,  
Тоғжандарым – базарда.

Күңгірт тұман – санада,  
Жаным дертті, сірі әрі.  
Өлген Абай ғана ма?!  
Өзгелері тірі әлі.

\* \* \*

Қырық жыл – ауысып түн, күн дүбірі,  
Қиялға айналғалы қыз бұрымы.

Жүз өлең болды-дағы қалды, бірақ,  
Лүп еткен жүрегімнің жүз дірілі.

Тәңірден жоқ рахат, так сұрарым,  
Әлемде әйелге кеп бақ сынадым.  
Лүп еткен жүрегімнің жүз дірілі –  
Жүз өлең!  
Қолыңа әкеп тапсырамын!

Қойса да бақ құс қонып, ісім өнбей,  
Басты екен бәрін кімнің мысы мендей?  
Өтетін болдым мына дүниеден,  
Өзімдей сүйген сені кісі көрмей!

Күлкіңді көріп ұлы Күн-иеден,  
Жазғаным – тәңір жыры, діни өлең.  
Бар-жоғы мен жүз-ақ күн ғұмыр кештім,  
Жүз рет сені көріп дүниеден!

Алтыңға, інжуге де қарамаймын,  
Сен – акку болғаныңда, далам – айдын.  
Қырықтан ассам-дағы, туғанына  
Қырық күн болған сәби баладаймын!

Тәніне ішіп-жейтін жанарын сап,  
Сұқтанып сұлулыққа, сала құшақ, –  
Әйелді еркек құсап сүю – қылмыс,  
Елжіреп, сүю керек бала құсап!

Мен – жерде, сенің – рухың көкте, міне,  
Ұқсайсың бейішгің пәк кептеріне.  
Жүз-ақ күн осы жарық дүниеде,  
Өкінбен өмір сүріп кеткеніме!

Қырықтан қыдыр қонар ғұмыр өріп,  
Өлеңнен өмірге өрттей дүбір еніп –  
Ләйләға жете алмаған Жұматайдай,  
Көшетін кез де келер күңіреніп...

Көп шығар көрмеген ел күрсініп түк,  
Жанында бүтінделмей бір сынықтық –  
Жалғанда жүз мәрте өмір сүрді дерсің,  
Жүз мың жұрт жүргенде құр тіршілік қып.

## ТҮСІМДЕ

Е, мына жер киелі.  
Киеліні күйлі түркі сүйеді.  
Төрінде оның текті қазақ отырған,  
Тексіз де отыр аузы-басы күйелі.

Маған, бірақ, тексізі оның тап келді.  
Тап келді де жау көргендей шап берді:  
Қасапшы екен, көтеріп қап балтасын  
Жүрегімді ортасынан қақ бөлді!

Мұп-мұздай боп суып кетті түр-өнім.  
Түнек болдым.  
Күннен түскен нұр едім.  
Лүпілдеп тұр аяғының астында  
Қазағым деп шырылдаған жүрегім...

Құлап барам түрегеуге жарамай,  
Қара қаным – ағып жатқан қара май!  
Әлгі қазақ жүріп кетті...  
Қазақтың  
Шырылдаған жүрегіне  
Қарамай!!!

Түсімде де,  
Өнімде оған жолығам,  
Өз түсімді өзім сонда жорығам:  
Бұ қазақты сүйетінім шын болса,  
Бұ қазаққа күйетінім шын болса,  
Мен де өлермін тексізіңнің қолынан!

\* \* \*

Сансыз елесті сандалып шалған,  
Сұмнан да талай алданып қалған,  
Қудан да талай алданып қалған кісі едім.

Мен қайдан барып Алашқа ара түсейін?  
Бар ма уың – әкел!  
Көзімді жұмып ішейін!



## ӘЗӘЗІЛ

Танимын Әзәзілдің түсін, жаным,  
Көргенде қызарғанмын,  
Қысылғанмын.  
Мен оны Періште деп қалып ылғи,  
Жұлып ап жүрегімді ұсынғанмын.

Әйгілі Әзәзілдің әлемге ісі.  
Бірде – еркек ол сұм,  
Бірде – әйел кісі.  
Өзі бір еркек заттың бекзаты да,  
Өзі бір әйел заттың бәдендісі.

Қашам деп сан жер кұшып кұладым да,  
Кұгылмай қайта кірдім бұл ағынға.  
Шымырлап жатты ол ішкен шарабымда,  
Шыңылдап тұрды ол екі кұлағымда.

Жүрекке үміт – ылай, күдік – тұнған,  
Кеудемді тентек ой мен бүлік бұған.  
– Құлыным! – дейді біреу.  
Жалт қарасам –  
Әзәзіл!  
Маған қарап күліп тұрған...

Танимын Әзәзілдің түсін, жаным,  
Көргенде қызарғанмын,  
Қысылғанмын.  
Мен оны Періште деп қалып ылғи  
Жұлып-ап жүрегімді ұсынғанмын.  
Түсін, жаным...

Мен құсап елді әуреге сала ма деп,  
Сұмдығын айтқам Алаш – Анама кеп.  
... Өмірден өкініштен өтіп барам,  
Сен де оны Періште деп қала ма деп.

\* \* \*

Таста!  
Кет!  
Басқа жігітпен!

Қалайын іштен тынып мен,  
Қайтады деген үмітпен,  
Үміттен өктем күдікпен...

Сәлем деп ұшқан құстардан,  
Күтейін күллі тұстардан.  
Көрінбе Қазақстаннан,  
Ағылған автобустардан.

Жел өтіп тесік өкпемен,  
Іздейін жерден, көктен мен.  
Жолдасам сәлем кептерден,  
Өте шық самолеттермен!

Поездар заулап от басқан,  
Аққанда асып жасыннан,  
Қарағандыға соқпастан,  
Қалқып өт менің қасымнан!

Іздейін Алатаудан да,  
Іздейін Қаратаудан да.  
Тұрайын шошып оянып,  
Қара түн, ала таңдарда.

Іздейін сені даладан,  
Іздейін сені қаладан.  
Іздейін сені гаваннан,  
Іздейін күннен, заманнан.

Іздейін сені көктемнен,  
Іздейін сені кептерден.  
Келер күндерден таба алмай,  
Іздейін өксіп – өткеннен...

Еркесі болшы ертектің,  
Елеспен ғана жан бағып.  
Жүрегінен бөтен еркектің,  
Іздейін тіпті сандалып!

Онан да іздеп таппайын,  
Таппайтыныма сенесің.  
Жүрегіме сонсоң сақтайын,  
Сандалған күннің елесін...

Тіс жарман біреу айт десе,  
Өксікті өткен басымнан,  
Тастап кет мені!  
Әйпесе,  
Жібермей қоям қасымнан!

Тастап кет мені!  
Теңселіп,  
Келемін, жан-тән талған ба?  
Өлгенде ғана мен сені,  
Тастаймын мынау жалғанға...

## ЭПИТАФИЯ

*Осында тірі жүрген бір пенденің  
Құлпытасына жазылған өлең*

Семіз доңыз,  
Ток өңі,  
Қарны түсіп...  
Басып паң, –  
Жүрген жері боқ еді...  
Жүрген жерін сасытқан!

Исін сезіп шошындық,  
Итеріп!  
Іштен тынып құр.  
...Көрінен де, о, сұмдық,  
Күлімсі иіс шығып тұр.

## ЖӘРКЕН БӨДЕШКЕ

Қытайды асқан асау Пегас – сандал көк,  
Аласұрса ауыздығын шайнар кеп.  
Құлагерден қалған сенде қан бер деп,  
Қоя бердін.  
Самғап берді сандал көк,  
Қайда тартсаң – сонда барам, сардар, – деп.

Тәңрі – Көкте.  
Тарихы – шаңда.  
Ұлты – жыр –  
Күлтегін мен Мағжандардың жұрты бұл.  
Жылқы жүрген жерде ауып түркі жүр,  
Түркі жүрген жерде шауып жылқы жүр!

Апай төсті жылқы мінез жұрт еді,  
Асау көрсе алаулаған күрт өңі.  
Арғымақтың сыпырып ал жүгенін,  
Қайда тартса –  
Сонда барсын түркі елі!

Дүбірі оның –  
Дөңбекшіген шет қалып,  
Шығыстағы Түркістанға жетті анық.  
Кісінейді кұалі тұлпар сондағы,  
Шабатындай Сарыарқаны бетке алып.

Оның сыры мәлім біздей періге,  
Мын сан табын жылқы біткен жеріне.  
“Пегас”дейді ертедегі гректер,  
Құлагер-ді ол – қазақ Ақан-серіге!

Басады оны топырақтың мысы кеп,  
Алтын бесік туған елдің іші деп.  
Қытай, Иран, Ауған асып кетсе де,  
Киесіне бір келеді –  
Кісінеп!

\* \* \*

*Кең дүние, төсіңді аш, мен кетемін*  
*Мұқағали*

Уа, Дүние, есік аш!  
Тәңрі өзі сиқырлы үн сап таңдайға. –  
Елге келсем біреуі – сау, екеуі – неге есуас?!  
Жазылғаны осы ма еді маңдайға?

Сонда жүріп сонар көкті шолғанмын,  
Пегасымды жүгендеп.  
Мұқағалидан сарқыт ішіп қомдандым.

Жұматаймен төс қағысып,  
Төрт құбыламды түгендеп!

Күллі әлемді көкпар сынды аунатып,  
Музаменен Көк пен Жерді жалғанда, –  
Мұқағалидан ішкен саркыт санымды оттай лаулатып,  
Оңбағанға ойран салдым,  
Сайран салдым жалғанда!

Мен ішкен ұды ішпесе екен әнді ешкім,  
Кешпесе екен мен кешкен сұмдық ойларды.  
Бұ дүниеге енді мен қайта қалмаспін.  
Қайта келсем де салармын осы ойранды!

Уа, Дүние, есік аш!  
Тәңрі өзі сикыр үн сап таңдайға –  
Елге келсем біреуі – сау, екеуі – неге есуас?!  
Жазылғаны осы ма еді маңдайға.

## ТӨРЕТАМ БАСЫНДАҒЫ ТЕБІРЕНІС

*Ә. Бөкейханның ата-бабалары жатқан жер*

Суға айналды мұз –  
Есінен айрылып,  
Уға айналды тұз –  
Есінен айрылып,  
Тікен болды гүл –  
Есінен айрылып  
Төрге озады құл –  
Есінен айрылып.

Күн бұзылды,  
О да заман лаңы.  
Тас жылады –  
Тау күңірене құлады.  
Бұлт бұзылды –  
Атом саңырауқұлағы.  
Ұлт бұзылды – Рухы тұл.  
Құл – әлі...

Ей, қойшы, ей, өмір!  
 Сабырымды әбден сарықтың,  
 Қарманып жүріп қалжырап қаусап,  
 Қалыптын.  
 Өмір дегенің – өзегің кеуіп, лапылдап  
 Өртену екен  
 Жиһанды кезіп жаңа ұқтым.  
 Ей, қойшы ей, өмір!  
 Талықтым.  
 Күйдім.  
 Зарықтым...

Ей, қойшы, ей, өмір!  
 Такпағыңды айтып, тақылдап,  
 Күлесің неге аярлықпенен сақылдап  
 Түтіндеп, бықсып жатпаймын,  
 Кел де, тез өрте,  
 Көзің алдында кетуім мүмкін, лапылдап,  
 Табытқа қарай,  
 Тамұққа қарай жақындап...

Тәубеге түскен табытқа мәйіті енгелі,  
 Көргенсің талай көрсоқыр небір пендені.  
 Жеңімнен тартып, мені де босқа салмақсың,  
 Жеміт іздеген жер құрты деп пе ең сен мені?!  
 Ей, қойшы, ей, өмір!  
 Кісі деп сол бір пендені...

Мен сені көріп күн сайын күйіп, бүлінгем,  
 О баста-ақ сенің опасыз нұсқан білінген.  
 Сен, құдай болсаң, жан берші діңгек денеме,  
 Сен, құдай болсаң, бал берші заһар тіліңнен!  
 Ей, қойшы, ей, өмір!  
 Түріңнен сенің түңілгем...

Бала жігіттей қойныңа барып еніп ем, –  
 Сайқал екенсің!  
 Түсіндім әбден сені мен.  
 Опасыз қу деп ойлама бүкіл пенденді,  
 Ойнас қатынша ойнама деймін менімен,

Ей, қойшы, ей, өмір!  
Түсіндім әбден сені мен.

\* \* \*

Ойда жоқ жасыл жайлау... жар бұрымы,  
Запыраны – шек-қарынның зарлы-мұңы –  
Мен көрдім қырт пен құрттың патшалығын,  
Аузынан ағып жатқан қанды іріңі...

Ішеді езуін – көбік сабындатып,  
Күйсейді...  
Дамыл да жоқ жағында түк.  
Күледі...  
Несіне осы мәз болады,  
Аузынан қанды іріңі ағып жатып?

Тәңірді тәлкек қылған мен екен деп,  
Мәз-мейрам бұ да болса келекем деп.  
...Құранға шығып нап жеп жатқандарды,  
Құдай да елемей тұр –  
Ел екен деп.

## **АРМЫСЫҢ, ЖАҢА ҒАСЫРЫМ!**

Армысың, Жаңа Ғасырым,  
Аяз Ата аппақ сақалды!  
Жасыл шыршадай жасылым,  
Жасартшы кәрі жаһанды!

Желбіре көкте Көкбайрақ,  
Ғасырын өтті қаралы.  
Жасыл шыршаға тоқтай қап,  
Жаһаны зулап барады.

Сары аяз, көк мұз – сақал да,  
Жүректер бірақ, жүр ысып,  
XXI келді жаһанға,  
XX-сы көзден бір ұшып.

Кеттің бе, Қанның ғасыры?!  
Келдің ба, Ардың ғасыры?!!

Атамның миы ашылды,  
Әжемнің миы ашылды.  
Әкемнің миы ашыды,  
Анамның миы ашыды,  
Менің де миым ашыды.

Ғасырың келер шағында,  
Ашылып Алла аспаны, –  
Тастады Ельцин тағын да,  
Талак қып,  
Мүлде, тастады!

Алтын тақ тұрды жарқырап,  
Ел-жұрт тұр шулап етекте;  
Ақ патша кетті, даңқы ғап, –  
XX дейтұғын бекетте.

Естіліп дауысы жасынның,  
Төңселіп кетті тақ күллі.  
Астына Жаңа ғасырдын  
Ақ патша тәжін лақтырды!

Жақыннан көріп жаһанды,  
Саф алтын сонда жыр өрдім.  
Тостаған толы заһарды,  
Толтырып тартып жібердім  
XXI тұрды қасымда,  
Һас батыр құсап қаскайып,  
Егіліп ескі ғасырға,  
Ескіден бір зат тастайық.

Алқындым,  
Көкке шарқ ұрдым,  
Оянсам ерте – ақ таңда,  
Жарқырап тұрды алтын Күн  
Жалт қарап алтын тақтарға.

\* \* \*

Мен енді мұң шақпаймын бір адамға,  
Не жетсін іштен тынып, шыдағанға.  
Елжіреп егілмесем тірі адамға  
Жынданып кетпеймін бе, бірақ онда?



Өршімей алай-дүлей толқын ішкі  
Өзіммен өзім жүрем. Сол – тыныш-ты.  
Күрсінген даласы да – аянышты,  
Түксиген қаласы да – қорқынышты.

Бұл неткен мұздай суық діні халық,  
Сөйлейді тілі ғана – ділі қалып.  
Қарап тұр бәрі маған кірпік қақпай  
Іштегі құлиямды біліп алып.

Сезем ғой наласын да, жарасын да,  
Көл сыр бар көздерімнің қарасында.  
Құдай-ау, сырымды айтып, шынымды айтып  
Қаңғырып қалай жүргем арасында?

Қой... Енді мұн шақпаймын бір адамға  
Жынданып кетпеймін бе, бірақ онда?  
Адамзат жөнін айтпай, шыдағанда,  
Не жетсін өзіңе өзің жылағанға...

## ДАУЫС

Замана көшті, жаңа ғасыр ауысып,  
Ғалам – Дауыс,  
Далам – Дауыс,  
Тау іші.  
Шыңғырады жапандағы құдықтан  
Жанталасқан Шәкәрімнің дауысы!

Қара тобыр жек көретін һас тұлға,  
Сені көрдім – қанды асудан астым да.  
Қабірі жоқ Мағжанның – Даусы бар  
Қасіретті жеті кат жер астында.

Алашымды – «Адай» сынды күйлері,  
Неге айдаһар астына сап иледі?  
Елтай екеш – Елтай да елін есіркеп,  
Колбин екеш – Колбин бізді биледі.

Алашымнан емген уыз  
Уылжып терлеп-тепшіп кеп,

Көз алдымда қалай ақты көк сүт боп?  
Көк аспанға жетпей қалған Даусым  
Өзегімде ұйып қалды өксік боп.

Е, о-дағы сансыратқан сапар-ды,  
Алаш даусы  
Алла сынды қаһарлы.  
Өзегімде қалып қойған сол Дауыс  
Жалт қаратсын бүгін күллі жаһанды!

Көк байрақ-ты – Сүйінбайлар салған жыр,  
Азиянды –  
Адамзатқа жалғап жүр.  
Шығысымда –  
Ысылдаған айдаһар,  
Батысымда – Самұрықтар самғап жүр.  
Самұрықтар сайран салған жалған – бұл.

Алаш Анам,  
Ару Анам,  
Арысым!  
Қасіреттен қан жылап тұр әлі ішім.  
Шалынса екен құлағына Алланың  
«Абылай!»-лап жауға шапқан Дауысым,  
Дауда шапқан Дауысым!

## **МЕН ЖҮРМІН ӨҢ МЕН ТҮСТІҢ АРАСЫНДА**

Құлазып Қарқаралы қаласында,  
Мен жүрмін өң мен түстің арасында.

Асыққан асып ылғи бастан ісі,  
Қайда оның аттап-аттап басқан ізі?  
Ол жүрген кеңсеге де кіре алмаймын:  
Отырған орынында –  
Баска кісі?

Дүние жым-жырт,  
Тіпті, жел еспейді.  
Мына жер – баяғы жер емес...

Мейлі!  
Ол тұрған үйге де енді қарамаймын,  
Көзіме неше түрлі елестейді!...

Бірге өскен туыс-бауыр,  
Бәрі – осында,  
Ол, бірақ, көрсетпейді қарасын да  
Құлазып Қарқаралы қаласында,  
Мен жүрмін өң мен түстің арасында.

Қарайып Қарағайлы кара жолда,  
Қалыпты ескі газет парағы онда,  
Басым бар.  
Жүрегім бар.  
Бауырым – жоқ!  
Баурымды тастап кеттім Сарыобаға.

Қайғысыз кара суы – қайырлы асы,  
Бүгін бар,  
Ертен - жоқ.  
Сол – айырмасы:  
Дүние – дүние емес,  
Айхой, жалған –  
«Ақбақай» дейтін әннің қайырмасы,  
Аха-хау, арман-ай!

## СПАРТА ӘЙЕЛДЕРІ

### *Анам Һалифаға*

Гүлстандағы бейне гүл,  
Болмысы бөлек,  
Әлемі –  
Спарта деген жерде бір  
Әйелдер болған әдемі.

Жауһарға орау обал-ды,  
Музаға рухы оранды.  
Батырлар сүйді оларды,  
Ақындар сүйді оларды.

Қыздары сынды перінің,  
Періште елі кімде деп, –  
Баска елдің еркектерінің  
Түсіне кірді түнде кеп.

Мейірімін төгіп көзінің,  
Жүрегі тулап, дірілдеп,  
Ерлерін ғана өзінің  
Еміреніп сүйді пірім деп.

Аттың да тартып жалынан,  
Айқасқа кіріп –  
Құлпырды.  
Спарта ұлдарынан  
Ұрандап шабар ұл туды.

Шаттанды зеңгір аспанын  
Шалкытып, орап шабытка – от,  
Ұлдары жеңіп қас жауын  
Оралса елге –  
Табыт боп!

Тұрды олар мәз боп,  
Мастанып,  
Жұмаққа барып енгелі:  
– Құл туған екен баска жұрт,  
Ұл туғам екем –  
Мен! – деді.

...Музаға беріп баласын,  
Мұңды ойға батып не түрлі,  
Қарқаралыда қалды қайран Анашым –  
Спартаның әйелдері секілді.

## ОЙРАНТАУ

Тауымнан шыға сала көкке өрлегем,  
Желге еріп, жер кезуді жек көрмеп ем.  
Ойрантау түрегеліп қарсы алатын,  
Төбеден – төбені асып жеткенде мен.

Қараса менің жүдеу сұрқыма көк,  
Уытты не бір дыбыс ұртыма кеп –  
Таяк жеп неше түрлі оңбағаннан  
Боздағам Ойрантаудың бұлтына кеп...

Ойран сап құшағына кіре беріп,  
Балбырап кететін мұз-жүрек еріп.  
Бас салып бауырына тартушы еді,  
Ойрантау  
Орынынан түрегеліп.

«Ер – туған жерге...» дейсің.  
Мақұл, көкем,  
Кетейін, болса болмыс-затым – бөтен.  
Ойрантау мені күтіп отыр ме екен,  
Жабығып жаны елегізіп жағыр ма екен?

Келейін, кел десеңіз, сүйіне де,  
Кетейін, кет десеңіз күйіне де.  
Ойрантау ойран сал деп, сайран сал деп,  
Жіберген мені мынау дүниеге.

Көзімнен жасым ағып сорадайын,  
Не таптым?  
Қой, қойымды қоралайын:  
Сап бітсем ойранымды, сайранымды,  
Ойрантау,  
Енді өзіңе оралайын.

Шаршадым...  
Ерке ұлын ем ер көңілді,  
Ел білер,  
Жел біледі ертегімді.  
Күйбеңдеп кетсе тағы күйкі дүние  
Жіберіп аларсың бір тентегінді.

Күйініш, сүйініші мол ғаламда,  
Ол-дағы толғар менше – толғағанда.  
Ойрантау,  
Етегіңде туған бала  
Ойранын салмай қоймас оңбағанға!

Патшасын, мейлі,  
Тіпті, құл едім де,  
Білегің үлкен болғай,  
Жүрегің де.  
Па, шіркін, оңбағанға ойран салып,  
Жүргенге не жетеді бұл өмірде.

\* \* \*

Әу баста сұм Әзәзіл періште еді,  
Тәнірдің тезіменен келіспеді.  
Бұзды да Адам ата – һауа Ананы,  
Бездіріп жіберді ғой Періштені.

Алдына ап ғаламды Алла тербетуде.  
Хақы бар кімнің бізді шерлі етуге?  
Ғарышқа ұшып кетіп періштелер,  
Күнәһар біздер қалдық  
Жер бетінде.

## БӨРІЛІ – ҰЛТТЫҚ БАЙРАҒЫМ

Бөрілі –  
Ұлттық Байрағым.  
Сүйінбайша сайрадым.  
Ұлыған сайын байрағым,  
Менің де қозар қайдағым...

Маза жоқ күндіз,  
Түнде – ұйқы.  
Ашылып күнде араны, –  
Көк итті қуып, күллі итті  
Көк Бөрі ұлып барады!

Көзінде жасы тұныпты,  
Күпті боп шерлі күй-көңіл.  
Ит-өмір оны ұлытты,  
Бізді де құртты ит-өмір.

Жүрегі оның өр, түкті!  
Қызарып қызыл көзі ісіп;

Жемейді итше жемтікті,  
Өзінің қанын –  
Өзі ішіп!

Көгіне кегін төккелі,  
Талак қып иттік-құлқынды, –  
Ұлыған сайын Көк Бөрі  
Уытты не бір ұл туды.

Көк Бөрі – жасын от-демі,  
Ашқанда аузын сапырды от.  
...Келеді қайтып Көк Бөрі –  
Батыр боп!  
Кейде – Ақын боп!

Көк Бөрі –  
Ұлттық Байрағым.  
Сүйінбайша сайрадым.  
Ұлыған сайын байрағым,  
Менің де қозар қайдағым...

## МӘЖІЛІСҚОРЛАР

*Осы сұмдық-ай, тағы бір мәжіліс өтсе екен,  
Бар мәжілісті сол бір құртып кетсе екен.*

*В. Маяковский*

Қазан қайда қаққа бөлген аспанды?  
Володя!  
Ұрпақ болдык – тастанды:  
Көктөбеде күнде кеңес бұл күнде,  
Мәжілістің – мәжілісі басталды.

Террористер бес қаруын сайланып,  
Шешен қаптап, қағаз таудай тайланып, –  
Шығып алды мінберлерге кіжініп,  
Комиссарлар –  
Министрге айналып!

Талак – бәрі!  
Қу пенденің құлқы ғап,

Бара жатыр каннын исі бұрқырап;  
Азық-түлік министрі сөйлесе,  
Аш-арықтың ішек-қарны шұрқырап...

Қап тауында қан мұхиттай жөсылып,  
Отырмыз ба ойынымыз осылып?!  
Мұхит болды ГУЛАГ архипелагы –  
Мылжыңдардың су сөзіне қосылып!

Тәңірі қайда?!  
Көз жіберсең жоғары,  
Аспан жакта от ойнайды, оқ әні!  
Пайғамбар қып қызыл тілін кенеген,  
Мұхамбет пен Иса ғана жоқ әлі...

Сөз көбейсе,  
Сезбей жүрмін не екенін,  
Желмен бірге желпендейді етегім.  
Жер бетінде ашы ішегім шұрқырап,  
Аспан жакка көз телмірту не теңім?!

Володя!  
Бебеулеппіз бекер біз,  
Талай мылжың өткен...  
Біз де кетерміз.  
Көк инені к... түрте білмейтін  
Көкетантық елде туған екенбіз!

\* \* \*

Жанарыңнан жалғыз тамшы мөлдіреп,  
Терезеңнен жарық сәуле сөнді кеп...

Қара шашты сипағым кеп, қарағым,  
Қара түнге қан жылап бір қарадым.  
Қарағанды қап-қара боп кетті де,  
Жұлдыз құсап зулап, ағып барамын...

Алай-түлей – өртенгендей бықсып көк,  
Сақ-сақ күлген Сайтан қоршап, сықсып кеп –  
Жұлдыз құсап ағып-ағып түнектен –  
Түстім жерге!  
Жанып кеттім быт-шыт боп!!!



Махаббаттың мәрттігіне куәмін,  
Бір рет өлсем, әлі талай туамын:  
Ол-дағы бір нұры екен ғой Алланың,  
Біздің жүрек жұтқан соның шуағын.

Жанарыңнан жалғыз тамшы мөлдіреп,  
Терезеңнен жарық сәуле сөнді кеп.  
Махаббат бір жасыны екен жаһанның,  
Жарқылынан қалған осы –  
Сом жүрек...

\* \* \*

Мен жұмаққа бармаймын ба,  
Барам ба?  
Мен тәңірге жақпаймын ба,  
Жағам ба?  
Бес құрлық жоқ,  
Бес жұлдыз да жоқ тіпті,  
Танғажайып бес әйел бар ғаламда.

Жұмаққа енді бара алмайтын шығармын.  
Бес сұлудың сырғасынан сыр алдым.  
Бес сұлуға ғашық болып бір күнде,  
Атақ-даңқын бес құрлыққа шығардым!

Мен жұмаққа бара алмаспын, жарқыным,  
Алды – шаттық бұ дүниенің, арты – мұң.  
Бес сұлуға жаным Айдай албырап,  
Құшағында – сары майдай балқыдым!

Ойламай-ақ одан басқа ешкімді,  
Еміреніп жатып эзер ес кірді.  
Шәрбәт жұттым бес еріннен егіліп,  
Бесеуінің дәмі, бірақ –  
Бес түрлі.

Жұмақ бағын кезу маған күлкілі.  
Бес періште – айқаспайтын кірпігі –  
Мені аспанға алып шығып көтеріп,  
Бес құрлыққа лақтырады бір күні!

Жүрегімнің іші шемен,  
Шерлі – үні.  
Біледі ғой тау мен тас та,  
Ел мұны.  
Бұ дүние мені ұната қойған жоқ.  
...О дүниенің де ойы маған белгілі.

\* \* \*

Ана тілім, Алашымның көзі едің,  
Өргенеді өзегім...  
Үндемейді бесік жырын айт десем,  
Өгей шеше – өз елім?!

Бүгін – барда, жайлауда едім кеше мен.  
Шарап шем, қымыз ішпей кесемен.  
Өзегі шер ұрпақпын мен азалы,  
Өз анам жоқ...  
Қалдым өгей шешемен!

Күнде – қарғыс, күнде – тергеу, сот маған.  
Шатқан-бұтқан, оттаған –  
Өгей шешем айналдырған ақ басын,  
Өз әкемді танымайтын боп барам.

Зіл табандай – өтер екен қайтып жыл,  
Жаңа ғасыр көшіп келмей, тайқып жүр.  
...Жас баладай ұйқтап кетсем балбырап,  
Түсімде анам бесік жырын айтып жүр.

## ЖАРНАМАЛАР

Қарағанды қайта оянды қармана.  
Көңіл – алаң  
Көше – көк мұз.  
Қар – дала.  
Автобекет, азробекет – жарнама.  
Автобус та – ала құла жарнама.

Қазақ болып қашан осы найқалдым?  
Аман болсам, Аллаға бір айтамын:

Шүршіт, қалмақ жеңе алмаған жерді кеп  
Жаулап алды жарнамасы Сайтанның.

Арағың да, шарабың да – жарнама.  
Қаласы да – жарнама һәм – сардала.  
Шыңғысханды қазақ қылып жіберген  
Қазақ отыр –  
Қарап отыр таңкала...

Сұлу қыздар – Ай өнді.  
Келіп қалған бізге,  
Тастап қай елді?!  
Мұнысы не, сонда қазақ, немене,  
Көрмеп пе екен тыр жалаңаш әйелді?!

Былышылдапты!  
Біз де жігіт болғанбыз,  
Ат үстінен талай жұртты шолғанбыз.  
Арулардың не біреуін алдымызға өңгеріп,  
Аузынан бал сорғанбыз!

Әй, мынау кім атқа мініп,  
Жалт қаратқан «Мальбороға» күллі елді?  
Кім іргемді өстіп менің түрген-ді?  
Керқұла атқа мінген кезде Кендебай  
Бұлар жаяу жүрген-ді...

Жарнамалар құлқынды айтып, сандалып,  
Жүрсең болды дейді, әйтеуір, – жан бағып.  
... Шыңғысханды қазақ қылып жіберген  
Қазақ отыр –  
Қарап отыр таңқалып...

\* \* \*

Айтты түркі асқақ әнді,  
Жыр мол еді сабазда.  
Білге Қаған тасқа жазды,  
Біз де жаздық қағазға.

Асау қанда – арын , қуат,  
Алаудайын маздаған.

Сол өленді, жаным, бірақ,  
Ақыл екен – жазбаған...

Оңған емен өзім де онша,  
Ойран ойым көп енді;  
Жанда рахат сезім болса,  
Жазам ба сол өленді?

Қазаққа тән қайнаған кек,  
Қара аспанмен қатар кеп,-  
Көзін ашса – Баймағамбет,  
Көзін жұмса – Махамбет...

Елден қалмай ереді елес,  
Құпия екен нендей бұл?  
...Бұл елге ақыл керек емес, –  
Ақын керек мендей бір.

... Мағжан шаршап жатыр...кенет  
Айдарынан жел есті.  
Бұл елге, рас, Ақын керек,  
Ақыл керек емес-ті...

## МАҒАУИЯ ХАМЗИНГЕ

Мекен етіп жер мен көктің арасын,  
Мені тастап, аға-ау, қайда барасың?!  
«Түрік маршын» бір тартып кет, қайрылып,  
Цивилизация ақыл-естен айрылып,  
Домбыраның шанағына қарасын!

Далада – көш, иінтрескен алды-арты,  
Кісінеп-кісінеп көшкен жұртқа қалды аты...  
Қарағанды-Париж,  
Сочи-Көкшетау,  
Шымкент-Техас,  
Нью-Йорк – Алматы!

Муза -көкте  
Басқа жұртқа қонады ол.  
Есесіне – доллар менен ода –мол.

Біржан салдар тумайды енді бұ жактан,  
Поштабай – мәз,  
Рокфеллер болады – ол!

Бұл дүние сүйеді екен оданы!  
Соны ойласам көзіме жас толады.  
Акан сері – ақын інім айтыскер,  
Күләш та енді Пугачева болады.

Мекен етіп екі дүние арасын,  
Мені тастап, Аға-ау, қайда барасың?  
«Қосбасарды» бір тартып кет, қайрылып,  
Цивилизация ақыл-естен айрылып,  
Домбыраның шанағына қарасын...

## ПАТРИЦИЙЛАР ПАТШАЛЫҒЫ

*...Ұрым қоғамы патрицийлар мен құлдар болып, екіге бөлінген  
де, патрицийлар шетінен сауатты, галым, не ақын-сүрей адамдар  
болған...*

*Р. Тоқтаров. «Бітеу жара»*

Ғаламзатқа ғажапты айтып,  
Адамзатты шомылдырып ғазалға, –  
Бір базардан қазақ қайтып,  
Келіп тұр бір базарға.

Сал-сері еді,  
Бөлек еді,  
Мәтел де – жыр, мақал да.  
Тұла бойы өлең еді,  
Төгіп шықты жаһанға.

Шатастырма басқаменен:  
Тауын, тасын, қолатын.  
Тау да – өлең,  
Тас та – өлең,  
Өлім де – өлең болатын!

Нұрда – Шығыс,  
Батыс – күлде!

Айхой, сол бір алтын кез:  
Поэзия ат үстінде!  
Қара жерде – қаңқу сөз!

Ел бар ма еді Сактан күшті,  
Жок оның да қан-сөлі;  
Поэзия тақтан түсті!  
Аттан түсті сал-сері!!!

Өң мен түнге таңды қосты ол,  
Жап-жарық қып сананы,  
...Көріспеспіз:  
Мәңгі хош бол,  
Патрицийлар заманы!

Көкке нұрын шашып өтті  
Дулат – Данте – барлығы.  
Ақсүйектік – қасиетті!

Қасіретті тағдыры...

\* \* \*

Аспанға ұшып барармын әлі,  
Бозарып...  
Шауып...  
Еңіреп...  
Кеудемді қысып даламның әні,  
Ғажайып шабыт кернеп.

Баратын жерге  
Барармын әлі  
Түндерде,  
Күндіз,  
Ақ таңда –  
Тәкәппар көктен қарармын әлі  
Жердегі жапалақтарға.

Мұң шағайын деп келген кезімде,  
Керуендеп кетті ел,  
Жұқлқынып,  
Күйкі пендені көрген кезімде,

Керемет кектер  
Тұр тұнып!

Бір кезде ел мені тыңдайды бір сәт  
Тесіле қалып,  
Танданып...  
Бір кезде ел мені тыңдайды бір сәт,  
Есінен танып,  
Арбалып!

Өмірім менің өлеңге кеткен айналып.

\* \* \*

Бір акын жүр біздің елде – көп емес.  
Көрмеген жөн – көзді нұрға бөлемес:  
Сүйген жері – қара таңба, қасірет,  
Жүрген жері – айқай-шу мен төбелес!

Ұстанатын дәстүрі де, салты – ескі.  
Жай жүрген жоқ...  
Іздеп жүр ғой Дантесті!  
Хайям анау –  
Шарап құмар маскүнем,  
Пушкин анау –  
Дуэльде өлген қанкешті...

Қай акын кеп жарылқады қай елді?!  
Өзі – кедей, жақтырмайды бай елді!  
Күйеді екен өз –өзінен өртеніп,  
Сүйеді екен өңкей сұлу әйелді!

Бір акын жүр қайғылы һәм күлкілі!  
Қазақ- қалды, жырлайды екен түркіні.  
Бұл түгілі Мағжан да от басқан,  
Өстіп жүріп, өртенеді-ау бір күні!

Көк Бөрі деп өлең жазып не түрлі,  
Көзі оттай боп, мазамызды кетірді.  
Оны көрсе – біздің елдің иттері,  
Дүрлігеді –  
Қасқыр көрген секілді!

...Франция –  
Франсуа Вийоннан әзер құтылды!  
Ұлыбритания –  
Байроннан әзер құтылды!  
Қазақстан –  
Мұқағалидан әзер құтылды!  
Мынаның да түрі жаман, көкешім,  
Көкке қарап ұлитұғын сықылды,  
Тұрып кетіп, құритұғын сықылды...

\* \* \*

Ақындар мен батырдың асыменен,  
Қазақ жатыр ғаламға шашып өлең.  
Поэзия –  
Домалап бара жатыр –  
Махамбеттің кесілген басыменен!

Кесілген бас –  
Керегі оған әлі,  
Домалайды көрсе оны одан әрі.  
Хан Кененің басына кіріп алып,  
Бір ғасырдай бірге олар домалады!

Жасындайын жыр көкте жаркылдасын,  
Тәңірден де, пендеден тартынбасын:  
Жерге кимай аспанға алып кетсін,  
Мағжанның мұндағы алтын басын!

Неге оны аспанға алып кетті?!  
Жерге қайта ойранын салып кетті:  
Туды да енді сол Рух – Қасым болып,  
Жасын болып...  
Жарқ етіп–  
Жанып кетті!

Жанып кетті...  
Соғып тұр дауылы әлі.  
Бұл өрт емес –  
Атаңның аруағы!  
Сол жасынның жұртында біздер жүрміз.

...Сонсоң, басын, әрине, ауырады...



## МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНДАҒЫ ПОЭЗИЯ КЕШІ

### *Төлеуқадыр Тоқтамысовқа*

Бетон қабырға тершіп тұр,  
Сап болып ескі таныс үн.  
Ол –  
Небір Соломенцевтің  
Естіген зілді дауысын.

Асқак ой, ащы азамен,  
Атойлап асау ділімде –  
– Азагтық!  
Неткен ғажап ең! –  
Дедім мен қазақ тілінде.

Сарайға жетті көктегі үн,  
Көшірер бәрін ол енді.  
Кеудемнен шығып Көк Бөрім  
Кен залды кезе жөнелді.

Телефон да үнсіз ұялы.  
Ойнақ салады от өріп –  
Арғымақтарымның тұяғы  
Басына залды көтеріп...

Бұл дүние – дүние емес деп,  
Елең де қылмай мұны түк –  
Жібектер көзге елестеп,  
Жезөкшелерді ұмытып!!!

Аспаннан жауып жүзін нұр,  
Сарайдың іші – қызыл гүл;  
Балқашта – ұлттық рухым,  
Жүректер сонда жүзіп жүр!

Махамбет қайтты Қарайға,  
Асқак ой жаулап сананы, –  
Түксініп тұрған сарайға  
Түркінің кірді заманы.

Атой сап, айқой, келді жыр.  
Шерлі бір қиян-қиясы.  
... Егемен қылған елді бұл –  
Қазақтың поэзиясы.

## БАЛЫҚТАР СҰЛТАНДЫҒЫ

Балқаш – Балықтар Сұлтандығының балығы,  
Сұлтанын таныды.

Балқаштың да басқа шығып тұр қаны,  
Жал толқындар жар қабақ боп бұрқады.  
Келді бүгін Балықтар Сұлтандығының –  
Сұлтаны.

Судан шығып – құрлыққа,  
Бөгде болып кетіп еді бұл жұртқа.  
Балықтардай еркіндікте жүзген-ді,  
Біздер құсап көнген жоқ-ты құлдыққа,  
Сұмдыққа!

Оған құрлық қашан-дағы тар болған,  
Су Періге ол, Пері де оған арбалған.  
Қайдан ұқсын басқа ел оны,  
Көретін –  
Балықтарды –  
Сыраhana, барлардан.

Балық сынды жан дүниесі, мүсіні,  
Көлін көріп бір суып, бір ысыды.  
Жерде туған кісі қайдан түсінсін –  
Көлде туған кісіні?!

Суды – көк мұз,  
Құрлықты – аппақ қар басып,  
Ой – зілмауыр,  
Омырауы қалды ашық.  
Мұңайып тұр қос мекенді адамдай,  
Көлде – Жұмақ,  
Жерде – Тозақ арбасып...

Әлде, жанын өр толқындар жаныды?  
Су адамы бір маз боп, бір налыды.  
Бәрі соның туған жердің шалығы:  
Әке – осында, шеше – осында...  
Осында –  
Осы Жарық Дүниенің Жарығы!

Балқаш – Балқаштар Сұлтандығының балығы,  
Сұлтанын таныды.

\* \* \*

Менің мұнда меншігім жоқ.  
Ала бер!  
Неге осы қызыл көз боп барады ел?  
Анау аспан – құстардікі қанатты.  
Ұрпактікі – мына жатқан жер.

Жетпей қойды-ау соған елдің ақылы.  
Аты да – ұлы, басқамыздан заты – ұлы –  
Хафиздікі – Самарқан мен Бұқара.  
Қай сұлуға берсе-дағы хақылы!

Көзді арбаған дүниенің жолағы  
Бәрімізге жетеді ғой, мол әлі.  
Періштелер – ақ иесі жұмақтың.  
Тозақ қана – пенденікі болады.

Қонды арқама ана тілдің киесі.  
Ақынының өлең жұлын-жүйесі.  
Артымда егер бір сөз қалса, оның да –  
Алаш дейтін Асан Қайғы иесі!

Жоқ бұл жакта менің мүлкім, меншігім,  
Мұңға толы Муза ғана жеңсігім.  
Мен –  
Осынау Жеке Меншік Дүниеге  
Меншігі жоқ елден келген елшімін.

... Сені ойласам көзіме жас толады.  
Сен білмейтін мұнды жырым мол әлі.  
Егер, жаным, маған жаның ашыса,  
Жүрегінді ғана берсең болады...

\* \* \*

Ойран таудың басында – ойран дауыл,  
Ойран дауыл көмеді ойларға бір...

Қайда Жарық Дүние?!  
Бал ашайын...  
Бұлт ішінен бұлдырап қараса Айың –  
Темірқазық төбемнен ағып кетіп,  
Боранында боп-боз боп адасайын.

Омбылайын жаяу сал қарға түрен,  
Жаным сенен артық па – жарға кірем,  
Жардың асты – апаны қасқырлардың,  
Қаншығымен кезіктірі, арланымен.

Қаншама жыл жылыстап арадағы,  
Бір келуге жаман ұл жарамады.  
Шыға келсем ақ қардың арасынан  
Мені көріп таң қалсын Қар Адамы.

«Кел» дегенін қиядан естіп Көктің,  
Көкжиектен астым да – көшіп кеттім.  
Көз жасым ед туған жер,  
Көз жасымды  
Мына опасыз дүниені кешіп – төктім...

Ақ басынан ақ қарды ақтара кеп,  
Бораныңа ора да, тапта да кет!  
Көз жас қатып, аға алмай омырауыма,  
Баурайыңда қалайын Аққала боп...

\* \* \*

Сайтанның ділінен  
Қалмады жанда ерік.  
Сайқалдың тілінен –  
Бал беріп –  
Тіліміз байланды,  
Басымыз айналды.

Абайға қаратпай –  
Тобырға қаратып,  
Содырға – сабатып,  
Обырға – талатып,  
Сайтанның ақылы,  
Таңдайға татыды.

Адамзат бекеті –  
Гётеге жеткізбей,  
Алланың макеті –  
Меккеге жеткізбей –  
Сайтанның ақылы –  
Таңдайға татыды.

## КАРТА ОЙЫНЫ

Қолыма мен қарайын, сен де кара:  
Алпыстан асса дағы пенде – бала.  
Ойында кім женеді, ол белгілі,  
Қолымда менің – Валет,  
Сенде – Дама.

Әйелің неткен әсем ханша еді!  
Құдай-ау, қалай маған таныс өңі?  
Осындай перизатка мен де ынтыққам,  
Жүрегім әлі содая қан ішеді.

Мүз едік, қыз деп еріп, қыз деп жібіп,  
Болғанбыз біз де – сері, біз де – жігіт,  
Әйелдер – талақ қылып талай ерді,  
Табады сендей сұмды іздеп жүріп!

Бұл ару заманында асып-толған.  
Қажыған ғашықтардан, асықтардан.  
Тұлданып талай еркек ішіп кетіп,  
Мұңданып талай ақын ғашық болған.

Сабындай камшының ғұмырында,  
Жүрген ол елдің сыбыр-жыбырында.  
Буынып өлген небір шәйттердің,  
Бұлдыр бір елесі жүр бұрымында...

Кеудесін жұбайыңның кернейді өлең,  
Жүзіне қарай да алмай, терлей берем.  
Бұл ханым сүйсе дағы Есенинді.  
Жер мен Көк – сенің араң Сергейменен.

Е, қойшы, соны-дағы күйік деп пе ең?  
Еңсенді сенің басқа биіктеткен:  
Пушкиннің жесірі де, ол түгілі –  
Окалы генералға тиіп кеткен!

Қаладан мынау бикеш далаға кеп,  
Көгалға аунаймын деп салады әлек,  
Бұл үйге Качаловтың иті кірсе,  
Қорқамын бас сап, қауып ала ма деп.

Қолыма мен қараймын, сен де кара:  
Алпыстан асса дағы пенде-бала.  
Ойында кім жеңеді, ол – белгілі,  
Қолымда менің – Валет,  
Сенде – Дама.

Ұстаймыз қызып кеткен шекемізді,  
Тәңірі тауып қосқан екен бізді:  
Көздірдің тұзы – сенің әйелінде,  
Әлі естен тандырады екеумізді...

## **БАЗАРДАҒЫ БАЯН СҰЛУЛАР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА**

40 градус аяз.  
Алқынады қос өкпе,  
Өмір бастан көшсе өстіп көшед те.  
Базарда тұр Баян сұлу боп-боз боп,  
Қозы Көрпеш күтеді оны төсекте.

Қап арқалап, буынынан әл тайған,  
Келеді олар Стамбулдан, Алтайдан.  
О. Баяндар! Жолың болсын қайда да,  
Отыз жасқа толар-толмай қартайған!

Жасай алмай жас дәуренін жас болып,  
Өңшең цифр, калькулятор – баста өріп,  
Көздерінің оты сөніп, аруақтай  
Плацкартта ішіп отыр – мас болып!

Қарағандыға келсе бәрін аттап кеп,  
Қара табыт шығады одан қаптап кеп:  
Бетін ашсаң – Баян сұлу өзіндей,  
Қара шашы кеткен қудай аппақ боп!

Көлдер кепкен қоғалы,  
Ерлер кеткен...  
Кімге соның обалы?  
Баянсыз-ақ базар боп тұр найкалып,  
Кодарлар мен Жантықтардың қоғамы...

\* \* \*

Өмір сүріп келеміз өмір сүріп,  
Бас та быт-шыт, жүрек те, көңіл – сынық.

Өзімізді өзіміз өлімші ғып,  
Өмір сүріп келеміз, өмір сүріп.  
Алдымыздан жарқ етіп көрінші үміт...

Сайтан қарап күліп тұр маған сық-сық,  
Бықсық мына дүниеде барам бықсып.  
Далам – быт-шыт, елі жоқ көшіп-кеткен  
Қоғам – быт-шыт  
Ошак та,  
Заман – быт-шыт!

Бекежандар – жол тосқан Қособада,  
Қоныс тойын жасады осы арада.  
Секс келіп төсектен айдап шыққан –  
Махаббат тұр...  
Боздап тұр босағада!

Базар болар бар ма құт мекен бізге?  
Поэзия!  
Дүние тар екен бізге.  
Жүр, ұшайық аспанға қол ұстасып,  
Мына жакта орын жоқ екеуімізге.

Күн түспей тұр гүлге де, ағашқа – нұр,  
Кел де, пәле-жаладан аласта бір.  
Кел. Ұшайық аспанға!  
Алладан бір,  
Қуат алып қайтайық Алашқа бұл.

Кел ағызып құрғаған өзендерді,  
Көрсетейік көзіне гөзелдерді.  
Ана сүтін емгендей,  
Алашқа бұл  
Абай рухын емізер кезен келді.

## ЭКСПРОМТ

Келеді бізге де есек базар болса,  
Жүзге бір сонан шырай, ажар қонса.  
Ақындық,  
Батырлықты тәрк қылып,  
Аяр, қу атанармыз азар болса.

2010

Тәтетай, сары уайым, ой – қақтанып,  
 Жазбаймын баяғыдай ойнап шабыт.  
 Бір құйын Ойрантаудың басынан кеп,  
 Жүреді біздің үйде ойнақ салып.

Сол құйын баса алмай жүр солығын да,  
 Менімен ұқсастық бар порымында.  
 Біздің үй жок қой, Тәте... Құлап қалған,  
 Жүреді ол біздің үйдің орынында.

Ойрантаудан басқаға көнбей келіп,  
 Құяды ол сол қорымға селдей болып.  
 Жүреді ол біздің үйдің жұртында ылғи,  
 Күледі ол сақ-сақ етіп мендей болып.

Таныдым өзімді оның келбетінен,  
 Бұрканып мен де солай селдетіп ем.  
 Түстім де Ойрантаудан құйын болып,  
 Дауылдап жөнеп барам Жер бетімен.

Мен кеткем көл боп елден омырауым,  
 Баяғы қоңыр тірлік, қоңыр әнім.  
 Ашады ол небір зілдей есіктерді,  
 Басады ашпай қойса қоңырауын.

Ойран сап осы жұртта ол да, сірә,  
 Көз жетіп көңілі мәз болмасына,  
 Бейітті сендер жатқан шыр айналып,  
 Жөнейді Ойрантауға – ордасына.

Быт-шыт боп жатыр жұртта айран кесем,  
 Бұ дүние ойран екен – сайран десем.  
 Сол құйын жүрген кезде мені есіңе ап,  
 Орнынан бір аунашы. қайран шешем.

## ТОБЫРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Қайда ұлы орыс әдебиеті?!  
 «На-На» алып алтын қонысты –  
 Қара тобырдың мәдениеті,  
 Мәңгіртіп кетті орысты!



Қайда ұлы қазақ әдебиеті?!  
Айтыскер інім алқынды:  
Қара тобырдың мәдениеті  
Қара сан қылды халқымды.

\* \* \*

Өзің – Ару.  
Өзгеден өзің дара.  
Көз алдымда мөп-мөлдір көзің кара.  
Қайда кеттің елес боп егілдіріп?  
Қалғаны тек – ғажайып сезім ғана.

Бұл өмірде көргенім –  
Өзің ғана.  
Өзің ғана...  
Сонан соң төзім, нала...  
Махаббат – құс. Қонад та, кетеді ұшып,  
Қалатыны – ғажайып сезім ғана.

Мен шыдаймын шерге де, азаптарға,  
Мен шыдаймын көрге де, мазақтарға.  
Сұлулық – жоқ!  
Сұлулықтан бір-ак сәтте  
Жаралатын сезімнен ғажап бар ма?!

Сүймеймін бе, білмеймін, сүйемін бе,  
Күй боп кондың домбыра тиегіне.  
Сезім болып жүрекке кірдің-дағы  
Сіңіп кеттің сен күллі сүйегіме.

Таусылды ғой көз жасым тамып-тамып,  
Табытта күт... Өрт жалын тамұқта күт!  
Сені бердім біреуге...  
Саған деген –  
Сезімімді мәңгіге алып қалып.

Өзінді ойлап талықсып көз іліп ем,  
Егіліп ем, дөңбекшіп, езіліп ем.  
Қара жердің койнына түссем екен,  
Осынау бір ғажайып сезіміммен,

О жақта да осылай еміреніп,  
Мынау жарық жалғаннан Сені көріп,

Ғажайып бір осынау сезіміммен,  
Жатсам екен дөңбекшіп, тебіреніп.

\* \* \*

Фәнидің көріп періштесі мен сайтанын,  
Шалықтап жүріп, шартарабымды шайқадым.  
Таңданып мұнда несіне жүрмін, алданып,  
Жаһанда жалғыз калыппын – жаңа байқадым.

Арасын кезіп Жұмағың менен Тамұқтың,  
Қара шашымды ақ қарға малып алыппын.  
Төрткүл дүниеде төрт құбыласын түгендеп,  
Кететін пенде кемде-кем екен – жаңа ұқтым.

Жолаушы ем мен де, жолда сан жанмен жолықтым,  
Қиянға шығып, төрт құбыланы шолыппын.  
Жанды арбайтын қызылды-жасыл дүние –  
Жанардан тамған кермек жас екен – соны ұқтым.

Ару Анам-ай, Ақсұңқар деген құсыңның,  
Балапаны едім, қияға баулып ұшырдың.  
Ана сүті мен сиыр сүтінің арасы  
Аспан мен Жердей екен ғой – енді түсіндім.

\* \* \*

Сүйді түркі әйелді.  
Әйелдей әсем әлемді.

Сұлудың көзі бет осып,  
Күйген!  
Сүйген қаталап:  
Күллі Ұлттық Эпосы –  
Ару қыз бен Махаббат!

Өтіп небір қатерден  
Шығысты –  
Батысқа жалғады.  
Тоқал алды жат елден,  
Басқа түк те алмады!

Құнын біліп тек, заттың,  
Жанарында жүзді нұр.  
Мәскеудегі бекзаттың  
Бәрі-дағы –  
Біздің ұл!

Құшағы – от, өртеді,  
Елден ерек несімен?  
Әйел көрсе еркегі  
Танады әлі есінен...

## **ЦИВИЛИЗАЦИЯНЫҢ ӨЛУІ**

Өзекке өрт толды,  
Алланы зарлы ғып,  
Абайды зарлы ғып.

Цивилизация мерт болды –  
СПИД-ке шалдығып!

## **ПОЭЗИЯ**

### *Қасымның әуенімен*

Поэзия – әлі әсем жамалында.  
Жаһан – Дүние тұр соның жанарында.  
Троллейбуста жүр, әне, сақ-сақ күліп,  
«Иномарка», «Джип»-тердің заманында.

## **ҚҰСТАР ПАТШАЛЫҒЫ**

Жанартаудағы жарға, көп болды,  
Бір-бірін шұқып, кимелеп, –  
Қаптаған қалың қарға кеп қонды,  
Қалған жемтікке үймелеп.

Мәз болып осы алтын заманға,  
Салулы төсек, салқын бақ, –  
Қырандар көкте санқылдағанда,  
Күледі дерсің – қарқылдап!

«Аспаны астынан Алламыз іздер  
Құс едік, зәузат сонша көп,  
Қарға тамырлы қарғамыз біздер,  
Е, қайтем қыран болса?!» деп.

Апан айналып асқан-ды бағы,  
Жемтікке ғұмырын сарып қып,  
Мұз басқан заңғар асқарды-дағы,  
Аспанды-дағы – тәрік қыл!

Бұ-дағы құстар патшалығы екен ғой,  
Жарықтық...

## МЕНТАЛИТЕТ

Біздің тұқымда  
Қасқырдың емшегін емген  
Бір адам болған...

Сансыз сауал сансыратып сананы,  
Қайда деймін Көкбөрінің заманы?!  
Ол болмаса Олжас ағам қасқырдай,  
Қас дұшпанға қалай жалғыз шабады.

Түпсіз әлем –  
Түркі жұрты –  
Жиһаны,  
Маңайында үрсе де сан ит әлі –  
Көкбөрім деп Шота Уәлихан ағам кеп,  
Неге мені маңдайымнан сипады.

Осы –  
Азат бөрілердің жері, елі.  
Шерхан ағам – айбат шегіп,  
Шер – өңі:  
«Оқышы» – деп – «Монологын Қасқырдың»  
Неге менің мазамды ала береді?!

Тектіміздің бір тұяғы кешегі, –  
Шота ағамды ел киелі адам деседі.  
Мағмұрланып сол бір көкем сипаған  
Маңдайымның соры неге бес елі.

\* \* \*

Арулар жүретін көшенде – Салдақы!  
Күләштің орны бос қалды.  
Рухани астанам, Алматы,  
Хош, мәңгі!

Қазақтың жоқ паспорт, мандаты,  
Көшеңе Қытайдан керуен-көш барды.  
Рухани астанам, Алматы,  
Хош, мәңгі!

Маралтай – ақынның алды, арты,  
Құшақтап қалды ма бос тамды?!  
Рухани астанам, Алматы,  
Хош, мәңгі!

\* \* \*

Іздеп келем,  
Белгілі таппайтыным...  
Жүрегімнің түбінде сақтайтұғын –  
Құпиямсың сен менің, жұлдызымсың,  
Аспанымнан мәңгілік ақпайтұғын!

Ділім, міне!  
Жат аруға жүрегім жүгінді ме?  
Шайтанкөлде кездесіп калып едік,  
Күллі әлемде жоқсың сен  
Бүгін, міне...

Шайтанкөлге сені іздеп талай бардым,  
Сан барармын,  
Әлі сан қарайлармын.  
Бірақ, таппай кетермін ішқұса боп,  
Келіп... кеткен... жолымен талайлардың.

Тәтті қиял жанымды тербетер кеп,  
Мен сияқты мазасыз шерлі екен көк!  
Арулардың жалт еткен жанарына,  
Жалтақ-жалтақ қараймын сен бе екен деп.

Пәк жаныңа дерт түсіп, құса кыла,  
Қанат таппай мен жаққа ұшарыңа.  
Жүріп-жүріп адасып...  
Сен де бір күн  
Тығыларсың бір жанның құшағына.

Сағыныштан сарғайып шомған күзгі –  
Жапырақпын;  
Мені қой – қорғансызды!  
Құшып сүйіп жатқанын білер ме ерің,  
Бір ақынның арманы болған қызды?!

Шайтанкөлге сені іздеп талай бардым.  
Жоқтығыңды білгенде қалай бардым?  
Талай бардым.  
Таба алмай қайттым,  
Жаным,  
Келіп...кеткен...жолымен талайлардың.

Іздейсің бе сен мені қуат көріп,  
Жүрегіңді сағыныш – шуақ көміп,  
Баяғыда  
Біріміз-бірімізсіз  
Өмір сүре алмайтын сияқты едік.

Іздейсің бе сен мені,  
Далаға сан  
Шықтың ба іздеп –  
Муза боп мазаласам?  
Неге ғана кездестің маған,  
Кейін,  
Іздеп тауып алуға жарамасаң?

Іздейсің бе сен мені,  
Жөнелсе алып шырылдап сезім-бала,  
Сабыр беріп жүр ме екен тәзім-нала?  
...Қалай десең – олай де,  
Осы өмірде,  
Сүйген,  
Сүйе білетін өзім ғана!

\* \* \*

Келді ұмытқым сен жайлы жырларды да,  
Граниттен қашалған тұлғаңды да.

Ай астында, аспаннан жасырынып,  
Біз екеуміз шертіскен сырларды да.

Барлығын да ұмытқым келді менің,  
Кімге айтамын?  
Кімді енді сендіремін?  
Ұмытудан, – жүректі суытудан,  
Басқа лажым қалды ма енді менің?

Келем, бірақ, ұмыта алмай...  
Қуат, күшім –  
Сарқылды ғой,  
Өзің кеп жұбат, құсым.  
Кеткенменен ренжіп,  
Сен де мені  
Ұмыта алмай жүргендей сияқтысың.

Сенсіз өмір жоқ дегем де тегі бір күн,  
Қоюлатты-ау, тағдырдың көгі бұлтын.  
Сен ұмытшы әуелі мені.  
Сонсоң  
Мен де ұмытып кетермін сені, мүмкін?!

\* \* \*

### ***Бөрібай Биқожақұлына***

Аспанда – Алла,  
Жерде – Алаш елің,  
Алаштан алар еншің дара сенің,  
Әуелден топырағына кие қонған  
Әулие Атаның бір баласы едің.

Ән салып оңтүстіктің өрігі-ай – деп,  
Арқада аунадың төрім-ай! – деп.  
Көк Бөрі көкжиектен көрінгенде,  
Атыңды Алаш қойған Бөрібай деп.

О кезде кәуіріңнің өктем үні,  
Жер түгіл, шайқап тұрған көктегіні.

Алатау, Қаратау мен Ұлытау да,  
Көкседі өзің сынды Көк Бөріні.

Осынау күз бен қия, өрі, белің –  
Бәрі де – сенің жерің,  
Сенің елің.  
Қордайдың асуынан асып өтіп,  
Әуелі Ұлытауға келіп едің.

Жүрсең де кезіп небір алыс қырды,  
Алдыңда – Бәйдібектей арыс тұрды.  
Сарыарқа саф алтынның буына сап,  
Қайтадан Таласыңмен табыстырды.

Күн шығып, көзімізге шағылып нұр,  
Зуылдап күндер өтер, ағылып жыл.  
Өзіңді Сарыарқаның самалымен  
Ұлары Ұлытаудың сағынып жүр...



## ШАРАБЫ ОМАР ХАЯМНЫҢ

*Омар Хаям шарап іштеген. Тарихи дерек.*

*Омарға сенген болады Хаям,  
Сенбеген кетпек Хаям да болмай.*

*Ж.Жақыпбаев*

### *Армия Біләловқа*

Ішеді күллі ел, ішеді.  
Мұздаған тәні қызынып,  
Әдемі, әсем түс-өңі  
Әп-сәтте лаулап – бұзылып.

Дүмпуге небір түскенде,  
Жүресің іштей қызынып.  
Ой-хой, бір бекзат көрдім ішкенде  
Отыратұғын сызылып...

Тауға да ел шығып ішеді,  
Күледі қатып ішегі.  
Молда да тығып ішеді,  
Министрлер де ішеді.

Ішсе де олар, тіпті, танаулап,  
Аспанға ұшып барады.  
Тік ұшақпенен аң аулап,  
Апанға түсіп қалады...

Біреулер үрпек көздері,  
Түбінде соның зіл ұйып:  
Іш дейді маған...  
Өздері  
Ішпейтін жандай жымиып.

Сыры оның маған аян-ды.  
Біледі ғұмырбаянды,  
Біледі Омар Хаямды,  
Білмейді баска Хаямды...

Тарихтан оқып кенел, кел:  
Белі де шықпай бесіктен:

Ақындар ішкіш дегенді ол  
Інгәліп жатып есіктен.

Оны елге Омар таратқан  
Рубаймен шарап жолдаған.  
...Сол шалың, бірақ, шараптан  
Ауыз да татып алмаған!

Ішпес ем қылғұрт пендеше  
Тіліне еріп аярдың –  
Оранып жырға келмесе  
Шарабы Омар Хаямның.

Қанқу мен өсек үш жүзден,  
Үйіме енді қол салды.  
Өзі ішпей, бізді ішкізген,  
Жек көріп барам сол шалды...

Сыры елдің маған аян-ды.  
Біледі ғұмырбаянды,  
Біледі Омар Хаямды  
Білмейді басқа Хаямды...

\* \* \*

Ұмай – Ана.  
Ұмай – Жыр.  
Жатырында жанталасып тулайды ұл.  
О, сүйінші, Омар туды қазақтан!  
Бірақ, Хаям тумай тұр...

Тәубәмізге түселік,  
Біз – қазақпыз, ғажаппыз деп күшейіп.  
Үйіне кеп Омар Жәлел серінің,  
Омар Хаям туғандай бір ішейік!

Асығымыз күлер кезде алшыдан,  
Тарих шыға келеді ылғи қарсыдан.  
Гректерден Ғомар туды дейді ғой,  
Омар Хаям туды дейді парсыдан.

Туа берсін, тұна берсін – тұнық бұл,  
Осы болар көш бастайтын уытты ұл.

Хаям тумай жатса енді қайтеміз?  
Бүгін Омар туып тұр...

«Тектіден – текті туады» –  
Атасының аузы неткен дуалы!  
Айтқан сөзін ұқпай, арты – шу әлі.  
Бүгін Омар туды біздің қазақтан.  
Хаям туса – туар...  
Кейін туады...

*12.12.2004*

\* \* \*

Таң сәріде, Тәте, көзімді ашқанда,  
Тұман – Дүние,  
Жанарымда жас бар ма?  
Берікбол да онша берік болмады,  
Мені тастап ұшып кетті Аспанға.

Өзер өтті сенсіз зілді шердей – жыл.  
Жоқтығыңа көңіл әлі сенбей жүр.  
Серікбол да маған серік болмады,  
Өзіне оның Серік керек мендей бір.

Менен мейір күтпе деп,  
Қарғалар жүр қарда – қара нүкте боп.  
«Қайран шешем» дейтін күйі бар қазақта.  
Өзім бармын, сонсоң...  
Басқа түк те жоқ.

*12.12.2004.*

### **АҚҚУЛАР-АЙ!**

Аққулар-ай!  
Сүйіне,  
Күйіне де,  
Өзгереді көңілдің күйі неге?  
Өзегімнің іші бір толған өксік,  
Не бүлінбей жатыр бұл дүниеде?!

Қашан бастан қатерлі сын арылған,  
Аяқ бассаң алдыңнан шығар ылан.  
Ырза емеспін өмірге,  
Ол опасыз  
Неге сені бөледі сынарынан?

Неге шыннан шынарды құлатады,  
Неге жендет зәрінен зіл атады?  
Пасықтарды неге оңай табыстырып,  
Ғашықтарды неге оңай жылатады?!

Аққулар-ай,  
Ғаламды кезгеніңде,  
Пана таба алдың ба өздеріңе?  
Қасіреттің тамшысы тұнып тұрған,  
Қалай сенің қарайын көздеріңе.

Мен де сендей өлімнің өтінде өстім,  
Керуеніне ілесіп нөпір-көштің.  
Мұқағали Музасы қалса болды,  
Өле берсін өзгесі –  
Өкінбеспін.  
Жалғыз құдай табынар сен де, мен де –  
Сұлулыққа ештеңе тең келер ме?!  
Сен де мұны түсіндір қарғаларға,  
Мен де айтып бағайын пенделерге.

\* \* \*

Бал жаласпады бақастар ақыры,  
Үстінен төнді, өрді апат.  
Қаншама марқұм қапаста жатыр,  
Жер асты – алып көр-лақат!

Өмірдегі өксік мағыналардың  
Өлеңге көшіп дірілі –  
Запыран құсқан заманалардың  
Сүйегі көрде шіріді.

Жоғалтты талай ерін жер беті,  
Көбін талақ қып тастады.  
Клеопатралардың керім келбеті  
Көмескі тарта бастады...

Жұлдыз да жанып – сөніп қалады  
Аспанда аздап сән құрып,  
Лениннің өзі өліп барады,  
Лирика ғана – мәңгілік.

## БАЙЛАУДАҒЫ ИТ

Мынау үйге адасып неге келдім,  
Және... Неге келеді келе бергім?  
Сені көрсем селк етем, менен басқа  
Қорықпайды біреуі сенен елдің.

Жұртым бар ғой дегенге иланып-ақ,  
Жырға шуақ алайын, миға – қуат.  
Мырс-мырс етіп сыртымнан күлсін бәрі,  
Құжыраға осы бір жиналып ап.

Қанқу біткен біздегі бак-талайға.  
Жинап бәрін бір жерге сақтағай да.  
Қарқаралыда қырық қап өсегім бар,  
Алпыс қабын қалдырғам Ақтоғайға.

Аман қалып мың қатер, бір апаттан,  
Жүрген жанмын, ешкімге кінә тақпан.  
Үй ішінде шикылдап күлгенде олар,  
Сыртта тұрып сен де үріп – рахаттан.

Иіс сезгіш, сақ құлақ, алмас тісі,  
Кейінгісі не итін, алғашқысы.  
Бізді көрсе болғаны, бәрінің де  
Қозады да тұрады албастысы.

...Көктің астын Көк Бәрі билеп өтіп,  
Рухы қалды өлең мен күйге кетіп.  
Көк ит келіп талайды содан бері,  
Көзімізге көк шыбын үймелетіп.

*11. 2003*

## АЛМАТЫ – САИН КӨШЕСІ

Тәңрі бізге тіл берген нұрға малып,  
Бір-бір сөзі болады бір каралық.  
Батыс неге мәз-мәйрам – Секс деген  
Сөздің өзін казактан ұрлап алып?!

Төскей менен төсекте мал басы – аңыз –  
Жаһанмен де сол сөзбен жалғасамыз.  
Алматыда Саинның көшесі бар,  
Ат шалдыра кетіңіз нанбасаңыз.

*05. 2003*

## ҚҰРШИДА ҚЫЗ

Қытайдан көшіп келген Құршида қыз,  
Қыз емес пері еді ғой, құрсын, нағыз!  
Он үште отауға ие жүгірмектер,  
Шыға алмай, соның ғана уысындамыз.  
Қытайдан көшіп келген Құршида қыз.  
Өріліп жерге түскен қырық бұрым,  
Мінезі-ай, мың бұралған қылықтынын.  
Сөздері балдан-дағы тәтті-ак еді,  
Көздері бұлақтан да тұнық-тұғын,  
Өріліп жерге түскен қырық бұрым.

Әйелге бар ма қазір керегім деп,  
Жүргенде бір жыладым мен еңіреп.  
Әлбина әже айтыпты: «Құршидамды  
Алатын жігіт болса беремін!» деп.  
Сол күні бір жыладым мен еңіреп!

Құрбы ғой тел қозыдай жақын өскен,  
Ауызда аңыз болып аты көшкен.  
Шокандай ұйғыр қызын алатұғын,  
Біз сонда танып қалдық ақыл-естен.  
Ауызда аңыз болып аты көшкен.

Қытайдан соғып, қырды бұзды дауыл,  
Кенестің баласы едік тізгіні ауыр.

Бір күнде Шокан болып кіл жүтірмек,  
Қашқар боп бара жатты біздің ауыл,  
Қытайдан соғып, қырды бұзды дауыл.

Көңіл жүр күнде шарлап, есіп көкті,  
Алдында ол көретін несіп көп-ті.  
Бір қыстай бір партада бірге отырып,  
Жаз шыға оңтүстікке көшіп кетті.  
Алдында ол көретін несіп көп-ті.

Аймалап солтүстіктің желі, лебі,  
Ешқайда жібермейді тегі мені.  
Келгенде жыл құстары оңтүстіктен,  
Көңілім өз-өзінен егіледі.  
Аймалап солтүстіктің желі, лебі.

*06. 2003*

\* \* \*

Тәтетай, сары уайым, ой – қақтанып,  
Жазбаймын баяғыдай ойнап шабыт.  
Бір құйын Ойрантаудың басынан кеп,  
Жүреді біздің үйде ойнақ салып.

Сол күйін баса алмай жүр, солығын да,  
Менімен ұқсастық бар порымында.  
Біздің үй жоқ қой, Тәте... Құлап қалған,  
Жүреді ол біздің үйдің орынында.

Ойрантаудан басқаға көнбей келіп,  
Құяды ол сол қорымға селдей болып.  
Жүреді ол біздің үйдің жұртында ылғи,  
Күледі ол сақ-сақ етіп мендей болып.

Таныдым өзімді оның келбетінен,  
Бұрқанып мен де солай селдетіп ем.  
Түстім де Ойрантаудан құйын болып,  
Дауылдап жөнеп барам Жер бетімен.

Мен кеткем көл боп елден омырауым,  
Баяғы қоңыр тірлік, қоңыр әнім.

Ашады ол небір зілдей есіктерді,  
Басады ашпай қойса қоңырауын.

Ойран сап осы жұртта ол да сірә,  
Көз жетіп көңілі мәз болмасына,  
Бейітті сендер жатқан шыр айналып,  
Жөнейді Ойрантауға – ордасына.

Быт-шыт боп жатыр жұртта айран кесем,  
Бұ дүние ойран екен – сайран десем.  
Сол құйын жүрген кезде мені есіңе ап,  
Орнынан бір аунашы, қайран шешем.

*06.2003*

## ТӘТЕМЕ ХАТ

Сіз бен біздің ауысып мекеніміз,  
Хатқа отырдым, келді күз, кетеді күз.  
Мені ақын ғыл жаратқан Тәңірі мен –  
Әкем және Тәте сіз екеуіңіз.

Дүниеге ақын боп неге келдім,  
Муза ұшты деп несіне ерс бердім?  
Алтынды ұстап көргісі келетіндей,  
Ақынды ұстап көргісі келеді елдің.

Бұл ит жанды фәниден бақи – ірі,  
О да болса құранның тақырыбы.  
Алтын менен ақынның басты арбайтын,  
Бар – дейді жұрт – алапат апиыны.

Барға барып ішкен соң,  
Монша барып,  
Кір қоңымнан кетпеспін онша ағарып.  
Қолы алтынға жетпеген аш арық ел,  
Бір мәз болсын ақынын қоршап алып.

Суда – тегім,  
Топырақ,



Желде – тегім.  
Аспанда екем деп жүрсем – елде екенмін.  
Алтынға аптап сөз айтқан ақынының,  
Көрсін мына ел өзіндей пенде екенін.

Менде сұлу біткенге карағыш ем,  
Мен де елше сіміріп шарап ішем.  
Ауаны ішіп абдырап мас болатын,  
Адамзатта жоқ неткен ала құс ем?!

Қарқаралыға бір қонып,  
Семей кеттім,  
Күйеу болып Үйсінді мерейлі еттім.  
Қарным ашты менің де, бірақ тағы  
Қарға жейтін жемтікті –  
Жемей кеттім.

Дүниеге ақын боп неге келдім,  
Муза ұшты деп несіне ере бердім?  
Алтынды ұстап көргісі келетіндей,  
Ақынды ұстап көргісі келеді елдің.

Бұл да болса Құранның тақырыбы.  
Фәниіңнен, әрине, бақи – ірі.  
Алтын менен ақынның басты арбайтын,  
Бар екен ғой алапат апиыны.

*06. 2003*

## **ЕСКІ ЖҰРТТА**

Қалай түспей тұрады жолым мұнда,  
Қазығым да осы еді, қорығым да.  
Құлап қапты біздің үй...  
Төмпешік тұр –  
Менің тұрған жұртымның орынында.

Ақын болып шатыспай, ағат ойлап,  
Ақжарықта,  
Соңынан ағатайлап –

Жүре берсем, құламай сол құжырам,  
Мені күтіп тұрмай ма алақайлап?

Терезесі бәрінен жарық еді.  
Шақырады шырақ боп әлі мені.  
Һауа Ана – Һалифа балшық илеп,  
Адам Ата – Ақсұңқар салып еді!

Қасіретті көз жасы – халық текті,  
Ақ паракқа қалайша тамып кетті.  
Ақжарыққа бір құс кеп қара аспаннан  
Алды-артыма қаратпай –  
Алып кетті...

Қар да – өлең.  
Тау да – өлең.  
Ар да – өлең.  
Шыр айналып ғарышта – шарда келем.  
Ақсоранның бір ұлы тіршілікте  
Тілдесуі керек қой Алламенен!

Алдымда тұр арбаған Аспан елі.  
Алла соған туған әу баста мені.  
Қара жерді ойласам,  
Қайран дүние,  
Қара көзге кермек бір жас келеді.

Қара өлеңде нем бар ед,  
Қаралы елде?  
Қарап тұр ма дүние қара өлеңге.  
Аспаныңды қайтейін, ағатай-ау,  
Ақсораңым қап қойды-ау қара жерде.

Терезесі бәрінен жарық еді.  
Шақырады шырақ боп әлі мені.  
Һауа Ана – Һалифа балшық илеп,  
Адам Ата – Ақсұңқар салып еді!

02.2003

\* \* \*

Мен –  
Ұлыған Көк Бөрісі Даланың.

Ұлымауға амалым жоқ, амалым:  
Күпті –  
Сайран салған қайран көңлім!  
Бітті...  
Ойран – заманым!

Ақындардың соры – қалын, бағы – аз да.  
Қара тағдырым – қасіретті қағазда.  
Іш тартпасын көрдім саппас тобырдың,  
Саппастығын сезіп қойған сабазға.

Көрдік біздер не бір қара беттерді.  
Кеудемізді керемет бір кек керді.  
Замандастың бәрі иілді заманға.  
Біз тік тұрдық.  
Бізді ол, сонсон, жек көрді.

Содан кейін сотталғанбыз сан рет.  
Соттала сап ақталғанбыз сан рет.  
Ақтала сап тағы да бір Сұмменен,  
Сұмырайға тап болғанбыз сан рет.

Енді ақындар жекпе-жекке қатысып,  
Мерт болмайды атысып!  
Сотталмайды соры қайнап бостан-бос,  
Ақталмайды қара бет боп –  
Шатысып...

Көзге ешкімді ілмей,  
Қырт –  
Жердің бетін жаулап алған пілдей құрт –  
Ақындарды ұстайды енді өзіндей  
Өлімтікпен – бірдей ғып!!!

Мен –  
Ұлыған Көк Бөрісі Даланың.  
Ұлымауға амалым жоқ, амалым.  
Құлдар сүйді –  
Құл иелену заманын!  
Сұмдар сүйді –  
Сұм иелену заманын!!

Қайтем енді құлға кеткен есемді?  
Қайтем енді сұмға кеткен есемді?!  
Бітті менің заманым!  
Хош, енді...

*12. 2004*

## ТӨРТТАҒАН

Мынау Әлем – Муза еді. Ән еді.  
Шәмші менен Мұқағали – дәлелі.  
Махаббатпен жүрегіңе нұр құйған  
Әсем Әйел – Әлемнен де әдемі.

*12. 2004*

\* \* \*

Қажет емес маған мына лас ғалам,  
Мен бәрін де тәрк етіп тастағам.  
Ғасырыңды –  
Ғасырға айырбастағам.  
Жасыныңды –  
Қасымға айырбастағам.

Мынау –  
Менің Аспаным!  
Аспанымда хақысы не басқаның?  
Жұмыр Жерді –  
Қызыларай тауына,  
Марксінді –  
Мағжанға айырбастадым.

Өмір деген –  
Қасиетті қас қағым.  
Қасиетін енді сезе бастадым.  
Самарқанды –  
Бір сұлудың меңіне,  
Өмірімді –  
Өлеңге айырбастадым.

Тастаймын мен...  
Енді бәрін тастаймын!  
Тұранымның тұнығынан бастаймын.  
Арафатты –  
Аббасқа айырбастады.  
Қазақстанды –  
Алашка айырбастаймын.

12.2004

\* \* \*

Бұ дүниеден баз кешкенде, қарағым,  
Мен әкемнің моласына барамын.

Төрт құлақтан көрдім-дағы төрт Айды,  
Төрт құбылама қарадым.  
Коммунист боп қайтты ол –  
Туып қазақ боп,  
Зар заманның көрді күллі зарарын.  
Мен – кәуір ем...  
Мұсылман боп барамын!

Кеше анамды жерлеп едім – таста тұр –  
Бір тал гүл боп!  
Басқа – кім?!  
Жауабы жоқ сауалыма бас қатыр:  
Құран ғана сөйлейді екен бұл жерде,  
Құдай ғана сөйлейді екен бұл жерде.  
Қайда сонда басқа ілім мен басқа тіл?!

Айрылған соң мал-жаннан,  
Аса алмайсын Тәнірдегі талғамнан.  
Алланың Нұры –  
Фәнидің Жыры –  
Бакидың Зілі –  
Бұдан басқа түк көрмедім Жалғаннан!

12.2004

\* \* \*

Сайран менің он сегізім  
Аққудайын айнакөлде  
Ақтоғайға арбалды.

Орда бұзар отыз жасым,  
Қамал алар қырық жасым  
Қарқаралыда қалған-ды.

Қазыбек би жоқ, Әйтеке би де, Төле де,  
Алдына барып бақ сынар.  
Тоталитаризм – төбеде.  
Төрімде кілең – қабағын түйген хатшылар.

Біреуге ұнар, ұнамас,  
Түнектен Күнді шолғанда, –  
Содан да қалған мына бас  
Адыра қалмас Алашы азат болғанда.

О да бір ойран кез еді.  
Өртендім – күйдім.  
Егілдім – сүйдім, лақылдап.  
Жанымның жасын кезеңі  
Өзімнен көшіп, өлеңде қалды –  
Лапылдап!

Көзімде – сорам...  
Қайтейін соны сезбесе ел?  
Көкірегіме көктей кеп Көктен жетті өлең.  
Ел лағып жүрген кезде сол  
Лапылдап жанып,  
Мен қалай күл боп кетпегем?!

*01.11.2005*

\* \* \*

Жанын жасынға жаныған жұрт едік.  
Көшін ұзатып тұрған шал –  
Ақтамберді дейтін асыл-ды.  
Түбім – Күлтегін.  
Төңірегім – Біржан сал.  
Қаным – Қасым-ды.

Вискиді сіміріп, жүзімнің өзін жүре жеп,  
Кімге керек деп мына сор?  
Шәмил екеуіміз базар басқарып жүрер ек,

Ол – тауға кетті...  
Мен – дауға кеттім.  
Кінә – сол!

Қап тауында үйірлі қасқырмен қоса өріп,  
Етектен – кәуір, құзынан – дауыл соққылап,  
Тауда жүр Шәміл қар кешіп, көк мұз төсеніп,  
Мен – елде жүрмін.  
Жетісіп жүргем жоқ, бірақ.

Төменде – ел.  
Тәңрі – төбемде.  
Өртенге кіріп, өртенді менің өзегім.  
Базарға бармай, бағымды сынадым өленде.  
Өзбекстан емес, өйткені, мынау – өз елім.

Өртеніп барады өзегім...

14.01.2005

## АҚЫН

### *Марина Цветаеваның әуенімен*

Тәңрі нұрын құйған соң ой мен сезімге,  
Қомсынып қоғам, ортаны, –  
Менсінбейді ақын мемлекетіңнің өзін де.  
Өйткені, өкімет өлеңнен өле қорқады.

Көргені азап Жерге кеп,  
Аспаннан анау түскеннен.  
Пері біткеннен именген емес пенде боп.  
Өйткені, Рух – қаһарлы қара күштерден.

Түнектен кетті Ол – Жарыққа.  
Жүрген жоқ мұнда күйкілер құсап көйткелі.  
Ақынды қарсы қоймаңдар Ұлы Халыққа,  
Ол өзі – Халық, өйткені!!!

Сұм тобыр итше күшіктеп жатыр...  
Тұлға – өліп!!!

Сайтанның сойқан зілі – бұл.  
Құрыды ел құлға – құл болып!  
Аллаға ғана бас иген Ақын тірі жүр!!!

Тәңірге сенген шүбәсіз,  
Дана бас қалай – шала мас?!  
Дүниеге тырдай жаланаш келген Күнәсіз  
Күнәға батып кетеді тырдай жаланаш?!

Қара жер, хош бол, талақ дүниені таптап кеп,  
Қарамай жанға, малға да, –  
Келген бір пендең кетіп барады аппақ бөп –  
Аллаға!

## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНДА

*В Академии Наук  
Заседает князь Дундук.  
А.С.Пушкин*

Азғын дүниеде –  
Арым қарықты.  
Жаһанда шексіз –  
Жаным тарықты.  
Нас Қазақты іздеп, –  
Қаным зарықты.  
Хакім – Абай да,  
Ақын – Мағжан,  
Ғалым – кетіпті...  
Залым – қалыпты!

28.01.2005

## БЕС ЖОЛ

Аспанның асты – аппақ нұр,  
Құяды нөсер қара бұлт кетсе қаптап бір.  
Қарау ой – бізде! Соған да, мүлде, қарамай,  
Кең Алла әлі сақтап тұр!  
Қалай сақтап тұр?!



## МАРИНА ЦВЕТАЕВАНЫҢ ӘУЕНІМЕН

Әрбір Жырым – Махаббаттың Баласы.  
Заңды, не заңсыз туған шамасы.  
Әкесінің кім екенін кім білген?  
Менмін Оның Анасы.

Жұмақтың да, Тозақтың да орыны –  
Жүрегімде.  
Содан – қие қонуы.  
– Әкесі – кім? – Патша шығар?! – дейді жұрт.  
Мүмкін, тіпті, ұры – қары болуы.

29.01.2005

## «ҚАЗАҚФИЛЬМ» МӨЛТЕК АУДАНЫ

### *Дәуітәлі Стамбековке ескерткіш*

Дәуітәлі дейтін ағаны  
Қалдырдым қандай иірімге?!  
«Бауырым!» – деп, – басым лағады,  
Бармаймын «Қазақфильмге!»

Барын да, сырахананы  
Көңілім аза-күй қылды.  
«Көке!»-леп көзім ағады –  
Көрмеймін «Қазақфильмді!»

Көрінер елес көп – демде,  
Көмейге кермек жас тұнып.  
«Қазақфильмнен» өткенде  
Көзімді жұмам тас қылып...

29.01.2005

## ШЕЛЛИДІҢ ӘУЕНІМЕН

Махаббат – Өрт.  
Жанып барам!  
Саған еріп – шарықтағам:  
Бұла сезім өртеп сонда  
Бұлтта – бірге қалықтағам.  
Күнге кетсең, қайтем енді,  
Күл боп Жерде қалып барам...

*29.01.2005*

## РАЙНЕР МАРИЯ РИЛЬКЕНІҢ ӘУЕНІМЕН

Өмір деген әрі – ақиқат.  
Әрі – аңыз.  
Қасиетті кітап қой ол – қараңыз:  
Құдай ғана жазады оны. Біз оның  
Кейіпкері ғанамыз.

Жаңа парак...  
Ашылған жоқ ол әлі,  
Арқаң кеп кейде аруақ қонады:  
Астамсынып, қалай аласұрсаң да  
Тек Тәңірдің тезі ғана болады.

*31.01.2005*

## ҚАЗАҚ

Көк Тәңірі – Көгімде.  
Көк Түркі – Жерде еді.  
Бір кие бар менің тегімде.  
Кеудемді керім жыр кернеді.

Ой қырда алуан ой кештім,  
Өлеңнен өнге бір сөз білмей.  
Көктегі Тәңірмен сөйлестім,  
Жердегі жәндікті көзге ілмей.

Дүниеден көңлім баз кешті,  
Сөзіме тұшынды қай керен?  
Жолымнан Мұхаммед кездесті,  
Исамен жолықсам қайтер ем?!

«Құдайдың ұлы» деп... Ел неге  
Құлап жүр Кресті жалап құр?!  
Тіріде бас имен пендеге,  
Көгімнен Көк Тәңірі қарап тұр!

Жүрекке Құраннан қонды аят,  
Жаным мен қанымда ғажап – көп.  
Қалмақ та, шүршіт те болмай-ақ,  
Түркіден кеттім де Қазақ боп, –

Аярдан Алашты тірі ап қап,  
Аспанның астын бір шайқағам;  
Маяковскийді бір аттап!!  
Мағжанға кеп тұрмын қайтадан.

*31.01.2005*

## **АНДРЕ ШЕНЬЕ**

Мен – құл едім  
Ел – құл еді.  
«Кісенінді шешем!» – деп,  
Ұры-кәззәп, делқұл енді  
Кезеніп тұр көсем боп.

Басып өтіл даланы һәм қаланы –  
Қан сиден бір ғасыр өтіп барады.  
Азаттыққа асық етіп Халық дейтін Баланы, –  
Аяр! Сенің кісенімді алғаныңды қайтейін,  
Қанжығанда Басым кетіп барады...

*31.01.2005*

\* \* \*

Наполеон елінің еркесі – өр,  
Көсіле жамылған көрпені.

Мәскеуді бір рет өртесе ол,  
Едіге – үш рет өртеді.

Түркінің тағы бір өркені,  
Тәңірдің нұрына бөленген, –  
Үйсіннен – Жамбыл кеп өртеді  
Мәскеудің жүрегін – өлеңмен.

Жасынды жалмаған ұртымен,  
Түске еніп Доспамбет көкем-дүр –  
Енді кеп мен шықтым Түркіден  
Дүние не болар екен бұл...

*3.02.2005*

### **ПЕТЕФИДІҢ ӘУЕНІМЕН**

Ұйып жатыр сөзіңе –  
Кім?  
Қарап жатыр көзіңе –  
Кім?  
Өз еліңде өзің –  
Өгей!  
Өз жеріңде өзің –  
Жетім!

Қап-қара бұлт бастан өріп,  
Арам шөбің тастан өніп.  
Арамза, сұм семіреді,  
Адал ұлың аштан өліп...

*6.02.2005*

\* \* \*

Адам –  
Түрі түтігіп,  
Қызыл тілі тұтығып,  
Келген кезде құртуға  
Кетеді ылғи құтырып!

Тектім көшті дүркіреп,  
Құл болмай-ақ құлқынға.

Құнанбайды құртып ек,  
Құлдық қалды – жұртында.

Күмбез құлап аспандай,  
Болдық кара басқандай:  
Құм жиылып –  
Тас болмай,  
Құл жиылып –  
Бас болмай...

## КҮН КҮЙІП ТҮР..

Күн күйіп тұр.  
Басылмаған солығы –  
Өңкей сылқым ыссы ауаға молығып –  
Ақжарыққа жетіп келсек, ауылдың  
Арулары жатыр екен шомылып!

Құлаққа кеп сиқыр судың шолпылы,  
Асыр сап тұр Ақжарықтың толқыны.  
Аққу біткен суға түсіп аспаннан  
Ақыл-естен танып қалдық сол күні.

Аққу біткен үрпиеісіп сол бетте,  
Гәккулейді көлін көміп өрнекке.  
...Қанатының жоқ екенін көрген соң,  
Сүңгіп кеттік қолмен ұстап көрмекке.

Нұрға тұнған көл менен жер, ауа бар, –  
Бір сәт туды жан-жүректі дауалар.  
Көргендей боп алғаш Адам Атаны  
«Аттан!» салды сонда қайран һауалар!

Көмейінде көңілді арбар гәкку бар –  
Шошып кетті сауысқаннан сақ құлар!  
Тап болмаса талайыңа өзі кеп,  
Жолата ма манайына аққулар!

Санамызда күміс күлкі сақылдап,  
Су шашамыз барамыз да жақындап:  
Бір жанартау жанып бара жатқандай,

Ақжарықтың бетіменен –  
Лапылдап!

Сол хикая елес болды – сентісіз,  
Қайран күнім – қайта айналып келгісіз!  
...Қанаты жок акку бар ма дүниеде –  
Ұшып кетгі!  
Қайда кетгі?  
Белгісіз...

\* \* \*

*Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, Ақын.  
Абай*

Дүние мынау – қараңғы. Бол, бол, Ақын,  
Келіп тұрмыз кезеңге толғанатын:  
Тілді Тәңрі келтірер кәлимаға,  
Қара түнек серпілер...  
Ол да – жақын.

Тарих заңын тезіне сала ма ақыл,  
Тезге салмай тентіреп қала ма құр?  
Шүберекке жүрегін түйіп Алаш,  
Алла менен Абайға бара жатыр.

25.05.2006

## **ХИППИДІҢ МОНОЛОГЫ**

Хиппиіміз – біздер!  
Қайыршы емеспіз!  
Байқағын:  
Өзіңе – ақшаң,  
Байлықтарыңа – байпағым!

Кәрімнен меннен ұйқтай алмайды –  
(мықтылық):  
Полицайларың төбе шаштары тік тұрып...

Меншігі емеспіз ешкімнің,  
Құлдары да емен еш діннің!

Еркін біз жердей бұл жақта,  
Монахша – шашым...белінен буып алғам-ды.  
Монах емеспіз біз! Нонақ емеспіз бірақ та,  
Сенбейтін болсаң, көріңдер шешіп шалбарды...

Мұз тәнімізді  
Ерітіп қыздың ашады демі ұйқылы,  
Гитарамыздың әуендеріндей сикырлы.

Е-хе!  
Терлеп-тегішіп, емініп,  
Қарайлай бергін, біздерді, қағаз кеміріп!

Қоғамнан,  
Сенен,  
Бәріңнен, шүкір құтылдым:  
Заңдарың мен уағыздарыңа –  
Түкірдім!

Қарайсың маған қарайып неге қаныңа?!  
Бәрібір сені қоспаймын кісі санына!

Сен –  
Әлем болсаң,  
Сен өзі болсаң бәрі бүлдірген адамның,  
Құрбаны бізбіз адасқан мынау ғаламның!

Бағалы,  
Құнды,  
Қасиетті заттар көп менде,  
Басымды ием шарапқа,  
Жасыл шөптерге.

Жарышы сен-ақ!  
Мен жалаңаяқ жүремін,  
Жауығам саған, күлемін!

Қатыгез кара бетонға карап жылармыз,  
Көз жасымызбен нөсер боп жерге жауыппыз.  
Дауыспыз – Біздер!  
Ал, мүмкін, Қашқын шығармыз?!  
Қашқынбыз!  
«Аттан!» салатын Ащы Дауыспыз!

\* \* \*

Өзіннен ғана, Тәңірім, мейір күтпей ме ел,  
Көзінді бізге тіктей бер!  
Бай болсам дейтін қазақтан түк те аямай,  
Алтынмен аптап,  
Күмісіңмен де күлтей гөр.

Атасы оның алтын белдік буынып беліне,  
Жалғанды жалғыз жайлаған.  
Шыңғыртып құлын байлап желіге,  
Мыңғыртып мынды айдаған.

Бай болам десе башпайшаң саған келіп бір,  
Ет пен терінің арасындағы желік бұл.  
Шығайбайға емес,  
Құнанбайына еліктір.  
Ал, мынау тәйтiк мұрты майланып алған соң,  
Бізге кеп неге Тәңір болғысы келіп тұр?!

Е, қайтер дейсің, тәубәсіне о да келеді,  
Тұқымында оның Құдай болған жоқ, себебі...

5.12.2006

\* \* \*

Жаһана жаңаруда,  
Көнеруде.  
Көзі едің жаңаның да,  
Көненің де.  
Сен – Азап,  
Мен – Қазақ боп,  
Дүниенің  
Ұйқасып келдік шерлі өлеңінде.

Ұлт дейтін ұлы ойлар ұйқы ашып бір,  
Көңілде бір ғажайып күй тасып тұр.  
Құлдықтан азат болып алтын басым,  
Қазаққа енді Азат кеп ұйқасып тұр.

Көлбей бір көз тастасам өңірге мен,  
Көкте – өлең,  
Көңірсiген көңiл де – өлең.



Азап та, мазак та емес, о, дәриға,  
Өлеңнің ұйқасы екеп өмір деген!

Неге өртке түскендей боп күйіп қалам?  
Ашылып өз-өзінен тұйық ғалам, –  
Алланың хикіметін сезген сайын,  
Алашты күннен-күнге сүйіп барам.

*10.04.2006*

\* \* \*

Уда – бал да,  
Суда – мұз.  
Етекте шыңырау,  
Құзда – біз.  
Есенғали екеумізді көзге ілмей,  
Беляевпен билеп кетті Муза Қыз.

Бернияз да иіскемей бетінен,  
Есенин де сипамаған етінен.  
Мен де онымен түсімде сан көрісіп.  
Ол тіл қатар кезде оянып кетіп ем.

Пегасына жегіп алтын күймені,  
Омыраудан ағытып бар түймені, –  
Билегенде жерге аяғы тимеді!  
Көктен келіп түссе қайтем?  
Жерге кеп,  
Көшедегі көрінгенмен биледі!  
Бас сап, құшып сүйгелі, –  
Олар оны төсегіне сүйреді...

Муза Сұлу, өліарада өтпелі,  
Хан тағынан неге түскен көктегі.  
Адамзатқа қарайтұғын беті жоқ,  
Абдырап тұр,  
Аяғы ауыр, өйткені...

*2.12.2006*

## ЖЫЛЫМ ҚҰРТ

Бұл құрт – құдай атқан құрт!  
Кеудемізде жатқан құрт:  
Сұлтанмахмұт арыстың,  
Өкпесіне шапқан құрт!

Кеудені –  
Кеуледі!  
Атып шыққан кезде,  
Жыртып жейдені –  
Бір Албасты көрдім адам-бейнелі...

Күннің елін іздеп,  
Қараң құл елін,  
Дүниенің кезіп кара түнегін,-  
Сәкендердің миын жеді үнгілеп,  
Мағжандардың –  
Жүрегін!

Ғұмырында тойынбаған,  
Аш әлі!  
Нәжістей – лас!  
Ғас хайуан!  
Мас-әрі.  
Елге осындай жұт келгенде құтырып,  
Құт келгенде –  
Қашады...

Шағар кезін санап бір,  
«Қайсы, қане, санатты ұл – деп – қанатты ұл?!»  
Екі көзі атыздай боп қазаққа,  
Әне, әлі қарап тұр.

04.02.2007

\* \* \*

Уа, Дүние, аялдағын бірер сәт,  
Жүрегінде – бекзат сезім,  
Жүгенінде – алтыны, –  
Ата-бабам ат үстінен сүрен сап,  
Ел кылғанда өңкей жаяу-жалпыны, –

Өз төрін өзі тәрк етіп,  
Өзгенің босағасын қастерлеп,  
Ғаламнан калып шеткері, –  
Балақтағы бит басқа өрлеп,  
Баспақ боп өтсін деп пе еді!

03.02.2007

\* \* \*

Ұлы Мәртебелі Ұры Мырза!  
Төрлегін!  
Өзіңдейін өр тұлғаны көрмедім.  
Көзді арбайды мынау көркем дүние,  
Ернеуіне шайтан салған өрнегін;  
Сен тұрғанда шыға алады төрге –  
Кім?!

Қаракөкген қалған дәстүр, мұрадан –  
Түк қалмады...  
Тексіз күліп тұр оған.  
Ұлысымда кім бар десем айғайлап,  
Ұры шыға келеді ылғи ұрадан!

Мынаған –  
Біржан сал да,  
Поштабай да –  
Бір адам!  
Амандассам, арғы атасын сұраман:  
Қазақ қалды,  
АҚШ-ты да азулы  
Қағылған мен соғылғандар құраған...

Өз анасын неге өз ұлы тонады?!  
Көрген сайын көзіңе жас толады:  
Ел – сенікі.  
Көл – сенікі қоғалы.  
Адам ғұрлы көрмесең де сен бізді,  
Алла бізден күдер үзген жоқ әлі,  
Ол Алашқа қайтсе де бір соғады:  
Оған керек пендесінің тәубасы,  
Маған –  
Иман қонғандардың қоғамы.

Жол – сенікі.  
Жоғары шық, жоғары!  
...Тәңірінен хабар-ошар жоқ әлі...

03.02.2007

\* \* \*

Қараменде,  
Жидебай,  
Жанғұттыдан тараған,  
Қаз Дауысты Қазбектен бата алып, –  
Қалмақ, шүршіт шапқанда шаңырағы шалқақтамаған,  
Айналайын Ата Жұрт!

Түркістаннан Қожа алдырып,  
Құранды қазақша сөйлеткен,  
Түркіден шыққан кемелім;  
Ханның қызы секілді Ғалифа шешем бой жеткен,  
Нағашы Жұртым сен едің!

Айдай Ару –  
Артық туған хор қыздан,  
Албыраса одан бекзат түк те жоқ;  
Ділінен жұпар аңқытып,  
Тілінен бал сорғызған,  
Қайын Жұрт тұр көз ұшында нүкте боп...

Сары уайымға салынып,  
Сарынар менде жағдай жоқ:  
Осы Үш Жұрттың үлдесі мен бүлдесіне малынып,  
Қара өлең қалды –  
Қарадан шыққан хандай боп!

04.01.2007

\* \* \*

...Ей, Мырзам, сөз тындағын аял кылып,  
Жүрегі – Алаш деген аяулы үміт, –  
Жүздеген жылды тастап...Жаяу Мұса  
Келіп тұр, міне, бізге жаяу жүріп!

Ақ үйде жайқандаған жанын күтіп,  
Ән салған Ақ патшаға тамылжытып,-  
Шорманның Мұстапасы күйме жеккен,  
Мерт болды сол Жаяудың шаңын жұтып...

Әй, Мырзам, бұ заманның кемеңгері,  
Керілген сый құрметке бөленгелі;  
Менен сен Мұстапаға ет жақындау,  
Жаяуға мен жақынмын сенен гөрі...

04.02.2007

\* \* \*

Атышулы Мырза келді Арқаға,  
Жымың етіп небір сұлу қалқаға;  
Ерді көрсе – екі көзі аспанда,  
Елді көрсе – екі көзі қалтада...

Мырза келді мініп алып құр атқа,  
Жаяу өскен тексіз сынды бірақ та:  
Ақын көрсе – албастысы қозады,  
Алтын көрсе – екі езуі құлақта.

04.02.2007

\* \* \*

Бұ заманның кемелі осы – кесірлі!  
Енді сенің жиғызбас ол есінді:  
Абылайдың заманында жоқ еді,  
Ақ патшаның кезінде кеп,  
Есірді;  
Сұлтанмахмұт аштан қатып сол кезде,  
Кейкің –  
Өлім жазасына кесілді!

Бойдан – рух бой тасалап, ойдан – нұр,  
Хан қайыршы болған күні тойған –  
Құл –  
Махамбетің басын алып қылышпен,  
Алып-соғып Абайды да сойған –  
Бұл!

Қай қазақтың тереңіне бойлар бір,  
Ол да мендей оңбаған деп ойлар құр;  
Босағаға сүйреп есіл ерінді,  
Төрге өлген соң бәдіретін қойған – дүр;  
Әлиханды ұстап беріп кәуірге,  
Әлі соның жан азасын тойлап жүр!

Елден тартып, жинап алған мал қандай!  
Күн көріп көр енді соған жалданбай?!  
Алшаңдайды,  
Азаттықты Алланың,  
Алдында боп,  
Өзі сұрап алғандай...

*04.02.2007*

\* \* \*

Уа, Жеті қарақшы, самдай жарық,  
Күнде неге тұрмайсың шамдай жанып?  
Біз де ілестік көшіне адамзаттың,  
Батыстағы жұлдызды маңдайға алып;  
Мынау – кім, ей, даттаған теккке бізді,  
Анау тұр ғой таңғалып, таңдай қағып?  
Жыңды көбелектейін шамды айналып,  
Түн де айналып келеді, таң да айналып;  
... Түркменстан дегенің – түсінікті,  
Қазақстан деген бұл қандай халық?...

*04.02.2007*

\* \* \*

Имансыз ел іргесінен сөгіліп,  
Ата дұшпан абдырап тұр жеңіліп,  
Доктор-Тышқан – кітаптарын кеміріп;  
Ахыретке дейін қалмақ еді ғой,  
Мына тұстан Кәуір көшті не біліп?  
Ана тұстан Шүршіт келіп –  
Семіріп...  
Дүниеде түк болмаған секілді,  
Мына Мыстан сөйлейді әзер ерініп...

*05.02.2007*

Түркілерде Алманың Атасы –  
Бұл.  
«Алматы» деп қазақтар шатасып жүр.

Жеті Өзен боп мұхиттың үштен бірі,  
Жеті Жарғы төбеден түскен күні, –  
Көк аспанда,  
Жерінің астында да,  
Көк Тәңірдің жүріп тұр үстемдігі.

Түн де қатып, ерісе таңда – мұзы,  
Күні біткен күйкінің қалмады ізі.  
Арындамай, қайтейін, арулар-ай,  
Албыраған алмадай алма жүзі!

Шығып көрші бағынан кіріп кетіп,  
Хан Тәңірі еңсенді биіктетіп-  
Жас алма мен жас ақын өседі екен,  
Ескі-құсқы еріксіз шіріп кетіп...

Бұдан құрап өлеңді, одан құрап  
Жүрген мына шәйірге обал,бірақ:  
Көк Тәңірі сала ма оған көзін,  
Хантәңірі ала ма одан қуат?

Жеті Өзен боп мұхиттың үштен бірі,  
Жеті Жарғы төбеден түскен күні,-  
Жерұйыққа айналған Жетісуға  
Дәлдүріштің жүрмейді үстемдігі!

Жеті Өзеннің жанары тұнық көк-ті,  
Шүршіт көріп – ішінен тынып кетті;  
Жетісудың жүрмен деп жел жағынан  
Қалмақ кетті...  
Тұқымсыз құрып кетті!

... Көк Түркіңе ұсын деп қолда барды,  
Көк Тәңірі мені де қолдаған-ды:  
Неге кетіп барамын Жетісудан,  
Жеті бірдей казынам сонда қалды...

\* \* \*

Алапат бір сезімге еріп,  
Арбаған көк шалғайынан, –  
Адам жоқта өзің келіп,  
Аймалап ең мандайымнан.

Талықсыған Серігінің  
Таланы осы болғандай ма?  
Табы қалды ерінінің  
Сол мандайда – сор мандайда.

*06.02.2007*

\* \* \*

Орта толып, ел болар заманында,  
Орта Азия өлместің амалында.  
Әне, өзбек Әндижан асып кетті,  
Міне, қырғыз – Бішкектің алаңында.

Түнде келіп, тал түсте, азанда бір,  
Ұлттық Рух,  
Қалмады-ау мазан да, бұл?  
Қайда ұшып барасың баса көктеп, –  
Қазақ жоқ қой!  
Барлығы базарда жүр...

*10.02.2007*

\* \* \*

Көгілдір тоғандарға, –  
Араға он бес жыл сап оралғанда,  
Тап болдым сары шұнақ аязбенен,  
Алқынған алай-түлей борандарға.  
Аумаған Аяз Ата болып қалдым,  
Ақ шулан аппақ қарға оранғанда.  
Осындай кереметті көрер ме едім,  
Бес қабат бетон үйге омалғанда?

Көгілдір тоғандарға,  
Қарамай адамдарға, қоғамдарға, –  
Не жетсің сініп кетіп, жоғалғанға.  
Қарап тұр ой мен қырым ойға шомып,  
Оралған ойсыз мендей оралманға.

*18.02.2007*



Хош, Дәртай!  
 Қайырылмай барасын ба?  
 Туған жұрт – Тоқырауын жағасында:  
 Көңілдің сол еді ғой – сарасында,  
 Көзіннің сол еді ғой – қарасында.  
 Алашта,  
 Адамзаттың баласында, –  
 Ақтоғай – алтын бесік,  
 Дара – осында;  
 Паш етіп атын да Алты Алашыңа, –  
 Алдың ба жүрегіне нәрін құйып,  
 Салдың ба сырнайынның сағасына;  
 Опасыз уақыт оған қарасын ба:  
 Сен – кеттің,  
 Қайран халқың қалды боздап,  
 Ақсораң – Шатыршанын арасында...

24.07.2007

## СЕРҒАЗЫҒА

Жидебай –  
 Бар қазақтың Баһадүрі.  
 Ауызда аты – аңыз.  
 Атағы – ұлы.  
 Атамыз бұл болғанда, біз қандаймыз?! –  
 Деп ылғи қалың ойға батады ұлы.

Елде – ес қалмағанда, малдыда – тек,  
 Өзіңнен басқа пірім қалды ма?! – деп –  
 Жерді бір қайыстырып, Жидебайға –  
 Ескерткіш қойды есіктің алдына әкеп.

Ашылып ала бұлттан сонар көгі,  
 Адасып, тар қапастан оралды елі.  
 Жебейді Жидекемнің Аруағы,  
 Кеңейді тар дүние содан бері.

Кеудесің тырнағанда кара мысық,  
Бабаның мазарына барады ұшып.  
Жаманнан жасқанбайды жан екен деп,  
Кәуірдей мас болмайды шарап ішіп.

Батырдың басына кеп аунайды бұл,  
Есені елге кеткен даулайды бір.  
Аркада Аруағы ойнағанда,  
Ашулы Атасынан аумайды – бұл.

Өртенген өзегіне жыр тұнғасын,  
Өрекіп, жүрек, қалай бұлқынбасын.  
Ұлтымнан Жидебайдай ұл туғасын,  
Сұмырай көрінетін сұлтан-жұртқа,  
Ұялмас – жараса да ұлтандыққа,  
Кұдай-ай, құлақ кесті құл тумасын.

## НҮРСҰЛУ БӨКЕТОВАДАН

*(Я изогнувшейся тоненькой веточке радуюсь...)*

Майысып тұрған бұтақтай, майса, нәзігім,  
Аялап сүйем, адамға бар ма жазығың?  
Жат көзге түсіп, жабырқамасын жаны деп,  
Суықтан үсіп қалмаса екен деп – қажыдым.  
Жаныма жақын болмысың жарқын, наз үнің,  
Аларсын қайдан ана сүтінің азығын?  
Басыңды көтер, мінеки, алтын қазығың:  
Алақанымда албырап жатшы, нәзігім!

## ӘУЛИЕ ТАУЫНЫҢ ЕТЕГІНДЕ ТУҒАН ОЙ

*Кеңес Нұрлановқа*

Күләш туған топырақты құшып –  
Сүйдім.  
Әлихан түскен өртке де түсіп –  
Күйдім.

Елжіреген шертпе күймін,  
Өзеуреген төкпе күймін.  
Ерден шыққан күнәһар әйелдей,  
Жерден шықтым –  
Көкке тидім.

\* \* \*

Жерде түк жоқ секілді,  
Аспанда – түк,  
Көшкендей көзден-дәурен, бастан – уақыт.  
Бес уақыт намазға кеп жығылсам ба,  
Отыз күн ораза ұстап – аштан қатып.

Сабырым бітті-ау, әбден, Алаш-Анам,  
Сайтанмен қашанғы енді таласа алам.  
Бақсыдай – тұтып, қанғып кетер едім,  
Ұлардай шулайды ғой бала-шағам.

Бойымды бекзат қаным ысытады,  
Өйткені, ол –  
Күлтегіндей кісі қаны.  
Кетер ем вокзал кезіп, бомж болып,  
... Денемді кір көйлегі қышытады...

\* \* \*

Төке-ау!  
Көке-ау!  
Кенасуға бардың ба?  
Аунадың ба көк арай көк шалғынға?  
Барсан – басы ақша бұлтқа малынып,  
Найзашоқы жатады ғой алдында.

Күллі құстан бөлек онда құс үні,  
Көк Бөрідей – қасқырының пішіні.  
Қайда жатыр екен Күнмен шағыллысып,  
Ақсұңқардың тозған қасқыр ішігі.

Кенасудың бір қыршыны мен едім,  
Ақжарықтан неге қайтып келемін,  
Айтшы, Көке, себебін?  
Һалифаның орамалын тауып ап,  
Һалифатқа иіскетсем деп едім.

Төке-ау!  
Көке-ау!  
Көз алдында көшкен елдің жұрты ғап,  
Кен дүниені кезсем-дағы шырқырап, –  
Кеңасуым «Кел!» дейді де, тұрады,  
Қысы-жазы жусан иісі бұркырап...

\* \* \*

Сары Арқада самал жел –  
Есіп жүрмін,  
Керемет күндерімді кешіп жүрмін.  
Ғаламды жүзіне де қаратпайтын,  
Қазақтың өлеңінің десін білдім!

Дәурені барады өтіп есіл жырдың,  
Дәурені өтсе дағы есіл жырдың, –  
Сырты – һас сұлу, іші – лас фәниды,  
Тал түсте тыр жалаңаш шешіндірдім...

## ҚАРҚАРАЛЫ ОРМАНЫ

*Бақтыбай Жүнісовке*

Мынау –  
Қара Шордағы,  
Қалын нулы Қарқаралы орманы.  
Мен –  
Алаш дейтін дертке түсіп жүдедім.  
Бұл –  
Өртке түсіп сорлады...

Біреуі – ағашзатында,  
Біреуі – адамзатында,-  
Сен – орманда, мен бөлек ем – ақында.  
Жану үшін тудық, жазған, тағдыр – сол,  
Лапылдасаң, ал, лапылда!  
Лапылда!

О, дариға-ай, қамшысын төрге ілген,  
Һас Сақтың бір бұтағы елік өр мүлдем.

Қарағайға қарсы біткен бұтақтың,  
Күл болғанын көрдім мен,  
Тұл болғанын көрдім мен...

Ал, лапылда!  
Лаулайтын тек акын ба,  
Өлең айтып өрт пенен дерт хақында?  
Екеумізден өткен шерлі ешкім жоқ,  
Ағашзат пен мынау адамзатыңда.

*04.12.2010*

\* \* \*

Қайда, қайран, Кеңшілігім – Кең-ағам?!  
Тұла бойы –  
Тұраннан қалған от, қуат.  
Ру іздеп көрмеген, не топ құрап.  
Қазағымның аузыменен құс тістеген шайыры,  
Алашта – бар,  
Адамзатта – жоқ, бірақ!

Қайда, қайран, шіркін, Марат Қабанбай, –  
Қазағымға көктен жеткен хабардай;  
Күндей болып өте шыққан күркіреп,  
Бір өзі –  
Бір замандай?!  
Алтынбегім –  
Алашқа соққан самалдай,  
Өзі – әкім,  
Өзі – ақын,  
Өзі – батыр Заманбек?!  
Акселеуім –  
Еліне теңдік ала алмай,  
Кете барған көкте жалғыз Тәңірімен,  
Жерде –  
Жалпак еліне мейірі қана алмай?!  
Соңында қалдым солардың  
Мен де бір тексіз жамандай...

*04.12.2010*

Есігіңнің алдындағы Қара ағаш,  
Жанбыр жауса кенет қармен аралас, –  
Қайтер еді, сен секілді нәп-нәзік,  
Мен секілді панасыз хәм жалаңаш?!

Есігіңнің алдындағы Қара ағаш,  
Сенен басқа тірі жанға қарамас.  
Саған қарап, сені күтіп тұрады,  
Түн ішінде – мен секілді шала мас.

Есігіңнің алдындағы Қара ағаш,  
Жас емес-ау, менше о да кәрі ағаш.  
О да мендей көктем келе гүлдейді,  
Көздің жасы күлкісімен аралас.

Есігіңнің алдындағы Қара ағаш,  
Менен басқа ешкім оған қарамас.  
Басты әуреге салып қойған сан сұлу,  
Жолымызда қалып қойған сан ағаш.

Есігіңнің алдындағы Қара ағаш,  
Қара түнде көрісіп ек шала мас.  
Тәнірге – Сені, Сені – соған тапсырдым,  
Мен секілді панасыз хәм жалаңаш.

*19.05.2011*

## ӘДЕБИ ОРТА

Әдеби орта –  
Әлем бір, тосын ісі, –  
Совет пенен Сәбеңнің қосындысы.  
Маң-маң басып біреу жүр біз ақпыз деп,  
Мағжанды ұстатқан – осы кісі!

Нашар шәйір неге анау жақсы-ақ жігіт,  
Бір жасаймыз бір өлен тапсақ – жібіп?  
...Академик болды-ау бір ағатайым,  
«Қасым деген – ұлтшыл» деп қақсап жүріп...

Мынау әулет – қатыгез, қаралы әулет.  
Өз-өзінен өртеніп жанам-ау кеп:  
Мұқағали жынды... Дөп жүрген көкем,  
Көзін сығып өксіп тұр:  
«Данам-ау...» деп.

О, Алматы...  
Алматы-ай, гүл-гүл бағың,  
Гүл-гүл бағың қылды ғой дүлдүл бәрін.  
Алаш Анам осында жинап алды,  
Менен басқа сайраған бұлбұлдарын.

Бойың қалай демейтін, ойың қалай,  
Осылардың осылмас ойындары-ай:  
Алабұртып жүр екі-үш қарындасым,  
Фаризанның өзін де мойындамай!

Зәрем ұшса басымды торып қайғы,  
Жұбатар бір мұсылман жолықпайды.  
Асып туған осылар адамзаттан,  
Именбейді-ау, ешкімнен қорықпайды.

Ал, мен жүрмін ұша алмай аспандап бір,  
Көзім алды – қыл-көпір, баспалдақ құр.  
Қарсы алдымда Абай тұр қабақ түйіп,  
Қасымым тұр қасқайып!  
...Пастернак тұр...

07.12.2010

\* \* \*

Ерінің от екен ғой лапылдаған,  
Жүре ме отқа қарсы ақылды адам?  
Өртеніп кетеді ғой күлге айналып,  
Жаныңа жанұшырып жақындаған.

Ділді де,  
Тілді үйіріп балдай жалған,  
Бір сәуле көзімді арбап алдайды алдан.  
Мен де бір көзсіз соқыр көбелекпін,  
Шарқ ұрып өлерінде шамды айналған.

Қаңку мен өсекке де елен етпей,  
Көп елдің гөй-гөйіне көне кетпей, –  
Шарқ ұрып, сені айналып лағып жүрмін,  
Көзсіз бір шамды айналған көбелектей.

Ұшып ем талай түрлі гүлді айналып,  
Көз – көрмей, көңіл – босап, тіл – байланып.  
Түбіне жүрегіннің қона беріп,  
Түбінде кетермін-ау күлге айналып.

*19.05.2011*

### **ЗАМАНА ПОЙЫЗЫНДА**

Барар жерге құстай боп ұшып бардым,  
Ұшып бардым, жеткенше үсіп-талдым.  
– «Социализм» дейтұғын станса бұл –  
Түс! – деді Ол.  
Секіріп түсіп қалдым.

Қырдағы Алаш баласы ем,  
Сырдағы Алаш,  
Эпостағы ер едім,  
Жырдағы – Алас.  
Оны қайтсын, бас салып құл мен құтан –  
Тонап алды.  
Мен тұрмын – тыр-жалаңаш!!!

«Ешкім тиіскен жоқ...» деген түсінік ап,  
– Кет! – деді Ол.  
Зілді екен түсі, бірақ:  
«Репрессия» дейтұғын стансада,  
Күллі бекзат, тектімді түсіріп ап!

– Қайкай! – деді,  
Қайтейін, іш ұлып тұр,  
Қымтырылып жөнедім, қысылып құр;  
«Капитализм» дейтұғын стансадан.  
Енді тағы итеріп түсіріп тұр!



Бір тиын жок қалтамда,-  
Қайда барам?  
Қайда барам!?  
Тағы да қайда қалам?!  
– Енді тоқтар бекетін «Алаш» деген,  
Естіледі бір дауыс айдаладан.

08.12.2010

## «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ»

*(Б.з.д. II мыңжылдық)*

Асан Қайғы – Қарт Абыз, –  
Алды жарық болған, міне, арты – аңыз.  
Анам – Ұмай.  
Атам – Көк Түрік.  
Қызым – Қыз Жібек.  
Ұлым – Алпамыс!

Жерден жеміт теріп жеген қулардың,  
Тәлкегіне түсіп қалай уландым?  
Бал – таңдайым.  
Жарқырап ақ мандайым,  
Мен –  
Эпостан туғанмын.

Көз жұмылса – Көк Тәңірді көрем кеп,  
Көкте жүргем.  
Көрген емен төмендеп:  
«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» дейтұғын  
Жырдан туғам –  
Өне-бойым өлен боп.

Бесікке де туа жырмен бөленген,  
Өлеңменен өреленген төл ем мен.  
Өмірмен де Кемпірбайша егіліп,  
Хоштасқанмын өлеңмен!

Алтындайын хиссаға аптап өз басын,  
Боздаса жұрт мына мендей боздасын:

«Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» – жанардан  
Аягөзге тамып кеткен көз жасым!

Жанақтайын жасын болып жарк етіп,  
Қасым болып, –  
Қара орманға ант етіп, –  
О, Ғаламзат!  
Саған ұшып келемін,  
Махаббатсыз дүниені тәрк етіп!

...Атша тулап,  
Алпыс екі тамырымның бүлкілі,  
Сағыныштан сарғайды іздеп түркіні;  
Үйсін,  
Арғын,  
Адай болып алдым да,  
Абай болдым бір күні...

*17.01.2011*

## **БІР ҮЙДЕГІ БЕС АРУ**

Бір үйдің бес аруын көріп – текті,  
Көзімді Күннің нұры көміп кетті:  
Көгімді бес-ақ жұлдыз жарық кылып –  
Қалғаны – көз алдымда сөніп кетті!

Патшаның өзін тең деп ойлатпаған,  
Түбіне жүрегінің бойлатпаған:  
О, Алла-ай, айнада да арман бар ма?  
Алдында он бұрым кеп ойнақтаған!

Гүлкерім, Күнсұлу мен Айарудай,  
Аңыздың басы менен аяғындай.  
Эпостан Қозы Көрпеш деген ердің,  
Жіберген sms-пен Баянындай!

Еңліктей елге машһүр атағы ірі,  
Жаһанның жаулай алмас жат ағымы.  
Кебегі жоқ-ау деймін,

Жырға орайтын –  
Жоқ, сонсоң, Шахтай Бекзат Шәкәрімі!

Ғабеннің, үшіншісі – Ұлпанындай,  
Тұра алмас хан иіліп, құл – табынбай.  
Ұлтымның берекесі кетпесе екен,  
Ұлпанға Есенайдай ұл табылмай.

Біреуі – Біржан салдың Сарасындай,  
Көргем жоқ дүниеден жан осындай!  
Көре алмай дүниеден жан осындай –  
Көзді ашып-жұмғанша өмір өте шықты,  
Есік пен төрдің ғана арасындай...

Керексіз тақ та, бақ та, байлық – маған,  
Жүрегім жан ем жұрттан қаймықпаған:  
Сүт кенже – Ләйлә аруын көрген сайын,  
Жұматай шәйірдейін ләйліп барам...

Ақын боп Алатауды өрледім кеп,  
Қасқайып оғырмадым төрге кім боп.  
Бес күндік дүниеде – фәни жалған,  
Бес қыздан басқа түк те көргенім жоқ...

*17.05.2011*

## **АЛЛАҒА ХҰСНИ ХАТ**

Аллаға кейде жіберсем деймін тілдей хат:  
«– Ара да мендей бір бейбақ.  
Бал жина – дедін – құлыңа.  
Сол бір құлдың да,  
Құдай болсам деп ойлайтын кезін білмей ғап...

Бал оның – бары, өлеңі.  
Көргені үшін көзінің жасын төледі.  
Сүйеді ол оны, күйеді ол соның зарына,  
Сүйініп жүріп,  
Күйініп жүріп – өледі!

Арада – бал да, тіл – менде.  
(Суретімізді қатар іл біздің – ілгенде)  
Құдайдың жырын жазбас ем мен де,  
Құлдардың  
Құдай болсам деп құтыратынын білгенде!

Неге мен пенде болмадым алпыс айлалы?  
Әрине, ол да қатерге басын байлады.  
...Ара болғаннан, акын болғаннан, меніңше,  
Алакұс болған артық һәм өте пайдалы».

## КӨК БӨРІ – КЕРНЕЙ

Керней, сенің пірің Көк Бөрі еді.  
Көк Бөрі айтып жатыр көкке нені?  
Көк Түрік көзден ғайып болғаннан соң,  
Көрінбей, о да саған өкпеледі.

Асау ең, аламанда алқынбаған,  
Алашта оқшау сенің паркың маған  
Қазақтың хандығының шаңырағына,  
Шаншыған уығын тұр алтындаған.

Алыстың – шылбырыңды үзе алмадың,  
Алдында нәсіліңнің қызармағын:  
Тексіздей көрінгенге көз салмадың,  
Жеткізбей жеті атаға – қыз алмадың!

Сыныңды алмай заман – сырыңды алған,  
Тәңіріден тұла бойға жылу қонған.  
Ұлының бәрі содан баһадүр боп,  
Қызынның бәрі содан сұлу болған!

Тұлымы желбіреген, кекілменен,  
Тұяқ жоқ тұқымында жетілмеген.  
Жеті атаң түгіл, жетпіс атаңда да,  
Болмаған жесір деген, жетім деген!

Ертегі, аңыз болған өткен ісі,  
Қазақтың жердегі емес – көктегісі:

Көк туы желбіреген Алашымның,  
Керней – көкке ұлыған Көк Бөрісі!

Керней – керегелі нағашы елім!  
Мен сенің бір қызыңның баласы едім.  
Көк Бөрі, Көк Түрік кеп сайран салған,  
Алтай мен Ақсораңның арасы едім!

Көк Бөрі көкжиектен көрініп бір,  
Қарап тұр қабырғасы сөгіліп құр;  
Һалифа анам-дағы «Аруақ!» деп,  
Менімен осында кеп егіліп тұр...

## ЭКСПРОМТ

Үржарға, шіркін, бір барар ма еді,  
Үржардың бағы үр жаңа ма еді?  
Үр жаңа бакқа үр лебім тисе,  
Үр жаңа гүлдер бүр жарар еді.

12.2008

## СЕРІКБОЛДЫҢ ҚҰЛПЫТАСЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ

Сүт кенжесі ең Ақсұңқардың ұлының,  
Шайқалды ғой тұнығым:  
Өзіңді іздеп, Көкке қарап ұлыдым,  
Хош, құлыным!

## МЕН

*(Жыр. XX-XXI. Ғ.з. М. Мағауинша)*

Сарыарка, самалыңды есіп жүрдім,  
Жауһардай жамалыңды кешіп жүрдім.  
Кіндігі Әлиханның түскен жерде,  
Ер жеттім, етек жаптым, есім жыйдым.

Бірінен бірі өтетін сорақысы,  
Заманның көзбен көрдім не сұмдығын...

Болмысы Түркі дейтін халық болған,  
Шөже ақын Сарыарқада салыпты ойран.  
Қасынан Жамантайдың, мәңгілікке  
Дамылдап жатар жерін алып қойған;  
Манастың тұлпарының, осындағы  
Екеуіміз екі ізі едік – қалып қойған;  
Кесілген Хан Кененің Өр Басы үшін,  
Өз басын құрбандыққа шалып қойған!

Ақбайдың Жақыбы ғой – Алаш елім,  
Бересі ем біреуіне, аласы едім.  
Күләштің көмейдегі бір дауысы,  
Көзінің Әлімханның қарасы едім.  
Бір жағы – Қарқаралы, бір жағы – Алтай,  
Аспан мен Ақсоранның арасы едім;  
Әлемнің дидарында Мен бір мұнмын,  
Әсеттің кеудедегі наласы едім;  
Һалифа дейтін Аққу аялаған,  
Ақсұңқар дейтін Құстың Баласы едім!  
Адамзат дейтін асқақ патшалықта,  
Алашым, алар орның дара сенің!

Жейтұғын жеміт алған есін құлдың!  
Көркіне көз салайын несін – күннің?  
Тілі – жат, пірі – жатқа басын иген,  
Тірлігін тәрік қылып кесірлі ұлдың, –  
Ғаламзат құлағына шалынбаған,  
Қазақта – Қара Өлеңнің десін білдім;  
Толғатып Алаштайын жыр туа алмас,  
Неге, Алла, басқаны тұл – жесір қылдың?!Дәуірден – дәуірлерге көшін тартқан,  
Дәурені барады өтіп есіл жырдың...  
Дәурені өтсе-өтсін есіл жырдың, –  
Безініп дүниеден опасы жоқ,  
Сезініп Кемпірбайдай киесін жырдың, –  
Сырты – һас сұлу, іші – ылас фәниді  
Көзіңше Қара Өлеңмен шешіндірдім...

*16.08.2008*

## СЫРДАРИЯ

Күннің өңі сыжылды құмның өңі,  
Көшенайдың елі бұл –  
Ғұнның елі.  
Сырдария жағасы – Жыр-дария,  
Не жатқаның түбінде кім біледі?

Құрсап жатқан құмдардың құба белі,  
Сырдың бойы сықаған сұрақ еді.  
Меніңше, онын түбінде алтын жатыр,  
(Сэм ағайым сезбесін, бірақ, оны).

\* \* \*

*Вот новый Пушкин с новым Блоком  
В обнимку с новым Пастернаком  
Из телеящика глядят.*

*Юнна Мориц*

Соны ғасыр, сойқан жыр толқынында,  
Ұлттық рух түспей тұр олқы мұнда:  
Келе жатыр Әлихан Бөкейханов –  
Мағжан менен Мұхтардың қолтығында!

Алаштығы – азап боп, ахырет боп,  
Қазақтың да кірді ғой ақылы ептеп:  
Шолоховты туып ек, сап түзеді –  
Дед Шукарын, пах, –  
Судыр Ахмет боп!

Мынау – Қасым...  
Бүгінде ол – бас тамада.  
Зәру емес ақшаға, баспанаға.  
Алматыда – алты үйі, алтындаған  
Сарайы бар хәм оның Астанада.

Жерде емес қой – Аспанда кілті ақынның,  
Үстінде емен сонда да құр тақырдың:  
Бір әкімнің тойында 10 Жамбыл жүр!  
Бір Шөже жоқ тойында бір пақырдың!  
...Бір Шөже жоқ ойында бір пақырдың...

16.08.2008

## БАЯН ЖЫРАУ

*«Игорь жасағы туралы жыр». XII-XIII ғ.ғ.*

Қыпшақтан шыққан, кайран, Баян жырау,  
Атағың адамзатқа аян, жырау,  
Алаштан сені бөліп алып кеткен,  
Дүние неткен арам, аяр мынау,  
Қыпшақтан шыққан, кайран, Баян жырау?!)

Ерім-ай!  
Елге мойыны бұрылмаған...  
Жыр төгіп бозторғайдай шырылдаған,-  
Қорқыттан қалған қаның еді сенің,  
Қобыздан қалған қаның шымырлаған,-  
Жыр төгіп бозторғайдай шырылдаған!

Сол қаның кәуірге де сүйікті етті.  
Іштегі шерін Жырға үйіп-төкті.  
Іштегі шерін Жырға үйіп-төгіп,  
Адасқан елін Жырға үйіп-төгіп,  
Шымырлап тұрып...  
Қалай ұйып кетті?!.

Кім айтты: «Елдің бағы – соғыста! – деп,  
Қай жерде өссен – ту ғып соны ұста!» – деп?  
...Сол кездің Олжасы едің, зәу-затын жүр:  
«– Қыпшақ па, кім бұл?!»  
«– Әлде, орыс па?» – деп...

Кім айтты: «Қыпшақ жоқ деп – қырылмаған?!»,  
Сайтан ба құлағына сыбырлаған...  
Жат тілде жарқ-жүрк еткен жасындайын,  
Қорқыттан қалған қан-ай, – шымырлаған,  
Қобыздан қалған қан-ай, – шымырлаған...

15.08.2008

\* \* \*

*Күлімсіреп аспан тұр.  
Абай*

Кыз – Ғаламның бұрымы өріліп бір,  
Күн де шықты көзінен төгіліп нұр.



Айқара ашып ақша бұлт шымылдағын,  
Арасынан Көк Бөрі көрініп тұр!

Эпоста қап өпкені, өткендері,  
Түспей кеткен көзге де көптен бері,  
Көкейге асау күй салып, көңілге – ой,  
Шақырыл жүр Көк Бөрі көптен мені.

Атой сап бір сол жактан жыр келеді,  
Жүрегіме кіріп ап – күңіренеді.  
...Көк Бөріні мен көрген, Қазақстан,  
Көзі басыр болмаса, бір көреді.

08.08.2008

## ҚАБЫЛДАН – ҚАБЫЛСАЯТҚА ДЕЙІН

Қайдан менің қырық қабырғам сөгілген,  
Елжіреген ет жүрегім егілген?  
Туған болсам заманында Қабылдың,  
Әбіл болар едім мен.

Жүрегім де соған ұқсас, пішінім,  
Әбілмін,  
Не – соның көрген түсімін.  
Көресімді көрем –  
Көнбен!  
Кісінің –  
Қолынан өлетін кісімін!

Әбіл емес, Қабыл құрған қоғамда.  
Шерлі басты тауға, тасқа соғам да,-  
Немеремді көрген сайын неге мен,  
Неше қилы ойға түсем,  
О, Алла?!

Көзді арбаған коммунизм елесі –  
Капитализм – шұрық-тесік денесі!:  
Барар бекет қайсы сонда келесі?!  
Қабылды аттап – Қабылсаятқа іліккен,  
Ұлымды осы, Ұмай – Ана, жебеші!

Қырық қабырғам сөгіледі неге осы,  
Ет жүрегім егіледі неге осы?  
...Поэзия –  
Қабыл деген жалғыздың,  
Әбіл дейтін бауырының елесі...

\* \* \*

Елең қылмай қақ төбеден қайқандаған есерді,  
Қайтармаған сұмға кеткен,  
Қуға кеткен есенді;  
Тұлданбаған қабак түйіп біреуге,  
Құлданбаған еш елді, –

Алашым –  
Ай маңдайлы ұлт,  
Өзінді-өзің хандай күт!  
Бір Алланың жүзін өзің көрмесең,  
Сенен бұрын көрер екен қандай жұрт?!

Көңіл – күпті.  
Жок күтетін түк те енді.  
Ұлыс – иесіз.  
Рух – белден бүктелді.  
Қайдан келіп ойран салды Ібіліс?!

...Алаш –  
Алла Тағаланы күткен-ді...

\* \* \*

Жарықты тұл етті.  
Халықты құл етті.  
Тураған ет қылды –  
Тулаған жүректі.

Кім серпер мына бір түнекті?!

\* \* \*

Есіл ағып барады, Есіл ағып,  
Есілмен бір есіле, көсіле ағып, –  
Елуге кеп бір қазақ той жасады,  
«Ел-Жұрт» деген банктен несие алып.

Есіл ағып барады, есіле ағып,  
Жас тоқалы жас күнін есіне алып, –  
Алты Алашын шақырып той жасады,  
«Алаш» дейтін банктен несие алып.

Есілмен бір ерке қыз есіле ағып,  
Ерке ұлдың сол сұлу есін алып, –  
Тұранына мәшһүр бір той жасады,  
«Тұран Әлем» банкінен несие алып.

Есіл ағып барады, Есіл ағып,  
Егемендік ел-жұрттың есін алып, –  
Бүкіл қазақ той жасап жатыр, өне,  
«Бүкіл-Әлем-Банкінен» несие алып...

\* \* \*

Жап-жас ем.  
Шешем бар қасымда,  
Елім – бар, ерекше – мұратым.  
Алашка, ағайын, бауырға,  
Бауырым езіліп тұратын.

Тыйылып періште күлкім де,  
Көзіме ащы жас іркілді.  
Бауырым қап-қатты бұл күнде.  
Алаш та – бір түрлі...  
Бауыр да бір түрлі...

\* \* \*

Алаштың көңілі Айда жүр,  
Ай дегенің – ақтығына айна-дүр.  
«Алла аққа жақ» дегені елдің шын болса,  
Қазақстан, қазақ тілі қайда бұл?!  
Қазақ халқы қайда бұл?!!

Қазақстан, кара маған, сазармай,  
Саған деген өкпем – кара қазандай...

\* \* \*

Уа, біз несіне қапамыз?  
Атынын тұяғы Алтайдан – Альпіні аттап.  
Жүзін құбылаға тіктеген, –

Ер тұрманын саф алтынмен аптап,  
Жүгенін күміспен күптеген, –  
Біздің Ұлы Атамыз  
Балконда тұр Аруақ боп!

Сайтан да оны қуа алмаған кәуір боп,  
Шүршіт боп, не – қалмақ боп.  
Пәле, жала, шанырақтан аулақ кет!  
Қазақстаннан аулақ кет!

... О, Аруақ!  
Алашыңды аластап,  
Жұма сайын төрімізге аунап кет...

\* \* \*

Күннің көзі күннен күнге қабарып,  
Көлеңкелер төрт тарапқа таралып, –  
Қақ төбеден бір бұлт төніп келеді,  
Жай бұлт емес –  
Қара бұлт...

Бір қара бұлт қақ төбеден төнеді.  
Бір найзағай тұтанат та –  
Сөнеді.  
Бұлт ішінде туған жасын, қалайша,  
Жерге түспей бұлт ішінде өледі?

Қабағымыз қабарып,  
Қара аспанға қайта-қайта қарадық.  
Қара орманға қара нөсер керек бір,  
Жауасың ба, ей, қара бұлт?  
Жаумайсың ба, ей, қара бұлт?!

## **ЖЫЛАНДЫ. 1956 ж. ШІЛДЕ**

Армысың, алты жасар бала-батыр,  
Қатып қап қара тастай,  
Қара да тұр:  
Ойында Жыландының ойнақ салып,  
Ордалы жылан көшіп бара жатыр!

Періште ем, айла-ақылсыз, ысылмаған,  
Құдайдың құдіретінен қысылмаған:  
Басынан Жыландының түсті-дағы,  
Қасымнан жылан көшті ысылдаған...

Алпысқа келіп бүгін сол балаң да,  
Аман жүр Аллаң өзі қолдағанда.  
...Сол заһар шақпай кеткен шыбын жанды,  
Тастадым шырылдатып оңбағанға...

\* \* \*

Алладан жоқ басқа түк мында.  
Алашым, сабағы ем көгіңнің, —  
Арыңнан өксіп боп шықтым да  
Аузыңнан өлең боп төгілдім.

\* \* \*

### *Базарбай Әлеухановқа*

Керегелі Кетбұғы елі, қалың Найман,  
Кейіннен Кім кеп саған малын жайған.  
Бір бала бізден соған кетіп еді,  
Жүр ме екен зәбір көріп залым байдан?

Кеудесі сол баланын өлең еді,  
Думанға Жаңарқаны бөлеп еді.  
Қай отқа қапылыста барып түсті,  
Көзсіз сол Қарағаштың көбелегі?

Алаш-ай, ала бөтен ынтымағы,  
Алдыңнан әлі жарық Күн туады.  
Найманмен кәріс қоса туған дейді,  
Арғынмен сонда бірге кім туады?

Керегелі Кетбұғы елі, Найман елі.  
Жоңғарды алдына сап айдап еді.  
Ұлытауда хан көтерген, қайран, жұртым,  
Өзіңді хансарайдай жайлап еді.

Төменде мама бие байлап еді,  
Төріңде Тайжан бұлбұл сайрап еді.

...Сол ұлды көргенсіз, қу Ким мырзаға,  
Көз түрткі қыла көрме, Найман елі...

06.08.2008

## ЕЙ, ТӘКӘППАР ДҮНИЕ...

*Ей, тәкәппар Дүние,  
Маған да бір қарашы:  
Танисын ба сен мені,  
Мен – қазақтың баласы.*

*Қасым*

*Халықты от та алмайды,  
Оқ та алмайды.*

*М. Цветаева*

Алданып аңқау елім бала сынды,  
Абдырап Асау Рух алас ұрды, –  
Батыстың базары кеп сатып алды,  
Ата жау ала алмаған Алашымды...

Көлденең тартып соғты, соқпа дертті,  
Басынан борап оқ та, от та өтті.  
Алтын бас –  
Ата дұшпан ала алмаған,  
Албасты басып...  
Қалай боққа кетті...

06.08.2008

\* \* \*

Шатырша-Жыландыны қарық қылып,  
Балқашқа құмға сіңіп барып – құйып –  
Бір өзен жер бетінде сайран сап жүр,  
Көргенше күнде мені зарықтырып.

Алдымды асау толқып орап, ағын,  
Мен қашан сол суыма ораламын?  
Сол өзен он жасымда алып кеткен,  
Бір қыздың маған тартқан орамалын.

Сол қыздың көз жасындай дара тұнған,  
Су бетін аққу, қаздың қанаты ұрған.  
Айрылып орамалдан он жасымда,  
Қайрышып мен де қалғам қанатымнан.

Сонан соң, шартарапқа – шалғайға өттім,  
Жүзіне назарымды салмай көптім.  
Сыйлады қаншама ару орамалын,  
Асылық болар-ау, деп алмай кеттім.

Шатырша-Жыландыны қарық қылып,  
Балқашқа құмға сіңіп барып – құйып –  
Бір өзен жер бетінде сайран сап жүр,  
Көргенше күнде мені зарықтырып.

Кір жуып, кіндік кескен топырағым,  
Суында сайран салған Тоқырауын,  
Көзім – төрт, көңлім – алаң күні бойы.  
...Кранның суын күтіп отырамын...

*07.08.2008*

\* \* \*

Жаным-ай, ала-құйын заманға ердім,  
Ғажайып тылсым сырлы ғалам көрдім.  
Қалам мен қағазынан басқа түк жоқ,  
Көрдім мен қаракетін қаламгердің;  
Алаштай алашалқын жұртта туып,  
Қараптан қарап соған алаң болдым.

Періште ем,  
Ақырында – арам болдым,  
Ой басып, осы күнге аман келдім.  
Арбалған айдаһарға адамдайын,  
Алдынан өттім не бір маңмаңгердің;  
Тәнімді – жер алады, жанымды – Алла,  
Суырып жүрегімді Саған бердім...

\* \* \*

*Ресейдің наны – жапондардың нанына,  
Норвегтердің қары – итальяндардың қарына  
Тәржімаланбайды...*

*Юнна Мориц*

*Күннің ұлы – Ғұнның ұлы – Мен келем....*

*Мағжан*

Қазақтың жыры орыстың жырынан тым бөлек,  
Нұр да көп онда, самал жел, жамал – гүл де көп.  
Есінен танып түнекте жүрген Есенин,  
Мағымұрланғанда Мағжан көкем –  
Күнге кеп!

Қазақтың жыры – Қаражорғамен желем деу,  
Блоктан – Сырбай,  
Тихоновтан – Темірхан тереңдеу;  
Кеңшілік сынды керемет акын жоқ онда,  
Ө. Нұрғалиев –  
Ю. Кузнецовтан кемелдеу...

Алашқа-дағы Анна Ахматова керек бір,-  
Деген – кім, тілін кенеп бұл?  
Әлемде – күллі әйел ақынның ішінде  
Фариза әпкем бәрінен де асқақ,  
Бөлек тұр!

Ғаламда бөлек Қазтуған сынды данада – ой.  
Көз тоқтар, шіркін. кара ғой,  
Дана,  
Дара ғой:  
Абайды ешкім қазақша оқи алмайды,  
Оқитын оны –  
Алла мен Алаш қана ғой...

\* \* \*

Наталья Гончарова ханымның  
Өзімін – деп – айта алмай,  
Немесе, оның осындағы тірі бір  
Көзімін – деп – айта алмай, –



Сері Пушкин болмаған сон қасында,  
Асып туған арулығың байқалмай, –  
Жарты жан боп,  
Айнала алмай бүтінге,  
Нүкте болмай,  
Жүрсін ұксап үтірге;  
Пушкиннің жоқ колтығында, – Дантес бар,  
Е, Құдайдың бергеніне шүкір де!

Жүргенменен ер-ұланға бай елде,  
Екі Пушкин болған еді қай елде?  
Е, болмаса – койсын... Бірақ, бір Дантес  
Керек екен сендей керім әйелге.

...Наталья жүректе тұр діріл боп,  
Тарихта жүр жүзі тілім-тілім боп, –  
Жылын күтпей, қайран, Пушкин марқұмның  
Генералға еріп кеткен пірім деп...

Бүгіні де аңыз болған, өткені –  
Пушкин – жұлдыз,  
Не – Ай мен Күн көктегі.  
Дүниеге нұр шуағын төккелі,  
Қайда ол сонау көкке жөнеп кеткелі?!  
...Наталья жерде қалды, – аспанда  
Генерал жоқ, Дантес те жоқ, өйткені.

*21.03.2009*

## **ОРТА ҒАСЫР**

Орта ғасыр – Ару – он бес жастағы.  
Бұлдырап тұр елес болып баста әлі.  
Қайда жөнеп барады екен, сылдырлап,  
Інжу-маржан шолпысының тастары?

Қарын қамы жоқ-ты онда,  
Бас қамы –  
Тәрік қылған басқаны!  
Қасым ханым қандай еді, тексізді  
«Қасқа жолмен» қаншама уақыт жасқады?!

Орта ғасыр – Абыз – кемел жастағы.  
Шантары да аппак қардай, қастары.  
Желмаямен желіп Асан Қайғы боп,  
Алашымды – адамзатқа бастады.

Ол заманның бұ заманнан басқа әні.  
Одан, бірақ ешбір ғасыр аспады.  
Бетбе-бет пен жекпе-жектің уақыты ол,  
Иттік пенен тексіздіктің қас жауы.

Сол ғасырда – адамзаттың асқағы,  
Ғаламда жоқ Қазтуғанның дастаны;  
Тұлпарлардың эпостағы тұяғы,  
Сұңқарлардың аспаны!

Сонда қалды кісіліктің бастауы,  
Білмейтұғын бекзаттықтан басқаны.  
Қандай терең Шалкиіздің жырындай,  
Қабат-қабат адамзаттық астары...

Қарын-қамы,  
Қу қаракан бас қамы –  
Тәрік қылған басқаны –  
Капитализм – ақындардың қас жауы!  
Ғаламзаттың бір уыс қып аспанын,  
Адамзаттын мөлдірін де ластады;  
...Алтындайын Алаш дейтін жұртымды  
Аярлардың аяғына тастады...

*18.03.2009*

## 2030

Осынау ғалам да жоқ халқыма ардақ,  
Аллаң да шашқалы тұр алтын арнап:  
2030 дейтін жыл келеді,  
Алашты магнитше тартып – арбап.

Акын боп арнасынан асып-толған,  
Таяк жеп талтандаған пасықтардан,-  
80-ге мен де келем,(сол жасында  
Гёте де жас аруға ғашық болған).

Ай – Жермен,  
Жер – Күнмен бір қозғалады.  
Уақыттан жоқ қой шырқап озған әлі.  
Көреді сонда біздің казак елі  
халифат дейтін Бекзат бозбаланы.

Сол мырзам күлім қағып Күнге қарап,  
Ойлансын түнек басқан түнге қарап,  
Толғансын көгін ашқан гүлге қарап;  
Өмірі бір нәрсеге ділгір қылмай,  
Өсірем үлдеге орап, бүлдеге орап!

Мен барда қай сұм оны жасытады?  
Көңілі көк теңізді тасытады:  
Бір үзім нанға зар боп өспесе екен,  
Бір елдің миын ертең ашытады.

Ел деген – езде азық та, ерге – қанат.  
Егерде маған тартса шерге қалад;  
Тұқымы Ақсұңқардың қайсы десе,  
Тұнжырап отырмайды жерге қарап!

Алдыңда соның – менің бар асылым.  
Ақтайды ақ сүтін де анасының.  
Жатпайды интернатқа мен тұрғанда,  
Сатпайды бір кәуірге Алаш ұлын!

Ай – Жермен,  
Жер – Күнмен бір қозғалады.  
Уақыттан жоқ қой шырқап озған әлі.  
Жолына шашу шашып, қарсы ал, елім,  
халифат дейтін Бекзат бозбаланы!

Осы жұрт неге қаңку сөзге ереді?  
2030-ды да көз көреді.  
Елің де өзгереді, есімі – Алаш.  
...Әрине, ел басың да өзгереді.

*21.03.2009*

## ТӘҢІР СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ

Болсам да керім ұлы кемел ұлттын,  
Пендеден сый ап қашан кенеліпін.  
Алмаймын Мемлекеттік сыйлықты да,  
Қолынан – мемлекетсіз! Шенеуіктің.

Пендені қайтем?  
Күнде салып бір ән,  
Алланың алдына ылғи барып тұрам.  
Гомердің кісілігі менде қалған,  
Нобельдің сыйлығын да тәрік қылам!

Туа сап алтын құрсак Алашынан,  
Акын боп арыстандай алас ұрған, –  
Алланың көзі келіп маған түсті  
Ордалы он миллион арасынан.

Жарымай, – жан күйлейтін заманға ерген,  
Пенденің бәрі де арам, сараң келген.  
Басымды адамға емес – Аллаға идім –  
Абайға бергенінен – маған берген!

Тәнті боп рухымның селіне көк,  
Өлсем де тұрам ерген еліме кеп.  
Мен – Тәңрі Сыйлығының Лауреаты,  
Менімен ұлы – мына Мемлекет,  
Менімен сұлу – мына Мемлекет!

23.03.2009

### *Есжан Әміровке*

41 градус күн ми қайнатты,  
Оңтүстік етек жеңін жыймай жагты.  
Шәмшінің жаратқанда Жаппар Ие,  
Бір дыбыс тәніне оның сыймай қапты...

Біз – тастыз –  
Алла көктен нұр құйса да,  
Айнала алмайтұғын жыр – хиссаға.  
Шәмшіге сыймай қалған сикыр үнді.  
Берген ол соны сезіп – Нұрғисаға.

Қырандай қырдан шалып, ойдан шалып,  
Арылмай ойдан – күмән, бойдан – шабыт,-  
Осы бір екі атанның Аруағы,  
Арқанда жүр ғой сенін ойран салып!

Асау үн ие бермей дүркіреді,  
Киесі – ұлтың менен жұртың еді.  
Кеуденнен көк ала үйрек – ән ұшпаса,  
Бақсы боп кетуің де мүмкін еді...

Қасыңда – Илья – жыр, Илья ағаң,  
Көкейде – Илья – әуен, Илья-ән, –  
Сабындай қамшының ғұмырда бұл  
Жетеді қандай ғажап дүние оған...

## МАҒАШҚА

Өмір сүрдім ылғи жаным шырқырап,  
Есімді алып екі ғасыр түйісі;  
Ақсораннан – Аққораның иісі бұрқырап,  
Алтайдан – Түркінің иісі.

Көк Түріктен қалмай түк қанда,  
Дүрлігіп мынау дүр-елің, –  
Мен –  
Алтайдың құзар басына шыққанда,  
Қасымда сен де жүр едің.

Алтай –  
Алаштың алтын тағы еді бұрынғы,  
Басына шыққанда желпілдеп желмен тұлымым –  
Менің жүрегім ат ойнап аузыма тығылды,  
Сенің де басың айналған шығар, құлыным?

Етекте – ел әлі, егілер жаның оған да,  
Еділден келіп ат суарған атаңдай екеуміз, –  
Екі пенденің басын қоспайтын қоғамда,  
Егіздей болған екенбіз!

Тандану дейтін қазақ дейтұғын қанда бар,  
Күндердің күні көтеріп басын күлден кел, –  
Қарқаралының бір қара баласы таң қалар:

«Үзеңгі қағысып қос көкем қалай жүрген?! – деп,  
Бекзаттайын қандай бір дәурен сүрген!» – деп.

\* \* \*

Кескін қандай – кеудедегі бу қандай!  
Жүзі қандай – зәмзәм сумен жуғандай!  
Бармағымен бал жалайды сарайда,  
Біздей – балшық-шалшықтарда уланбай...

Әр-бір күні – думандай.  
Сайран салып өтуге бел бұғандай!  
Махаббаттан жаралмаған ұрпақ бұл.  
Маймылдардан туғандай –  
Қазақстаннан секіреді шет елге,  
Қарық болып қант пенен шекерге.

Қарық болған қазына мен байлыққа,  
Қарға-құзғын – тұлғандай:  
Сұм – қандай!  
Қу – қандай!  
Түркілердің тұяғы едік, мыналар  
Қалай сонда түлкілерден туғандай?!

«Елім-ай» ғой – әлі менің ұлы әнім,  
Ұраным!  
...Түлкілерің тарап-тарап жан-жаққа,  
Түркілерім қалса екен тез, Тұраным...

12.04.2009

\* \* \*

Көрдіндер ме балалардың  
Жауғандаған көздерін,  
Жасаураған көздерін?  
...Балаларын сүймейді бұл адамзат,  
«Сүйеміз» деп алдайды құр өздерін!

Сүйсе –  
Неге құл болады баласы,  
Аяр, азғын, сұм болады баласы;  
Махаббаттан,

Кісіліктен туасы  
Тұл болады баласы?!!

Олар да ертең сабай ма өстіп баласын,  
Қанай ма өстіп баласын?!  
Жер бетінен пана бермей, лашыққа  
Түрмелерге камай ма өстіп баласын?!!!

Балалардын күнде көрем  
Жаутаңдаған көздерін,  
Жасаураған көздерін,  
Сауал толы көздерін;  
Жауап...іздеп жаһананы кезгенін.

...Балаларын сүймейді бұл адамзат,  
Сүйеміз деп алдайды құр өздерін.

*12.04.2009*

## **ХӘКІМ ЗӘКІШЕВТІҢ ҚАЗАСЫНА**

Қара орман – Қарқаралым, ғалам-ай, көк,  
Көзіме көрінуші ең қарадай боп.  
Қап қойған Сеңкібайдан бір жапырақ  
Жайқалып тұрушы еді қарағай боп...

Қарамай қараң заман, һарам ойға,  
Жауынға, дауылға да қарамай да, –  
Біткен бұл қарағайға қарсы бұтақ –  
Бітпеген бұдан басқа қарағайға.

Осы бір қарағайым ерен еді,  
Ол тұрған жер де жасыл желек еді.  
Қадірі бөлек еді Қараорманда,  
Тамыры күллі ағаштан терең еді.

Өскен-ді жасыннан да қорғаламай,  
Қайтеді көзден жасым сорғаламай:  
Ұраны – Қарқаралы – Қараорманым,  
Құлады көз алдымда сол қарағай!

Кеудеден суырып кеп жан алғанда,  
Жаутаңдап Ажал дейтін аларманға, –  
Қасымда қарағайдай көкелерім,  
...Мен боздап қалдым жалғыз Қараорманда!

Қараорман – Қарқаралы күңренді,  
Өтеді күңренумен күнім енді.  
Көзге – жас, көкірегіме – шер боп қалған.  
Қайтейін бұл опасыз дүниеңді,

*04.2009*

\* \* \*

Көгілдір тоғандарға санақ кепті.  
Бір үйді бір ұлысқа балап кепті.  
Салулы төсек пенен салқын үйге  
Қойғандай сайрандатып...  
Санап кетті...

Тәңірі, біз көнеміз не десеңіз.  
Кім жейді камды – Сіз кеп жемесеңіз.  
Толықсып ханшадай Шолпан отыр,  
Қасында кәнизак жок демесеңіз.

Ерғазы-ау, Шолпан қалай сен дегенде,  
Еріні бал тати ма шөлдегенде.  
Көзіңе елестейді неше түрлі,  
Көк Түркі көк жиектен көлбегенде.  
Алтайдан Альпіні асқан ағамызда  
Қос қатын болушы еді кем дегенде.

Тоқалдан туған көкең мен де сенін,  
Ұлымен бәйбішінің белдесемін.  
Ақсұңқар бір-ақ ару алған болса,  
Мен де бұл дүниеге келмес едім.

Ел санын еселеу де ерге аманат,  
Дегенді күнде айтатын шерге балап.  
Жаутаңдап жалғыз ғана бәйбішеге,  
Қайтейін, сен де отырсын жерге қарап,  
Қайтейін, мен де отырмын жерге қарап.

*05.03.2009*



## ӘКЕМ АҚСҰҢҚАРДЫҢ БІР ЖЫРЫ

Бір тамшысы ем осынау дүние жалғанның,  
Мөлдіреп тұрған Манас көкемнің кірпігінің ұшында, –  
Домалап түсіп қалғанмын,  
Беғазы-Дәндібайдың тұсында.

Айылымды жыймай замана дейтін дүлейден,  
Аспанға ұшып құс-жаным, –  
Затымды көріп, атымды қойғанда Сүлеймен,  
Ақсұңқар құсқа ұқсадым.

Ой бақтым, – сырбаз бой бақпай,  
Көзіме ілмей көрінген көргенсіз немені,  
Құлдың заманында құлаққа құрбақа ойнатпай,  
Құдайым мені жебеді!

Мен де бір жүрген шерменде,  
Жүрегінің түбі – тылсым мұн.  
Орда бұзып отыз сегізге келгенде,  
Һалифа дейтін Арудан  
Алашта бөлек ұл сүйдім!

Алдына –  
Ханға жайғандай дастарқан жасатып,  
Бармағым балға батырып;  
Қарпытып қазы-қарта асатып,  
Қымыз сімірттім сапырып!

Кердеңге кеудесін игізбей,  
Күміспенен күптедім,  
Алтынменен алтадым;  
Аяғын жерге тигізбей,  
Ар-ұятын көзімнің қарашығындай сақтадым!

Жан жүйесін ерітіп,  
Жанына жолатпай тексіздің, –  
Едігенің ертегісіне елітіп,  
Хан Кененің қадіріне жеткіздім!

Кім болар бұл – деп – ел жүрді іштей бал ашып,  
Күлкілі:

Патша болады деген сол паңым адасып,  
Акын боп кетті бір күні...

«Көзімнің жасы селдейді, –  
Деуші едім – неге шелектеп?» –  
Мұхаммед ғалейіс салам айтыпты: «Бұл елге  
Енді пайғамбар келмейді, –  
Пайғамбардайын ақындар ғана келед...» – деп.

Жан пайыз таппай Хакка кеп,  
Мәйітім калып түү Қызыларайдың жонында, –  
«Тіл-көзден, Алла, сақта!» деп,  
Аруак болып мен сонын жүрмін соңында...

24.04.2009

## АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

Атлант Мұхитынан айналса бұлт,  
Жерден жөнep, шығардай Айдан шауып, –  
Өлігінің үстіндегі үндістердін  
Қалай калқып жатырсың сайран салып,?

Сен бір – Мұхит.  
Дүние – сен секілді.  
Бірде – тап-тар,  
Ал, бірде кең секілді.  
Аспанда – Алла, – аз ғана мызғып кетіп,  
Жер иесі ендігі сен секілді.

Жерінді дерт немесе өрт камамай,  
Төрт құрлық тұр,  
Ол саған – төрт қарадай;  
Қолыңа кеп су құйып, мәз болады,  
Сенен басқа түгі жоқ төрт баладай.

Бір саңк еткен күнің жоқ қыран құсап,  
Әлімсақтан әлемге ылаңды сап, –  
Жаһананы жалмап бір жіберетін,  
Жеті басты айдаһар жылан құсап.

Ғазауатқа мойынын қыстап бұрып,  
Арапқа да автомат ұстаттырып, –  
Алардай боп, ашуға мініп тұрсын –  
Адамзатты – Құрама Штат қылып?!

Көрінгенге ел болсаң, көне бермей,  
Саған бекзат келуші еді төрелердей, –  
Колумбыға тап болмай, Шыңғысханға  
Кез болғанда көсегең көгерердей...

Иығыңда – Күн сенің,  
Қолтығыңда – Ай.  
Тітіркенткен ғаламды солғылыңды-ай!  
...Адамзаттың биі де – Атланттың  
Ала құйын аккедеу толқынындай.

*19.05. 2004*

\* \* \*

Қарқаралы – бір жағым – Баянауыл,  
Жұрттан кашса, жұпарын саялады ұл.  
Менің Алаш Анамның, Мәдилер мен  
Ылғи Жаяу Мұсаға аяғы ауыр.

*06.2009*

\* \* \*

Сарыарқа дейтін елде,  
Қызыларай дейтін тау,  
Ақсораң дейтін шын бар.

Бауырында – қазақ.  
Басында – ғұндар!

Ақсораң, ай-хой, ат шаптырымдай аумағы,  
Найзағай ойнап, көзінен жасы саулады.  
Еніреп келіп, етекке тасы аунады,  
Бұл – оның ашуланғаны.

Бүгінде – қазақ,  
Ежелде – ғұнның мекені.

Ақсоран – көкте.  
Ен жайлау еді етегі.  
Саудабай келсе Қытайдан ала дорбамен,  
Ағылда-тегіл, ай-хой бір, мүсерлетеді!

Біздің ауылда – Қытайдың күллі бұйымы.  
Құдайы көрші – қасында, түспес иіні.  
Ұртында-дағы сағызы соның тәп-тәтті,  
Бұтында – соның киімі.

Қордабай көкем сөйлейді есіп – елі ғой:  
«Алашым аман болса екен – дейді, мені – қой!  
Шығыста – көршім, Шыңжанда – елшім болмаса,  
Ақжарық дейтін ауыл да болмас еді ғой!»

Саудабай келсе,  
Алдынан алпыс жан шығып,  
Тұрады суға малшынып;  
Ақсоран аппақ болады жаздың-жазында,  
Қара жаңбырдың соңынан қаптап қар шығып...

Қап-қара бұлттар бірінен-бірі іріленіп,  
Алайда-дүлей ала дорбамен бірге еріп:  
...Саудабай жоқта тұрады дағы тып-тыныш  
Ол келсе болды – кетеді қайта зілденіп!

Саудакең келсе,  
Селдетіп нөсер жел үрсе,  
Бір-екі апта егілер дерсің – егілсе.  
...Баурында қазақ жүргенмен осы сораңның,  
Басында ғұндар қап қойған мәңгі, меніңше.

*02.02.2010*

## **БЕЛГІСІЗ АҚЫННАН**

XX-шы ғасыр!  
Қан-жіннен қаусап, шіріген,  
Орыстың, мейлі, ағылшын, асқақ түрік ем, –  
Адамның құқы хақында қалай кыртасың,  
Мен кашан сендей адамша өмір сүріп ем?!

## ТІЛЕУҚАДЫР ТОҚТАМЫС ҚАЙТҚАНДА

Балқаш-ау, көрген сенің айдыныңды,  
Айдынның апай төсі кайғы-мұң-ды.  
Жағанда бір жол бар жортып жүрген,  
Ап кетті Алла сол бір айбыныңды!

Аллаға, пенде түгіл, тағыс ісі –  
Алаштың аруакты арыс – іші.  
Қалайша түсіп кетті қапылыста,  
Қазақтың қолдан дырау қамшысы?!

Қанатын сермеп ұшты құшып көкті,  
Ел үшін, ер үшін де ұшып кетті.  
Балқаштың бетіндегі інжуі еді,  
Түбіне көлді калай түсіп кетті?

Алласыз,  
Абылайсыз –  
Жетім елі,  
Рақымнан басқа оған не тіледі.  
Ұялы Көк Бөріміз көзден ұшып,  
Тұяғы Жидебайдың шетінеді.

Жүргенде жүк жеткізем еліме деп,  
Заманнан салмақ түсті беліне кеп.  
Қара нар – қара жолда көш бастаған,  
Балқаштың шөгіп жатыр беліне кеп.

## ӘМІРХАН МЕНДЕКЕГЕ

Жайықтай толқып, жапанда қалған Еділше,  
Ел дейтін еркек егілсін сендей – егілсе.  
Тағынан тайған қаралы ханның абайсыз,  
Талайсыз ұлы сендей-ақ болған, меніңше.

Бауырына жұртын баласындайын құша кеп,  
Қара орман елдің қасіретінен құса бол, –  
Хан Кене тактан түскенде, сенің атаң да,  
Атынан түсті абдырап Жаяу Мұса бол.

Тұқымың бекзат бек болды.  
Тәрк етіп бәрін, Тәңріге туа бет қойды.  
Құдайдың коды бар еді мида, оны да,  
Құдайсыз елдің қулары шұқып жеп қойды!

Ұлыған сайын көкірегіндегі Көк Бөрі,  
Азалы зарың Алашқа қалай жетпеді?  
Азалы зарың бір жетпей қоймас Алашқа.  
...Алла естіп тұр ғой, өйткені.

09. 2011

## ӨМІР КЕШЕНҰЛЫНА ЕСКЕРТКІШ

Атасу – аңыз толы төнірегі,  
Ағамның аты бөлек: «Өмір» еді  
Сәкендей заты бөлек болғаннан соң,  
Ел-жұрты әлі іздейтін көрінеді.

Иманак – алтын шөккен босаға-ды  
Аялар Алла сүйіп босағаны  
Сәкеннің қаны тамған бұл топырақ,  
Әлі сан боздағына босанады!

Атасу – Алашымның өркенді елі.  
Қазақтың көк жиегін көркемдеді.  
Өмірге Өмір сынды ұл келмесе  
Сағыныш өзегімді өртер ме еді?!

Атасу, асып не бір белесіннен,  
Тауымен, тасыңмен де кенесіп ем.  
...Құдай-ау, қайда барсам Сәкеніңнің,  
Құтыла алмай қойдым елесінен.

2004

\* \* \*

Қайғысыз ішсем дейтін кара суды,  
О, Алла, сақтай гөрші Алашымды!  
Мырза бұл адамзатқа мал жинаған,  
Немесе, бал жинаған ара сынды.

Дүниенің кіл бекзатын көзің көрді,  
Өздерін хан ұлындай сезінгенді.  
О, Алла!  
Адамзатты алқап болсаң,  
Қарайлар казакка да кезін келді.

09.09.2011

## МӘРИЯНЫҢ ӘНІ

*(«Из строгого, стройного храма... »)*  
М.Ц.

Құдайдың үйі – «Храм» деп жүр ғой ел оны,  
Сол жерден шығып, басында – гүлтәж үкілі, –  
Азаттық Ару жымыып күліп келеді,  
Ар менен ұят – адами болмыс, бітімі.

Біз тұрмыз күтіп, жауып сол жүрер жолды да,  
Токтатып көзін қарар деп кімге ол енді.  
... Ару дегенім – алаяқ қатын болды да,  
Аяр мен сұмның соңынан ере жөнелді...

30.10.2011

## ӘЛИГЕ

Мына бір пысық бай манап,  
Аждаһадай – араны,  
Қазақстанның қазынасын ұрлап ап,  
Шведтің темір сейфтеріне салады.  
Мандайдың бағы о дағы, тағдыр-таланы,  
Бабасынан – баласына қалады.

Мен болсам, міне, ішімнен тынып, қорлық-ай,  
Тығырыққа кеп тірелген;  
Қатын-баласын қартаға салған сорлыдай,  
Өмірімді күллі өлеңге салып жібергем...

Кеудемнен шығып құс әні,  
Алашты айналып ұшады.  
Арын –  
Ар қылдым.  
Зарын –  
Зар қылдым.  
Мен саған, жаным, жырыма орап құсалы –  
Қазақстанды қалдырдым.

*05.11.2011*

### **БАҚШАҒА БАРҒАНДА**

Көрген де оны, көрмеген жұрт та – арманда:  
«Бұлбұлым қайда?!»  
Хакым жоқ сенің қарғаңда!» –  
Жамырап қоя берді ғой гүлдер бір күні –  
Бақшаға барғанда.

«Сүйеміз» – дейді – бекзат жұрт, бекем, бай елді,  
Сүйеміз дейді әлемді, әсем әйелді.  
Көлеңке түсіп, көктен Күн кете барғанда,  
Артық та болмас аймалап қойса Ай енді...

Біз көрдік – дейді – Колумб көрмеген әлемді,  
Қайыршы елден қашқанбыз, іздеп бай елді.  
Еркек біткенді ерекше жақсы көреміз  
Егіліп сүйген ел-жұртын, сұлу әйелді!

Күн – ерім болса, топырақ – аппақ төсегім.  
Өсемін – дейді – өшемін күйіп, қош елім!»  
Абайша айтса, махаббатсыз өсе алмайсың, –  
Қоғамдық пікірі осы оның.

«Сен қайда болсаң, мен – сонда, дейді, ізгілер,  
Сұңқардан гөрі тоғышар елдің құзғыны – өр!»  
...Құлағын неге салмайды осы дауысқа,  
Қоғамдық пікірді қолдан жасайтын біздің ел.

*08.12.2010*



# ДӘУІТӘЛІ СТАМБЕКОВ ДҮНИЕДЕН ҚАЙТҚАНДА

## 1

Біржан сал,  
Ақан сынды сері болып,  
Жалғанның жарығынан сені көріп, –  
Ел-жұртым,  
Дүниеден бір еркен өтті,  
Егіліп ет жүрегі – еміреніп!

Шашылып тарағанда халық тойдан,  
Жалғанға Шашубайдай салыпты ойран.  
Кешегі көшпелінің жұртындағы  
Алтынның сынығы еді қалып қойған.

Асыл еді!  
Бұзылды оны көріп ғасыр өңі.  
Елінің тауы менен тасына хәм, –  
Перінің қыздарына ғашық еді.

Аруақты аркасында шалық көп-ті,  
Әлемге «Әудемжерін» салып кепті.  
Перінің сол қыздары алдап-арбап,  
Айырып Фаридадан...  
Алып кетті!

Аркаға түскен жүкті ауыр ырғап,  
Заманның зіл-батпанын жауырынға ап, –  
Біржан сал, Ақан сері, Дәуітәлінің,  
Жұртында біздер қалдық:  
«Бауырым!» – деп...

Ғасырдың төмен түссек өріменен,  
Ел көшкен – Мәди, Ақан серіменен.  
Сен де, кош, Қояндының жәрмеңкесі,  
Бұқа мен сиырлары мөңіреген...

Заманның түбі – тексіз,  
Порымы – күл,  
Боздаудан басылмаған солығы бір.  
...Алаштың ордасында үнірейіп,  
Алтынның сынығының орыны тұр...

Қасым да, Мұқағали...  
 Бәрі – осында.  
 Әзәзіл көрсетпейді қарасын да.  
 Ұжмақта жүрегінді қолына ұстап,  
 Жүрсің бе, хор қыздары арасында.

Алланың көріп алтын нұрын дағы,  
 Көңілің орнықты ма, құбылмалы?  
 Хафиздің ұжмақтағы сұлулары,  
 Жүр ме екен жерді сызып бұрымдары.

Періште кетті бізден –  
 Пері келіп,  
 Қырқынды бүгін беріп – еңіредік.  
 Ұжмақтың арулары ұйықтап жатқан,  
 Түрегеп кеткен шығар сені көріп.

Тылсымға – жатқан көздің шарасында,  
 Тағы да сүңгіп батып барасың ба?  
 Өзіңнің өлеңінді оқи бермей,  
 Оқып қой біздікін де арасында.

Хор қызын Муза барса тербетуге,  
 Керемет мұң жүгірер келбетінде.  
 Қызғанып осындағы әйел біткен,  
 Қызық бір қиқу салсын Жер бетінде.

Бұлбұлдар ғана сайрар бақшада да,  
 Бар ма орын ақынға да, патшаға да?  
 ...Жүрміз біз хан базарда қап арқалап.  
 Муза жоқ мұнда.  
 Анау...  
 Ақша ғана...

## 3

Кейінде маған Сайтан жолығып жүр,  
 Менде бір дерт бар, соны сол ұғып жүр.  
 Сол мені Шайтанкөлге алып барды.  
 Дәуіталі әлі сонда шомылып жүр!

Шақырғам алайын деп сүйіп бетген –  
Келмеді!

Отырмын ғой күйіп кеп мен...

...Мен бүгін Ақтоғайдан бір тас талтым –  
Аяғы ағатайдың тиіп кеткен...

Бола алмай баяғы бір қалыбымда,  
Мен жүрмін сол сайтанның шалығында.  
Балқашка барам ертен,  
Ағатайдың  
Иісі қалған болса балығында.

Думанда – бал қыздардың, балдыздардың,  
Базарда – алмалар мен қарбыздардың;  
Корада – шірік шөптің арасында,  
Ит құсап, иінім түсіп –  
Жалғыз қалдым.

Қайғысыз не жетеді кара суға.  
Хабарсыз сен де жөнеп барасың ба?  
Мен қалдым өліарада көрген түстей,  
Өлі мен тірілердің арасында.

...Кіндікпен осы жерге байланғасын,  
Қайран бас қара құсқа айналмасын.  
Ішінде қарау пиғыл, қанқу сөздің,  
Қалқайып жалғыз қалды-ау, қара басым.

#### 4

Димаш патша көтерген шаңырақ бұл –  
«Қазақфильм» калайша қаңырап тұр,  
Күн сәулесі сүйетін күндіз,  
Түнде –  
Ай сәулесі аймалап жамырап бір.

Нөсерлейтін кезі көп, суланатын,  
Ну болатын көшесі, буланатын,  
Тоқсан тоғыз пайызы махаббат та,  
Бір пайызы ғана тек – су болатын!

Ақ сәлделі Алатау ар жағында,  
Гүл де – мұнда, ақ үлпек қар да – мұнда.

Алматының арқалы акындары,  
Өлең оқып жататын барларында.

Дозактан кеп,  
Жұмақта кісі болып,  
Сонда біз де жылқыдай кісінедік.  
Өтер тұста Балқаштан оянасың,  
Тобылғы түс сырасы түсіңе еніп.

Күй күндерді айт сондағы, би күндерді,  
Жүректегі жүйткіген иірімдерді.  
Көрмейді-ау жұрт сол «Қазақфильмдегі»  
Біздер қойған не қилы фильмдерді.

Жұмақ еді ол заман,  
Өлең еді.  
Бөлек еді Қыз Жібек, Төлегені.  
«Қазақфильм» қыздары Муза болып,  
Жебеп еді көкке ала жөнегелі.

«Мен бір түнде» жүргендей мәртебе асып,  
Ауыз да – ашық,  
Көйлек те,  
Қалта да – ашық.  
Кіріп кетіп ұжмақтың бақшасына,  
Шыға алмай қап жүруші ек жанталасып.

Үй түбінде шашылған алмалары.  
Жұмақ бағы – Алматы.  
Алла бағы.  
Сақал-мұртқа ақ түсті қалай дейсің,  
Өткенді көп ойлаған шал болады...

Ойымыз да быт-шыт қой, сөзіміз де,  
Батты ма, әлде, заманның тезі бізге.  
«Қазақфильм» –  
Бұл да бір ғажап фильм.  
Өте шыққан көрініп көзімізге.

\* \* \*

Түні – қысқа.  
Ұзақтау неге күні?  
Тарта-тарта қажыдым темекіні.

Темекіні тәрк етсем, Тәңірінің  
Көп болар ма бұдан да беретіні.

Ғұмырынды қып-қысқа, өлерменім,  
Қамшының сабындай бір көрем дедім.  
Көк түтіннің ішінен шыр-шыр етіп,  
Қалай туған онда осы өлендерің?

Қаракшы мен жәләптің досы болған, –  
Қалай осы көңілдің хошы болған?  
...Жер түбіне жеткенде Колумбының  
Алып келген олжасы осы болған.

Сол кемеде жол сілтеп соқырларға,  
Құранның бір сүресі оқылғанда, –  
Колумбының орнында, білігі мол  
Біздің Қажы Құнанбай отырғанда...

Ар, ұят та ақшаға саудаланып,  
Алтын басы адамның дауда калып, –  
Бүлінді ғой дүние, –  
Хан Кене емес, –  
Қайдағы бір Колумб жаулап алып.

*12.2010*

\* \* \*

Барыс жылы туған асау Балықпын.  
Жердің тілін,  
Шөлдің мұңын шала ұқтым.  
Мұң-шерімен қасіретінде жүзгенмін,  
Мұхиты жоқ қазақ деген халықтың.

Судың жырын.  
Шөлдің мұңын айтқан күн,  
Жағалауға шығуға да шақ қалдым.  
Тоқырауынмен құмға сіңіп, құрдымға,  
Көк теңіздің түбін көріп қайтқанмын.

Арпалысып асау толқын жалымен,  
Батысты да,

Шығысты да шалып ең,  
Шарап дейтін шалқар мұхит бетінде,  
Шалқасынан жатып жүзген балық ем...

Тынық Мұхитыңда-дағы жүзер ем,  
Үнді мұхитыңда-дағы жүзер ем.  
Барыс жылы туған балық болған соң,  
Сырдың суы келген емес тізеден.

Алаш дейтін айдын-көлім,  
Шер – жүрек,  
Желден де озып,  
Серпіп сенді, селді кеп, –  
Жер түбінен Саған жүзіп келемін,  
Желбезегім желбіреп...

*13.01.2010*

## **ЭКСПРОМТ**

Арыстан – заманында Айға атылған,  
Сескенген аспанда Ай да айбатынан;  
Қайрылып Қараорманға бір қарайды,  
Қайтарда айырылып қайратынан.

Сенде бір Арыстан ең Айға атылған,  
Айрылып күннен-күнге қайратыңнан, –  
Қайрылып Қараорманға бір қарашы,  
Қара тас боп кетерсің айбатынан.

*12.12.2010*

## **ТАНАКӨЗ БЕН ЮННА МОРИЦ**

Жасарды славянның қарт өлеңі.  
Жаһанда қай жұрт оған пар келеді?  
Орыстан Юнна Мориц дейтін сұлу  
Бір патша шықты Ұлы Мәртебелі!

Көршіден қазақ қалай қалыса алар?  
Жұлдыздай жұмыр Жерге алыс олар,  
Алашта тағы да Ұлы Мәртебелі  
Танакөз дейтін ару Ханыша бар.

Көз жасым омырауға саулап ағып,  
Бодан боп соған, басым дауда қалып, –  
Тұр қазір арыстандай жүрегімді  
Екеуі алма-кезек жаулап алып...

Екі Ару – екі жұрттың дарасындай,  
Екі ұлыс, екі ұлттың да санасындай;  
Алпыста екі әйелге еріп барам,  
Алаштың алты жасар баласындай!

Әр жыры – заман зары, дәуір басы,  
Тәңірі әнінің бір қайырмасы.  
Жалған-ай, Юннаның Танакөзден  
Аллаға жоқ екен ғой айырмасы.

Жалпының жүріп не бір жиынында,  
Жаманға салмадым көз қиығын да.  
...Танакөз, Юнна Мориц дейтін екі  
Періште отыр екі иығымда.

*12.04.2012*

## **ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ. РЕКВИЕМ**

Тәңірімен табысқандай елжірейді Ер түрік.  
Айға шапқан арыстандай,  
Жатысын-ай, мертігіп...

Жасындардың өктем үнін көксейді ылғи түркі елі.  
Көкке ұлыған Көк Бөрінің күшігі еді бұл пері!

Цивилизация!  
Жақындап бір көрсен мына періні,  
Сақылдап күл:  
Үндістердің көсеміндей көңілі –

Аң-таң кылып замандасын,  
Заманасын тәрк етіп,  
Саған басын имей өткен өмірі –  
Көшпелі Салт Аттылардың тұяғы еді ең соңғы,  
Менің жерім тарылды да,  
Сенің жерің кеніді –  
Цивилизация!

Ақтөбеден тауып алып алты жасар баланы,  
Қасым Рухы –  
Қара аспанға қасқая бір қарады!

Арыстандар Айға шауып, мертігетін заманда,  
Көк Бөріні көп ит талап, өлтіретін заманда,  
Оны өзіне шақырды өрт,  
Шақырды от,  
Сойқан салар содыр еді батыр боп, –  
Тамамдалып соғыстардың дәуірі,  
Кетті еріксіз –  
Ақын боп!

Оны өзіне шақырды от,  
Шақырды өрт,  
Сонда Өтежан өзегінен сапырды от.  
Түркі жұрты бұ дүниеге не батыр боп келеді,  
Келеді не – Ақын боп!

Тәңірі оның – Көк Бөрі.  
Көк Бөрінің күшігі еді ол, өйткені.

Кетті Абылай, Бұқарлардың,  
Талыстардың заманы,  
Кетті Әлихан, Ахметтің – Арыстардың заманы.  
Маңдайына жазылды оның осы бір  
Дәлдүріш пен данышпанның заманы.

Құдай қолын ұстағандай құл-дағы,  
Дәлдүріш те дәмсіз сөзін бұлдады.  
Аттап кетті басымыздан тексіз күн,  
Таптап кетті кара тобыр – Тұлғаны!



Қара тұман – төңірек.  
Қайда барсаң – Қорқыттың көрі деп –  
Түркі қаны шауып сонда басына,  
Баксы Өтежан ұлыды Көк Бөрі боп!

Жатырқады жаны сыймас ортаны.  
Өзіменен өзі тыныш жүре алмады ол тағы,  
Қорықты одан Цивилизация,  
Империя, о,  
Сұмдық,  
КСРО Жазушылар одағы да қорқады!  
Қазақстан Жазушылар одағы да қорқады!

Тәңірімен табысқандай елжірейді Ер Түрік.  
Айға шапқан арыстандай жатысын-ай,  
Мертігіп...

\* \* \*

Анам – Араб – Аллаға бас байлаппын.  
Түбім – Қырғыз – Манастан аспай қаппын.  
Алаш дейтін адамзат үмбетінің  
Суша сіңіп түбіне – тастай баттым.

*12.04.2012*

## **КЕҢЕС ЖҰМАБЕКОВКЕ**

Ақжайық – ата жұртың – Жағалбайлы,  
Жылқысын көптігінен баға алмайды.  
Келдің де Сарыарқаға, ойға баттың  
Ар жайлы,  
Алаш жайлы,  
Заман жайлы.

Бөлмедің бір қазақты,  
Пүтіндеп бір,  
Сүйгенсің ырысым – Сен, құтым деп бір.  
Кеуденде Ақжайықтың толқынындай,  
Аптыққан асау жүрек лүпілдеп тұр!

Өмірді сүйгенің де – өнегендей,  
Өртіне, дертіне де көне бермей.  
Алашқа алты қаздан сәлем айтқан,  
Сен де бір сері едің ғой Төлегендей!

Әлі де асқақсың сен, қуаттысың,  
Уытты Кіші жүздей ұяттысың.  
Арқадан тағы бір қыз алып берсем,  
Оны да қартайтатын сияқтысың...

Кеудеңде – асау шабыт,  
Жүрегінде – от.  
Алаштың амандығын тіледің кеп.  
Ойладың елдің бәрін періште деп,  
Ойнадың сахнада Ленин боп!

Шым еткен сиқырлы бір сезімдей боп, –  
Өмірге ұл келе ме өзіңдей боп?  
Сағынып Ленинді іздесе ел-жұрт,  
Жүре бер соның тірі көзіндей боп...

## ҚАЙРАН, АХАҢ

Ахаң кетті-ау, көрсетпей қарасын да,  
Қалған кара қазақтың бәрі – осында.  
Алла ғана тұр қазір, біздер жоқпыз –  
Ақселеу мен Алаштың арасында.

Көзге Алаштан басқаны кара көрмей,  
Қаракөгім – қайтсе де қалар өлмей;  
Құлағына ғаламның бір жетерсің,  
Қазақтағы ғажайып кара өлендей!

Қайран, Ахаң,  
Хош, арда Алашұлы,  
Әлиханның ақтық бір жан ашуы!  
Жидебай мен Қараойдың шырақшысы ең,  
Алла менен Абайдың жарасымы!

Қазақ болу қашан да ғажап кой деп,  
Ауа жұту Алашсыз азаптай боп, –

Паң кейіпте жүруші ең,  
Дүниеде  
Пайда болған Алғашқы Қазақтай боп!

Сарыарқаға аспаннан дүбір еніп,  
Саф алтындай орының үңірейіп, –  
Енді, міне, Ең Соңғы Қазақтайын,  
Қайда көшіп барасың күніреніп?!

Кімдер сенің төбеңнен өкім етті,  
Кімдер сенің сыртыңнан көкіп өтті?  
Адамзатқа жіберген Алашымның,  
Елшісі боп Сен қалдың –  
Өкілетті!

Қазағыңның тартып бар күйігін де,  
Көңіліңнің болмады-ау, күйі, мүлде.  
Фәниде де биікте жүріп едің,  
Бакида да қалдың сол биігіңде!

2012

## **МАҒЖАННЫҢ ШОЛПАНЫ**

Алаш талай жылады,  
Алашпен қоса Абай жылады.  
Алапат сан боранында тарихтың,  
Көрінбей қап атының да құлағы,  
Оппа қарға омбылай кеп құлады.

Көкжиекке асық болып жыр-әні,  
Көбінесе ғашық болып жылады.  
Сынады оны Заман отқа, бокқа сап,  
Замананы Ол да оңбай сынады.

Бітті... Болды!  
Таға берме кінәні,  
Тарих қана таразылар мұны әлі:  
Абай неге баз кешті бұл жалғаннан?  
Алла неге үнсіз! Іштен тынады?!

Арқан бойы көтерілді Күн әні,  
Айықпай тұр қалай мұның тұманы?  
Алаш деген – Мағжанның Шолпаны –  
Күнәсіз!!!  
Һәм күнәлі...

2005

\* \* \*

Ғаламтордың алдында қазақ отыр.  
Қазақ отыр...  
Бір-бірін қажап отыр!  
«Алты бақан-алауыз» – Абай айтқан,  
Көрсеқызар,  
Жалмауыз,  
Мазак – отыр!

Есер ғасыр мұның да есін алды.  
Бір-бірінен алмаған өші бар-ды:  
Патриархалдық-феодалдық тұрпыменен,  
Ғаламторға қалай тез көшіп алды?!

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді.  
Бокта өлген түйесі еске түссе,  
Боздап жүрген боғаға өш келеді!

Ғаламтордың алдында ғалам отыр.  
Бетте – ұят жоқ.  
Денесі – кара қотыр!  
Алла – аспанда, ал, Абай – жер астында.  
..Сайтан бізге «Шок! Шок!» деп,  
Қарап отыр!

11.11.2012

## О, ТӘҢІРІ

Мархабат ет бір тілекті айтуға,  
Қандай қайыр жасамап ең, қай құлға?!  
Билет тауып берші маған, бір күнде  
Қызылордадан – Ақ мешітке кайтуға.

11.11.2012

Нарықтың ілініп кырына,  
Басымды тауға ұрдым, тасқа ұрдым.  
Банкті – баукеспе ұрыға,  
Халықты – Құдайға тапсырдым.  
01. 2011

## МАҒАУИННЫҢ ҚАЛАМЫ

Армысын, ағам берген алтын қалам,  
Алтыннан артық сенің парқың маған.  
Мағауин – Алаштың бір алдаспаны.  
Алаштың аспанында жарқылдаған!  
Ақиық қанат қағып, көкке жөнеп,  
Қарғалар жерда қалды қарқылдаған...

Жүректе – сары уайым,  
Санамда – нұр,  
Кез болдым алмағайып заманға-дүр.  
Құдайдың құдіретін сезінерде,  
Қуатын құяды әлі маған да – бұл.

## ЖОҢҒАРДЫҢ БІР ЖЫРЫНАН

*Рымбек Жүнісұлына*

*Арқада бұл жырдың бірнеше нұсқасы бар. Бірінде өлім аузында жатқан қалмақ батырының соңғы сөзі деп те айтылады. Бір жерде қолға түскен жоңғар қонтайшысының Жидебай батырға айтқаны делінеді. Осы сөзден кейін Жидекең жоңғар тұтқынының басына сауға беріп, тірі қалдырған екен. Қойнына – қатын, алдына – мал салған. Арқадағы қалмақ руы осының кіндігінен тараған деседі.*

Уа, Жидебай-Баһадүр!  
Сарыарқаның төсінен  
Мен-жөнелдім, сен – келдің.  
Өзімнен туған жас бала сакал мұрты ағарып,  
Өзіме жат болғанша

Тексізді кайтем, Жидебай,  
Бір ұрты – қан да, бір ұрты – май;  
Жабыдан айғыр салған соң  
Жауға мінер ат тумай,  
Жаманнан катын алған соң,  
Топка кірер ұл тумай, –  
Алдыңда тұрмын сүмірейіп  
Ата-жұртта Алла кешпес күнә бар;  
Қаңғырып келген қалмақтың  
Басын енді сен алмасаң – кім алар?!

Төбеде жасын тұр ойнап,  
Қара өртке түсіп орманы;  
Қазақпенен құйрық-бауыр асасып,  
Құда болған бұл ойрат  
Анттан аттап – сорлады!

Айрандай ұйыған бұл ойрат,  
Апырмай қалай іріді?  
Қаны бұзылған – хан болып,  
Ханның есіл-дерті – ел емес –  
Шауып алар мал болып,  
Балығым басынан шіріді!

Көкірегіне түсіп қаракұрт,  
Өне бойын улады.  
Көзі жатқа түсіп аларып  
Көлінде қуы шулады.

Сенде арман бар ма Жидебай,  
Дамылдаса – жауын жығып дамылдар, –  
Буыршынның бұта шайнар азуы  
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы –  
Абылайдай ханың бар?!

Ханың сенің – Абылай!  
Қара құл емес, төре еді.  
Бұтының астына карамай,  
Көкжиектен арғыны көреді.  
Ер – екеу болса жалғанда,  
Егізіңнің сыңары,  
Екеуіңнің бірі еді.

Алаштың үш жүзінің баласының  
Атының басын бір кезеңге тіреді!

Сен – жасыннан түскен жарқылсын,  
Мен – тұлмын!  
Сен – алтынсың,  
Мен – пұлмын!  
Сен – отсың да,  
Мен – күлмін!  
Сен – сұлтансың,  
Мен – құлмын!!!

Енді, міне, көшкен жұрттың күресінде қалмақпын,  
Күнә бар баста, кінә бар.  
Қаңғырып келген қалмақтың  
Басын енді сен алмасаң – кім алар?!..»

03.03.2013

## АКТЕР

### *Мекен Қисықовқа*

Хан Тәңріден туып, мұзарт аскардан,  
Ұлылық пен сұлулыққа мас болған:  
Отыз жылдай Жетісуда жүрген-ді,  
Басы – жерде,  
Аяғы кеп – аспаннан!

Мұқағали Музасының жыр – құсы,  
Мазасын ап, бұзылады ұйқысы.  
Қаллекидің аруағы шақырып,  
Арқаға кеп күйеу болған бұл кісі.

Үйсіндердің Қағанындай – түр-түсі.  
Күнде – думан,  
Түнде – шала ұйқысы.  
Кісінейді кіріп ылғи түсіне,  
Жетісуда қалған қалың жылқысы...

Таудың ұлы!  
Таудай асқақ, паң болған.

Панданған соң – шарап ішіп сандалған:  
Алатауын ес жиғанда бір көріп:  
«Мен де осында тудым ба?!» – деп –  
Таң қалған!

Қисық айна – Қисықовтың түр-түсі.  
Жоқ қазақта мұндай қисық бір кісі.  
Күңренеді көмейінің түбінде  
Оспанханның ордаланған күлкісі...

*15.11.2013*

## НЕМЕРЕМ ӘЛИ

Отқа, өртке мен құсап жақындап кіл,  
Мынау неге күледі сақылдап бір?  
Шаладай боп бықсыған дүниеде,  
Қалай лаулап, қорықпай –  
Лапылдап тұр?!

Жан мұздаған кезінде, үсіп қалған,  
Аруақтар шақырса –  
Ұшып барғам!  
Ақсұңқардан аумаған бала туды,  
«А!» – дегенде –  
Аузымнан түсіп қалған...

Сілкіп тастап маңдайдан тұлымшағын,  
Жыр оқиды осы бір ұрыншағым.  
Ақыл болса басында, алабұртып,  
Ақын бола көрмегей құлыншағым?

Мен де туа осылай аңқылдағам,  
Саңқылдағам,  
Жасындай жаркылдағам;  
Жан мен тәнді мұздатып суық заман,  
Алпыс үшке кеп әзер салқындағам.

Қара тас қой – кара өлең,  
Алтын ед... деп,



Кім – арқалап,  
Теңізден қалқып өтпек?  
Ол түгілі, қара нар атасы оның  
Көтере алмай, әзер жүр тәлтіректеп!

Көзімді ашсам – Алашты көріп қалам,  
Көз жасымды көрсетпей, төгіп те алам.  
Қара тасты қайысып, көтере алмай,  
Қара жерге күн сайын шөгіп барам..

*22.11.2013*

## **ҚОШ, ЕСЕНҚҰЛ**

Хош, Есенқұл,  
Алатау аңырап тұр!  
Аңырап тұр,  
Ел – боздап,  
Шаңырақ – тұл;  
Жетісуда жеті өзен – жетім қозы,  
Кімді емерін біле алмай, жамырап құр –  
Аңырап тұр!

Жамбылға еріп,  
Боларда бабаңа ұшпақ,  
Абай атаң аяқтан қалады ұстап.  
Домбыранды іле сап керегеге,  
Ақ қағазға телмірдің қалам ұстап...

Домбыранды беліңе байлап жүріп,  
Сахнаға шыққансың сайран құрып.  
...Сен эпостан шықтың да, қазағынды  
Жібердің ғой эпосқа айналдырып!

Сені жұртың телегей – теңіз деп жүр,  
Теңіз деп жүр,  
Емшектен еміз – деп – жыр;  
Жетісуда жеті өзен – жетім қозы.  
Жеті жакка жүгіріп...  
Сені іздеп жүр!

*21.11.2013*

Таң еді онда.  
 Ендігі уақыт – екінді.  
 Шыға келдің нұрға оранып не түрлі –  
 Қалмақтардан қатын алған қазақтың  
 Хандарының ханышасы секілді!

Өмір өтті тар мандайға талқы боп,  
 Өзегіме өртін салып, шалқыды от;  
 Сенің ғазиз жамалындай ғажайып,  
 Ұлысына,  
 Ұлтыңа да тәнті боп!

Ала құйын дүниенің ағысы – ән.  
 Енді аспанға Муза болып тағы ұшам;  
 Келместей боп кетсең де бір қияға,  
 Жүрегімде жүрдің ғой сен, ханышам!

Өтті уақыт көмескі де, күмәнді,  
 Көктей өтіп көңілдегі күмәнді.  
 Кездескенде көріп гүл-тәж бейненді,  
 Кештім күллі кінәнді һәм күнәнді!

Бұқар жырау – тар қапастан шам жаққан,  
 Кешер мені, мені Тәңрі сандалтқан:  
 Мұндай ару тек Алаштан туады.  
 Қайда қалды туса егерде қалмақтан?!

## ҚАРҚАРАЛЫ – ҚАРА ОРМАНЫМ

*Асау теңіз арнасына толды кеп,  
Қайт үйіңе –  
Содомиың мен Гоморраңа, болды... Кет!  
Тұрсиыңды сыпырады су астының толқыны,  
Жәлеп құсап қилмай сені соңғы рет.*

*Қайт үйіңе –  
Содомиың мен Гоморраңа, болды... Кет!*

*А. Вознесенский*

### АВТОРДАН

*1997 жылы тамыздың 16-жұлдызында, сағат 14.30-да Қарқаралы ормандарын қалың өрт шалды. Бидайық, Ақтерек, Жиренсақал Әулие, Комиссаровка алқаптарына айдаһарша бас салған қызыл жалын әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Өрт шыққанда мен Жиренсақал Әулиенің етегіндегі шешемнің үйінде едім. Өрттің лебі маңдайымды шарпыды. Кеңес өкіметі Қарқаралыны қызойнақ жасап еді. Енді бұл отойнаққа айналды!*

*Қарқаралыда, қалың өрт кезінде адамдық-азаматтық құбылыстың қарасы көрер көзге көпе-көрінеу көмескі тартып, пенделік-өзімшілдік өлермендік пизғыл айқұлақтана көзге түсті. Қорқыныштысы – осы. Қарқаралы жасылынан айрылып, қаралы қарағайдың қара жердегі тамырлары жанып жатқанда рухани ергежейлі қолына ара ұстап, қара орманға бас салды!*

*Қарағайдың қалай өртенгенін өз көзіммен көрдім. Оның 1 метр тереңдіктегі тамыры жан-жағына 10 – 15 метрдей жайыла таралады екен. Ысылдап жанып жатыр... Айдаһар секілді! Бойынан бөлінетін эфир майы өз-өзінен лапылдай береді. Қарағай – Қарқаралының алтын тәжі! Патшаның тәжі өртеніп жатыр! Құл-құтан – мәз...*

*Баяғыда хан тақтан түскен күні – Алаш аттан түсіп еді. Жаяу-жалтылы, аш-жалаңаш, тексіз тобыр ақ патшаның аяғына жығылып, Абай сын тезіне алған антиқазақтық қасірет: көрсеқызар жалмауыз, алтыбақан алауыздық атқа мінді де, ұлттық, менталитет бұзылды. Бодандық ұлттың өзегіне түскен құрт еді. Өртенген орманның да өзегі – құрт. Діңі мен қабығын жеп, көкті көрсе, көзі атыздай болып бас салатын құрт – бұл! Оны тазалап, аластап*

құртпаса, ол қара күлге айналады. Қазір қара орман күңіреніп тұр. Өмірді өрт пен дерт алды. Адамзат бір кезде Алланың кәріне ұшыраған күнәһарлар мекені – Содом мен Гоморраға қайта оралды...

Ел ішінде біреулер орманды қасақана, әдейі өртеді деген сөз де бар. Қарау ойлы пендеден о да шығады. Тәңірі түбін қайырлы қылсын де.

Мен үшін Қарқаралының киесі бөлек. «Шайтанкөл – аққу мекенім» еді ол. «XX ғасырдың жиырма сәті» осы жерде дүниеге келді.

Қасиетті топырағына еміреніп, Қасым – Музасына тебірендім.

Мен оның тауының әрбір тасына, орманының әрбір бұтағына гашық едім.

Ол туралы ода жазса ғана сауап болар еді. Өрт менің өзегімді өртеп, жүрегімді қап-қара гып тастады. Бозбала кезден көкейде жүрген көмескі көркем дүнием «Қарқаралы – қара орманым...» айыптау актісіне айналып кетті... Соған өкінемін.

## ПРОЛОГ

### Хакім Зәкішевке

Қайран анаң ақын болсын деді ме,  
Бір өксік бар өзегінде қап қойған.  
Қайран әкең хакім болсын деді ме,  
Хакім деген ат қойған.  
Әкім болып толтырғанда төрінді,  
Өр ұлыстан айыл жимай, өр үнді –  
Кремльдің сарайынан көзіне  
Кәпір емес – Ер Сеңкібай көрінді!

«Уа, армысың!  
Бармысың сен, құлыным?!» –  
Естідің де ұлы атаңның ұлы үнін:  
«Мені тастап қайда кеттің?!» – деп сонда,  
Көк Бөріше көкке қарап ұлыдың!

Орындары ойсыраған көп текті,  
«Аһ!» дегенде аузынан кеп от төкті.  
Сен тексіздей бас имедің заманға,  
Бас игендер –  
Бақа-шаян боп кетті...

Дулығасы касқияды қақ төрден,  
Қылыш та тұр жаудын басын қақ бөлген.  
Көк Бөрінің күшігіне сол кезде  
Көк ит бастап, көп ит қоштап – тап берген!

Сары ит пенен қара ит сонда қоса үріп,  
Ойда қалды ойындары осылып:  
Әкімдікке – Хакімдігін қосылып,  
Хакімдікке – Ақындығын қосылып,  
Батырлығын қосылып...

Қарағай ең – отқа тие тұтандың,  
Бекзат едің – жұлынынан жұқардың,  
Сеңкібайдан қалған соңғы тұяқ ең,  
Арасында – өңкей күл мен құтанның!

Жау қашырар бір батырдың айғайы,  
Дау қашырар бір ақынның таңдайы.  
Бір жақсыдан бір-ақ тұяқ қалса да,  
Бір қауымның жарқырайды маңдайы.

Кезенді асып, өзенді асып, өргенді,  
Қайдан табам көз арбайтын көркемді?  
Қарқаралы – хан жайлау-ды сен барда,  
Сен кетіп ең – қара орманым өргенді!

...Заман көшті. Көк пенен Жер күңіренді,  
Дүние бір сұрқия сұр түрге енді.  
Сеңкібайдың аруағына тапсырдым,  
Бақа-шаян басып алса бұл жерді!

## I

Жеті жасар қарағай –  
Жеті жасар баладай.  
Қалың өртке шалдыққан  
Қарқаралыға қарамай,  
Қарағанды басына қалай келдім, балам-ай?

Қарқаралы көгалы, Қарқаралы гөзалы,  
Сені көрсем. құдай-ау, арқам неге қозады?!

Қарқаралы таулары – өртке түсіп, лаулады!  
Аласұрып тау-дағы – атан түйеше аунады!  
Тәңірі жоқ... Бар болса, нәсер неге жаумады?!

Қарқаралы қайыңы – Алаштікі, айыбы.  
Ит те содан байыды, құс та содан байыды!

Мынау не «Хан-талапай»?!  
Қалмады ма бір талы?  
...Сұлу болма, балақай: сұмырайлар – құртады!

Жеті жасар қарағай –  
Жеті жасар баладай.

Атпай қойды-ау ала таң, алаң ойлар келді шақ:  
Ойға түспе, балапан, опынасың мен құсап,  
Қалың өрттің ішінде отырасың мен құсап!

## II

*Мұңлы Шайтан – Құдайдың қуған жаны...  
Абай*

Сұм Шайтан күллі әлемді күлкі етіп кеп,  
Мәз болған...  
Қақ айырылып, дүңк етіп көк –  
Жұмақтан Алла оны қуып шығып,  
Құлапты Шайтанкөлге күмп етіп кеп...

Бұл Шайтан қартаймайды – кіл жас екен,  
Осы бір Дүниемен құрдас екен.  
Түссе егер ер көзіне есін алған  
Жынысы еркек емес, ұрғашы екен.

Ол осы елден бұрын Күнді көрген,  
Гүлді де бұрын көрген мұңлық елден.  
Ол тіпті хор қызынан сұлу екен,  
Ол түскен көл де әдемі күллі көлден.

Арбайтын елді қолаң шашы ма екен,  
Анары, әлде Айдай қасы ма екен?  
Баһадүр батырға емес,  
Ақынға емес –  
Туғалы саф Алтынға ғашық екен!

Жердің де бірге жасап нуыменен,  
Ағады сак-сак күліп суыменен.  
Алтынға өзі арбалып,  
Өзгені де  
Арбайды соның сиқыр буыменен.

Күледі,  
Күңіреніп жылайды екен,  
Тәнін ол жұпар шөппен сылайды екен.  
Періште алтын көрсе – жолдан тайып,  
Шайтанның құшағына құлайды екен.

Көзіне көрінбесін жастай шалып,  
Көрінсе көзіне – құрт, басқа – ой салып,  
Баурына алтын басқан айдаһар да  
Қашады казынасын тастай салып!

Тоқтатпас кінә да оны, күнә да оны,  
Шайтанның бір-ақ мұрат, бір-ақ ойы:  
Алла мен адамға бір күлсе болды,  
Малынып саф алтынға тұла бойы.

...Алашым айырылып түр-түсінен,  
Айныды адамзат та үрдісінен.  
Маза жоқ күндіз,  
Түнде – тұрам шошып  
Сол сұмның сылқылдаған күлкісінен...

### III

Құлашын төскейдегі өрт серпе келе,  
Құлады төсектегі көрпеге де.  
Үйездеп, есі шығып лағып қалған  
Мына жұрт үйде отырып өртеме ме?!

Аллаң да, адам да ұмыт, Ар-дағы ұмыт.  
Елде енді ес жиюға қалмады үміт.  
Аярмен арбасуға халі келмей,  
Алашым лағып отыр барға кіріп...

Көңілде ой, көкте, әне, Ай адасып жүр,  
Барады қайда жөнep Алашым бұл?

Аксақал, қарасақал төрде отырған,  
Бір басқа мас бөл неге таласып жүр?!

Біреуі Қырымға асып, Ұрымға асып,  
Абылайсыз қосылмаған бұрын басы.  
Көшімді кім бастайды өрге қарай?!  
(Бәрі де мына шалдың – Ру басы!)

Қашан да бір оңалмай қойған ісі,  
Сұм заман!  
Ойында – ойран, бойда – мысы:  
Ойнаған неше түрлі оңбағанмен,  
Келіп тұр қазақпенен ойнағысы.

Топырақта ата-баба құты қалған,  
Сайтаннан қалай қашсам құтыла алам?  
Жерімді салайын ба?!  
Қалғаны – сол!  
Елімді... Баяғыда-ақ ұтып алған!...

Жалмауыз дүниеде, іші кепкір,  
Сандалам... Абылайдың түсі деп – бұл.  
Алдына құс салмайтын Құлагерім  
Етке өтіп бара жатып, кісінеп тұр!

Заманның арты кең бе,  
Басы – қыспақ,  
Арбаса «Хан-талапай» – асық ұшпақ.  
Мен жүрмін Батыраштың базарында,  
Қолыма Құлагердің басын ұстап!

#### IV

Құрт кеп түскен қарағайдың діңіне енді қарамашы,  
Тамам дүние – осылардың киер киім, тамақ-асы:  
Мотор-ара ұрттарына сыйып кетті қара орманым,  
Бұ заманның құрттары да – Цивилизация  
Шаранасы!

Мен Компьютер-Пенде көрдім – Цивилизация  
Шаранасы!



Қасиет жоқ, қасірет жоқ – қалқиған бір қара басы.  
Миы толы қалың цифр, басын ашып қарамашы:  
Жүрегі жоқ! Ішек-қарын бар...  
Бұл – Сайтанның баламасы!

Калькулятор – Тауық көрдім – Цивилизация шаранасы!  
«Халқым» дейді өксіп кейде, о да өтірік – қара басы!  
Алашқа рух болғанымен, бұған жейтін жем боп қалды –  
Ақсұңқардың Серігінің «Адам Ата – Науа Анасы»...

## V

Дегеленде – дерт,  
Қарқаралыда – өрт.

Исатай мен Махамбет болу қайдан-ды,  
Шернияз – құс тас төбемде айналды.  
Маған да бір Баймағамбет керек-ті –  
Тауып алдым! Қайран көңіл жайланды.

О, дүние-ай, шексізден де шексіз – дүр,  
Кеудемдегі сырымды айтсам кексіз бір, –  
Тексіз болды, бірақ со бір Байкем,  
Бетсіз болды – Сөз ұқпайтын бетсіз бұл!

О, Байкем, көріп болғам күштіңді!  
Көңіл күпті, қан қарайған, іш мұңды,  
Сен орысша сөйлейсің ғой – сөйлеші,  
Менен терең түсіне алсаң Пушкинді.

Көсемдікті қой да, одан, кел, түңіл:  
Сен Абайды оқымайсың, мен түгіл.  
Бір шыбықпен Алашты айдау – арманың,  
Біз бір – жүрген ел ішінде еркін ұл,  
Қолбинді де көрген жұртпыз, сен түгіл!

Қой, Байкем, күн тиместен – ірімей,  
Қой, Байкем, су тиместен – шірімей.  
Шернияздар шейіт болып тым ерте,  
Шерін соның тартқыздың-ау тірідей!

Арулаймын деп жүргенде ұлт арын.  
Тозып бітті ұятым мен ұлтаным;

Мені саған қор ғып, қайда кетті екен  
Қайран менің Баймағамбет сұлтаным?

Дегеленде – дерт,  
Қарқаралыда – өрт...

## VI

Ей, қойшы, күнім... Осынау бейіш, салқын бақ  
Жаныма жағып, отырмын мен де салқындап.  
Бұтада осы жайғасып, біраз дем алам,  
Креслосын кім берер дейсің алтындап.

Ей, қойшы, ей, күнім... Иран бағыңның іші – не?  
Имандай шыным: осы жер кірген түсіме.  
Осы бір тоғай, осы бір тау да жетеді,  
Патша бола алмай, ақын боп кеткен кісіге.

Иә, білем осы көгалға көктен қарадың,  
Ташкенде талай сұлудың шашын тарадың,  
Шайтанкөлдегі Ләйләні көрген жоқсың ғой,  
Көргенде оны не болар едің, карағым.

Не деген ғажап мөлдіреп аққан тоғаны,  
Қарқаралыдай ғаламда бір жер жоқ әлі.  
Патша болмайын деп пе едім осы аймаққа,  
Ақын боп кеттім – өзіме соның обалы.

Ей, қойшы, ей, күнім... Айтпашы иран-бақтарды,  
Сайрады, әне, жан сырын құстар да ақтарды.  
Патша болған сон құлдану керек біреуді,  
Мен бала күннен сүйөші ем Спартактарды.

Альпіге шығып, асқарға аяқ салдың ба?  
Ей, қойшы, ей, күнім... Қалайық осы шалғында.  
Жиренсақалдың басына шықсаң мен құсап,  
Жаһана күллі жатпаушы ма еді алдында.

Арабқа барып, Алашқа көктен қарадың,  
Шалкыл та іштің Шам шаһарының шарабын.  
Мен саған күллі ғаламды бере салайын,  
Қарқаралыны бір күнге берші, карағым.

## VII

Күл болғанда қауызынан гүл,  
От басқанда қынаны,  
Айдаһардың аузынан бір  
Сары Шайтан шығады.

Шайтан өртке араласып,  
Сак-сак күлсе бір ұшып, —  
Періштелер қара басып,  
Қалады екен бүрісіп...

Өртті өрге түре айдайды,  
Жасылына жақындап;  
От болмаса жүре алмайды,  
Күле алмайды сақылдап.

Ой мен қырға оқша ағады,  
Қос обаны қоса аттап,  
Ел мен ерге от салады,  
Қу мен сұмды қосақтап!

Сасықтар мен пасықтардың  
Санасында күледі ол,  
Қан жылаған ғашықтардың  
Арасында жүреді ол.

Түлкі бұлаң түрін көргем,  
Абылайдың асында.  
Ол жүреді сұлу көл мен,  
Сұлушаштын қасында!

Билік пенен күшке көнді,  
Қараған жоқ күшсізге.  
Ол қазақты үшке бөлді,  
Бөледі енді 300-ге!

Езулеп кеп емеді де от,  
Бүркеді оны гүлге кеп.  
Оған нұрдың керегі жоқ,  
Оған кара түн керек.

Сұлу көздің қиығында  
Жүреді де жаркылдап:  
Сұмырайдың иығында  
Күледі кеп қаркылдап!

Қарағайға қарғып жетіп,  
Қара орманның ішінде,  
Көзі ілінсе қалғып кетіп,  
Күл көреді түсінде.

### VIII

Дегеленді дерт алды,  
Қарқаралыны өрт алды.

Шыңырауда көзі біткен бұлақ – тұл.  
Өзегіне өрт кеп түскен құрақ – тұл.  
Алматыда, Көшесінде Саинның  
Ұлттық Ұят бетін басып,  
Жылап тұр!

Бозда, жаным...  
Замананың перісі,  
Арамданған ауылы мен кеніші:  
Сен – қазақтың соңғы шерлі Жамалы,  
Мен – қазақтың соңғы Ақан Серісі!

Бозда, жаным...  
Шырқ айналған шағалам,  
Қалай сені қанатыңнан қаға алам?  
Көз жасыннан көкірегіне өрт түсіп,  
Бір ұл туар Ұмадайын Анадан!

Сенің жұртың босқын еді, Бодан да.  
Бодан ұлыс оңбаған еш қоғамда.  
Тәңрі өзі айдап шыққан бір кезде  
Қайта кірдік Гоморра мен Содомға.

Бозда, жаным...  
Өзегіңде от толып,  
Күнәһар боп күңіренші,  
Сот болып!

Тәні қалып Гоморра мен Содомда,  
Ұлттық Рух ұшып кетті...  
Жоқ болып!!!

Алашым жоқ!  
Сайтан соққан,  
Сорлаған...  
Мен – Төлеген,  
Қыз Жібек-ті  
Ол – маған!

Махаббат – құс, қос канаты қайрылып,  
Ұшамын деп көкке қанат қомдаған:  
Оны-дағы қортық Қодар қорлаған,  
Сені-дағы қортық Қодар қорлаған!

Алашым жоқ!  
Сайтан соққан,  
Қорлаған,  
Жоқпын оған мен де,  
Жоқ кой Ол – маған!  
Ұлы кеткен Гоморра мен Содомға,  
Қызы кеткен Гоморра мен Содомға,  
Мен қазақтың соңғы ақыны сорлаған...

## IX

Қарқаралы, қайда көктің жасындары, қайтейін,  
Сенен – бір өрт,  
Менен – бір дерт басылмады, қайтейін.

Пенделердің көзіндегі құрты болдың, қайтейін,  
Салған өрт пен жанған өрттің жұрты болдың, қайтейін.

Ғаламдағы жалғыз пірім, Қарқаралы-ау, қайтейін,  
Сенен – бір шер,  
Менен – шемен тарқамады-ау, қайтейін...

## X

Дегелеңге дауасы жоқ дерт енді,  
Қарқаралыда – Қара орманым өртенді.

Қара орманым... Үрпиді де тұлымы,  
Қараң қалып – құрыды.

Қарқаралы тауын аса бергенде  
Қаракөздің түсіп қалды бұрымы!

Тамұқ оты – тасында,  
Ғабдиман да көрінбейді, Қасым да.  
Қара жылан ордасымен көшіп кеп,  
Ысылдап тұр – Қарқаралы басында!

Сұлулық бір сәтте – өлді!  
Қарқаралыны қара дию қак бөлді.  
Жұмақ жатқан бауырында сол таудың  
Көз алдымда Тамұқ оған тап берді!

Өрт түбіне, дерт түбіне жетер ме ой?  
Мұқағали айтқан: бәрі – бекер ғой,  
О, Тәңрі, Жұмақ пенен Тамұқтың  
Екі арасы бір-ақ қарыс екен ғой!!!

Дәуітәлі ағам айтып кеткен анығын,  
Көзбен көрдім,  
Тамам ойын таныдым:  
Осы жерде – Өмірім мен Өлімім,  
Осы жерде – Жұмағым мен Тамұғым!

Сарыарқада осы жұмақ – аралым,  
Жұмағымда Мәжнүн болып барамын.  
Хор қыздары Шайтанкөлдiң бетiнде,  
Қара шашын тарқаттым да,  
Тарадым!  
Аралымда ашылды да араным,  
Мас болдым мен сарқып iшiп шарабын,  
Қарағайдай жас болдым мен, қарағым!

Нұры ашқанда саңылауын сананын,  
Гүл ашқанда... Жас шыланып жанарым,  
Айдау жолмен адамзатқа жол тартып,  
Қарқаралыдан – ғаламзатқа қарадым!

Әкем дағы айта алмады: «Токта!» деп,  
Шешем дағы айта алмады: «Токта!» деп.  
Қапылыста түсіп кеттім бір күні,  
Қасымнан бір қалып қойған отқа кеп...

Қараорманнан бұрын түсіп отқа кеп,  
« – О, Тәңірі, өрт басарың жоқ па?!» деп,  
Сұрап едім тіл қатпады ол маған,  
Тұла бойым – содан бері соқпа дерт...

Шыбын жаным бір тіріліп, бір өлді,  
Көкірегімнен көк аспанға жыр өрді.  
Жиделісай өні кіріп, құлпырып,  
Жиренсақал өксіп-өксіп жіберді.

Сонан шыққан Әлихандай,  
Әлімхандай ұлт үні,  
Жасындайын жойқын екен күркірі.  
...Жұмағымды біреулерге тастай сап,  
Мен Тамұқтан бір-ақ шықтым бір күні...

Өрт түбіне, дерт түбіне жетер ме ой?  
Мұқағали айтқан: бәрі – бекер ғой,  
О, Тәңірі, Жұмақ пенен Тамұқтың  
Екі арасы бір-ақ қарыс екен ғой!!!

## XI

Төрле, Бекзат Азаттық!  
Түбіме жеткен – құлқын-ды.  
Құл мен күнді мазақ қып,  
Ақсүйек қылшы ұлтымды!

Дегеленді дерт алды.  
Қарқаралыны өрт алды.

Құдайсыз қап, болды дағы құл – тұлға,  
Ұлысым да аңырады, ұлтым да.  
Генералдар көшіп кетті Мәскеуге,  
Дегелеңнің дерті қалды жұртында.

Қарау пиғыл таңдайыма татыды.  
Қараорманым өртке түсті-ау акыры.  
Қараөткелде қарағайдан үй салды,  
Қарқаралының қашып кеткен әкімі.

Дегеленге дауасы жоқ дерт енді,  
Қарқаралыда – қараорманым өртенді.

...Алаш дейтін Ару қыз-ай, кайтейін,  
Көрінген ит ашты-ау сенің көрпеңді!

## XII

Сэм ағай, кел, төріме шық, жоғары,  
Дүниенің сенсің қыдыр қонағы.  
Мынау менің Мәңгүрт байым болады,  
Мынау менің Мәмбет байым болады,

Сенің данқың өртеп біткен өзегін,  
Мәңгүртім де менсінбейді өз елін.  
Құйрығын жеп, майын ішкен көженің  
Мәмбетім де менсінбейді өз елін.

Барар жер жоқ, басар тауы – Соқыр бір!  
Жемтік көрсе қарғадайын шоқыр кіл.  
Өз жерінің қазынасын өзі ұрлап,  
Өз еліне өзі күліп отыр – бұл.

Ұлтын көрсе – ішер астан қақпайлар,  
Қыртын көрсе – шапан жауып, ат байлар.  
Анасы оның Алаш емес –  
Құл мен Күң!  
О, тегіңе тартпай қалғыр,  
Тартпай қал!

Мәңгүрт те – мәз,  
Мәмбет те – мәз, елжіреп,  
Мұхит асып Сэм ағайым келді деп.  
...Пушкинді оқып тауысқандай,  
Екеуі  
Уитменді оқып жатыр енді кеп.

Кел, Сэм ағай, көтеріліп өр еңсе,  
Мен де біраз жырлайыншы Гомерше:  
О, дүние-ай, осы екі шонжардан,  
Екеуміздің көсегеміз көгерсе,  
Мен де біраз жырлайыншы Гомерше!

Мемлекеттік буржуазиям – осы – інің!  
Түс үнгірге!  
Одан неге шошыдың?  
Мемлекеттік люмпен-пролетариат –  
Шаша салған шаранасы осының!



Мен аспанда ұшып жүрген бұлт едім,  
Телегей бір теңіз-нөсер ұлт едім,  
Техас болам әлі мен де,  
Қалаға –  
Көшіп келді, міне, күллі люмпенім.

Түс үнгірге, жан-жағынды андап ап,  
Бүрге талап, Аузы-басы қан жалап, –  
Жүрген шығар Франсуа Вийоным\*  
Қаламсап ап қолына һәм қанжар ап!

Қайтсін бұлар оның жырын?!  
Қақпайлар!  
Ана тілі – аспанға атқан ақ кайнар:  
Анасы – Ұмай,  
Атасы оның – Көк Тәңірі,  
О, түбіңе тартпай қалғыр,  
Тартпай қал!

Сэм ағай, кел, төріме шық, жоғары,  
Дүниенің сенсің қыдыр қонағы.  
Мынау менің Мәнгүрт байым болады,  
Мынау менің Мәмбет байым болады.

## ЭПИЛОГ

*Нанға шығып – құран алма,  
Құранға шық та – нан ал!  
Қазақтың қанатты сөзінен*

Қара күл, кара шаңды ап,  
Қолыңа кара да тұр:  
Қара орман – кара шаңырақ,  
Тұл болып бара жатыр,  
Пұл болып бара жатыр.

Қасыңа бара алмадым,  
Қалдым да омала құр:  
Қайда Алаш – Қара орманым –  
Содом мен Гоморра бұл!

Жан мен тән аласұрды.  
Кеш, Алла, Алашынды!  
Түсейін сабама кеп,  
Күнәсіз бала сынды,  
Ішейін кара суды!

Енді ұқты есі кіре:  
– Тәңірін – ұлы! – деп бұл.  
Құнанбай мешітіне,  
Камалтин мешітіне  
Құдайдың құлы кеп тұр!

Көз жасын сығып, арып,  
Сандалып сансырамас,  
Құранға шығып алып,  
Құдайдан нан сұрамас!

Өзегін өртеді өлең,  
Қиырсыз қия-белі –  
Тәңіріне еркелеген  
Түркінің тұяғы еді.

Тәңірі!  
Үй-іші – кеңіп,  
Пендеңе зарлы, мұнды,  
Сел-сел ғып құйшы келіп  
Махаббат, жаңбырынды,  
Таң нұрынды!

Қажыдым қара күлден,  
Қарау ой, қаралы үннен.  
Абайға барамын мен!  
Аллаға барамын мен!!!

Ел болар есі кіре:  
– Тәңірін – ұлы! – деп құл.  
Құнанбай мешітіне,  
Камалтин мешітіне,  
Құдайдың құлы кеп тұр...

*Қарағанды – Қарқаралы – Қарағанды*

---

\* Франсуа Вийон – Францияның қарақшы ақыны.

# АДАСҚАН ҰЛДЫҢ АТА ЖҰРТҚА ОРАЛУЫ

(XX ғ.)

Бір-ақ сүйем – Жер мен Көктің арасы.  
Жасынның отын ұртта! – деп –  
Мен –  
Аксұнқар құстың баласы,  
Ұямды салғам бұлтқа кеп.

Кеудемдегі көк кептерім – өлең-ді,  
Кемпірбайдай –  
Көкке ала жөнелді.  
Осы Дүниеге маза бермес ол енді!  
Көкірегіме сүңгіп кіріп Көк Түркі,  
Көз алдымда Күллі Дүние көнерді.

Босағадан – Төрімді,  
Көгімнен – Жеті Қарақшыны тауып ап, –  
Көкжиектен – Көк Тәңірі көрінді,  
Көрінен – Аксұнқар аунап!..

О, Боз Далам, Боз Далам!  
Қолқамдағы қандай шер бұл – қоздаған?  
Сұнқарыңнан сенің ешкім әрі асып,  
Тұлпарыңнан сенің ешкім озбаған!  
Бәрі – бітті...  
Қорқыт жыры –  
Тозбаған:  
Қобыз қалды сарнап сенде,  
Сонан сон –  
Қобыздайын мен қалыппын боздаған...

Уға айналып – шарабы,  
Самұрық неге ала көзбен қарады?  
Уитменнен...  
Киплинг...

Мандельштамнан манағы, –  
Миы ашыған ахедеулеу баланы,  
Ақтамберді алып қашып барады!

Қия бетте қырық қабырғам сөгіліп,  
Нені іздеп ем, не біліп?  
Ноғайдан қайтқан Қазтуғандай,  
Төгіліп,  
Қазақстаннан –  
Қазаққа келдім егіліп!!!

Сонда Уақыт қасыма кілт тоқтады:  
Қорғаннан – Шүршіт,  
Орманнан – Кәуір оттады.  
Көк Тәңірі –  
Су Тәңірі,  
От Тәңірі –  
Қара басын қарсы қойған Рухқа –  
Жетесізді –  
Жетпіс жылға соттады!

Ей, құл-құтпан, баспағым!  
Тәңірі құйған қалыбыңнан аспадың:  
Аяқ-қолы кісен екен, қарасам,  
Әлихан мен Әлімханнан басқаның!

Көшелі –  
Керім елдің, сері жұрттың кешегі,  
Маңдайдағы соры неге бес елі?!  
Көк Тәңірі енді өзін тәрк етсе,  
Оны –  
Өлім Жазасына кеседі!!!

Текті Түркі тең-құрбыдан шет қалып,  
Ақырзаман кепті анық.  
...Осы дүниеге олжа салған Олжас еді қазақтан,  
О да кетті Күнбатысты бетке алып...

Күнбатыс пен Күншығыстың арасын  
Кезгенінді «Кезбе» дейтін күй деп айт:  
Көке!  
Қайда барасың?!Үйге қайт!

Қазақ еді – Қаз Үнін.  
Жазығы – не?  
Менің қандай жазығым?!  
Көнбе ешкімге, Көк Бөрі,  
Сөнбе, Темірқазығым!

Көк Тәңірі Көктен Жерге сауып Нұр,  
Еділ Патша елге келді шауып бір!  
Қайда жөнep барасындар ауып бұл?!  
...Қазақты қайырып түркіге,  
Төбемнен жауһар жауып тұр...

## ЕДІГЕ ЖЫРЫ

*(Осы заманғы нұсқа)*

Көкірегім толған – кек.  
Шаршаған бір дәруіштеймін жолдан кеп.  
Атилла айғай салады ылғи түсімде:  
«– Адамзатқа мен де ие болғам! – деп –

Зәузәтім – кім?!  
Сен бе?!  
Шаруаң біткендей...»  
Ғұмыр бойы тек осы үнді күткендей, –  
Өлең жазам сонда шошып оянып,  
Қолдан басқа түк келмей!

Киіз Үйден кіріп келсем  
Бетон Үйге үш аттап,  
Дауыс салды Ұмай Анам құшақтап:  
Атилланың Аруағы жүр еді.  
Оны-дағы кеткен екен пышақтап!

Қаралы –  
Аруак өліп барады!!!  
Босағада өншен өнез күліп тұр –  
Аузынан мұңкіп арағы!  
Көк Бөріден қалған ғадет бар әлі,  
Тілмен жалап жүректегі жараны, –  
Ұлып!  
Кезем –  
Даланы!!!

Күллі жырым – Көк Түркідей – қаралы:  
Ғалам түгіл, Қазақ естімеген соң,  
Жерді тастап!  
Елді!!  
Бала-шағаны, –  
Көк Тәңрі-ау, Саған жөнөп барады!

Өткен тарих, келесі, –  
Салт Атты мен Жаяулардың егесі!  
Тәңрі ғана түсінетін өлеңді  
Өзге тілге тәржімала демеші;  
Евтушенко десе ауысқан ел –  
Есі –  
Танымаса – танымасын мені осы:  
Кремльде жүргенімді айтам ба,  
Есімді алып Едігенің елесі?!.

Ызалы ой мен тоқсан тарау толғам көп.  
Жүрсем-дағы дүниені шолған боп, –  
«Халық жауы» ем социализм кезінде,  
Капитализм келді... Онда да оңғам жоқ!

Көтерілсем – Көкке төбем тиеді.  
Көзім түссе – сұмның беті күйеді.  
...Едігем-ай, ешкім ойлап таппады-ау,  
Екеуімізге жағатын бір жүйені.

Жер беті – лас.  
Аһыреттің түсі – аппак.  
Аяр Заман арқамнан кеп пышақтап!!  
Феодализм –  
Социализм –  
Капитализмді  
Үш аттап, –  
Боздап тұрмын Ұмай Анамды құшақтап!!!

## ҚОРҚЫТТЫҢ ҚОБИЗЫ

Ол сахнаға шыққан сайын ісі қазақтың көзіне көкжиектен  
Көк Бөрі кара көрсетеді.

Киеміз – Сол! Иеміз – Көк Тәңірі еді.

Екеуінен көз жазып қалғалы елден – береке,  
ерден – рух кеткен. О баста төрт құбылалы Жердің бетінде  
біз де төртеу едік: Көк Тәңірі – Көк Бөрі – Көк Түркі –  
Қорқыттың Қобызы. Ақыры төртеу түгенделді –  
төбедегі келе жатыр! Бірақ, алтау – әлі ала:  
ауыздағы кетіп барады...

Ол – Ұзын Найзалы, Салт Атты  
Көшпенділер Өркениетінің  
Ен Соңғы Тұяқтарының Бірі хәм Бірегейі!

Бұл бала жарық дүниеге келгенде  
қазақтың көзіне ілінер қарасы калмаған.  
Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсындардың  
сүйегіне қына шыққалы қашан?!  
Қызыл идеяның қырғынынан әзер тірі қалған  
Әлімхан Ермеков пен Мұхтар Әуезов еді.  
Олардың да орны үңірейіп тұрған...  
Адамзаттың аламан қырғын-сүргінінен  
Алланың алқауымен ғана әрең аман қалған  
Алаш жұртының шаруасы шаш етекпен-ді.  
Оны жетпіс жыл бойы бірнеше ғылым академиясы  
бірігіп, атқара алмаған. Ұлтсыз – дінсіз – ділсіз –  
космополиттік – тобырлық империяның  
боданындағы біздің ел ұлттық миссияға зәру-ді.  
Соны Тәңірі оның үш баласының маңдайына жазып қойыпты.

Біріншісі – Олжас Сүлейменов:

– Я иду вам навстречу, серые сволочи! –  
деді ол Останкинодан күндей күркіреп!  
Ақтамберлі осылайша орысша сөйлегенде  
анти-адамзаттық ауруға шалдығып,  
көзі-басын қан жапқан көркеуде Империя  
казактан алғаш рет айылын жинай бастады!

Мұхтар Мағауин – ХХ-шы ғасырдың социалистік –  
коммунистік казармасында бастығырылып жатқан



асау Қазақ Пегасының темір тұсауын сыпырып алып,  
XV-шы ғасырдың жайлауына айдап жіберді!

Бекболат Тілеухан – Қорқыттың қобызына қайта тіл бітіргенде  
жартылай қазақ, жартылай орыс Мәнгүрттің  
миына Мағауинның Қобыз Сарыны құйылып,  
Түркі Дүниесі отырған орнынан дүркірей қозғалған...

Қазір Ол түрегеп тұр!

Кердеңдеген Кеңес Империясы  
адамзаттық құндылықты жалмауыздай  
жалмайын деп жатқанда елде қалған  
Ең Соңғы Бақсы – бұл!  
Көзден бір ұшып, Көкке қашып бара жатқан  
Ата-Баба Аруағын  
Қорқыт Қобызының Киесімен  
XX-шы ғасырға шақырып алды – Ол!!!

Біз – күнделікті күйкі тіршіліктің күйбенімен,  
жер бауырлап жүргенде, Көк Түркінің осы үш баласы  
Алаш Анасын атам замандағы төркін жұртына қыдыртып  
қайтқан.

Қазан Төңкерісі Заманында Көк Түркінің осы Үш Тұяғы  
Үш Мәрте Ұлы Ұлттық Төңкеріс жасады!

Ұлттық Рух дегеніміз – Ұлттық Төңкеріс деген сөз!  
Адамзат тарихындағы ұлттық – буржуазиялық,  
таптық – социалистік революциялар ғаламға  
қан төгумен келді. Ұлттық өнердегі ұлттық төңкеріс  
дүниеге гүл төгеді! Нұр төгеді! Жыр төгеді...

Ол сахнаға шыққан сайын  
Бүкіл Түркі Дүниесі дүрліге тік тұрып,  
дүркірете қол соғады.  
Бұл – Көк Түркілер Әулетінің Көк Бөріні көкसेгені...  
Түркінің Иесі – Көк Тәңірі! Киесі – Көк Бөрі!  
Бізді тастап, қайда барасың сен?! –  
дейді Бекболаттың Қобызы.  
Өліп кеткен өркениеттің тірі қалған тұяқтарының  
мұндай сартап сағынышы тек бізде ғана бар! Көп елде жоқ ол...  
Америкада елсіз – жерсіз – тілсіз – дінсіз – ділсіз қалған

үндістер мен өз елі – өлең төсегінде шаңырағы  
шайқалмай отырған  
қазақтардың арасындағы ала бөтен айырмашылық,  
міне, – осында.

Орысша ойланып, қазақша жазатын шәйірлеріміз бен  
түркіше тебіреніп, орысша толғайтын Олжастың  
арасы да осыған жете қабыл болып тұр.

Өнерде Талант – Дарын – Ұлылық деген  
ұғымдар болушы еді. Ұмытылып барады...  
Ұлы халықтың түбіне дарынсыздық пен данғойлық,  
тобырлық мәдениет пен космополиттік тексіздік  
жеткелі тұрған... Сол кезде сахнаға Бекболат шықты да,  
жер бауырлаған Ұлттық Рух ғарышқа көтеріле жөнелді.  
Түркілік Рух Түркиядан емес – Түркінің Түп Тұяғының  
Қара Шаңырағы – Қазақстаннан қанат қағып барады!  
Алла Алашты сүйеді екен!  
Тәңірге – тәубә!

Бекболат Тілеухан – Қазақ әнінің Қазтуғаны!  
Ол сахнаға шықпай тұрғанда біздің бойымызда  
түркіден бір тамшы қан қалмауға айналған-ды.  
Бекболат Қорқыттың Қобызын боздата жөнелгенде  
қазақтың тәніндегі сол бір тамшы қан бес литрге айналып,  
бұрқанып, қайнап шыға келді!

Сол кезде:

Көк Аспанда – Көк Тәңірі!  
Қанатының астында оның – Қара Жер!  
Екеуінің арасында – Көк Түркі!  
Одан басқа ешкім жоқ!!! – деген  
Орхон – Енесай Жазуы есімізге түсті!

Уа, Көк Тәңірі!

Уа, Көк Түркі!

Уа, Көк Бөрі!

Уа, Қорқыттың Қобызы!

Төрт құбылалы мынау төрткүл дүниеде,

Төртеуіміз тізе қосып жүргенде,

Төрімізге Сайтан шыға алмаған!

Сөйтсек, төртеуімізді төрт жаққа айыратын

Ақырзаманның алғашқы күнін күтіп,

босағадан сығалап тұрған екен де...

О баста мынау опасыз жалғанда екі-ақ адам болған.  
Салт Атты мен Жаяу Жалпы. Олар Аспан мен Жер,  
Батыс пен Шығыс секілді бір-біріне кереғар  
екі мәдениет пен екі өркениетті дүниеге әкелді.

Темір ғасырдың тезіне көне алмаған Салт Аттылар  
Жер бетінде үш мың жыл сайран салып,  
үдере көшті де жоқ болды...

Жаяу Жалпылар қалды!

Жаһанды енді солар жаһандандырайын деп жатыр!

Біз атқа мінгенде олар жаяу-жалпы еді.

Біз шалбар кигенде олар жалаң бұт еді (Мағауин).

«Айнала бұлақ басы Тең,

Азаулының Стамбулдан несі кем?»

– демекші, Қорқыт Ата күйлерінің

Моцарттың «Жан азасынан» несі кем?

Күнбатыс бәйбішеден туып па еді?

Күншығыс тоқалдан туып па еді?!

Адамзаттың миын ашытып, көзін арбаған

дойыр догмалар мен теріс тезистердің

тас-талқанын шығаратын күн туды!

Көкірегі шерлі Соңғы Көшпелі

Цұргиса – Мағауия, Сүгір – Әбікен, Дина – Дайрабай,

Казанғап – Тока, Құрманғазы – Тәттімбет,

Абыл – Дәулеткерейлерді көктей өтіп,

Байжігіт – Боғда, Асан Қайғы – Қорқытқа

барып, ат басын әрен тежеді...

Мынау жарық дүниеде Көк Бөрінің Киесіндегі Кие жоқ!

Аспаннан жұлдыздар ағып түседі. Тарихтан ұлттар мен

ұлыстар із-түссіз кетіп жатыр. Қазақ елі үш жүз жылғы

бодандықтан бордай тозбай, Қазақстан Республикасына айналды!

Тәңірге – тәубә! – дейді Бекболаттың Қобызы.

Сұм зымиян Кеңес Өкіметі миына – Әзәзіл, жүрегіне –

дерт жіберген

Мұқағали адамзат поэзиясында жоқ сикыр әуендерді

кайдан тауып алған?! Семей полигонының құрбаны

колы жоқ Күйіков қасіретті ғаламның суретін тісімен!

қалай салады?! Мұның не екенін парықтауға пенденің ақылы жетпейді. Түркінің киесі – бұл... дейді Бекболаттың Қобызы.

Иен далада сапырып сары қымыз сіміріп,  
асау арғымақтың бауырында ойнаған түркінің  
таза қаны бар оның бойында. Саф алтындай тап-таза.  
Оның ес тандыратын эстрадалық әуен мен арақ-шарапты  
иттің етіндей жек көретіні – содан... Алматының  
барларына барып, маскүнемдердің арасынан  
Маралтайды суырып алып шыққаны да содан болуы керек...  
Екі күннің бірінде Астананың көк тіреген ғимараттары мен  
Маңғыстаудың үш жүз алпыс үш әулиесінің моласынан,  
Сарыарқаның төсі мен Жаңарқаның төскейінен  
түркі дүниесін іздеп, екі көзі төрт болады.  
Оны аспанда Алла алқады. Жерде – Аруақ жебеді.  
Жер бетінде үш мың жылдан астам сайран салған  
ата-бабаларымыздың аруағы еді ол...

Аспанда – Алла! Жерде – Пенде – һәм Хайуандар Дүниесі.  
Өсімдіктер Дүниесі... Өшпенділер Дүниесі!  
Пенденің өзі – Кентавр – жартылай – адам,  
жартылай – хайуан! Рухты нәпсі буындырып барады!  
Қобыздың шанағында Көк Тәңрі –  
Алланың азалы үні күніреніп тұр.  
Айға қонған американ астронавтарының  
құлағына шалынған осы қобыздың үні болуы мүмкін?!  
Олар Айдан Жерге оралған бетте Мұсылман болып кетті.  
Біз әлі жүрміз... Лағыш!!! –  
дейді Бекболаттың Қобызы.

Алаш Құранға шығып, нан аламын деп,  
Алланың кәріне ұшыраған жоқ па?! Тәңрі Оған  
Аспаннан Азаттық Құсын жіберіп еді ғой?  
«Көкте – Құдай, Менде – Мұнай – деді оған Қазекең казакша –  
сен әуеде қалықтай тұр. Біз мұндағы дүниені  
пышақ үстінен үлесіп алғанша...».  
Жұрт Жердегі жемітке итше таласып жатыр...  
Азаттық әлі аспанда ұшып жүр!

Алаш жұртына қашан келіп қонады ол?! –  
дейді Қорқыттың Қобызы – Кетбұғаның Қобызы –  
Ықыластың Қобызы – Қойлыбайдың Қобызы –  
Сыматайдың Қобызы – Бекболаттың Қобызы.

Ол Алашына Алладан медет сұрап,  
күн сайын бес уақыт намазға жығылады.  
Біз де бір мәрте тілімізді кәлимаға келтіріп,  
Құранның «Гадят» сүресімен тәубәмізге түсейікші:  
«Таң арайлап атқанда,  
Бұ да Тәңрі ісі деп,  
Тұяқтары от лақтырып – шапқанда,  
Жау ішіне кіріп келген кісінен! –  
Аттарға серт!  
Жүрек пендеден шайлықты,  
Тәңірді ол қалай түсінбек?!  
Жердегі ырыс-байлықты екі көзі тұр ішіп-жеп!  
Әй!  
Білмейсің бе, сұм пендем,  
Айтылса Алла үкімі,  
Қабырдан шығар тұл кеудең, –  
Хайуан болмыс-бітімі!  
Тарыдай жерің шашылар  
Сөгіліп жаһан қолтығы,  
Жан сырың сонда ашылар,  
Жазанды ал, әне, сол күні...».

## ЕЙ, БАЙБӨРІ, БАЙБӨРІ

«Ей, Байбөрі, Байбөрі!  
Иең қайда еді?  
Киең қайда еді?

Жүзің неден сынады?  
Түкті жүрегінді түбінен кеп кім іреген?!  
Сен де егіздің сынары,  
Мен де екінің бірі емен:  
...Екі жарты – бір бүтін – жұптасып,  
Қасыңа келдім, міне, мен:  
Табаны  
Жерді нық басып,  
Иығы  
Көкті тіреген.  
Көк Түркінің тұяғы едік, ырзығын  
Көк Тәңірінен тілеген.

Жұлдыз – төбемде тұрған шам,  
Түрегелсең – жазылар құрысын.  
Мағжандай мағмұрлансаң,  
Сен-дағы –  
Күннің Ұлысын!

Ат жалымен –  
Алтайдан – Альпіні шалып ең.  
Нас Сақтан Қазаққа айналғанда ұлысың,  
Көк Бөріден – Байбөрі боп калып ең.

Найзаның ұшына от өріп,  
Жауыңды ат тұяғына жаншыдың.  
Керей ханның ордасының керегесін көтеріп,  
Шаңырағына уық шаншыдың!

Түркінің қаны басыңа шапқан жалғанда,  
Өзің де бір дүр едің.  
Түркістанды қазаққа қосып алғанда,  
Қасқайып Қасым сұлтанның  
Қасында сен де жүр едің!

Жанын айналып жасынға,  
Көш бастап едің бір демде,  
Еңсегей Бойлы Ер Есімнің қасында,  
Жүрегі лүпілдеп  
Жүгіней-Олжашы жүргенде!

Инжу-маржан едің Алаш дейтұғын алқада,  
Зары едің Қорқыт күйінің.  
Қазыбекке еріп Сыр бойынан кеп Арқаға,  
Айрандай болып ұйыдың.

Мәремік тауына көсіл кеп,  
Дегелең «Бұл кім?» демеді.  
Сені  
Есімханның Ескі жолы есіркеп,  
Қасым ханның Қасқа Жолы жебеді!

Көкжиектен Көк Бөрі бір ұлып,  
Жау үдере қашқанда,  
Қалмақтың құлын,  
Шүршіттің сұмын Байбөріге сіңіріп,  
Балпан да балпан басқанда,  
Жерде  
Топырақ шымырлап,  
Күн күркіреген  
Аспанда!

Көк Түркінің Көк туының астында,  
Көш керуенді түзеп ең.  
Қайда екен сол бір Ат үстіндегі һас Тұлға?  
...Сен неге тұрсың тіземен?!!

Есімханның Ескі жолы мен  
Қасым ханның Қасқа Жолында,  
Һас тұлпар едің сөгілмей өткен қолтығы,  
– Хан Кененің қалай қалдың соңында?!  
Сені  
Албасты басты сол күні!!!

Қарқабат Ана –  
Абралы –

Шашын жайып  
Аңырады!

Хан –  
Тақтан түсті!  
Қазақ –  
Аттан түсті...

Қаракерей Қабанбайдың Дәуірі –  
Өлді!  
Қаба сақал кәуірі –  
Келді...

Рухсыз Денеді –  
Боқ!  
Дегелең –  
Жоқ!!!

Мәңгүрт –  
Мәңгі –  
Құрт!  
Мәңгі –  
Қырт...

Шерінді өксік қозғап бір,  
Бір күніңнен бір күнің өстіп озбақ –  
Тұл!  
Абралы – Шаңырағы ортаға түскен Байбөрі!..  
Әлі боздап тұр...

Кім мені бүйректен бөлген кеп?  
Аттың жалында Арқаның желі ұйқтайды.  
Абралы –  
Хан Кененің Аруағы күңіренген!!!  
Күндіз көз алдымда көлендеп,  
Түнде түсімнен шықпайды...

Абралы – Хан Кененің Аруағы күңіренген...»



## ҚЫПШАҚ КЕЙКІ

Ұзақ жүрер жол әлі.  
Жүрген сайын көзіңе жас толады.  
«Қыпшақ» дейтін Ұлы Күйім бар еді.  
«Кейкі» –  
Соның күлак күйі болады.

Торғайда –  
Соңғы үмітім –  
Желге ұшты  
Соңғы Қыпшақ –  
Жер құшты!

Көз жасыңды, Көк аспанға бұла-дүр,  
Қызың – боздап,  
Неге ішінен тынады – ұл?!  
«Қыпшақ» дейтін азалы әнің бар еді,  
«Кейкі» дейтін қайырмасы мына жыр:

Көк Бөрі – жоқ,  
Көкте мұңлы Ай қалды.  
Соңғы Қыпшақ Алтайға асып, жете алмай,  
Ұлытауды –  
Ұлып!  
Шыр-шыр айналды!

Зеңбіректің аузын оқтың бораны ап,  
Кәуір төкті күллі әскерін қоралап:  
Соңғы Қыпшақ сойқан сап жүр,  
Беліне –  
Абылайдың Аппак Туын орап ап!!!

Уа,  
Бұл ақ ту – Едігеден алған –  
Ту!  
Өр Алтайдан – Еуропаға барған –  
Ту!  
Ғаламға сүрен салған –  
Ту!

Хан Кенеден калған –  
Ту!  
Өр Торғайдың жерінде,  
Ер Кейкінің белінде –  
Заресін сұмның алған –  
Ту!

Бұл бір бітпес азам-ды.  
Азамды айтып, алып, Дүние, мазаңды,  
Төктім шерлі ғазалды:  
Сол Туға орап,  
Кейкінің басын ап кеткен,  
Кәуір!  
Сенің Тәңрі бергей – жазанды!

Атырау –  
Арка –  
Алатау –  
Алтай арасы,  
Бәрі – Қыпшақ даласы.  
Шыр-шыр еткен Торғайынның көгімен,  
Ал, санқылда, Ақсұңқардың баласы!

Жалғыз Өзі – жыр-тұма,  
Ұлы Қыпшақ Рухын бізге жырғап әкетті.  
Залым кәуір тәнін тастап жұртына,  
Басын –  
Ұрлап әкетті!!!

Ата жұрты –  
Алтай-ды  
Алтайдан көріп Аспанды –  
Көңіл марқайды:  
Қара-құрым зат... Мүскінге көз салмай,  
Адамзатқа –  
Ат үстінен шалқайды!

Оның Бекзат Ұлы Ата-Бабасы  
Жерден жеміт терген пендеге ыза бол,  
Көк Тәңрі мен Көк Бөріге арбалған!  
Өзіне ұқсас ұлыс таппай жалғаннан,

Шамырқанып –  
Шамданған:  
Даладан шыққан дарабоз еді-ау, кайтейін,  
Адамзатқа –  
Хан болған!  
Батыры –  
Жауына басын жүрелеп иетін,  
Қатыны –  
Түрегеп сиетін –  
Елді де көріп –  
Таң қалған!  
Тексізді жөнге салам деп неге сандалған?!!

Арғы атасы – Атилла – Еділ-ді.  
Дешті Қылшак – ұлысы.  
Басын иген Батысы мен Шығысы.  
Жолындағы қас дұшпанын жалмаған,  
Қолындағы –  
Тәңірінің Қылышы!

Елден ерек жұрты-еді.  
Текті, бекзат тұр-тегі.  
Қап тауынан Еділге дейін үй тігіп,  
Байқалдан кел ат суарған Түркі еді!

Дарадан да дара –  
Осы!  
Византия – Ұрымның жоқ зәресі!  
Аруағы елестесе көзіне кеп, Әлемнің –  
Кіресілі-шығасылы – әлі –  
Есі!  
Келе жатыр Қылшакпен қыркысып,  
Дүниенің күллі Әзәзіл – Пәлесі!

Уа, Кейкі-Бахадүр!  
Қалай басам өзектегі өртімді,  
Жұрт – Алтайды,  
Ұлт – ұмытты төркінді;  
Еділ мерт боп,  
Ел – иесіз!  
Жөңкілді:  
Оны – Қатын,  
Сені – Кәуір өлтірді!!!

Қасіреттен қоздап жыр,  
Басымыздан ғасырын ап, озбақ – жыл  
Қазақ деген – Төлеген ғой,  
Сәлемін –  
Қос Обада Ақ Қазға айтып,  
Боздап жүр!

Қос Обада,  
Қалған соң бір қайқанда,  
Сәлемімді мен де Ақ Қазға айтам-да:  
– Токта, Қыпшақ!  
Қайда жөнep барасың,  
Мені тастап Саппас бенен Сайқалға?!

Ерің қайда?!  
Елің қайда еңселі?!  
Кімді емгенмін?!  
Мынау – кімнің емшегі?!  
Жер астына кірсең дағы жеті қат,  
Токта, Қыпшақ!  
Тауып алам Мен –  
Сені!!!

Жалғанда, жалған, жалғанда,  
Қай есемді қайтарғам?!  
Сенің Басыңды Кәуір шауып алғанда,  
Менің Миым шайқалған!

Басым айналып,  
Тілім байланып,  
Қасқырдай –  
Ұлып!  
Терімді – Айға кептірдім!  
Абыралыдағы Атом Бомбасынан шығып,  
Саған кеп тұрмын!!!

Алтын Басымды Алладан басқаға ұсынбан!  
Арымның садағасы – Жаным!  
Ділім – Адамзат,  
Дінім – Мұсылман,  
Қыпшақ – Қаным!

Сарыарканың сары желі сабалап,  
Рухың елге оралды.  
Сары орыстан –Қара орысы балалап,  
Қара бұлт торлап тұр молаңды!!!

Торғайда –  
Соңғы үмітім желге ұшқанда,  
Соңғы Қыпшак жер құшқанда,  
Кәуір қылышымен шауып алғанда  
Жарынның құрсағындағы  
Тұлымды –  
Ұлыңды!!

Көкжиектен Көк Бөрі-ау,  
Көк Тәңріге ұлып ең,  
Алаш Анам, абдырап,  
Жүзінді Құбылаға бұрып ең:  
Мен –  
Һалифа шешемнің жатырына –  
Қыпшак Ақсұңқардың белінен  
Содан кеп түскен ұрық ем!

1950-де –  
Кіндіктен  
Қыпшак Қаным төгілді.  
Қыпшак Жаным егілді.

1986-да –  
Желпілдеп Қыпшак Тұлымым,  
Империяға қарап –  
Ұлыдым!

1990-да –  
Жүрелеген орнымнан  
Жүз ырғалып –  
Тұрдым.  
Қазак Қағанатын –  
Құрдым!  
Төбемнен Тәңрі Нұр құйып,  
Һас Сактан –  
Қазак боп –  
Тұндым!

Атырау –  
Арқа-  
Алатау-  
Алтай арасы,  
Бәрі – Қыпшақ даласы.  
Шыр-шыр еткен Торғайынның көгінде  
Ал, саңқылда, Ақсұңқардың баласы!

Төгілсін көз жасың,  
Ішің толы – шемен.  
Еуропада – Басың.  
Азияда – Денен!  
Тастап мына бал-бал бейнең мүлгіп тұрған кеңсені,  
Өр тұлғанды іздеп шықтым еңселі!  
Жер астына кірсең-дағы жеті қат,  
Токта, Қыпшақ!  
Тауып алам Мен –  
Сені!

Өлі ара – бұл шақ. Жанарда – мұз.  
Бұршақ-бұршақ!  
Алдымды – Тұман,  
Артымды – Күмән құрсап,  
Мен келем Сенің соңыңнан,  
Ақсұңқар – Ұлы – Қыпшақ!!!

Зарым да – Сен!  
Жоғым да – хәм...  
Барымсың!  
Шер кеудемнің запыраны жарылсын:  
Ақтығына дат түспеген Арымсың!!!  
Қыпшақ Торғай ақ нұрға кіл малынсын,  
Көк Тәңрі-ау, сен қайдасың айбарлы?!  
Қыпшақ Кейкі көрінен бір аунап,  
Қыпшақ Сұңқар шеменнен зіл арылсын;  
Құлағына бұ тас керең ғаламның,  
Қиядан кеп,  
Қыпшақ Жыры шалынсын...

# ҚАБЫРЫҢА ҚОЯМ БЕС ШОҚ ҚАРА ГҮЛ

*(Қазақ поэзиясының бес дәуірі туралы кандидаттық  
диссертацияның жобасы)*

## КІРІСПЕ

Ел-бесіктен – Жер-бесікке ауысқан –  
Аруақтар үні қайдан қауышқан?  
Құдайым-ау, қайда барсам – құтылам  
Құлағымның түбіндегі дауыстан?!

Қашпак болып қасіреттің үнінен  
Жол да жүрдім күнімен һәм түнімен.  
Көктөбеге, көк базарға барсам да  
Қалмай қойды-ау құлағымның түбінен?

«Серігім-ау, серпілсеңші, зарланба?» –  
Өзімді өзім ұксатам бір арланға –  
Кейде, тіпті, көздеріме қан қатып,  
Сүңгіп кеттім базары мол барларға.

Ұлысыңның шат-шадымен ұланы,  
Жанарында бейіш нұры тұнады.  
Елге қарал, естен танып, таң қалам,  
Ештенені естімейтін құлағы...

Тірлігі – той, тәні – мұздай салқын леп,  
Қарық боппын қайдағыны халқым деп.  
Түк көрмеймін... Құлағыма сөйлейді  
Мұқағали марқұм кеп:

«Таста оларды!  
Бол!  
Жаныма кел, Серік!»  
Дейді даусы бүкіл барды еңсеріп.  
...Қасқыр болып келгенімді ұмытып,  
Иттей болып, мас боп шығам теңселіп...

Ел-бесіктен – Жер-бесікке ауысқан –  
Аруақтар үні қайдан қауышқан?

Құдайым-ау, құтылатын күн жоқ па  
Құлағымның түбіндегі дауыстан?!

Қаралы жыр,  
Қаралы күн,  
Қаралы үн...  
Жазыла ма жанымдағы жара бұл?  
...Қанша едіңдер?  
Қазағымның атынан  
Қабырыңа қоям бес шок кара гүл...

## 1. ПОЭЗИЯ ЭКОЛОГИЯСЫ

*«Мақтап жүрген өмірің осы болса,  
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам».*

**Шәкәрім**

Поэзия – демін ішке тартып тұр  
Жидебайдың тұсында.  
Дантес – Қарасартовтың  
Мылтығының ұшында!

Тамамдап жыр сапарын  
Бір аттап... Екі... Үш аттап –  
Құлап түсті Шәкәрім  
Аттың жалын құшақтап!

Көзге жасым тұнып та  
Көргендерім түс, мүлде:  
Ақын жатыр – құдықта...  
Жендет – аттың үстінде!

Поэзия – батпақта!  
Бақа құсап малтып кал!  
Миды ашытты шатпақтап  
Микро-қарасартовтар!!!

Аза тұнған алабым,  
Тұманданып санасы.  
Қасқыры өліп даланың,  
Қалды – иттің баласы...



## 2. МАҒЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

*«Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына».*

*М. Жұмабаев*

Мен – Мағжан...

Өткен өмір – түс, міне.

Бас игем жоқ. Уақыт деген күштіге:

Жарты ғасыр жерде жатып... Исадай

Жанталасып шықтым жердің үстіне!

Қан суша ағып, ойран көкте оқ ұшып,

Өмір бойы өттім сұммен соғысып.

Ашып көрсен қанды жара – қу жаным.

Өмір бойы өттім сұммен соғысып:

Мұсылманның, христиан, будданың

Тұма жыры тұла-бойға тоғысып.

Қаным қайнап, қалжыраған денем де,

Жүрек бітіп шерлі өлеңге – шеменге –

Иман айтып елендеп ем, бір кезде

Иса қайта тіріледі дегенге...

Исаң – міне! Көр, адамзат, көркімді,

Зіл-залаға жағам тамұқ-өргімді.

Бәрімізді көрсетті де Иуда,

Бәрімізді Понти Пилат – өлтірді!

Исамын – мен!

Қресіңе іл, мейлі, –

Көтере алмас!

Менің тәнім – зілдей-ді.

Сансыз елес сапырылған көңілде:

Иуданың кім екенін өмірде,

Менен артық тірі пенде білмейді!

Талай-талай құшақтасқам онымен,

Талай-талай пышақтасқам онымен.

Әуре болып жүрем бе деп сонымен,

Түгі жоғын білгеннен соң сүйсінер

Түріне де карамайтын болып ем...

Әлі есімде оның түрі-түсі де,  
Тимей, тиіспей жүре алмайтын кісіге.  
Қара басып, жан екен деп менсініп  
Қалай соның қарамағам ішіне?

Құдай қосқан құрбаныңмын мен сенін,  
Құлын-тайдай құрақ ұшқан, беу, сенім!  
Көзіме ілмей, күлді-көмеш пендеден,  
Түү, тәйірі, не шығады деуші едім...

Ел қостаған пәк Музамды қостамай,  
Құдайымның маған соны қосқаны-ай!  
Біржан салға қамшы ала жүгірген  
Осы екен ғой адыраңбай Поштабай!

Бүкіл адам бір тіріліп, бір өліп,  
Бүкіл қоғам тығырыққа тіреліп, –  
Азнабайлар миығынан күледі,  
Поштабайын тапырандатып жіберіп!

Тағдыр мені тулақ қылып иледі,  
Тырнағыма неге тықты инені?  
Шетсіз шексіз жерім бар ед – мола боп,  
Елім бар ед – оны да Елтай биледі...

Уа, халкым, бұлбұл ұшқан бағынан!  
Мен – Мағжан!  
Жанымды бер,  
Жалынам!  
Қүдіретті құдайым – Сен, бір кезде  
Патшаны да жұлып алған тағынан!

Тыйып көз жас, көргенсіздік, сұмдықты,  
Жан-тәніңмен жарылқап ең мұңлықты:  
Патшаны да жұлып алып тағынан,  
Құрттым-ау деп ойлап едің құлдықты...

Мына жұмбақ тіршілікке жетер ме ой,  
Қан уыстап катып қалған мекен ғой.  
Николайдың суретінің орнында –  
Сталин тұр!  
Патша –тірі екен ғой!!!

Қош!  
Өмірім – өңім емес – түс, мүлде!  
Романовтан кетіп, тиген күш, кімге?  
...Біржан салға камшы ала жүгірген,  
Қызыл мундир – Поштабайдың үстінде...

### 3. «МЕН – ҚАЗАҚПЫН, МЫҢ – ӨЛІП, МЫҢ – ТІРІЛГЕН...»

*«Мен – қазақпын, мың өліп, мың – тірілген.  
Жергегімде сөйлестім кун тілімен...»*

*Ж. Молдағалиев*

Мен – Жұбанмын.  
Бас имеген ұлыққа.  
Маталмаған мансап деген құлыпқа.  
Акын едім – жерге тастап тәнімді,  
Өлгеннен соң айналыппын –  
Рухқа.

Акын – дауыс.  
Поэзия – жаңғырық.  
Оны естісе – тулақ тәнге жан кіріп –  
Ұшар көкке, канатын жыр талдырып.

Мен өлгем жоқ.  
Мен өлімді жек көрем!  
Мың – өліп, мың – тірілгенмін – деп келем.  
Сендер жерлеп қайтқан күні... Құс болып,  
Абдырап қап – аспанға ұшып кеткен ем...

Тіршілікте азаптаған сан тегі –  
Акындығым – Адамдықтың Анты еді.  
Көкке барып, өз көзіммен көрдім мен  
Абайымды,  
Аристотель,  
Дантені.

Көлеңке жоқ көңілімнің хошында,  
Құдай мені тап қылды бір қосынға:

Күллі әлемнің Рух Пайғамбарлары  
Ойға батып отыр бүгін – осында.

Жанталасқан майдан барда өмірде,  
Таңды күйттеп жату қайда көрінде?!  
Алматыдан үй таппаған Қасым да  
Отыр бүгін Мәңгіліктің төрінде!

Бұ жақта да жауабы жоқ мол сұрақ.  
Дүние тұр бір бұрышы ойсырап.  
Сәкен маған: «Қайда – дейді – қабырым?»  
Ілиястың тамағында – сол сұрақ,  
Мағжанның жанарында – сол сұрақ!

Артта – Тарих.  
Алда – қандай заман бар?  
Адам түгіл, Аруак та аландар:  
Жер бетіне жалтақ, жалтақ қарайды  
Жер астында мәйіті жоқ адамдар...

Сәкен маған: «Қайда – дейді – қабырым?»  
Мұнда да бір – зіл батпандай ауыр үн...  
...Отыр, әне, Дантеменен тілдесіп  
Менің Муза-Мұқағали бауырым...

Көзден ұшып жат пиғыл мен жат кісі,  
Ініміздің алынғандай бақысы.  
Кеше... Онымен сөйлеспеген еді ғой  
Жазушылар одағының хатшысы?!

Уа, тіршілік... Уа, күйкі тіршілік!  
Қолымызды байладың-ау қырсығып:  
Сенің ойран шуылыңа опасыз  
Қарап тұрмын биігіме бір шығып!

Тіршілікте қайсың болдың Күн-тұлға,  
Қайсың барсың күл болмаған құлқынға?  
Жамбыл атаң көшкеннен соң дүниеден  
Жаман-жәутік қалғаны ма жұртыңда?!

Тіршілік не?  
О, Тіршілік – түс, бізге,

Қауышпасыз қайта барып қыс, күзге.  
Мыйығынан күліп кімдер жүр екен  
Бір қазақты бөліп тастап үш жүзге?!

Кеттім міне, Алашым деп, құтым деп,  
Пейіліммен жыртығыңды бүтіндеп:  
Соғып тұрған Жүрек едің үш бұрыш  
Замананың кеудесінде – лүпілдеп!

Сан тыраштың сандалғанын көрдім мен,  
Тірідейін жанды алғанын көрдім мен.  
Батысыңның қан болғанын көрдім мен.  
Көрдім бәрін! Оның несін жасырам:  
Ұрғандарын ұлдарымның басынан,  
Жұлғандарын... Қыздарымның – шашынан!

Уа, Армысың, Республика Алаңы!  
Жина өзіне қаланы һәм даланы!  
Саф жарық кыл тұмаңдаған сананы,  
Серліп таста жүректерден наланы!

Жарлы емеспін. Жаным – күпті.  
Зарлымын!  
Адақтап айт көргеніңнің барлығын:  
Өрімдей пәк өзегіне от өріп,  
Қолдарына қызыл туын көтеріп –  
Қайта шықсын Ақжүніс пен Тарғыным!

Ақ пейілі ақ мәрмәрға ұсап қап,  
Сен тұр Сенат алаңына ұсап қап.  
Асқақ алып адымымен үш аттап –  
Тас тұғырын тастап иесіз көшеге,  
Абай келсін Лермонтовын құшақтап!

Шақыр бәрін атой салып, жаңғырып,  
Күләш шықсын күллі әлемді Өн қылып!  
Қазақстан – Ғажапстан мекені!  
Сталиндер келеді де – кетеді!  
Жалғаныңда Жамбыл ғана – Мәңгілік!!!

Ұрғызбаңдар ұлдарымды басынан,  
Жұлғызбаңдар қыздарымның шашынан!!!

#### 4. АҚЫНДАР МЕН ВОКЗАЛДАР

*«Көзімнен жаңбыр жауғанын,  
Көрдің бе, туған тауларым?  
Бауырыңа жетіп, лауладым...  
Қызарып күндей батқалы,  
Өзіңе келіп жатқалы...»*

**Т. Ысмаилов**

50-ші жылдарда  
Замана даулы жүрегін алқымға ап,  
Ілесіп қанаты жырларға  
Бір Ақын жүретін саңқылдап...

Сөйледі ол жырына от өріп,  
Тәкаппар өр басын өнезге игізбей.  
Жыр-Қыран Талантты әкетті көтеріп  
Аяғын жерге де тигізбей.

Орынын беретін жұрт тұрып,  
Жүрегін түсініп жарадар.  
Дауысын естіген тік тұрып  
Вокзалдар, сыраханалар!

Шемені жас болып ақты оның көзімен  
«Ақымақ!...»  
Пенделер!  
Жетер!  
Қой!  
О, сұмдық! Фашықтың сөзінен  
Пасықтың сөздері өтімді екен ғой?!

Уа, Тарих!  
Айтсаңшы айқайлап  
Өте ме ел осылай, жаным-ай,  
Өңшең бір пасыққа жауаңдап  
Өз ұлын – өздері танымай?!

Қайда сол бұла Ақын?  
Оны сен білесің...  
Сұрама!  
Жаралы жүрегін шаралпен жұбатып  
Ақыры ол сұлады ұраға...

Жатыр сол – ұрада.  
Көнеді –  
Ажалға Ақын да арланша.  
Моцарттар у ішіп өледі –  
Жерлейтін Сальери бар болса!

Ах, Төкең!  
Қош, Көкем!  
Тұл – әні...  
Паравоз керуені: Келдім! – деп жар салып  
Ұмытшақ вокзалдар тұр, әні,  
Ұрыншақ... Ұлдарын қарсы алып...

## 5. НЕКРОЛОГ

*Өлара өтсе өруге жүрген елікпіз...  
К. Мырзабеков*

Өне бойын Өмір-Күннің нұры өпкен,  
Космосты, Тын Даланы жыр еткен –  
Керемет бір Ақын бар ед қазақта,  
Кетті ақыры ол боздақ та – жүректен...

Бақыл, бауырым!  
Сәби жаны бұлқынып,  
Далаң қалды – айғыз-айғыз жыртылып!  
Арал қалды – айдынында құм тұнып...

Ағаш қалды – жапырағы желкілдеп,  
Алаш қалды – атырабы еңкілдеп:  
Абайдың да Қарауылы қалды, әне,  
Алапаттан – топырағы селкілдеп!!!

Қордай қалды – қолына асқақ жырыңды ап,  
Айдалада Торғай қалды – шырылдап!  
Алатауда үйін қалды – азалы,  
Алматыда құйын қалды шымырлап...

Қыран қалды – қанаттары талғанда,  
Жылан қалды..., Жылан ғана қалған ба?

Халтуршиктер кара құрттай қаптап бір,  
Жұматайың жалғыз қалды жалғанда...

Бакыл, бауырым!  
Менің де өшіп тұр өкпем,  
Заман қалды кеше өзің жыр еткен.  
Алаң қалды – желтоқсанда дір еткен...  
Ғалам қалды – көз аспаған түнектен!  
Рак болса, арман бар ма – бейдауа,  
Біздің буын өледі өстіп – жүректен!

## **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕГІ СОҢҒЫ СӨЗ**

Абайдың – Алашсыз,  
Алашсыз – Абайдың жоқ күні.  
Қара өлең екен қазақтың биік шоқтығы.  
Дипломсыз Абай Аспанға жөнеп,  
Жұртында –  
Абдырап қалды қаптаған ғылым докторы.

Мағмұрланса маңдайы қушық тар ағай,  
Маңайы оның – ызың да ызың – арадай,  
Абайтануға тағы бір аусар келіп тұр,  
Албасты басқан-ақ келеріне карамай.

Мінбеден түсейікші!  
Ішейікші...



# О, ТӘҢҒРІ

*Валерия Порохованың «Құран. Мағына мен түсінігі»  
атты еңбегі негізінде түзілген көркем ой*

## ЖЫЛАННАН – ЖЫЛҚЫҒА

*Құранға құлқы құлап, құныға оқығандарға  
нам оны өзгелердің өзегіне құйған пендеге  
Құдайдың нұр шапағаты жаусын!  
Хадистен*

Желтоқсанның 31-жұлдызы күні, Жылқы жылын мен үстелде, ақ қағаз, қаламсаппен қарсы алдым. Әркім Тәңірдің маңдайға жазғанын қарекет қылады. Көрер қызығы мен алар несібесін патша – тағында, бұлбұл – бағында, қыран – қияда, балапан – ұяда, ұры-қары – ұрымтал тұсында қарсы алады. Бұл – жазмыш.

Менің үстелімде Құранның бірнеше томы жатыр. Оның біріншісі – И.Ф.Крачковскийдің аудармасы. Орыстар оны Сталиннің көзі тірісінде «Всемирная литература» сериясымен жалғанның жарығына шығармақ болған. Жданов тыйым салыпты. Кейін КСРО-да 1963, 1986, 1990 жылдары үзіле жалғасып жарық көрді.

Екіншісі – 1878 жылы Қазанда шыққан Г.С.Саблуковтың тәржімасы. Бұл – атақты төңкерісші-жазушы Н.Г.Чернышевскийдің ұстазы болған шығыстанушы ғұлама. Құранды арабшадан мән-мағынасын мейлінше сақтап қотарған кісі. Мендегісі – Мәскеудегі «Дом Бирунидан» 1990 жылы шыққан екі томы. Жартысы – арабша, жартысы – орысша.

Үшіншісі – Валерия Порохованың «Молодая гвардия» баспасынан шыққан Құранның мағынасы мен түсінігі. Ақ өлеңмен аударылған. Түпнұсқаға ең жақын, көркем нұсқа осы десе де болады.

Орыстар христиандардың қасиетті кітабын неше түрлі көркем безендіріп, бірнеше мәрте басып шығарды. Қазақша құранның екі-ақ басылымы бар. Құранды қазақша 1912 жылы Мұса Бекеев деген кісі арабшадан тікелей аударыпты деген сөз бар. Бірақ оның түпнұсқасы сақталмаған. Р.Нысанбайұлы мен У.Қыдырхановтың тәржімалары құранның түрікше жаңғырығы. Әзірше көңіл көншітері Халифа

Алтайдың арабшадан тікелей аударған «Құран-Кәрім. Мағына және түсінігі».

Жылан жылы жылыстап кетіп барады. Христиандардың қасиетті кітабын оқысақ, жұмақта жүрген Адам мен Хауа ананы жылан азғырып, олар тыйым салынған «Білім» ағашының жемісінен дәм татқан соң Таңірінің тіршілік заңы өрескел бұзылған екен. Сол күні ашулы Алла тағала Адам ата мен Хауа ананы жұмақтан қуып шығып, топырақтан пайда болған адамзатқа ендігі жұмырында қалған ырзығын сол топырақтан мандай теріп сылып тауып, жеуге бұйырады.

Соның сазаіын әлі тартып жүрміз!

Қасиетті Кітаптың аты – Қасиетті кітап. Біздің сүйсініп оқып жүрген кітаптарымыз соның жаңғырығы ғана. Біздің жыл санауымызда 644-650 ж. дейінгі кезеңде, Мұхаммед з.с. Пайғамбардың көзін көріп, сонын аузынан шыққан сүрелерді өзі жазып алған Зейд ибн Табит жүйелеген Құран сүрелері мен аяттары 1300 жыл бойы бір рет өзгеріске ұшырамаған екен. «Алла – біреу! Пайғамбар – хақ!» – деген осы. Ғылым-білімнің кәусарын Шығыстан сорып алып, өр басын Таңірдің өзіне өзеуреп соза бастаған тәкаппар Батыс Құран парақтарына XI-XIII ғасырларда крест жорықтары кезінде көз сала бастаған. Олар Құранды христиан дінінің артықшылығын көрсетіп, исламды көпе-көрнеу жақтырмай, аяқасты қылу үшін оқыған. XVII-XVIII з.з. Қайта өрлеу дәуірінде Батыстың озық ойлы ұлдары Құранға таңсық оймен қарап, қайта зерделей бастағанда, Алла Тағаланың ақ сөзі көкейлерінен шығып, көздері шарадай ашылып қоя береді. Вольтер, Гете, Ирвингтердің исламға имандай иіп, сүттей ұйытын тұсы осы кез.

Ресей Құранды XVI ғасырда қолға алған. Максим Грек деген христиан пәлсапашысы оның кейбір тарауларын белден басып, бұрмалап аударып, мұсылман дінін көзге шыққан сүйелдей көрсетпек болған көрінеді. Тек I Петр патшалығы тұсында Құранды түбегейлі зерттеу қолға алынып, біраз ізденушілік бой көрсетеді. Екатерина II кезінде орыстар оны француз тілінен тәржімалай бастады. Арабшадан тәржімалау бертінде басталды. XIX ғасырдың 80-ші жылдары Санкт-Петербург университетінің профессоры, орыстың көрнекті ойшылдарының бірі В.С.Соловьев Мұхаммед з.с. Пайғамбардың өмірі мен ілімі хақында өрелі кітап жазып, ислам дінінің маңызы жөнінде ой бөліседі. Құранды орысша терең зерделеу осы кезден басталды.

Құран өзінің өзгеше терең мазмұн-бітімімен, бай көркем образымен адамзат баласының көркем ойының ұлы шедеврлері қатарында тұр деп жазды оны ағылшын тіліне кемеліне келтіре аударған Артур

*Дж. Арверри Оксфорд басылымының алғысөзінде (1969 ж.). Ол адамзаттың асқақ ойшылдары неміс Гете мен орыс Толстойдың да жүрегіне тәңірдің шуағын құйып, терең тебіренген. Пушкин Құранға еліктеп жыр жауырын түзген. Мұсылман дінінде «Иджаз» деген ұғым бар. Бұл – «Алладан асырып, бірдеңе жасаймын деме, – асылық болады» дегенді ишарат қылады. Алдарыңыздағы Құран-Кәрімнің жырға айналған қазақы түрі – мұсылман баласының тәубаға түсіп, тілін кәлимаға келтірген бір сәті ғана. Көкейден шығып, көңілді тап басса, аруақ, жебен, Алланың алқазаны деп ойлаймын.*

*Автор  
20.01.2002*

### **БӘЛӘД СҮРЕСІ (90)**

Қасиетті осы Мекке қаласына серт!  
Әкесі мен баласына серт!

Бұл пенденді сергелдеңге жараттым,  
Жараттым да,  
Екі бетін құбылаға қараттым.

Маңдайға екі көз салдым –  
Қос шырағың,  
Қарсы алдыңнан, әне, екі жол шығардым!  
Таңда, пендем,  
Сені-дағы таңдайды ол,  
Адастырмай апаратын қандай жол?!

Сауап болсын:  
Есірке бір жетімін!  
Кел де сипа, бір құлынның кекілін!

Иман келтір айқай-сүрең, дабырда!  
Жаны күйген жанды шақыр сабырға!  
Осы аятпен бітсін саған қанат та,  
Жаның сенің жай табады жанатта!

### **ЗІЛЗАЛА (99)**

Жер сілкініп, сөгілгенде қолтығы,  
Қабырларды ашады оның солқылы!  
«Не болды?!» деп тұрады атып аруақтар,  
Сол күні!

Тозаңдай бір жақсылығың болды ма?!  
Тозаңдай бір жамандығың болды ма?!  
Тәңір оны таразылар сол күні!

### ҒАДИЯТ (100)

Таң арайлап атқанда,  
Бұ да Тәңірі ісі деп,  
Тұяқтары от лактырып – шапқанда,  
Жау ішіне кіріп келген кісінеп! –  
Аттарға серт!

Жүрек пендеден шайлықты,  
Тәңірді ол қалай түсінбек?!  
Жердегі ырыс-байлықты екі көзі тұр ішіп-жеп!

Әй!  
Білмейсің бе, сұм пендем,  
Айтылса Алла үкімі,  
Қабырдан шығар тұл кеудең, –  
Хайуан болмыс-бітімі!

Тарыдай жерің шашылар,  
Сөгіліп жаһан қолтығы,  
Жан сырың сонда ашылар,  
Жазаңды ал, эне, сол күні!

### ҚАРИҒА (101)

Соңғы сойқан болады әлі бір күні!  
Ол немене?!  
Білмейсің сен!  
Күлкілі!

Пенден онда пәруанадай быт-шыт боп,  
Тау түгілі жүн болады бұл күні!

Бұл дүниенің тартсаң ауыр азабын,  
Сен көрерсің жұмағынның ғажабын!

Көндің көншіп, көрсен қызық базарын,  
Тарт ендеше, Тоzaғыңның Мазағын!

Хауия – сол,  
Келеді, әне, жақындап,  
Тамұқ Өрті – ол!  
Алдыңда тұр!  
Лапылдап!

### ҒАСЫР (103)

Заманға серт!  
Ал осымды қаперге:  
Пенде біткен туа қауіп-қатерде!

Иман айтып,  
Адалдықпен жүрсе жұрт,  
Ақиқаттын ақ екенін білсе – қырт,  
Азабына сабыр қылса –  
Зарланбай,  
Сол – қияннан жол табады!  
Сандалмай!

### ҺҰМАЗА (104)

Өңшең тексіз!  
Сұм-зымиян!  
Қайда –  
Қырт?!  
Малын санап, алған іші майланып!  
Күннің күні Хұтамаға түседі ол,  
Алла алдына келеді қайтсе де –  
Айналып!  
Қақталады отқа тәні сол күні,  
Ұзын-ұзын дінгектерге байланып!

### ҚҰРАЙШ (106)

Бір Алла деп,  
Жүзің ылғи нұрланып,  
Көш, Құрайш,  
Қысы-жазы жырғалып!  
Қасиетті Қағбана тұр барып!  
Жүзіңде – Иман,  
Жүрегінде – Тәңірі,

Жоктык көрме,  
Азап шекпе, мұңданып!

### МАҒҰН (107)

Алла көнбес аярыңа не түрлі:  
Мұттайым боп – мүсіркемей жетімді,  
Өзің тойып, аш-арыққа карамай,  
Құбылаға қаратып ап бетінді, –  
Намаз оқы, мейлі!  
Нағыз кәпір – сен!  
Бетінді емес,  
Түзе пиғыл-ниетінді!

### КӘУСАР (108)

О, Мұхаммед!  
Саған көктен кәусар күйдым бар Нұрдан!  
Раббыңа Айт Намазын оқы-дағы,  
Шал – құрбан!  
Һас дұшпаның – үрім-бұтақсыз!  
Қалды ұмыт!  
Сен өлмейсің!  
Сенің Рухың –  
Мәңгілік!

### КӘФИРҰН (109)

Әй!  
Кәпір! –  
Де –  
Сен табынған Дәлдүрішке мәңгіріп,  
Тәңірі барда мен бас имен!  
Мәңгілік!

Мен де сенше жасай алман құлшылық,  
Сен де маған көнбей-ақ қой қырсығып!  
Лағынет саған –  
Өз дініңмен қалдың ба?!  
Өз дініме жауап берем мен де Алланың алдында!

### НАСЫР (110)

Құлақ салған Алланың үніне тек,  
Уа, Мұхаммед!  
Тәнті пәк діліңе көк!  
Күннің күні Тәңріден зәресі ұшып,  
Күллі адамзат кіреді дініне кеп!

Раббыңа жалынып, Хакка,  
Кілен:  
«Тәубә!» десе ел,  
Жарылқар Жаппар Иең!

### МӘСӘД (111)

Қолы сынсын Әбу Ләһен кәпірдің!  
Қарғыс атсын!  
Қияметке шақырдым!  
Пана болмай жиган малы,  
Байлығы,  
Табады іздеп оны Алла айбыны!  
Өзеуреген өртке түсер ақыры!  
Арқалаған отыны мен қыл арқаны мойнында,  
Қоса өртенсін шайпау, жынды қатыны!

### ЫҚЫЛАС (112)

Уа, Мұхаммед!  
Айт оларға:  
Алла – Дара!  
Серіксіз!  
Мұң жоқ онда!  
Мұқым ғалам мұқтаж оған еріксіз!  
Ол туған жоқ!  
Һәм біреуден туатұғын сен емес!  
Адамзатта,  
Ғаламзатта Ешкім оған тең емес!

### ФАЛАҚ (113)

О, Тәңірім!  
Күн Иесі!

Таң Нұры!  
Өзің барда тезге түсер барлығы!

Сақта мені түсі суық түнектен!  
Жамандықтан – жақсылықты тұл еткен!  
Сиқыршыдан – адамзатты арбаған!  
Күншілдіктен – күллі жұртты құл еткен!

#### НАС (114)

Бұлбұл ұшып кетпесе екен бағынан!  
Тектім түсіп қалмаса екен тағынан!  
Аяр алдап,  
Жын жиылып,  
Сұм қаптап,  
Құлан жеріп кетпесе екен қағынан!  
Жаппар Ием!  
Жалғыз саған жалынам!!!



# ЖИЫРМА БІР ЖЫЛ

## *Поэма*

*Не умрешь, народ!  
Бог тебя хранит!  
Сердцем дал – гранат,  
Грудью дал – гранит.*

*Процветай, народ,-  
Твердый, как скрижаль,  
Жаркий, как гранат,  
Чистый, как хрусталь.*

*Марина Цветаева*

## АҚИЫҚ

### *Пролог*

Ақиығым, алды оның да абат нұр,  
Әлиханға жете туған қанатты ұл –,  
Алабұртқан Алашына төменде,  
Алатаудан мұңға батып қарап тұр.

Қарға-құзғын қалай мұнша көп еді,  
Алла неге жаратқан сол немені?!  
Қанатынан қайырамын деп еді,  
Алашынан айырамын деп еді...

Көкті бақпай – жан бағып,  
Ақиығым, саған ілесе алмадық.  
Жиырма бір жыл қолдан кісен түскелі,  
Соны сипап...  
Әлі отырмыз сандалып...

Алла жүзін бір көруді арман ғып,  
Сенен қалған – Хан Кенеден қалған жұрт.  
Жиырма бір жыл – жиырма бір жыр,  
Мен соны  
Қанатыңа тағайыншы маржан ғып!

Алашыңның Абылы – Сен!  
Қандасың –  
Қабыл салған маңдайына таңбасын!  
Аза жырым күңіреніп, Сені іздеп,  
Аруағыңмен қоса көкте самғасын!

Қарға-құзғын – жемтігіне бас салған,  
Қарқылдасын құты қашып, сасқаннан.  
Сен де – сұңқар, мен де – сұңқар, екеуміз,  
Алашты іздеп саңқылдайық аспаннан...

## 1

Уа, Көк Бөрі – Арысым!  
Аяр дүние Мені қайдан танысын:  
Адымымды санап басып, заманның,  
Адамның да аңдымалпын аңысын.  
Қан – ішім...

Желбіреген тұлымым,  
Мен де сендей иен даланын ұлымын.  
Жердің құртын басып тұрып табанға,  
Көкке қарап ұлыдым!

Қара жердің қасіретінен аһ ұрып,  
Қайран жүрек кара өлең боп ат ұрып, –  
Көкіректегі Көкке деген бір сезім  
Көк бұлттардың ар жағына шақырып, –

Көктің әні салғаным,  
Қалқып, қайран, қайда сол бір қалды әнім?  
Феодализмнен – социализмге секіріп,  
Байқонырда –  
Көк пен Жерді жалғадым!

Көк біткенге көңлім көншіп баладай,  
Күн де кешкем бұлағай да алағай:  
Барлық елдің жетімі мен жесірін  
Баурыма аһ ем баладай –

Қанжылап бір қарыны,  
О да Алаштың ақ сүтіне жарыды.  
Қанағаты жоқ ғаламда, қайыры,  
Қазақ болған –  
Азап болды-ау, Тәңрі?!

Ұлым кетіп – Ұрымға,  
Қызым кетіп – Қырымға,  
Азу тісім опырылып қанқұртпен,  
Айдалада қалдым қалың Мәнгүртпен!

О, Көк Тәңрі!  
Желбіреген тұлымым,  
Адамзаттың Мен бір асқақ ұлымын!  
Жердің құртын басып тұрып табанға,  
Келеді бір Көкке қарап ұлығым,  
Лайланым тұнығым...

Алты малта ғана калып ұртымда,  
Құл бола алмай құлқынға, –  
Тұрмын, міне, сактай гөр деп тұқымды, –  
Жұртыңда!

Көксегенім енді Көктен табылар,  
Жапбасымда тағы соның табы бар.  
Социализмнен – капитализмге бір-ақ қарғып,  
Келдім, Саған,  
Көк Тәңрі,  
Қабыл ал!!!

## 2

Қан базар – қазақ атырабы.  
Алмай көріңіз:  
Шүршітке топырақ сатылады!  
Үндіге –  
Маңдай теріміз!

Сағамыз!  
Хақың болмасын!  
Ай-хой, азаттығым:  
АҚШ-қа –  
Атом бомбасын,  
Орысқа –  
Қазақ тілін!

Қайда әлгі ұлттық табыс?!  
Не деп барам?  
Бір кило Ұлттық Ұят!  
Бір кило Ұлттық Намыс –  
Керек маған!!!

## 3

О, Азаттық!  
Көгілдір көктің жиектерінде де,  
Қорқыт-қобыздың тиектерінде де,  
Қара жерде осы қабыры калмаған

Мағжандардың сүйектерінде де, --  
Жазулы Сенің жырларың.

Аэропорттар мен гавандарыма да,  
Запыран құсқан замандарыма да,  
Қыршындарымды қырып тастаған --  
Азалы анау алаңдарыңа да. --  
Жазармын Сенің жырыңды!

Молалар мен мазарыңа да,  
Қасіреттен туған ғазалыма да,  
Қазақтың басын саудаға салған  
Қаптаған кара базарыңа да, --  
Жазармын Сенің жырыңды!

Оң қолыма да, сол қолыма да,  
Асфальт һәм айдау жолдарыңа да,  
Қытайдың ұлы қорғанына да,  
Орыстың жасыл орманына да,  
Нефедовтардың қалтасындағы,  
Қапшығындағы долларына да,-  
Жазармын Сенің жырыңды!

Жасындар жауған сөз өткеліңе де,  
Ғасырдың соңғы мезеттеріне де,  
Алаштың басын арбаған апиын --  
Транзит-секс газеттері де, --  
Жазармын Сенің Жырыңды!

Шалқар жерімнің шалғайына да,  
Толысып тұрған тал-қайыңға да,  
Әкімдеріңнің креслосына да,  
Ақындарыңның таңдайына да;  
Жұлдыздарымның сәулесіне де,  
Ұл-қыздарымның маңдайына да,  
Жазармын Сенің жырыңды!

Далама, таудың жартасына да,  
Каспийге, Арал. Балқашыма да,  
Дүрліккен мұхит толқындарымен,  
Дүниенің саяси картасына да --  
Жазармын Сенің жырыңды!

Ақ жүрегімді арыма қарып,  
Жаһанды күллі жаныма алып, --

Алдыма алып, аппақ қағазды,  
Қаламды қызыл қаныма малып, –  
Жазармын Сенің жырыңды!

4

Жау күйініп, дос сүйініп қарасын,  
Ғажап бүгін,  
Кез жер-көктің арасын.  
Қазақ Тілін тастап көшкен жұртына,  
Азаттығым,  
Қайда ұшып барасың?!

Жігер болса жетенде һәм ділінде,  
Енді ілесе қоймассың жат ілімге.  
Азаттығым,  
Көтеріліп аспанға,  
Сен сөйлейсің қашан Қазақ тілінде?

Ауыл көшті алтын бекет қала деп,  
Жүрегімде наза да көп, нала көп.  
Азаттығым,  
Аспанға ұшсан – самғай ұш,  
Қазақ тілін қоса өзіңмен ала кет!

Жау күйініп,  
Дос сүйініп қарасын,  
Ғажап бүгін:  
Кез жер-көктің арасын.  
...Қазақ Тілін тастап көшкен жұртыңа,  
Азаттығым  
Қайда жөнөп барасың?!

5

*Процай, немытая Россия,  
Старана рабов, страна господь,  
И вы мундиры голубые,  
И вы им преданный народ!*

*Михаил Лермантов*

О, Борис Патша, Ұлы Мәртебелі!  
Жазда – гүл, қыста – еліңді қар көмеді,  
Ордалы қалың орыс орманының,  
Тамырын терең салған карт емені,  
О, Борис Патша, Ұлы Мәртебелі!

Кеудесі – Ібір-Сібір зарлы өлеңі,  
Азалы дүниенің арлы өрені!  
Есесі есер менен езге кетіп,  
Аюдай ашу буған нар денені;  
Семсерін сергелденде сертке такқан,  
Сен де бір адамзаттың ардагері;  
Адами-замани өр болмысыңа,  
Орыстың қай патшасы пар келеді?!

Дүние – қызыл түлкі бұрандаған,  
КСРО саған – елес, Тұран – маған.  
Құлағым Шыңғыс хан деп шыңылдаса,  
Шымырлап мен де арқам... тұра алмағам;  
Пётрге тәнті болған Пушкиндейін,  
Шерленіп аруағына жыр арнаған, –  
Түркінің мен де зарлы шәйірі едім,  
Шашылған жұрты қайта құралмаған;  
Былдырлап мына жерде отыр, міне,  
Шегіндей домбыраның бұралмаған...

Ресей – ұлы елмін деп ұрандаған,  
Қалай бір құтты қоғам құра алмаған?  
Аз ғана аш аймағын асырамай  
Алтайға дейін неге тырандаған?  
Дүние – қызыл түлкі бұрандаған,  
Ұл болмақ, құл болмақ та – бір Алладан:  
Үш жүз жыл патша болған Романов та,  
Үш күндей бекзат дәурен сүре алмаған!

О, зілдей алтын тәжі Монамахтың,  
Жерге – ие, елге – тұтқа бола алмапсын,  
Бұқадай не бір мойын көтере алмай,  
Пұтына қарай соның домалапсын...

Қалайша байсал тауып, баптанам мен,  
Патшалық басқа қонбас бақ-таланмен, –  
Құдайға жақпай қойды құлдын миы,  
Сап қойып саф алтанға алтағанмен.  
Жаралған хан сүйегі Қаракөктен,  
Абылайдай бізден дара, дана да өткен.  
Алаштың Алла берген абыройын,  
Айбозым бірге өзімен ала кеткен.  
Төскейде – мал, төсекте – бас қосылып,  
Мен сенен кеткен болсам – жаңа кеткем:

Бағынан елдің – тағын артық көріп,  
Өксіген өмір өтіп қарабетпен, –  
Орыстың Ең Алғашқы Патшасы – Сен –  
Алтын тәж, алтын тақты талақ еткен!!!

Көз жастан көз аспаған ұлы халық,  
Құрыған сол қу тақта құны қалып,  
Биледі қаншама жыл есер оны,  
Бірінің тәжін бірі жұлып алып?

Күттірмей зарлы жұртты зарықтырып,  
Сарайдан тән шығармай – табыт қылып! –  
Тастадың талақ қылып алтын тақты,  
Лактырдың алтын тәжді тәрк қылып!

Лактырдың – тәж де басқа бір қайғы деп,  
Ұлтымнан ұзданымды ұрлайды деп.  
Алтынның буы орыстың бір ұлының  
Бір тамшы көз жасына тұрмайды! – деп.

Ескінің соңы,  
Соны – жаңа екенсің,  
Күл-көмеш күйкі де емес –  
Тәуекелсің!  
Ішінде дарабоздың дара екенсің!  
Дарынсыз данғой да емес – дана екенсің!  
Қарадан хан болатын Құнанбайдай,  
Анадан артық туған жан екенсің!

Алдында аяр біткен дірілдеген,  
Алтын тақ – Сайтан – арбап, күлімдеген.  
Көр соқыр билеушінің, соны ойласа,  
Кірпігі күндіз-түні ілінбеген;  
Бак құсы бұ бастағы – алақұс қой,  
Қайда ұшып, қонатыны білінбеген;  
Сыйынмен биік таққа шықтың дағы,  
Түстің де кете бардың сыйынменен;  
Жалғанда мынау жарық жан қалды ма,  
Сенің сол мәрттігіне сүйінбеген?!

...О, Борис Патша, Саған идім, міне,  
Өр басты-өзге ешкімге иілмеген...

Қайда қарап жүргем?  
Көкті түрдім де,  
Әнге салып,  
Айға қарап жүрдім бе?  
Үш жүзімнің үш мың жылдай жиганын,  
Үш жойыт кеп сатып алды бір күнде.

Қазынамның барын қайтем – парқым жоқ,  
Үш мың жылдай жиган байлық халқым боп, –  
Үш жойыттың арқасында жүр, эне,  
Үш қап құйма алтын боп!

Көлеңкедей көлбеп соның артында,  
Қайда қалғам бадырайған қалпымда?  
...Менің көзім – үш жойытта күн-түні,  
Үш жойыттың көзі – үш қап алтында.

7

Қара шаңырағым шайқалып,  
Жалп егіп, шырағым өшкенде,  
Бұ дүниеден, о дүниеге ханышадай найкалып,  
Һалифа шешем көшкенде,  
Шырылдап жан да, мал қалды,  
Ол менен ғана қалған ба?!  
Опасыз мынау жалғанды  
Омырауға құйып алғанда,  
Тәңрім Сені жіберді!

Маңдайдың қалың соры мына,  
Жер силал қалған соқырмын.  
Тәтемнің суыған орнына  
Теңселіп келіп отырдым!  
Әлди, бөпем, әлди-ай!

Көктегі түстің жасыннан!  
Запыраны екі ұртында, –  
Замана көшті басымнан!  
Екеуміз тұрмыз жұртында,  
Әлди, бөпем, әлди-ай!

Жауһар жалдаған шалғында,  
Үмбеті ем асыл бір ердің.  
Мен Алладан Азаттықты алдым да,



Қалғанын –  
Шашып жібердім!  
Әлди, бөпем, әлди-ай!

Қуды да айырды есінен,  
Сұмды да айырды есінен,  
Құзғындайын басып жемей баурыма,  
Сұңқардайын шашып жеген несібем!

Жардым да бұлтты, сілкіндім,  
Маңдайдың тағдыр-таланы:  
Мен уын іштім ұлтымның!  
Сұмырай балын жалады...  
Әлди, бөпем, әлди-ай!

Ай –  
Толықсып толғанда,  
Күн –  
Алтайдан шығып, Атырауды шолғанда,  
Ара –  
Гүлді аймалап, өргенде,  
Қазақстан –  
Он төрт мәрте Күнді айнала бергенде,  
Шырылдап туған құлыным,  
Шымырлап тұнған тұнығым!

Құл менен күннің бұл күні,  
Шекесі майға шылқыды.  
Сен өсіп, атқа мінгенше,  
Тояр ма екен құлқыны?  
Тоймас па екен құлқыны,  
Әлди, бөпем, әлди-ай.

Тәй-тәй, тәй-тәй, бөлешім,  
Жерден – Аруак, Аспаннан сүйеп-Құс кілең,  
Тәлтіректемей, өте шық –  
Коттедждер мен космополиттердің үстінен,  
Тәй-тәй, бөпем, тәй, бөпем!

Көшіме көсем кім десем,  
Ішінен неге тынады ұлт?  
Алты айда атқа мінбесен,  
Алаң да, алаң мына жұрт...

Осындағы әрбір ұлттың  
 Бар бір Ғажапстаны:  
 Жойыттың— Исрайылы,  
 Ұйғырдың – Қазақстаны,  
 Қырғыздың – Қырғызстаны,  
 Жұлдыздың – Жұлдызстаны.

Өкпелесе – көзде көлдей жасы бар,  
 Өпсе болды – өксігі де басылар,-  
 Орыстардың – Ресейі ормандай,  
 Бір кәрістің – екі Кореясы бар!

Алдында жоқ бір тірі жан тіл ұғар,  
 Мұхит асқан ұлып ары, құрып әл,—  
 Мұстафа Шокай, Мұқтар Мағауин көкемнің,  
 Жүрегiнің түгі бар ғой,  
 Түгі бар!

Күнге қарай керуен тартқан кезім бұл.  
 Тұман – Дүние,  
 Көкжиекте көзім-дүр:  
 Қазақстан, Сенен басқа түгім жоқ,  
 Гүл қылсаң да, күл қылсаң да – өзің біл,  
 Ұл қылсаң да, тұл қылсаң да – өзің біл.

## 9

Ассалаумағалейкум, «ҚазМұнайГаз»!  
 Қарға да қанаттанып, қалғымай –  
 Мәз!  
 Төлеген Қос обадан сәлем айтса,  
 Төбеңнен қалай ұшсын саңғымай қаз?

Елі мен жері де аппақ ары сынды,  
 Көзіне ілмейсің бе арысымды?  
 Мұнайдың мұхиты аққан топырақта  
 Бензин де –  
 Қасқалдақтың қаны сынды.

Қарға да қанаттанып, қалғымай –  
 Мәз!  
 Төбеңнен қалай ұшсын саңғымай қаз.  
 ...Құдайым қазағыңа деген құйттай,  
 Мейірім берсін Саған, «ҚазМұнайГаз»!

Түү түркіде – ғаламаты, тамыры –  
Қайда Түрік Қағанаты, Тәңірі?!

Мемлекеттік Қуат қайда баяғы,  
Мемлекеттік Шуак қайда баяғы?  
Мемлекеттік Ұят қайда баяғы?!  
Мемлекеттік Намыс қайда баяғы,  
Мемлекеттік Табыс қайда баяғы?!

Ауылдағы,  
Аудандағы,  
Облыстағы,  
Астанадағы әр текті,  
Мемлекеттік шенеуіктер Мемлекетті тәрк етті:  
Ойлайтыны – виллалары өзінің,  
Фирмалары өзінің;  
Салтанатты сапарлары өзінің,  
Бәйбішесі, тоқалдары өзінің.

Ойламайды Мемлекеттік Табысты,  
Мемлекеттік Намысты!  
Қайтеді олар Мемлекеттік Қуатты,  
Мемлекеттік Ұятты?!  
Мемлекетсіз елде жүрген сияқты!!!

Жаратылған көзден жасын төккелі,  
Өзіне де, өзгеге де өкпелі, –  
Мемлекетті ойлайтұғын – ақындар,  
Одан кейін...аруактар көктегі.

О, Тәңірім, азбыз ба біз, көппіз бе?  
Өткелектен өткіз, мейлі, өткізбе, –  
Өпсек – ақын, өлсек – аруак біз деген,  
Мемлекеттен басқа меншік жоқ бізде.

## 12

Беу, Һалифат, жұлдыздардың туған сәтін тойлайық,  
Екеуімізден басқа ел шаршап – көз ілді.  
Кел, немесе, «Соқыр теке» ойнайық,  
Ал, байладым көзіңді!

Зу-зу еткен окпын – мен.  
Ғұнмын мен де Мағжандай жаратылған От-Күннен.

Үстеліңнің үстінде де жоқпын – мен,  
Шкафыңның ішінде де жоқпын – мен...

Байқап жүгір, тұра алмайсың жығылсаң,  
О, маған серт – осы ойында жеңілсем:  
Прагаға – Мұқтар Мағауин көкеме барып тығылсам,  
Табар ма едің мені сен,  
Таппас па едің мені сен?!

Түбіндемін сен көрмейтін бұтақтың.  
Ғасырлардан ізде, – қалмай бір күнмен.  
«Адам-Ата – Һауа» деген кітаптың  
430 парағында жүрмін мен.

Жоқ, жібермен кезек алар кезімді,  
Ұнар саған, мейлі, тіпті, ұнамас:  
Мен іздейін, байла, қане, көзімді,  
Ал, сен болсаң, тұра қаш!

Ғалияның қойынында тұрсың сен,  
Әлияның мойынында жүрсің сен...  
Әй, не деген менен дағы айлакер,  
Менен өткен қусың сен?!

Байлаудағы көзім менің тек – сенде,  
Ел-жұртымның ертеңі – Сен еңселі!  
Екі Мың Отыз Жылды асып кетсең де,  
Екі Миллион Үш Жүз Мыңдай Жылды асып кетсең де,  
Тауып алам Мен – Сені!

Екі көзім сегіз боп,  
Екі көздің жасы – екі теңіз боп, –  
Мына өмірге келгенмін Мен – Сені іздеп,  
Өлсем-дағы қайтып келем – Сені іздеп...

## 12

Қайда, қайран, Кеңшілігім – Кең-ағам?!  
Тұла бойы –  
Тұраннан қалған от, қуат.  
Ру іздеп көрмеген, не топ құрап.  
Қазағымның аузыменен құс тістеген шайыры,  
Алашта – бар,  
Адамзатта – жоқ, бірақ!

Қайда, қайран, шіркін, Марат Қабанбай, –  
Қазағыма көктен жеткен хабардай;

Күндей болып өте шыққан күркіреп,  
Алтынбегім –  
Бір өзі –  
Бір замандай?!  
Өзі – әкім,  
Өзі – ақын,  
Өзі – батыр Заманбек –  
Алашына ақырып теңдік ала алмай?!  
Ақселеуім –  
Кете барған көкте жалғыз Тәңрімен,  
Жерде –  
Жалпак еліне мейірі қана алмай...

Соңында қалдым солардың,  
Мен де бір тексіз жамандай!

### 13

Ей,  
Құл мен күннің түсігі!  
Затсыз бен тексіз – қасында;  
Сен қайтушы едің кісіні –  
Кісілігің жоқ басыңда?!

Басын имейтін жаманға  
Мен де бір сотанақ сотқармын.  
Уәзір болар ем –  
Хан билеген заманда,  
Құл биледі –  
Құлға күлкі боп қалдым.

Шаңырағым – иесіз,  
Тұл – дала.  
Басылғаны-ай, мысымның,  
Қаратабан құлға да  
Құл керегін – түсіндім.

Замана өтті,  
Өргі – ұмыт.  
Кек алар кезім келді деп,-  
Өз бауырын – өзі өлтіріп,  
«Бауырым-ай»... дейді енді кеп!

Маңдайы неткен тайқы еді,  
Боздақты жоқтау қай теңі?

Алашты бұлар қайтеді,  
Абайды бұлар қайтеді?!

Ойым – ойран да,  
Санам – дерт.  
Айығудың содан, айт, емін?  
Мынау қу тобырға жағам деп,  
Құл болайын ба, қайтемін?!

...Бас емес – басым –  
Қорғасын.  
Көтеру қиын, қарағым.  
Өнезге иілмей өр басым  
Өмірден өтіп барамын!

#### 14

Атлант Мұхиты –  
Аждаһадай араны –  
Адамзатқа айбарлана қарады.  
Ұлы Далам тарих шаңына көміліп,  
Уылжып тұр Ұлыбритания аралы.  
Қалай түспей тұр Алланың көзіне  
Қалың араб – қаралы?!

Көзді арбаса көкшіл Гавай аралы,  
Ару Париж алтын шашын тарады.  
...Елу елдің қатарына жетсем деп,  
Өкіметтің өкпесі өшіп барады.

Заман қайда беттеді?  
Өкімет те өкпек желдей өтпелі.  
Дүниеге небір Көмекей жырау кеп,  
Көмейден жұпар төккелі, –  
Қазақ қанша өткелектен өтпеді.  
О, Тәңірім, өзің жебе көктегі!  
Сол елу елдің ішінде,  
Қанжығаласа алатұғын менімен,  
Бес ақын жоқ, өйткені.

#### 15

Жоғынды, Әлем, Қазақстаннан ізде,  
Жүр:  
Қандай екен біздегі ұл мен сіздегі ұл:  
Немісте жоқ Г.Бельгер де – бізде-дүр,  
Корейде жоқ Ким мырза да – бізде-дүр.

Төле билер шығатұғын төр менде,  
Отыр, эне, өңкей мырзам өркеуде.  
Кимді көрсек, Құдай жоқ деп ойлаймыз.  
...Бар-ау-дейміз – Гер-Ағаны көргенде.

Тұла бойым-сокпа дерт.  
Көбелектей түскендеймін отқа кеп.  
Бұл Алашты бір Алла өзі сақтап тұр.  
...Қазекен жүр Құдай бар ма...  
...Жоқ па деп...

## 16

Көктей өткен, Жаһан, сені  
Көк Түркінің көзі боп –  
Қазақ деген – Ақан сері.  
Өлеңі – бар. Өзі – жоқ.

Ертеңгі күн елес әлі.  
Бұлдырап тұр шашып от.  
Қазақ деген – Кенесары.  
Денесі – бар. Басы – жоқ...

## 17

*Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас*  
*Абай*

Білек түріп, тепсініп, белсеніп кіл,  
Араб шықты алаңды енсеріп бір.  
Келе жатыр ұлардай шулап бәрі,  
Алтын тағы құлардай тенселіп тұр.

Қайтем сені, Мүбәрәк, Мүбәрәк-ай,  
Мұсылман ба десем бір – дүбарадай.  
Алла – мәңгі!  
Алтын тақ – күздың шеті,  
Құлап кетсең, жатарсың тұра да алмай!

Керуен соғып, кеткен соң ерік бастан,  
Ойдан – ақыл, бойынан желік қашқан.  
Сенбейді екен араб та бір Аллаға,  
Сентен болса, –  
Неге оған серік қосқан?!

Мүбәрәк-ай, мүсәпір Мүбәрәк-ай!  
Сен де – кырғын.  
Мен де – аузы дуалы Абай.

Бір Алланың қаһарын бір араб кеп,  
Сезбей қойды-ау біздің Ғұн ғұламадай.

Тәңрі деген Ғұндар-ай, керегелі,  
Терең еді,  
Күллі елден ерек еді.  
Құран қалай түсті екен мыналарға?  
...Тұранға кеп түсуі керек еді.

## 18

Ипподромда той боп жатыр,  
жерін – дүбір, аспаның – жыр,  
Бір ноғайдың аты озды деп,  
бір мың қазақ мас болып жүр.

Қазақстан – алтын бекет,  
керуендегі дүбірін – дүр,  
Бір жойт кеп тоқтап еді,  
жүз мың қазақ жүгіріп жүр.

Қатын алмай – қайын алды  
шүршіт екеш шүршіт келіп,  
Байып алды!  
Қазақстан қолында тұр ұршық болып...

Ессіз – Алаш, иесіз – дала,  
нұрсыз – жанар, гүлсіз – құрақ,  
Абай Жерде дөңбекшиді,  
аспанда Алла үнсіз, бірақ...

## 19

Мынау бір банкир – сараң бай, тексіз, тантық бір,  
Абайға қарап, тұяғын атша тарпып тұр.  
Алладан кейін өзі болған соң – асқақ ол,  
Алаштан күллі алапатымен артық –  
Бұл!

Бура-Көк Доллар көбігін көзге бүркіп бір –  
Өлең де елден үркіп тұр.  
Әйелден-дағы жұпардың иісі аңқымай,  
Ақшаның иісі, басқаның иісі...  
Мүңкіп тұр!



Қай жаққа кетем?  
Білмеймін, – жаным шырқырап,  
Баспаның иісі – ақшаның иісі! – бұрқырап;  
Қаңқұртқа жазған, мәнгүртке жазған жырымды,  
Сағыз ғып мынау шайнап тұр неге ұртына ап?..

Күйші де бүгін ақысын алсын күйі үшін,  
Биші де бүгін ақысын алсын биі үшін.  
Мағауиндердің мұрнын қойса музейге,  
Сезе алмай кеткен Мецанаттардың иісін...

Ақтау да, әне, шалынып әрең тұр көзге.  
Каспийді кезіп жүр ме екен мендей бір кезбе?  
Аққудан-дағы ақшаның иісі шыға ма?!  
...Гуккудің иісі шығатын еді-ау – бір кезде!

Ақсоран деген шың ғана ма екен,-кұрлық қой –  
Әлихан туған!  
Кұдайға мәңгі – құлдық қой!  
Қазактың иісі шығатын Қарқаралыдан –  
Ақшаның иісі шығады!  
Мынау – сұмдық қой!!!

Ал, мырзам, кел де, алшанда, ай-хой, алшанда!  
Алдында сенің ақжол ғой қайда барсаң да.  
...Астанада да ақшаның иісі шығады.  
Алаштың иісі қай жаққа кеткен, ал, сонда?!

Күн шығып күліп, дүние көзін жаңа ашқан.  
Ақысын төле, – нөсерлеп берсін қара аспан!  
Түріктің арын қорғаған қызғыш құстайын,  
Рухтың иісі аңқып-ақ тұр ғой – «Манастан»!!!

Ақшаның иісі шығады неге Алаштан?!.

## 20

Қалғып кеттім –  
Азаттықты алдым ғой деп қалжырап,  
Қырық кабырғам,  
Отыз омыртқам саудырап.

Оянғанда көріп естен танғаным:  
Қарқылдаған кара қарға – жан-жағым;

Ой мен қырым – қалың казақ, карашаң.  
Ошағым тұр,

Отаным жоқ –  
Қарасам!!!

Жиырма бір жыл соны іздедім – жатпадым,  
Алатаудан – Атырауды аттадым,  
Оңтүстік пен Солтүстікті адақтап,  
Батыстан да, Шығыстан да таппадым.

Қос қолыма қостан білге шам жағып,  
Іздеп жүрмін сандалып;  
Қорғанға да бардым тамды жағалап,  
Орманға да бардым бұта карманып.

Көксеп жүріп, дидарын бір көрсем деп,  
(Қайран, Алаш),  
Төбесінен төнсек кеп, --  
Қан базарда, ала дорба ішінде,  
Жатыр екен бөлшек...  
Бөлшек...  
Бөлшек боп...

Қара, әні:  
Аяр біткен аждаһадай араны –  
Алашымды бас сап тонап, талтаңдап,  
Қырым асып барады,  
Ұрым асып барады!

Қандай едім,  
Не боп кетті бұл күнім?  
Қалай бәрі тұл бүгін:  
Сайтандар мен сайқалдардың мойнында  
Жауһар болып жарқырап тұр Мұңлығым...

Жаңаөзенде құмы борал жотаның,  
Боздауын-ай ботаның:  
Бозторғайдай, уысында сұмдардың  
Шырылдап тұр Отаным...

## 21

Ел –  
Жер –  
Ер –  
Үшеуін Үш Таған көрдім.  
Соған – серт!

Сен нұсқаған заманға ердім.  
Жеті қат жер астына түсіп-шығып,  
Жетемде – Жеті Жарғы –  
Саған келдім.

Сығалап жын мен жыбыр есік-төрден,  
Тарихтың тақсыретін кешіп келген, –  
Алаш тұр алдына кеп, аяғынан  
Тұсауын Алла өзі шешіп берген.

Безеріп – іші, ылғи беті – күлген,  
Кердеңнің өзін сипап кекілінен, –  
Бауырыма басып алып, Саған келдім,  
Жесірі Жер бетінің, жетімімен!

Көк Түркі,  
Көк Бөрінің тұқылы бір, –  
Үкілі Ұл,  
Үкілі Қыз,  
Үкілі Жыр, –  
Иманы Яссауидің жан тербеген,  
Исатай-Махамбеттің тұқымы –  
Бұл!

Алтынмен ер-тұрманын өрнектеген,  
Бекзаттық біткен жұрт ек жөргекпенен.  
Бай болған, бағлан болған құл-құтанға,  
Құдайым, таупық бере гөр деп келем...

Ел –  
Жер –  
Ер –  
Үшеуін Үш Таған көрдім.  
Соған – серт!  
Сен нұсқаған заманға ердім.  
Жеті қат жер астына түсіп-шығып,  
Жетемде – Жеті Жарғы –  
Саған келдім.

## САМҒА, СҮҢҚАР!

*(эпиграф)*

Көкті бақпай – жан бағып,  
Ақиығым, саған ілесе алмадық.  
Жиырма бір жыл қолдан кісен түскелі,  
Соны сипап...  
Әлі отырмыз сандалып...

Алла жүзін бір көруді арман ғып,  
Сенен қалған – Хан Кенеден қалған жұрт.  
Жиырма бір жыл – жиырма бір жыр,  
Мен соны  
Қанатыңа тақтым, міне, маржан ғып!

Сен кеткелі елің әлі қаралы,  
Жерің де әлі – қаралы.  
Ақиығым, Алаштағы орның  
Күннен күнге үңірейіп барады...

Ақиық-ай, көздің жасы теңіз боп,  
Ел егілді сені өзімен егіз деп, –  
Үш жүз алпыс әулиең де күңренді –  
Жаңаөзенде –  
Жер-жаһаннан Сені іздеп!

Көк Тәңрін бетке алып ұшқанда,  
Көз сала жүр соңындағы құстарға:  
Алаш шықты адымдап һәм аттап бір  
Жаңаөзеннен –  
Жаңа Қазақстанға!

Алашыңның Абылы – Сен!  
Қандасың –  
Қабыл салған маңдайыңа таңбасың!  
Аза жырым күңіреніп, Сені іздеп,  
Аруағыңмен қоса көкте самғасын...

*1991 ж. – 2012 ж.*

## АЛАС! АЛАС!! АЛАС!!!

*Алаң да, алаң, алаң жұрт,  
Ақала ордам қонған жұрт...  
Қазтуған*

*Ерте күнде отты Күннен Ғұн туған,  
Отты Ғұннан от боп ойнап мен туған.  
Мағжан*

Белес, белес, белес деп,  
Есімді алды-ау, Есалаң бір Елес кеп...

Құлдан шыққан,  
Күннен шыққан  
Күлден шыққан көмескі, –  
Еуропаны кезіп жүрген Елес-ті.  
Еуропаны кезіп жүрген Елесті –  
Көшіріп ап Азиялық Миына  
Елтайлардың айдарынан жел есті!

Есалаң Елес есірді:  
Маркстен – Ленин көшірді;  
Лениннен – Сталин көшірді,  
Сталиннен – Голощекин... Қанділдин...  
Қанділдиннен – Жанділдиндер көшірді...  
Көшірді де, Бекзат – Феодал-Қазақты  
Жерұйықтан –  
Итжеккенге көшірді!!!

Кешегі тексіз, құл неме,  
Оранып ап үлде менен бүлдеге, –  
Мінбеде тұр мырс-мырс күліп Мырқымбай!  
Бейімбеті –  
Түрмеде!

Шаршы топта мыңды басқан мысы кеп,  
Хан тұқымы Әлиханға қарамады-ау кісі деп?!  
Қайда жөнep барасыңдар, Қаракөктің үйірі –  
Кісінеп?!!

Қара, әні:  
Қаңға толып Жаһан сыйған жанары, –

Баукеспелер түйте пышакпен бауыздап,  
Шыбын Жаны Көкке бет ап барады:

«– Белес те, белес, белес деп –  
Есімді алды-ау, есалаң бір Елес кеп:  
Елдігі ерек, ниеті бөлек қазақты  
– Неге мендей құлдың ұлы емес?! – деп...

Қанымды ішті-ау, Қара Құрт,  
Құтқарар мына дудан – кім?  
Мен –  
Көк Тәңірдің бір демінен жаралып,  
Көк Бөрінің құрсағынан туғанмын!!!

Он екі қанатты үйіме  
Төрт құбыладан керуен де керуен кісі кеп,  
Төрт тарапка керуен де керуен кісі кетіп,  
Майланған майға ұртым-дүр.  
Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күреңге мінген жұртым бұл!

Мен қайтейін өзектегі өртімді,  
Тілекті Тәңрі берсін де:  
Құладың қуды өлтірді,  
Қу басына келсін де.

Балпаң да, балпаң басқан жұрт,  
Аруағым елден асқан жұрт,  
Күреңнің тұяғына шыдады екен тас қайтіп?  
Көкжиекке ұшқан жұрт,  
Күрек тісін қасқайтып,  
Күнсұлуды күшқан жұрт!

Бағаналы орда, басты орда,  
Байсал орда қонған жұрт,  
Жүрегі – анау Аспанда,  
Тілегі – Алаш болған жұрт!  
Қай да сол, қайран,  
Қайран да, Қара орман жұрт?!

Жабығымнан жайлаудың хошы еніп,  
Сапырып қымыз ішкен жұрт,

Көлдей камқа төсеніп,  
Келін боп Ханым түскен жұрт!

Е, заманында Алла мені алқады,  
Соны ұқпайтын неткен қырт?!  
Ханы үстінен шешіп берген камқаны  
Ақыны киіп кеткен жұрт,  
Ақылы кемел неткен жұрт!

Бейіштің төрін мекендеп,  
Күндердің күні күйкі тірлігін бекер деп,  
Ақындарына сөз берсе адам баласы,  
Қарға бойлы Қазтуған көкем кеп,  
Саңқылдаса екен!  
Бір ойда қалар бұл жалған,  
– Мәрт қазақ сөйлеп жатқанда  
Мен қайда жүрдім екем? – деп.

Мынау керім кеністік  
Күлтегінің жұрты еді.  
Жартысын ап жалғанның  
Жатысын-ай, ғажап!  
Арғы түбім – Түркі еді,  
Бергі ныспым – Қазақ.

О, Көк Тәңірі – Күн Ием!  
Найза ұшында тұрсам да,  
Қас жауымнан найза бойы биік ем!  
Сүйінем-дағы, күйінем:  
Аузын ашып, тілінен бал сорғызған,  
Ару сынды Асылзада екен дүнием!

Бұ дүниенің алды – сайран,  
Арты – мұң,  
Онда менің дағы еншім бар-тұғын.  
Жасын сүйдім –  
Қатарымнан қара үзіп,  
Ару сүйдім –  
Қорғасын боп балқыдым.  
Асқақ-асқақ лебіз айтып аспанға,  
Актанберліше шалқыдым!  
Адамзат, бірақ, акедеу екен. алтыным:

Кешегі тексіз, құл неме,  
Оранып ап үлде менен бүлдеге, –  
Мінбеде тұр мырс-мырс күліп, Жалған-ай –  
Бекзағтарым –  
Түрмеде!!!

Есуас Елес есірді:  
Тәңірі емес, соның сөзі кесімді:  
«РСФСР тарихынан» – «ҚазССР тарихы»,  
«Букварьдан» – «Әліппеміз» көшірді;  
Қашан жиям деп жүргенде есімді,  
О да кетті адастырып көшімді...  
«...Көшірді...» – деп Кең Алла өзі кешірді:  
«– Құранды ұста!  
Арыл күллі күнәннан!  
Жый – деп тұр Ол – есіңді!».

Мырқымбайды – Бейімбетпен қоса ақтап,  
Көрден шықтық Дүниеге осы – аппақ.  
Көшімізді Көк Байрақпен түзеді Ол,  
Көшірмеші көкмылжынын қосақтап...

«Тілі басқа – тілегі бір,  
Жүзі басқа – жүрегі бір» –  
Жүз ұлыстың үйі бір,  
Қыз ұзатып жатыр, әне, сүйіп ұл:  
Мағжан түгіл, Малинді де танымай,  
Неге ашып тұр Мырқымбайдың миы бұл?!

Қалимаға келер, келмес тіліңіз,  
Диаматта әлі сіздің діліңіз.  
Енді бізге Попперлерін жіберді –  
Еуропа –  
Піріңіз!

Мынау – Мәңгүрт...  
Мырза!  
Құлжа!  
Мас – әрі:  
Екі жеп – бір асады.  
Тарих бетін алтынға аптап ашады:



Қазақтан да – Қазан Революциясы –  
Рокфеллер жасады!!!

Ол – Парижді,  
Мен – Гетені сүйіп ем,  
Биік болсам, Абайменен биік ем,  
Қаракөктің үйірі ем,  
Хан Кененің күйігі ем:  
Ойланып тұр мына саппас неге осы  
Күлін шашқан Миғұланың миымен?!

Улап күллі органы,  
Небір ойын ойлап тапты ол тағы:  
Ділін сүйіп, Дініне ұйып, Тілін жалап Өзгенің,  
Өзінен –  
Өзі қорқады...

Жұрт бар ма еді сайран менің жұртымдай,  
Ұлт бар ма еді қайран менің ұлтымдай?!  
Мынау – Дөкей Мырқымбаев (бизнесмен!),  
Анау доктор – Мырқымбаев Қыртымбай!

Өтеген Баһадүр –  
Өр елім!  
Өрге ұмтылған өркенің ем, өренің,  
Кіре беріп осылардың миына,  
Шіріп кетті менің күллі өлеңім!!!

Қазақ – Қара Нарың-ды.  
Қара Нарға қалай дүние тарылды:  
Қаңғалақтап Саин көшесіне кеп  
Қалай төктім Ұлттық Ұят-Арымды?!

Күншығыстан шүршіт күле жосылып,  
Мәз боп жатыр Мәңгүртіме қосылып!  
Мен ғой мынау Айға қарап отырған  
Құтжолыммен қоса –  
Ұлып!!!

Көк Тәңірі!  
Қай қиянға қашты үміт?

Асау жанды бір өзіне тапсырып, –  
Тыным табам...  
Жок...  
Қайтадан мына елге  
Жібер Мені Бақсы ғып!

Екі жақта лапылдаған екі от тұр,  
Екі от емес –  
Тамұқтағы екі өрт бұл!  
Екеуінің ортасында Алаш қап,  
Оған енді Әзәзіл кеп бал ашпақ;  
Қойлыбайдай Бақсы керек бұл елге  
Жын-періні қуатұғын аластап!

От –  
Су –  
Жер –  
Жел –  
Жұлдыз – міне, – Бес Ене.  
Бес Енеміз – Маңдайдағы Пешене!  
Бесеуінді аластайын, Жын кетпей  
Көгере ме көсеге,  
Тоқтап қалған көшім өрге көше ме?!

Жерді жеп Сұм,  
Енді Аспанды айқарды.  
Күн күрсінді, алабұртып Ай қалды.  
Алас!  
Алас!!  
Шаңырағым шайқалды!  
Алла куған Сайтанға қос, Аруақ,  
Жерде жүрген Сайтанды!

Алас!  
Алас!!  
Жер мен Көкті қан басты,  
Адамизат ақылынан алжасты,  
Аунап жатыр Абай туған топырақта –  
Албасты!!!  
Неге Батыс – Шығыспенен бақас боп,  
Неге Оңтүстік – Солтүстікпен алмасты?

Алас!  
Алас!!  
Ағып жатқан селмен кет!  
Соғып тұрған желмен кет!  
Босағамды күліп аттап жылмиып,  
Дастарқанды тіліп кеткен елмен кет!

Алас!  
Алас!!  
Есігімнен кет!  
Керегемнің тесігінен кет!  
Немеремнің Бесігінен кет!  
Жетімімнен – кет!  
Жесірімнен – кет!  
Керден пендеңнің кесірімен кет!

Алас!  
Алас!!  
Ділімнен кет!  
Миды ашытқан іліммен кет!  
Ит пен құсқа қор боп жүрген  
Ұлы Ана Тілімнен – кет!!!

Бұлдыраған бумен кет!  
Сарқыраған сумен кет!  
Мен сімірген умен кет!  
Төккен күлмен кет!  
Батқан Күнмен кет!  
Мүлдем, – кет!!!

Өзін қазған орға кет!  
Сораң, сораң сорға кет!  
Қайда кетсең – онда кет!  
Кет...

Қара қарға қан-жыныңды шоқып көп,  
Көкіп кетіп бара жатыр, көкіп кеп.  
...Мен аластап тұрған кезде, Алашым,  
Кел! Екі оттың арасынан өтіп кет...

## «ҚЫЗЫЛАРАЙ» КОЛХОЗЫНЫҢ БАЛАСЫ

*«Берейін өмірімнен өлең жасап»*

**Қасым**

*«Осынау әсем жігіт мен едім деп,  
Айқайлап айтқым келді біреулерге...»*

**Тұманбай**

1950...

Шыққан тоз-тозы

Соғыс келіп айпап-жайпап өткенде

Арқадағы «Қызыларай» колхозы

Көзін ашып келе жатқан көктемде...

Түстім Жерге! Туа салып шыңғырдым!

Көзімді ілсем көрем соны түсімде:

Біткеніне бес жыл болған Қырғынның

Ызғары бар жүрегімнің ішінде!

Мен туғанда өлкемізде таң екен.

Қазағының ырымына еліктеп.

Серік болсын деп өзіне жан әкем

Есімімді қойған екен «Серік», – деп.

Серік болдым. Ал мен осы қандаймын?

Жұрт біле ме мына мендей серіні,

Күйкентайға серік бола алмаймын,

Менің атым – Ақсұңқардың Серігі!

Жүріп келем. Өр ойларым – Өр сезім.

Отсыз өмір кешу ойға сыя ма?

Қырандарға серік болып көрші өзің:

Сенің көзің өле-өлгенше қияда!

Жаным шығып, жанарымды жауып қан

Сан құлағам. Кеудем толы құсаға.

Қыран кейде төмен ұшқан тауықтан,

Тауық, бірақ қыран құсап ұша ма?!

Көкірегімде алай-түлей жүр ағын  
Сыртқа шығып сайрай алмай отты үнмен  
Сұрағым бар? Сұрағым бар? Сұрағым...  
Жартысына жауап алған жоқпын мен.

«Құдай – жалғыз» дейді рас па? Таң қалам.  
Мен түсіндім көктен жерге түстім де –  
Бауырларын жылап – соғыс жалмаған,  
Жалғыз еді әкем жердің үстінде!

«Бауырымдап...» жылаушы еді. Ал бізді  
Аймалайтын ақ тілеумен не түрлі  
Құдайға да қол болмаған жалғыздық  
Оған-дағы жараспайтын секілді...

Шерін оның қалай шертіп таусармын?  
Көз алдымда Зауал заман оғы ұшқан.  
Мен – өксікпін. Көз жасымын сол шалдың.  
Жарықшақпын – қалып қойған соғыстан!

Атыламын! Жоқ шыдайтын дәрменім,  
Сойқан соғыс қазына ашар қай елге?  
Бейбітшілік дейтін інім бар менің,  
Үйленсе екен Шаттық дейтін әйелге!

Бақыт кілті – балғалар мен күректер  
Соксын солар Құлыптасқа – Құлып-Тас.  
Соғыс! Сені ұмытса да жүректер  
Мүгедектің тізелері ұмытпас!

Мұрыныңа ілмейсің бе мұны түк,  
Неге маған қарап тұрсың тесіле?!  
Әлем күллі гүл-дәуренін ұмытып...  
Сені ғана сақтап қалған есіне!

Тоқта, сайтан! Сақылдама, сайқалым!  
Әлі өшкен жоқ кесапат пен кесірің:  
Мен тек саған құрдасымды айтайын,  
Білмейтұғын әкесінің есімін...

Сен жараттың балаларды әкесіз!  
Қалай таптың қасиетсіз, некесіз!

Жүрмесе де жерде жүрелеп тегі  
Олар-дағы – Соғыс Мүгедектері!

Өрім едік. Өстік. Қаттық. Бекіндік.  
Қол бұлғайды жыр елінің даласы.  
Өмірдегі жесірлік пен жетімдік, –  
Өлеңімнің Анасы һәм Баласы!

О, Аналар! Ақындардың Анасы!  
Сенің ұлы рухына болдық таң,  
Ақын деген – Махаббаттың Баласы!  
Фашист «ақын» жоқ ғаламда – сондықтан!

Есенинше Ару анам хақында  
Жаза алмадым жарқын жыр бір жапырақ.  
Менен өткен дарынсыз жоқ ақында,  
Жоқ және де менен өткен ақымақ!

Бір Музадан жоқ басқа ойы, мұны түк  
Пенде болдым. Пегасымды ерттедім.  
Семьяның қаракетін ұмытып,  
Жер-ұяның әрекетін зерттедім.

Күлген аз ба мендей саппаз сабазға?  
Кештім терең теңіздерін сияның.  
Бөлмем толы қағаз еді. Қағазда –  
Жанып жатса менің бала қиялым!

Неше түрлі поэмалар болды... Есте,  
Жаза бердім шабыт – мұхит лақылдап.  
Жыртып көбін салдым отқа. Сол пеште  
Жатты менің балалығым лапылдап!

Өмір – алда. Өкінемін несіне?  
Ол – қураған бұл-бұл бағым мәуелі.  
Балалықты түсірерде есіме  
Сол бір өртті елестетем әуелі!

Адамзатқа өлеңдетіп сонда жазған хатымды ап  
Ойға түсем. Нанбасаңдар көр келіп.  
Он үшімде қандай жансам лапылдап,  
Отызда да келем солай өртеніп!

Кітап көрдім көз қуантар көлемі,  
Сонан қандай қуат алды жоқшылар?  
Адамзатқа түк айтпайтын өлеңі  
Ақындардан өткен сорлы жок шығар!

Көкірегімде көк нәсерлі үн жаңғырып,  
Ұйқтаушы едім таң сыз беріп атарда.  
Ошағымды Анашыма қалдырып...  
Отанымды іздеп шықтым – сапарға.

Тұңғышы едім. Анам сонда қалжырап:  
–Абай болшы! Алдыңда көп сын әлі.  
Отаныңа барам десең – бар! Бірақ  
Ошағыңды ұмытпа! – деп жылады.

Жүгіре кеп жөнеліп ем дабдырап,  
Күнді көрдім көздерімді ашқанда –  
Ақжарықтан шыға салып абдырап,  
Аң-таң қалып қарағанда аспанға!

Ұшып кеттім. Бір дәм татып шаралтан,  
Қашан жетем? Көзіме жас іркілді.  
Отан тұрды Абай құсап карап паң.  
Анам құсап мейірленіп бір түрлі.

Қанку сөзден қалдым кейде тұншығып,  
Желмая-жыр қалай, бірақ, желмейді.  
Кейбіреулер өз баласын қырсығып,  
Отанына жібергісі келмейді.

Олар, мейлі, Бекежанша сенделер –  
Қособада... Жетер жерге жетем ғой.  
Ошағынан аспайтұғын пенделер  
Отанды да қызғанады екен ғой!

Абай атам көз алдыма елестеп,  
Бетпе-бет кеп Майбасармен жолықтым.  
Сарыарқада халық қана емес тек –  
Тұрғындар да тұрады екен – соны ұқтым!

Халық мені шабытына бөледі,  
Тұрғындар да өзінше ойын топшылар

Адамзатқа түк айтпайтын өлені  
Ақындардан өткен сорлы жок шығар!

Ана тілім айналды да антыма,  
Өлең деген бөбекпенен тел өстім.  
Халқым барда, Антым барда халқыма  
Тұрғындарды көзіме ілген емеспін!

Жок ерлігім... Қорқақтыққа күйгенмін.  
Өлеңімде менің осы шерлі үнім.  
Отыз жаста сүйгеніме үйлендім,  
Осы шығар болса егер бір ерлігім.

Кешіре ме сұлулықтың әлемі,  
Түсіне ме, шіркін, соның себебін?  
Жетісуда жеті-ақ ақку бар еді  
Соның бірін ұрлап алған мен едім...

Ұстап алып қама торға сал-дағы.  
Бой тасалап кашатұғын пенде емен.  
Аты-шулы ақын болмасам-дағы  
Аты-шулы ұрлықшымын мен деген!

О, Жетісу! Асқақ кара сен елге!  
Тас – қамалым, жеңе алмайды сені ешкім.  
Алты күйеу батыр болса егерде,  
Кенже күйеу – мен де қорқақ емеспін!

Қайнап жатыр қан-тамырым тереңде.  
О, Жетісу! Тәж тақ сұлу өнерден!  
Алты күйеу ақын болса егерде,  
Мен де ақынмын. Атым шығар өлеңмен!

Жырлай берем Сұлулықты қаталап,  
Керек емес көз алдайтын бөзіңіз.  
Адамзатты қосатұғын – махаббат,  
Айыратын – мына біздің өзіміз!

Ғасыр көші! Болашаққа тартыңыз!  
Жан сауғалап құрып кету – саған жат!  
Махаббаттан жаратылған – халқымыз!  
Махаббаттан жаратылған – Адамзат!



Жер үстінде болған талай кырғындар  
Көрдім таңды, түн азабын кештің де.  
Неменеден жаралды екен тұрғындар?  
Білсем де іштей... Айтпан бірақ ешкімге!

Махаббат – бір ұлан асыр дария  
Жүзіп кеттім, жүз толқынын кештім де.  
Отызымда кездеспесе Ғалия,  
Алпыста да үйленбес ем ешкімге!

Осындаймын! Көзбен көрмей кім сенер?  
Осындаймын өмірде һәм өңірде  
Пенде біткен аяғымен жүрсе егер,  
Жүрегіммен жүремін мен Өмірде!

Тіршілікте қалған кез көп мәңгіріп.  
Көлеңкесін көздегем жоқ саяның.  
Жүрегіммен жүремін мен мәңгілік  
Ақсақ болып қалса-дағы аяғым!

Дос көп менде: Акселеуім... Дәуітім...  
Қолымды ұстар алдымнан сан ел шығып.  
Меніменен дос болмаса әлі кім –  
Өлеңімді жіберермін елші ғып.

Еліктедім көп ақынға. Бүгінде  
Жүрген жай бар өз ойымды ән қылып,  
Бәрі кетті... Жүрегімнің түбінде,  
Алатаудай Абай қалды мәңгілік!

Сүйдім Күнді. Оның нұры – жырымда.  
Жетегінде кеттім бір пәк ойлардың.  
Отыз жаста әке болып бір ұлға  
«Рауан», деп Күннің атын қойғанмын!

Не бітірдім? Не жаулады еркімді?  
Көз ілеспей аспанымда шапты Ай, Күн.  
Мен де айналдым айналғанда Жер Күнді.  
Енді қанша айналамын! Айтпаймын!

Айтпан, босқа қозғамашы дертімді.  
Басқа күдік... Басқа сұмдық ойымда:

«Енді қанша айналады Жер Күнді?!» -  
Деген сауал ендіктердің бойында –

Шыңғырып жүр! Үні ащы! Ал, тыңда,  
Жүрегімде жүйке жейтін жүр ағын.  
Мен кетермін. Мен кеткенде артымда  
Қалсын осы қасиетті сұрағым!

Сол сауалға жауап бермеу – асылық  
Не дер екен зиялылар тактасы:  
Қарсы алдымда жатты айқара ашылып  
Университет, институттар қақпасы.

Қарсы алды олар мені арманшыл кісі деп.  
Қалар ма едім сол қамалда бекініп?  
Кенет Пегас қоя берді кісінеп!  
Атып шықтым ауласынан секіріп!

Атып шықтым! Бір жалт қарап шыраққа,  
Өмір – тәтті. Сүйем бірақ өленді.  
Қанат бітіп, сонда Муза пыраққа,  
Мені сонау аспанға ала жөнелді.

Көзде жасым, дидарға ойлы түсті рен.  
Ұштым теңіз... Балықтардың үстімен.  
Залптардың,  
Тамұқтардың үстімен,  
Табыттардың,  
Халықтардың үстімен!

Қайран анам түсті есіме қалжырап,  
Тәңірінен маған медет сұраған.  
«Отаныңа барам десең – бар! Бірақ,  
Ошағыңды ұмытпа!» – деп жылаған.

Тәте! Ұлыңның сағым болды сел әні,  
Кеудесінен кеңістікке құя алмай.  
Отаныма жеткен жоқпын мен әлі.  
Ошағыма не деп барам ұялмай?

Туған күнім түсті есіме: Таң екен...  
Қазағының ырымына еліктеп.

Серік болсын деп өзіне жан әкем,  
Есімімді қойған екен «Серік», – деп.

Саф алтындай ойлар келді санама  
Әкем-марқұм... Мүмкін, ол да өкпелі?  
Өкінемін әкем түгіл, анама  
Әлі күнге серік болғам жоқ тегі.

Көкірегімді кернегенде нала, кек,  
Көз алдыма қасиетті анам кеп –  
Жаутаңдайды жасқа толы көзімен,  
«Неге сонша жүдеп кеттің, балам?» – деп.

«Мен жоқ кезде ренжітті сені кім?  
Қанаттарын қайда – Бейбіт, Берігің?! –  
Деп сұрайды әкем кіріп түсіме –  
Неге сонша жүдеп кеттің, Серігім?!»

Сонда асқак жауап берем мен тұрып,  
Сағынышты сабырлы ойға жеңдіріп.  
«Жамандықтан күнде таяқ жеймін мен  
Жақсылыққа серік болам деп жүріп!»

Өлеңдерім айтсын соны сендіріп.

## АНТИПОЭЗИЯ

### I

Антипоэзия кәріне мініп тұр. Адамзаттың алғашқы ақыны Гомер туған күні ол да қоса туған. 1837 жылы, қаңтардың 29 жұлдызында орыстың ұлы ақыны Пушкин Дантестің көздеп атқан оғынан мерт болды. Күз өтіп, қыс келген сайын, осынау қаңтарда ойы жүйрік орыс халқы азалы ақынын есіне алып, азапты ойға шомады. Ақындары мен батырларының туған күндерін ат шаптырып, палуан күрестіріп, қыз қуып, есінен тана тойлайтын біздің жұрт, қалай екенін қайдам, олардың өлген күндерін ұмытып кете береді. Орыстар өз ұлтының ұлы перзенттерінің туған күні түгілі, өлген күні де ойланады. Ұлт болып толғанады. Бізде мұндай күндер тойланып жатады... Сол қалыптасқан қатаң үрдісті қасақана бұзып, сүйегі орыстікі болса да, рухы бізге де жақын Пушкиннің қаза болған айында қазақтың да небір боздақ ұлдарының ит мініп, ирек қамшылап өлмегенін айтудың реті келіп отыр...

Ұлылық пен сұлулық, ақыл мен парасатты алтын мұрат көрген ақсүйектердің атақты Ренессанс заманының соңғы көші адамзат баласының басынан үдере көшіп, тоңмойын қара тобырдың қара күш заманы, төңкерістер ғасыры келе жатты.

Махамбеттің фәниден бақиға көшкен күні мына жарық дүниеде не болғанын біз біле қоймаймыз. Бізден көрі көзі ашық, көкірегі ояу орыстар Пушкиннің жөргекте жатқан күнінен табытқа түскен күніне дейін көз майын тауыса зерттеп, қолына ұстаған дүние, қаламымен шимайлаған қағазы, кескін-сурет, қолжазбаларына дейін қасиеттеп жүр. Зерделі пушкинтанушыларды айтпағанның өзінде А.Кери, Д.Фикельмон сынды замандастарының жазбаларын қайда қоясын; тіпті, ақынның ғашық болған әйелдерінің түсін түстеп, әсемдігін әспеттейтін «Дон-Жуанский список Пушкина» дейтін кітап та жарық көрді. Пушкинді былай қойып, оны атып өлтірген Дантестің итшелеген өмірі мен пенделік пиғылын актара-төңкере зерттеген әдебиеттер қаншама.

Бізде Махамбеттің қалай қаза тапқаны туралы жөні түзу тарихи дерек жоқ. Махамбетті өзінің сарай ақыны қылмақ болған Жәңгір хан

кім? Түр-нұсқасы Иудаға ұқсайтын, доспын деп келген бас кескен Ықылас ше? Махамбеттің басына мың сом бәйге тіккен Баймағамбет сұлтан кім еді? Кейбір қазақ, тіпті, оны мыңды айдаған бай еді, мырзалығы да соған сай еді деп мақтап та жібереді... Абай атамыз айтатын «қырқын мінсең, қыр астыра қоймайтын қырт мақтан» гой баяғы. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ калмасын» дейтін Елтайды да ер-азамат еді деп есіп жүргендер де бар. Ерін Елтай болса, ел болғандай екенсін?! Адамдықтың көзі бітеліп, надандықтың іріңді суы іркіле бастағанда, міне, осылай құлан құлдыққа құлайды да, құрбақа құлағында ойнай жөнеледі. Махамбет-Исатай хан-сұлтан, бай, феодалдарға ғана қарсы күрескен жоқ. Солардың ту сыртында тұрған орыс патшасына жолбарыс болып атылып, қасқыр болып шапқан еді. Жәңгір мен Баймағамбеттердің есіл дерті – қарын қамы, Исатай-Махамбеттердің ойы халық қамы болатын-ды. Бірақ көтеріліс көшпен жаншылды. Исатайдан айрылған ақын Қараойда жалғыз үй қалды.

Ұлттық әдебиетіміздегі ақын қазасына байланысты айтулы бір туынды Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі. Содан болар, осы шағын әңгімені арқауға ала отырып, Махамбеттің басы кесілген Қараойдағы қаралы күнмен бүгінгі қазақтық болмыс тіршілігіміздегі кейбір мәселелер хақында ой толғағалы отырмыз. «Соттан кейін ел ішінде екі-үш жыл бейбіт өмір кешкенде, Махамбеттің түбіне ауылдың ұсақ әкімдері жетті. Қайда жүрсе ізін аңдыған тыңшылығымен, қардай боратқан кара шағымымен жетті. Махамбетті сұлтанның ордасына шақырғанда Баймағамбеттің ойы сағы сынған, тауы шағылған ақынды сарайға бұлбұлша сайратып қоймақ-ты. Бірақ Махамбеттің: «Ежелгі дұшпан ел болмас, етекпен кесіп жен болмас» деп салуы – ат құйрығын кесісумен тең болғанын, ақын не көрсе де тілінен көретінін кейінірек ұғынады» (Т.Ә. «Сырлы паз». «Жазушы» баспасы. Алматы. 1977 ж. 10-бет). Ақын туған елін қызғыш құстай қорғаштаса, тобыр оны Иса пайғамбарды ұстап бергендей, өз қолымен құрбандыққа шалып, онысына іштей рахаттанып жатты. Халыққа – азаттық, тобырға – құлдық керек екен!

Махамбеттің басын кескен кім?

«Бағзы замандағы Қарабайдың үйі мен осы замандағы өз үйінің халі Махамбетті тың бір ойға бастады. Малын қызғанып жапанға қашқан Қарабайдың кара шаңырағын жалпақ жұртымен жалғастырушы Жантық болса, халқын қызғанып, Қараойға бекінген Махамбеттің кара шаңырағын пейілдес елмен астарластырушы – Ықылас. Екеуінің тәтті ұрттылығы егіз елес туғызып, сезімінің секемін күшейтті. Енді Ықылас кешіккен сайын сыбайлас аңшыдай сүйіндірмей, сауықшыл жардай кәдік туғыза бастады. Ықылас ертеден Махамбеттің көңілін

жығып көрген пенде емес. Бірақ мұның бір өзі баяндылыққа айғақ бола алмайтындай. Ер мен ердің арасы шекіссе бекімек, өкпекалдык өмір жасынан байқалмақ. Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болағындар Махамбетке қияметте дос бола алмақ емес. Ықыластың дастарқандық комағайлығы енді қобалжу туғызғандай» (бұл сонда – 18-бет). Ықыластардың табиғи болмысы адамнан гөрі хайуанға ұқсас, бұларға – тамақ, киім-кешек керек. Махамбетке рух керек. Рух болғанда да, аламанға жел берген, аса жұртты меңгерген, кара казак баласын хан орнына теңгерген (Махамбет) – Рух!

«Қол шаяр алдында Жаңаберген Исатайға бағыштап құран оқыды. «Күнту – тұрабадан» аса бергенде сүрініп еді. Махамбет кақырынып қалды.

Махамбеттің бұл қылығы да бидің шымбайына батты. «Мұсылманша, орысшаға судай кәпір ғой бұл!» деп отыр» (бұл сонда 18-бет).

Махамбеттің түбіне жеткен надандықтың ұсқыны осы күншілдігінен көрінеді. Қазактан Оразбай туса, Абай болғысы келеді. Әй-ләуләйшіл әншісі Әміреден нем кем деп домбыраға қол салады. Әңгімешіл тантиғы Әуезов те мендей басы жұмыр пенде екен ғой деп, өзіне өзі тамсанып, мәз болады! Мұқағалидың көңілді бір отырыста әріптестеріне карап:

– Сендер осы неменеге жетісіп ішесіндер? Мен болсам, берер дүниемді беріп, тындырар шаруамды тындырып ішіп жүрмін! – деуі содан-ды.

«В истории русской культуры вряд ли есть событие равное по своему трагизму смерти Пушкина» – дейді Николай Раевский. Махамбет өлген күні кара халық кара жамылды, деп жазды бір білгіш. Өтірік! Қараойдағы каралы үйі ғана қан жылады. Әйелі Әуес пен баласы Нұрсұлтан қасірет шекті. Ауыр каза Махамбет-Исатайды қадір тұтқан аз ғана ағайынның арқасына батты. Абай өлген күні де, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Қасым өлгенде де осылай болды. Ол кезде казак халқы қандай ұлынан айрылғанын пайымдай алмады. Пушкин есіне түскенде: «Почти полтора века прошло с тех пор, но и сейчас тяжело и горько думать о безвременном уходе нашего гениального поэта» (Н.Раевский) деп, орыстар әлі күнге шейін қан құсады! Жыл сайын Пушкин күндерін өткізіп, аруакқа тәу етеді. Пушкиннің ғұмырбаянын зерттеп, өлендерін оқиды. Орыстың ертеңгі күніне Пушкин көзімен ой жүгіртеді. Бүгінгі пушкинтану – шекспиртану ғылымымен жедекабыл болып қалды. Абайтанудың өзін күні кеше бастаған казак махамбеттануға әлі тұяқ іліктіре алмай жатыр.

Махамбеттің өлімінен кейін акын атаулыны аруактай сыйлаған, аталы сөзге тоқтаған казак топырағында «акын өлтіру ойыны»

*Жұматай Жақынбаев*) басталып кетті. Поштабайдың қамшысы Біржанның аркасында ойнап, Алаштың біртуары Абай таяққа жығылды. Шәкәрім қызыл жеңдеттердің қолынан қаза тапты. Мағжан «халық жауы» ретінде атылды. Қасым халық ішінде қараусыз калып, құрт дуруынан қыршынынан қиылды. Төлеужан қой соңында қойшыға сөз, жылқышыға жыр болып өлді. Мұқағали замана запыраның ішіп мерт болды. Адамдық аяқтың астында калып, надандық осының бәріне ащы мысқылмен қарап, күліп тұрды. Әлі де – екі езуі екі құлағында...

Ақын дегеніміз – еріккенде өлең жазып, есінегенде шарап ішетін құбыжық пенде емес. Ел-жұртының еңірегінде етегіне толар көз жасы, күніренгенде көзіне көрінер қарасы еді ғой. Әр жерде тарыдай шашылып жүрген он миллион қазақ адамзат ақыл ойының құзар шыңына шығып, ғылыми-техникалық прогрестің құлағында ойнап отырған бүгінгі адам баласының жыртығына жамау бола алмас. Оған салсаң – осы он миллионнан іріктеп, таңдап алатын он шақты Махамбеттің өзі де кемдік етпес еді. Шығысы Батыс болып кеткен ұлы қазақ Абайдың: «Единица болмаса не болады өңкей нөл» деген жан айқайы осыдан гәркіндейді. Оны түсініп, соған тұшынып жатқан біз жоқ. Орыстар сорпа бетіне шығарын бесатармен жусатса, біз жақсымызды жалмаудың қазақи амалының өзінше бір ұлттық әдіс-тәсілін жасап алған жұртпыз. Оның аты — қаңқу сөз, өсек-аяң:

– Ойбай, Ақан сері перінің қызына ғашық екен! – дейді. Пәледен машайық қашып құтылды дегендей, өзінің әнін айтып, сөзін сөйлейтін талантты да, канатты перзенттерін ағаш аттың басына байлап, дүниедегі пәле-жаланы соған үйеді-ай кеп! Есі дұрыс ел өзінің марқасқа Қонаевын қаңғып келген шүрегейі Колбинмен салыстыра ма; Алладан кейінгі ақылгөй Абайдың өзі: «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп, жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады» деп қақсап отырса да, отқа айдасаң, әлі боққа қарай қашады мына жұрт! 1986 жылдың желтоқсанында ел-жұртының намысын арқалап, көшеге шыққан ұл-қыздарымыз күні кешегі түркі Күлтегін, бертіндегі Махамбет алдаспанының Айға шағылысқан жаркыл-жұркылы еді; оларға да айтпаған сөзіміз, жаппаған жаламыз қалды ма. Жәңгірхандық жәдігөйлік пиғыл, Баймағамбеттік бодандық психология, ықыластық ынсапсыз надандық соңымыздан қара үзіп қалар ма екен, жоқ, әлде, салпаңдап еріп жүре берер ме екен?!

Махамбет марқұм бұл дүниеден озған күні не болды – бұл жөнінде әлі құжатталған дерек жоқтың қасы. «Сол күні Ай тұтылған» дейді біздің ғасырымыздың 60, 70, 80, 90-шы жылдарындағы Махамбет рухының бір жаркылы болған Тәкен Әлімқұлов! Мүмкін...

Қазір Күн тұтылып тұр!

Феодалдық-патриархалдық замандағы надандығымыз төңкерісшіл-социалистік надандыққа кірігіп кетіп еді. Енді ел егемен болып, етек-жеңімізді жиғалы төңкерісшіл-социалистік надандығымыз жабайы капитализм тұсында Махамбет-Абай рухын аяққа таптап, базарлардың лас түкпірінде қу құлқынның жыбырлаған құрттарына балапандап жатыр! Ана тіліміз – Абай тілі өгей шешенің тілі секілді. Мемлекеттік деген – аты ғана. Ендеше, ел-жұртты қыранша қияға бастайтын Махамбеттің поэзиясын кім оқиды?! Исі казак баласы жанына, қанына сіңіре алмаған қайран Махамбет рухы кіндік жұрты казакқа керексіз болса, кімге керек болғаны?!

Пушкинге оқ атқан Дантес жат жұрттық еді. Орыстар оны француз дейді. Барон Жорж-Шарль Дантес 1812 жылы ақпанның 5-жұлдызында Францияда дүниеге келген екен. Пушкиннің құдай қосқан қосағы, осы қанды жекпе-жекке түрткі болған Наталья Николаевна екеуі түйдей құрдас. Наталья Николаевна дәл осы жылы Бородино шайқасынан бір күні өткенде туған. Бородино қан кешуіндегі орыс патриотизмін дәйім жұртқа аспаннан атой сала жырлаған акын ақыры ата жауының атқан оғынан мерт болады деп кім ойлаған; Дантес өзін елге французбын деп таныстырғанымен, онда француздан гөрі неміс қаны басым. Туған шешесі графиня Мария Анна – Луиза Геттельд таза қанды неміс қызы. Оның туған ағасы Бірінші Империяның алғашқы кезеңінде Прусс мемлекетінің Франциядағы елшісі болған адам. Дантестің әкесінің әжесі Баронесса Райндер фон Вейль де неміс әйелі болып шықты. Пушкин өлімі ашуға булықтырып, намысын тиген Юрий Лермонтов:

*Мысқылдап жек көрді ол ішінен,  
Жат елді, жат болмыс, жат тілді! –*

деп жазды «Ақын ажалында» Дантес туралы. Ғаламзаттың мәдениеттің төс емшегінен уыздай емген француз жұрты жендет Дантесті жерлесім деп айтуға ұялады! Оның тәнінде француздан гөрі неміс қанының молдау екенін алғаш рет дәлелдеп берген осы француз зерттеушілері көрінеді. Біздің Беймағамбеттеріміз бен Ықыластарымыз адамзат алдындағы азаматтық миссияларын атқарып тастағандай, тарих оқулықтарынан бүгінгі болмыс-тіршілігімізде тайрандап көшіп, сайрандап жүр! Қазақтың таңдаулы ұлын казак өлтіргеніне кәдуілгідей кеуде керіп мақтанатындай дәрежеге жетіп қалдық. Бізде надандықты бетінен алып, бесігінде жөнге салу, түзеу деген үрдісі әлі күнге дейін жоқ!

Махамбеттің басын алған Ықылас Төлеев деген кім? Қаны бір казактығын былай қойғанда, тілегі бір замандас, жүрегі бір ағайын



емес пе еді. Бұл жерде ақ патша мен Жәңгір ханды салыстырудың өзі ақылға сыймайтын дүние болғанымен екі елдің екі ақынның өлімін қатар алып карағанда көңілге әртүрлі ой салып, сан қилы кереғар сезімге түсіретін бір фактіні айтпай кету күпірлік болар еді. Осындайда Николай Біріншінің қызы Ольга Никалаевнаның Парижде жарияланған жазбасы еске түседі: «Пушкиннің бойынан Ресейдің ұлылығы мен даңқын шығаратын қасиетті байқаған менің әкем (*патша* – С.А.) оған үнемі ерекше ықыласпен назар аударды, – деп жазды. – Ақынның өзіне лайықты ару әйелі де бұл ықыластан кенде болған жоқ». Бұл сөздің өтірік-шынын кім білсін, менің айтпағым, Махамбеттің мәрттігін мойындап, ата жұртының алдында бетінен оты шығып ұялған не Жәңгір, немесе Баймағамбет, Ықыластардың үрім-бұтағының бір тұяғын естігеніміз де, көргеніміз де жоқ әлі!

«Ресей бүгін Пушкиннен айрылды...» деп жазады Дарья Федоровна Фикельмон көзін жасқа бұлап отырып! Пушкиннен айрылған Дарья Федоровна емес – Ресей дейді! Ал біз ше? Бізде ше? Мұқағали дүние салғанда казак әдебиетінің ақсакалы Әбу Сәрсенбаевтың ақын үйіне көңіл айтуға барғанын, сонда оның өз құлағымен естіген сөзін ... сіз білесіз бе, білмесеңіз, естіңіз, бауырым, осы үйге ет жақын туыс болып келетін Нарынқол өңірінің ата сақалы аузына біткен бір керауаз шалы:

– Е, бір шыбын келді де, кетті! – деген екен! Елдің бәріне қансырап жатқан Пушкиннің қасында кірпік қақпай қыстың ұзақ таңын көзімен атырған әулие Жуковский болуы шарт емес, бірақ туа салып бесікте ана әлдің, ат жалын тартып міне Төлебилердің аталы сөзіне құлағы қанып өскен казак ақсакалының осыншама көрсоқыр, надан болғаны көңілді күпті қылады екен!

Сонымен Махамбеттің басын шапқан кім?

Жәңгір хан айтақтап, Баймағамбет сұлтандар өре түрегеліп, Ықылас хорунжий құшақтап тұрып, пышақтап салған... дейді бір білгіштер. Түр-түсі, түпкі төркін жұрты тарихқа атам заманнан белгілі осы үш типтің жалпы аты, жаған таныған ныспысы надандық болатын! Абайдың аз ғана Тобықтыдан көзімен көріп көңіліне түйген хәм бүкіл ісі қазаққа тән сол типтік дерті қаншама әлеуметтік төңкеріс, жазалау мен аштық, неше түрлі сынақтарды басынан кешсе де әлі күнге есін жия алмай қойған бұл жұрттың етінен өтіп, сүйегіне шауып барады!

Махамбеттен кейін не болды! «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп ақылгөйсiтiн қазактын арқасына Махамбет алдаспанының жаркылынан аруақ бiтiп, шамданса – жығар асау, шымырқанса – сынар болат болды ма! Ежелгi дұшпан ел болды ма, етектен кескенi – жең болды ма? Едiлдiң бойы ен тоғай едi – ел кондыра алды ма, жағалай жатқан сол елге мал толдыра алды ма?!

Сонымен соны не болды? Ел қорыған Махамбет елінен айрылды. Көл қорыған қызғыш құс көлінен айрылды. Аға сұлтан Баймағамбеттер мансап лауазымын хатшылық пен министрлікке оп-онай ауыстырып алды да, алып кел, шауып кел, атып кел, сатып кел Ықыластар болса кемелденген социализмнің университеттері мен институттарында Махамбет поэзиясынан дәріс оқи бастады!

«Пәлсапашылар дүниені әртүрлі бағытпен түсіндірумен келеді, бірақ, мәселе оны түбірімен өзгертуде жатыр ғой» (*К. Маркс*) демекші, енді не істейміз деген сауал туындайды. Аты – егемен, заты – тәуелді қазақ қалайша жұрт қатарына қосылып, көштен қалмай, көзін қияға салады? Жауап біреу: Ықыластардың айтқандарына көніп, айдауына ерсең – жылан болып, жырымға қарайсың, Махамбеттің соңына еріп, рухына кенелсең – қыран болып, қырымға қарайсың! Дәл қазір, өткен мен ертеңнің өлі арасындағы бізге Махамбеттің Рухы керек! Туырлықсыз тұл үйген ту байласан тұрар ма (*Махамбет*): базарың базарлы болуы үшін де Махамбет керек бізге!

...Қазір Күн тұтылып тұр!

Антипоэзия адамзатқа алырайа қарап келеді. Әсіресе – Алашқа. Қазақ ұлы Абайдың 150 жылдығын тойлады. Бұл – Абайға дейін алдына ұстар қарасы, ақылы кемел данасы, шарасы болмаған қазақтың Абайсыз, санасыз, шарасыз ғұмыр кешуінің 150 жылдығы болды!

## 2

Антипоэзия азуын Айға білеген 1961 жылдың 12 сәуірі әлі көз алдымда. Мен онда он бірде едім. Кенес империясы жер бетінде сайранды салып, енді Көк Тәңірге көз сұғын қадап тұрған. Күні кеше Қазан төңкерісімен ғаламды дүр сілкіндірген орыс, капитализмге соқпай, феодализмнен социализмге бір-ақ секірген исі қазақ қана ма, тарихи даму заңдылығының өзіне тән үрдісіне қиянат жасамай көш керуенін түзей бастаған өрелі Батыс пен үшінші дүниедегі бүкіл азалы, арманшыл адамзат баласының екі көзі аспанда.

Ғарышта – Адам!

Адам – Ғарышта... Адамзаттын алғашқы ғарышкері Юрий Гагарин жұмыр Жерді айналып, құсша самғап жүр. Жер бетінде үш миллион жыл ғұмыр кешкен Гомо-сапиенстің бір нәсілі біздің жыл санауымызға дейін және одан кейін бірнеше мыңдаған ұрпақтар ғұмыр кешкен, атасы – күйеу болған жер, шешесі – келін болған жұмыр Жердің жұдырықтай ғана екенін өз көзімен көрді. Гагариннің ғарыш кемесі мен Жер-Ананның ара-қашықтығы 88 километр екен. Сексен сегіз дегеніміз – радиостердің тілінде: «Мен сені сүйемін!» деген сөз. Бір-біріне жау екі тап, бір-біріне қас екі қоғамдық жүйе, бір-бірімен

алакөз екі пенде: «Мен сені сүйемін!» деп көкке көз сүзіп тұр. Бұл – екінші дүниежүзілік қырғыннан кейін, ділі басқа, тілі бөлек – адам баласының ұлыстың ұлы күнінде тоқайласып, бір ой, бір сезіммен құшақтаса табысуы еді.

Атақты фантаст Рей Бредбери адамның ғарышқа көтерілуін балықтың судан құрлыққа шығуымен пара-пар деген еді.

Осы күні Алматылықтар екінші бір тарихи оқиғаның куәсі болды. Аспаннан ақ парактар жауып тұр. Бұл не? Бұған дейін қасиетті төрт кітаптан ғана оқып білген тәңірінің соңғы уағызы шығар мүмкін? Құран да көктен түскен демеуші ме еді? Әлде, сонау аспан төрінде, Алла тағаланың қасында жүрген ғарышкердің адамзат үмбетіне шашқан шашуы ма?

Өзі жер бетінде қалып, бір үмбетін ғарышқа жіберген біздің әулет әлгі парактарды құрастырып оқып көріп, таң-тамаша қалды. Өлен! Ұлы мәртебелі цивилизация мен оның алғашқы анасы хәм ару қызы сұлу поэзия екінің бірі, сегіздің сыңарындай жарыса сөйлеп тұр:

Жоқ, Шығыс,  
Жоқ, Батыс та.  
Жыр – Отаным!  
Бар кешің,  
Бар әдемі бұла таңың  
Жоқ, Шығыс,  
Жоқ, Батыс та,  
Кәдуелгі  
Егіздей екі ұлы бар ұлы атаның.

Қылады атамекен тарлық кімге,  
Тұрады сол ойдан ол қарғып түнде  
Батыс жоқ,  
Шығыс та жоқ,  
Жер дейтұғын  
Бір-ақ сөз,  
Ұлы Сөз бар барлық тілде!

*Таржімалаған Қ.Мырзалиев.*

Миына бір ұғымды сіңіріп алса, содан өлмей айрыла қоймайтын аңғал адам баласының есіне сол күні тағы бір көне классикалық өлең жолдары оралған-ды. Ағылшын ақыны Киплингтің өлеңі. Бір кезде жалғанды жалпағынан басқан, Ұлыбританияның өркеуде шәйірінің бұл өлеңнің ұзынырғасы артта қалған бүгежек Шығыс тақаппар да Ұлы Батыстың аяғын құшуға жаралған дегенге саяды. Мұны кеудесіне

нан піскен отаршыл озбыр көштердің әулекі ән-ұраны десе де болады. Көзін шел басқан Батыстың кейбір басы жұмыр пенделері Шығысқа әлі де өстіп мұрнын шүйіре қарайды. Осынау темірдей сомдалған теріс тезисті тас-талқан қылған қазақ ақыны Олжас Сүлейменов еді.

Адамның жер бетінен баурын көтеріп, Гомо-сапиенске айналғаннан кейін, XX ғасырдың 60-шы жылдары самғап ғарышқа шығуы – қандай ғажайып тарихи оқиға болса, Батыс пен Шығысқа бөлініп, қаққа айрылған екі дүние мен екі мәдениеттің басын қайтадан адамзаттық бір арнаға қосқан қазақ ақынының асқақ мұрағы да осыларға жете қабыл тарихи оқиға еді. Бірақ ол кезде ешкім де осынау терең ойдың түбіне бойлай алған жоқ. Дегенмен, ғарышта болып жатқан тарихи оқиға жер бауырлаған пенде атаулының сана-сезімін жарық жылдамдығына ілестіріп, адамзат ақыл ойында күндердің бір күні болмай қоймайтын ұлы төңкеріске ұмтылдырып жатты. Ол кездегі озық ойлы оқырман Олжасты интуициямен түсініп, оның қыршын жүрегінде осы заманғы қасаң қағидалармен қырқысып жатқан ежелгі шығыс мәдениеті, көне түркі өркениеті хақындағы ордалы ойды сезгендей болды.

...Аспаннан жыр жауып тұр.

«Қарындасым көшеден жинап әкеліп, асығыс құрастырып оқыған сол листовкалар менің ең алғашқы өлеңдер жинағым еді» – деп жазды Олжас кейіннен поэмаға жазған соңғы сөзінде.

Бұған дейін Жамбыл атамыздың «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі ғана листовкамен тараған еді.

Адамзат шежіресінде айдарынан жел ескен арқалы ақындар жетіп артылады. Бірақ, ақындық тағдыры, шығармашылық тұмырбаяны адамзат тарихының жұлдызды сәтімен тұспа-тұс келіп, бір-ақ күнде танылып, аты-жөні бір-ақ мезетте ел-жұрттың аузына іліккен ақын кемде-кем. Ағылшынның атакты Шекспирінің өзі атышулы трагедияларының қадір-қасиетін ата-жұртына түсіндіре алмай, сахнада өзі актер болып ойнаған екен. Әлі күнге дейін орыстың Пушкиннен озып туған ақыны бар ма, оның өзі әйел затының перизаты Наталья Гончарованың арқасында патша сарайының есігінен әзер сығалап, ордалы ойларымен ұйқыдан орыс орманын оята алмай, осында қаңғырып жүрген қайдағы бір дарынсыз Дантестің оғынан жер жастанды. Ұлы мәртебелі патша ағзам әйелінің әдемілігіне бола мейірі түсіп, ақынға камер-юнкер деген атақ бергенде сарайдың сәнін кіргізетін Наталья сұлуды: «Ақыры біз де ел қатарына іліктік-ау» дейтіні өз алдына бір хикая.

«Адамға табын. Жер енді» сол жылы бас-аяғы бір-екі-үш айда кітап болып басылып шықты.

Сүлейменовті осы күнге дейін Гагариннің рухы мен сондағы ғарыштық жылдамдық тәңрідей жебеп келеді.

«Поэма содан кейін бірнеше мәрте басылып шықты. – деп жазды акын, – әрбір жаңа жарияланым алдында оның кейбір жерін жөндегім де келіп кетеді. Сонсоң қалай жарық көрсе, солай қала берсін деген ойға тоқтаймын».

Олжас Гагаринді ең соңғы рет 1967 жылы Вещенская станицасында көрді. Социалистік елдердің бір топ жас акындары мұнда Шолоховпен кездесуге келген-ді. «Дон жағасында доп ойнап жүргенде ғарышкер аяғын жаралап алды да, бір аяғымен секіріп барып, жаралы аяғын суға салған» деп тәптіштеп жазады акын сүйікті қаһарманы хақында.

Оның есіне фантаст Рей Бредберидің адамның ғарышқа көтерілуін балықтың судан құрлыққа шығуымен теңестіргені сол күні түскен шығар, мүмкін?

Олжас поэзиясы – адам баласының Жер-Анадан кара үзіп, ғарышқа шығуымен пара-пар құбылыс!

Ұлы классикалық әдебиет пен ұлы тарихи оқиғалардың тұстас келе бермейтіні тарихи факт. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» атты эпопеясы 1812 жылдан 51 жыл өткенде дүниеге келсе, М.Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнаамасы Абай дүниеден өткен соң 45 жылдан кейін жазылды. Ал, 1961 жылы, аспаннан шұға жауған күні «Адамға табын, Жер ендіні» таласа-тармаса оқығандар оның авторының инженер-геолог екендігін, оған белгілі бір беделді шәйірдің: «Мамандығын бар екен, ендеше қоғамға пайдаңды тигіз, өлең жазбай-ақ қой, қолыңнан келмейді» дегенін біле ме екен?

Поэзия – қасаң қағидаларды быт-шыт қылып талқандау деген сөз!

Сүлейменов социалистік реализмнің апиынынан басы айналған әдебиетіміз бен мәдениетімізді рухани – наркологиялық диспансерге тірідей жеткізіп, аман алып қалғандардың қағарын түзейді.

Бұған оның жаттанды ұран, жадағай ой, лепірме айқайдан ада, кезкелген өлеңі куә.

Мынау Қорғалжындағы қоныр қаздар туралы өлеңінің бір шумағы:

Бұл не қылған батпан қайғы,  
Батпан шер!  
Қызыл мен ғой – қызыл қаны аққан жер,  
«Отан – дейді туған көлін»...  
Оттама!  
Қалай Отан болады оған атқан жер?!

Бұл өлеңді оқығанда біреулердің көзіне құс қана елестесе, біреудің көзіне... Сізді қайдам, менің көзіме Ахметтер мен Жүсіпбектер, Мағжандар мен Сәкендер елестейді!

Два истории у нас с тобой?  
Нет: одна за ложь мы не в ответе.  
На земле живем нам не чужой,  
На земле,  
А не на постаменте.

*(«Ермак ескерткіші қасындағы тебіреніс»).*

Шовинистерге көзін шұқып, бұдан артық айта алмайсың!

Сволочь – не мелочь,  
Общественное явление!

*(«Дүниенің қиыр шетіндегі бір сәт үнсіздік»)*

Бұл сөзді қолына қан уыстаған жендет пен данасын итше талаған дарынсызға, «кеудесі толы қулық ой» оңбағанмен «ит көрген ешкі көзденген» (*Абай*) көрінген күйкі пендеге де қаратып айтса – сауап! Бұлар біздің болмыс-тіршілігімізде анда-санда бір кездесетін типтік образдар ғана емес, – қоғамдық құбылыс! Индет! Етімізден сүйегімізге өтіп, тәнімізді кеміріп, жанымызды шырқыратып бара жатқан қоғамдық жегі құрттар: «Он – не дурак, он может быть академик», – дейді Олжас. – Все равно – сволочь!». Маймылдың адамға айналу процесі миллиондаған ғасырларға созылғанмен, адам баласының итінің баласына айналуы үшін ұзақ уақыттың қажеті шамалы; қамшының сабындай қысқа ғұмыр да жетіп артылады. Олжастың қасиеті – Абайдың қасіретіне терең бойлап, қазақтың ұлттық ғаламдық өркениетке тұяқ іліктірудің қамын ойлауында жатыр. Бір кезде Абайдың арқасына ашы таяқ ойнатқан жұрт Абай дүниеге келгелі 150 жыл өтсе де оны әлі түсіне алмай жүргеніндей, XX ғасырда маңдайы жарқырап туган маркасқа Олжасты да оңдырып жатқан жоқ.

– Олжас ана тілін білмейді екен! – дейді.

О, сұмдық! Олжас қазақ тілі түгілі, ежелгі түркі тілін де бес сау-сағындай біледі ғой! Ол түркі тілдес әзірбайжан, өзбек, қырғыз, ұйғыр, якут, тіпті, араб тілдерін де құныға зерттеп, ежелгі түркі мен славян мәдениетінің тоғысуынан адамзаттық алтын қазына іздеп жүрген қазақ Колумбы емес пе еді?!

Молдован билеушісінің ұлы Антиох Кантемир орыс поэзиясы бастауларының бірі. Поляк Юзеф Теодор ағылшын көркем ойының айтушы шебері. Тағы бір поляк Геома Аполлинер француз поэзиясының пайғамбарының бірі хәм бірегейі. Қазак Олжас Сүлейменов өлеңін орысша жазып, казак сахарасынан ұзап, әлемге әлі естілмей жатқан ұлттық жырымыздың даусын ғаламдық аудиторияға жеткізсе, бұл үшін оны мақтау керек пе, жоқ, әлде даттау керек пе?! «Жаксы мен жаманды айырмадың, бірі май, бірі кан боп енді екі ұртын» деп ұлы Абай калай тауып айтқан! Казактың ұлттық профессионал жазба әдебиетінің атасы осы Абайымыздың өзі әлі күнге дейін орысшаға жөні түзу тәржімаланған жоқ кой. «Әкесі өлгенді де есіртеді» демекші, орыстар хәм калған дүние Абайды акын ретінде емес, Мұхтар Әуезовтің осы аттас дәуірнамасының кейіпкері ретінде ғана жаксы біледі! Абайға арада 150 жыл өткенде ғана емес, жылда, күнде дүркіретіп той жасасак та Алаштың осынау бір туар алыбының кадір-қасиетін өзінен басқа өзгенің кемелі мен тереңін елей коймайтын мынау такаппар дүниеге өмірбаки түсіндіре алар ма екенсің; Абайды мақтап-марапаттап, абыройын асырып керегі жоқ, ең алдымен Абайды адамзаттың тілінде сөйлету керек еді. Абай ағылшынша сөйлесе, Шекспир мен Байроның түсінген жұрт оны бізден гөрі тереңдеу түсінер ме еді, кайтер еді...

Олжастың орысша сөйлеуі, әсіресе, оның орыстың осы заманғы ұлы акындары Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский, Белла Ахмадуллиналармен катар бой көрестіп, ой жарыстыруы – жалғыз казактың ғана емес, бүкіл түркі халықтарының маңдайына біткен бағы болатын!

«Аз и Я» – Азияның Евразия мен Америка құрлықтарындағы азаматтық паспорты! Отаршыл озбыр күштердің одан әлі күнге дейін зәресі ұшып коркатыны – содан! Бір кезде Мағжан майын тамыза жырлаған, Күн елі осы кітап аркылы өзінің азаматтық, ұлттық паспортын төс қалтасына басып отыр! Қазір бұл ел тентіреп жүрген тексіз тайпа емес, ежелгі мәдениеті, ересен ұлттық потенциалы бар, кандай ұлт, нендей ұлыспен болсын терезесі тең отырып сөйлесе алатын ұлт – Тұранның тұяғы!

Ел ішінде Олжас туралы керегер пікір көп. Бұған оның басқа замандастарынан алабетен айырмашылығы мен адами жаратылысының айрықшылығы түрткі болып жүр. Ол тәңірінің тілегімен акын болып жаралғанымен, тағдырдың жазуымен лингвист-турколог, славист, шумеролог, тарихтың қалауымен тарихшы, философ, публицист, Алаштың тағдыр-ғаланымен қоғам кайраткері болып кеткен кісі.

«Жамиғат кинематография министрі Олжас Сүлейменовті ізде-

меп еді – дейді оның сырлас-мұңдас замандастарының бірі Бақытжан Момышұлы. – Халыққа Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов те керек емес еді, тіпті, осы есімді депутат та, өкілетті елші де қажетсіз-ді, жұртымыз көш бастар көсемге зәру еді. Адамзат қазынасына барып құятын ауқымы кең, мақсатын анықтар ұлттық ілімнің авторын іздеп едік» («Заман-Қазақстан», 19.04.1996 ж.).

Дұрыс айтпады! Сол екі көзімізді төрт қылып, іздеп жүрген ұлттық іліміміз О.Сүлейменов шығармаларында тұнып жатқан жоқ па? Ұлт көсеміне так керек пе еді?! Қытайды өркениет өріне бастаған Дэн Сяопин «Ұлы жебеуші» Маоның тұсында, һәм одан кейін де мемлекеттегі басты билікті қолына ұстаған жоқ кой? Ресей адам құқы жөнінде жаһан дүниеге жар салған Андрей Сахаровты эзер дегенде депутат сайлап, КСРО депутаттарының съезінде мінбеден қол шапалақтап қуып шыққан жоқ па еді. Қазір мұнда сол рух пайғамбарының орны үңірейіл тұр... «Егер мен жазуды тоқтатсам, адамзат та, әлемдік ақыл-ой да ештеңе жоғалтпас еді», – дейді Б.Момышұлы. – Бірақ О.Сүлейменовтің қаламы үнсіз қалса, біздің күніміз не болады?»

Аталы сөз!

Олжастың орысша сөйлеуі қазақтың ғаламға тіл қатуы болып тұр!

Графоман қазақша сөйлегенше, Олжекеңдер орысша сөйлесін; өйткені ол ойсыраған ойыңның орнын толтырып, ит мініп, ирек қамшылаған ұлттық рухынды аспанға көтереді! Оның орыс тіліндегі өлеңдерінің төркін жұрты Шалкиіз бен Қазтуғандардың жыраулық поэзиясында жатыр.

– Кітап құрып баралы! – дейді Олжас.

Иә, кітаптар мен кітапханаларға қауіп төніп тұр. «Шекспирді тумаған мәдениет Ньютонды да туа алмайтынын (О.Сүлейменов. «Қасиетті латын», «Заман-Қазақстан», 10.04.96 ж.) Күндердің бір күні түсінерміз әлі. Бірақ, ертен тым кеш болып жүрмей ме деген сауал өзегімізді өргеп барады!

Күні кеше өзіміз күптеп-көмектесіп, қолдан жасаған тексіз миллионеріміз өз ұлтты мен мәдениетіне тіксіне қарайды.

Оларға Құрманғазы мен Тәттімбеттен гөрі батыстын поп-музыкасы, Абайдан гөрі эстрада жұлдызы Алла Пугачева бір табан жақын.

Тексіздік ұлттық тектілігіміздің түбіне жете ме деп қорқамын!

Ойымыздан тойымыз көп. Той мен ас дүбірлей жөнеліп еді, аяқ астынан айтыс ақындары дейтін айқайшыл топ пайда бола кетті. Қайда барсаң да еститінің – мақтау мен марапат. Бұлардың гөй-гөйіне құлақ салсаң, қазақтың басына бозторғай жұмыртқалайтын заман орнап тұрғандай.

Ұлттық поэзия – үнсіз.



Олжас – Италияда.

Мұқағали мен Жұмекеннің, Жұматайдың да асын беріп тастадық. Тірісінде ешкім де өз елінде пайғамбар бола алмайды деп кім айтса да дұрыс айтқан екен дейсің.

Фактінің аты – факт.

Құлағына Лермонотовтың бір шумақ өлеңі келеді: «Хош, Ресей сорынан арылмаған...». Абай айтады: «Туған жер, өлген мола жібермейді, әйтпесе, тұрмас едім осы маңда...».

Енді Олжасты тыңдаңыз: «Мы – не рабы, рабы не мы, ибо рабы – немцы...».

Бүгін болмаса ертең, біз болмасақ бізден басқа екінші бір толқынның құлағына шалынбай қоймайтын әуендер бұл. «Мені де шпион боп өтті деңіз, акыннан сақта құдай деп тілеңіз; болашақ ұрпақтардың құлағына біздер де бір нәрсені жеткіземіз» (Е.Евтушенко) деген өлең кешегі коммунистік үстемдіктің кезінде туған ғой. Болашақ ұрпақтардың құлағына біздер де бір нәрсені жеткізуге міндеттіміз. Жеткіземіз!

Олжастың ең сүйікті сөзі: «Айналайын».

«Кружись, айналайин, Земля моя!» дейді ол. Кіндік қаны тамып, кір жуған Алашынды туған анандай сүйіп, қала берді қалған адамзаттың сұлулығы мен ұлылығына тәнті болудың қандай қасиетті һәм қандай қасіретті құбылыс екенін пайымдау үшін де Сүлейменовті қайта-қайта оқу керек бізге. Қазақтың ұлттық, мемлекеттік идеологиясының халқымыздың рухани қазанында қайнап, сорпа бетіне шығар қаймағын содан сүзіп алуға болады. Онда не жоқ дейсін: Ұжымды ұлт болуға өте-мөте қажет нарт мінез намыс, бір ру, бір аймақта тұйықталмай, ғаламдық өркениетпен біте қайнасатын шынайы интернационализм, өзіміздегі және өзгедегі пенделік – тоғышарлық – тышқандық психологияға қарсы ымырасыз күрес дейсіз бе, прогресшіл адамзат зәру болып отырған көкейкесті мәселелердің бәрі де баршылық.

Өзгеше ойлай білетін ұлт зиялылары билік басындағылардың ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында болған кезде мұндай ұлттың маңдайдағы соры бес елі болады. Олжас коммунистік жүйе кезінде қазақта диссидент болған жалғыз тұлға, жампоз азамат! Бұған куә оның «Аз и Я»-сы. Кеңес өкіметі кезінде осы кітапты қолтығына қыса барып, Мәскеуде қара базарға саудалап, Алматыға біраз ақша арқалап қайтқандар да болған... Біз өз ақыл-ойымызды арзан күнкөріске сатып жүргенде бізден гөрі ертерек ел болған озық ойлы орыс халқы Бердяевтері мен Бродскийлерін құныға оқып жатқан. Орыс интеллигенциясының ат үстінде ұйқы қашырып, қоныр салқын төске

алған ығайы мен сығайы бұл кезде мұхиттың арғы жағында жүргенді. Эмиграцияда тігерге тұяғы болмаған жұрт біздің қазақ хәм қазаққа ұқсас «күштілері сөйлесе бас иетін шыбындап» (Абай) камшыдан көз аспаған бодан жұрт: ел-жұрты үшін еңіреп шет жұртта тентіреген Мұстафа Шоқайдан басқа кіміміз бар еді?!

Ел егемен болғалы енсенді көтеріп қарасаң қазақ зиялыларының көпшілігі халқының жоғын жоқтап, мұнын мұндап, әбден қажыған сынайда. Орыстың патшалық және коммунистік отаршылдығымен алыса-алыса арқа етті – арша, борбай еті – борша болғандай көйітеді-ау кеп... Мұндай типтерге қарап Олжекеңнің ішексілесі ката күлуге моральдық құқы бар. Бірақ күлмейді. Ішінен қан жылайды ол. «Ақынның жүрегін жаралау оп-онай» – дейді әулие қарт Карл Маркс.

Адам-Ата мен Науа-Ана жұмактан қуылып, оның тұла бойы тұңғышы қанішер Қабыл туған бауыры Әбілді ұрып өлтіргеннен бері ақын атаулының жүрегі – шұрқ тесік.

Адамзаттың алғашқы ақыны кім екен?

Кім болса да ол да өз ажалынан өлмеген болуы керек...

Әлі есімде, 1989 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы кезінде О.Сүлейменов өз кандидатурасынан бас тартты. Ақынның мұнысы несі? Үш жүз жылдай бодандықтың бопсасында келе жатқан қазақ халқының жүрекжарды сөзін шаршы топтың алдына қасқая шығып, кім айтады енді?!

Сөйтсе, оны біреулер «бауырлас орыс халқын ұнатпайды-мыс», «ұлтшыл» деп айыптаған көрінеді. Олар қалың қара ормандай орыстың ішіндегі орысы – Ю.Гагариннің қазаға ұшыраған жерінде «Адамға табын, Жер, енді» деген осы Олжастың сөзі қашаулы тұрғанын қайдан білсін...

– Сүйем сені, жаным, Олжас! Деп жазды ол туралы орыстың адуынды ақын қыздарының бірі Римма Казакова.

– О, менің қыршын бауырым, қыпшақ Олжас! – деп жыр толғады Сергей Марков оның уыздай жас кезінде.

Сайлауға санаулы күндер қалғанда Мәскеудің орталық теледидары бір көрініс көрсетіп жатты. Тілші бір әйелмен сұхбат жүргізіп тұр.

– Мен Сүлейменовке дауыс бермеймін! – дейді ашулы әйел.

– Неге? – дейді тілші таңқалған сынай танытып.

– Ол біз секілді сауыншыларды сүймейтін көрінеді...

Теледидардан жергілікті радио да қалысқан жоқ. Хабар жүргізуші журналист Сүлейменовтің сайлау алдындағы бағдарламасына тоқтала келіп, оның болашақ депутаттың бағдарламасы екеніне күмән келтіреді. Әрі қарай – музыка...

Дегенмен, осы тоталитарлық қоғам тұсындағы сайлауда да Олжас жеңіп шықты. Тобыр жер құшты. Халық жеңді.

Ақын жөнінде қаңқу көп: «Олжас қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге қарсы болған екен», – дейді.

Қазақтың басында тоталитаризмнің қамшысы ойнап тұрған кезде «ұлтшыл» атанған Олжас ел-жұрты егемен болғанда енді «космополит» атанғалы тұр ма?! Ақынға жабылмаған жала бар ма еді: Бұқар жырау – «ханшылықтың жаршысы», Шортанбай – «кертартпа», Мағжан – «халық жауы», Қасым – «Ұлтшыл», Мұқағали – «маскүнем».

Оған әлі күнге дейін әртүрлі құйтырқы сауалдар қойылады:

– Сіз неге орыс тілінде жазасыз?

Немесе:

– Сіз қай халықтың ақынысыз осы? – дегендей сұрақтар.

– Өлеңімді орыс тіліне тәржімалап бер деп көрінгенге көзтүрткі болмайтын қазақ ақынымын! – дейді ол.

Әрі қысқа, әрі нұсқа.

Олжасты көшедегі көрінген пенденің түсініп, оған көрінген пенденің тұшынуы шарт емес. «Менің шығармаларым елдің бәріне ұнауы мүмкін емес», – дейді А.Вознесенский. – Елдің бәріне ұнайтыны кір жуатын порошок – «Новость».

Олжасты қырғыз Айтматов, башқұрт М.Кәрім, орыс Вознесенский, тәжік Каноғат, литван Марцинкиявичус, латыш Вацетис жанындай жақсы көреді. Олардың бәрі де бір-бір халықтың бетке ұстар ұлдары. Бір өзі бір-бір ұлттың өзекжарды ойын айтып жүрген жақсысы мен жампозы!

...Мен оны алғаш рет 1975 жылы Павлодарда өткен жас ақын-жазушылардың аймақтық кеңесінде көріп, ан-таң қалған едім. Уыздай жас. «Поэт красивым должен быть, как бог» деп өзі айтқан. Біз ер жігіттің сұлтаны Сәкен ағаны көре алмай қалған буынбыз. Бірақ, бізге талай ортада тамсана айтып жүруге Олжас ағанын асқақ тұлғасы жетіп жатыр еді.

Кейінгі кезде ағамыздың шашы бурыл тарта бастапты. Қазақтың басына түскен ХХ ғасырдың зіл батпаны оның да иығын жаншып бара жатқандай. Бірақ Ақын әлі асқақ тұр.

Табаны жерде тұрғанда тапжылмайтұғын Антейдей (*К.Мырзабеков*) – тәкаппар! Ол қашан көрсең де осы қалпында.

Оның ең сұлу кезін, ең тақалпар сәтін мен 1989 жылдың ақпанында көрдім. Алматы Қазақстан Жазушылар одағының үйінің алды. Халық – құж-құж.

– Уа, бұ немене тағы? – дейміз үрейленіп. Өйткені, осыдан үш жылбұрын Алматыда желтоқсан оқиғасы болып, ел-жұрт ұлардай

шулаған-ды. Тағы да соған ұқсас бірдеңе болып қалды ма деген күдік қой баяғы.

– Олжас сөйлеп жатыр! – дейді біреулер. Өзі көрінбейді. Елден ерекше ер-жігіттің дауысы – Олжас дауысы саңқылдап тұр.

– Қайда барасың, өңмендеп! Бәрібір ішке кіре алмайсың! – дейді қасымдағы маған жақтырмай қарап. – Халық Олжасты сыртқа шақырып жатыр. Қазір шығады ғой...

Айтқандай болған жоқ, алпамсадай Олжастың асқақ тұлғасы көзге шалынды. Аруақ қонған арқасы қозып, Ақын сөйлеп тұр. Сөз төркіні – Семейдегі экологиялық жағдай. Сөз түйіні – дүние жүзінде ядролық сынақты біржолата тоқтау мәселесі.

Бұрын-соңды мұндайды көрмеген, бұрын-соңды мұндайды естімеген ел-жұрт ішінен тынып, үнсіз тұр. Төбеде – тоталитарлық қоғамдық жүйе. Төрде – коммунист-хатшылар тұрған заман ғой – бұл.

– Баурым-ай! Бар екенсің-ау?! – деді біреу қазақша.

Біреулер жылап жіберді. Мен де егіліп қоя бердім...

Алматы Алатаудың қойнына сыя алмай, дүрлігіп бара жатты.

Олжастың сондағы сұлу кескін-келбеті, тақаппар тұлғасы әлі көз алдымда.

«Семей-Невада» қозғалысы сол күні аттандап, атқа мінді.

Олжас Сүлейменов – Алла тағаланың Алашқа бере салған алтын айдарлы ұлы. «Жабағалы жас тайлақ, жардай атап болған жер, жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жер, жарлысы мен байы тең, жары менен сайы тең; балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған (*Қазтуған жырау*) қайран қазақтың зұлымдық пен зобалаң атаулыға кеткен есесін қайтару үшін Тәңірі осы Олжасты қарымтаға туа салған секілді! ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың өліарасында иісі қазақтың еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін аузына қарап отырған тұлғасының бірі осы – Олжас Сүлейменов! Тұлға дегеніміз – жаһан дүниеге жыланша ысқырып, қол астындағы бейкүнә елін билігімен арбаған қаһан Шыңғысхан, император Цезарь, фюрер Гитлер, генералиссимус Сталин де емес, француз Дидро, ағылшын Шекспир, америка Уитмен, неміс Гете, орыс Пушкин, қазақ Абай сынды, Қазтуған жырауша бейнелеп айтқанда: «Бұдырайған екі шекелі, мұздай үлкен көбелі, қары ұрымы Сұлтандайын жүрісті, айдаса қойдың көсемі, сөйлесе – қызыл тілдің шешені, билер отты бн соңы, буыршынын бұттар шайнар ауызы, бидайдықтың көл жайқаған жалғызы, бұлт болған Айды ашқан, мұнар болып Күнді ашқан» қасқалар болады!

Олжас – аңызға айналған тұлға. Өзімнің сүйікті геройымның ғұмырнамасындағы ақиқатты ашып айтқым келген соң ба, аңызына да соқпай кете алмай барамын. «Жаманның артынан бөз ереді, жақсының

артынан сөз ереді»-дейді казак. 1986жылы Брежнев алаңынан шыққан бір топ өрімдей жас Қазақстан Жазушылар одағы үйінің алдына келіп:

– Мағжан!

– Сәкен!

– Олжас! – деп айқай салыпты.

Олар сол кезде ұлтына арқа сүйеу болар Алатаудай тұлға іздеді.

Олжас – жоқ!

Сол күні Олжас ағамыз қайда болды екен? Ел-жұрты егіле іздегенде есіл ер қайда отырды екен сол күні?! «Империя белгілі бір бодан ұлттың басына найзағай ойнатар тұста сол елдің сөзін сөйлеп шығатын азулы деген ұлдарының аузын алдын-ала жауып тастайды екен, – дейді бір білгіштер. Ол да мүмкін. Иә кім біледі, мұның бәрі алыпқашпа сөз де болар, халық өзін қалтқысыз сүйетін ұлдары туралы осындай танғажайып аңыздар шығара береді.

### 3

Антипоззия бүгін алшаң-алшаң басады. Кремльдің Свердлов залында аппақ нейлон көйлек, кара костюм-шалбар киіп, шокпардай галстук тағынған кеңес шенеуніктері мына жарық дүниенің дінгегін өз қолымен ұстап тұрғандай шалқақ-шалқақ етеді. Бұлардың сұсты суреттері мереке сайын империя алаңдарына айрықша айбар беріп тұрушы еді. Оларды еңбектеген баласы, еңкейген кәрісі бар, қалың ел жапа-тармағай қолдарына ұстап, көшеге шығатын. Бейне бір аспаннан жерге Иса пайғамбар түскен сықылды...

Бүгінгі жиынның мәнісі, мүлде, бөлек. Мұнда әлемдегі ең ұлы державаның көсемдері осындағы әдебиет және өнер қайраткерлерімен жүзбе-жүз сөйлеспек. Жер шарының жартысын айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізген «Дүние жүзі халықтарының әкесі» Сталиннің қаһарлы бейнесі көзден бір ұшып, жер аяғы кеңігеніне де біраз уақыт болған. Күні кеше ғана партияның XX съезі болып өтіп, Гулаг тұтқындарының кеудесінде шыбын жаны бары аман-есен отбасына оралған-ды.

Бұл кезді тарихшылар «жылымық» дейді. Бұған дейін тарихтың тегершігі (*винтик – И.В. Сталин*) атанып келген басы жұмыр пенде баласы енді өзінің кәдуілгі адам екенін аңғарып, кеудесін қомдап, көкірегін көтере бастаған. Енді атам заманнан осылардың мұнын мұндап, жоғын жоқтап келе жатқан ақын-жазушы, сыншы-суретші, мүсінші секілді еркін ойлы жандарды есіркеп еркелететін заман келе жатқандай. Осының алдында ғана Борис Пастернақты біраз итке талатып алғаны болмаса, коммунистік идеяның көш-керуенінің қазіргі жүрісі көңіл көншітіп, тіпті, ақын адамның кеудесіне айрықша шабыт ұялатағындай ма, қалай?

Әдебиет дейтін киелі шаңырақтың табалдырығын елуінші жылдардың соңында аттап, бүгінде берісі – кеңес, әрісі – алыс жат жұртқа да атак-даңқы шығып, ауызға іліне бастаған жас акын Андрей Вознесенский де осы алкалы топтың арасында жүр. Кремльге шақырып жатыр дегенде мұның шаңырағының төбесі көкке аз-ақ тимей қалған. Көрінген пенденің аяғы баса бермейтін киелі жер ол. Онда бір кезде Ленин мен Сталин жүрген... Оның үстіне сол жерге үкілеп акынды шақырып жатыр ғой! Құдай өзі берді деген осы емес пе. Кеңес империясын көкке көтере мадақтаған Маяковский өзіне-өзі қол салып, Мандельштамдар – атылып, Цветаевалар милицияның кір-қонын жуып күн көріп жүріп, ақыры асылып өлгенде, бекзада ханша акын Ахматованың өзі қуғын-сүргінге ұшырап жүргенде кеңес әдебиетінің кілең игі жақсысымен бірге мұның да патша сарайына мейман болуы мәртебесін қалай асырмасын!

Президиумда – түр-түсі төрткүл дүниеге таныс көсемдер, империяның көш басылары: Хрущев, Брежнев, Суслов, Козлов һәм Ильич... Мінбер президиумға аркасын төсеп, алыстау жерде тұр.

Мұндайда кісінің сөйлегісі келеді. Көкіректе көп жылдан қордаланған шер-шеменді өзінді түсініп, сөзіне тұшылатын адамға айтқысы келеді. Тірі пендеден беті қайтпаған уыздай ақынның жүрегі дүрс-дүрс соғып тұр. Екі көзі – Никита Сергеевичте. «Бұл кісі бізді түсінеді – деп ойлады ол ішінен, – бұл кісі Сталин емес – басқа адам!

Кенет жас ақынның ойын көзінен көріп қойғандай, көсем оны мінберге шақырды!

Сүйікті ұстазы Пастернақтың тағдыр-таланы есіне түсіп, именіңкіреп отырған оны осы тақырбас, кішіпейіл адамға деген ілтипат-құрмет қайраттандырып жіберді. Айтар сөз, ағытар сыр көп-ті. Алқынған кеудесін басып, мінбеге жетті. Енді сөйлей бергенде арт жағында отырған алпауыттардың біреуі мұның сөзін қайта-қайта бөлек бергені. Шабытына мініп, көк зенгіріне шарықтағалы тұрған жас акын оған онша мән бермей, сөйлеп жатыр. Оның ойынша, мұның сөзін бөліп жатқан – әлі саясат сахнасынан кете қоймаған кішкентай сталиндердің біреуі... Е, олар өздерінен басқа өзге біреудің сөзін қашан тындап еді? Әйтеуір, Никита Сергеевич ұйып тындап отырса болды ғой, басқасынан не үміт, не қайыр?

Бірақ микрофондағы кіжінеген дауыс құлағына бұрынғыдан айқын естіліп, ел назарын өзіне аудара бастады:

– Вознесенский! Вознесенский мырза?!

Албырт акын абдырап тұр. Зілдей мойнын өзер бұрып, артына қарағанда ол өзіне көзімен атып жіберердей зілдене қарап, жұдырығын түйіп тұрған патшаны көрді.

– Вознесенский мырза! – деді Хрущев мұның әкесінің атын тағы бір мәрте аузына алып,

– Кет! Сіз Кеңес өкіметіне жала жауып тұрсыз! Өз еліңіз ұнамаса өгей шешенізге кетіңіз! *(өгей иешие деп Батысты айтып тұр. – С.А.)* Жөнел! Шелепин жолдас *(қауіпсіздік комитетінің төрағасы. С.А.)* паспорт жазып береді! Немене, көңліңіз бұзылып, венгр төңкерісін көксіп жүрсіз бе?!

Ақын жігіт аң-таң. Хрущев Венгр революциясы деді ме, жоқ, әлде, венгр контрреволюциясы деді ме? Мүмкін, тағы да ішіп алған шығар?! Ол да мүмкін. Өйткені ол бірде қып-қызыл мас болып, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесіне шығып, оны аяғындағы топылайымен гүрс-гүрс ұрған кісі емес пе еді.

Енді кезек тобырға келді. Шопенгауэр мен Ницше иттің етінен жек көретін, Ленин мен Сталиндер абыройын аспанға көтерген атақты тобыр ғой – бұл. Біздің Абай да бұларды ұнатпағанды.

– Құрысын!

– Ұят-ай! – десті зал.

Алғы жүзге тарта адам бір дауыспен осылай деді!

– Кремльге ақ көйлек, галстуксіз келіпті! Битник! – деді біреу. Ақын оның кім екенін таныды – Шелепин екен. «Битник» дегенді ол кезде екінің-бірі, егіздің сыңары біле бермейтін.

– Битник!

Ұят-ай! Десті зал оған қосыла айқайлап.

Абырой болғанда, Пастернактың бетін былш еткізгендей, «шошқа» деген жоқ, әйтеуір. Олай дегенде мына отырған елдің бәрі де қосыла жамырап еді.

Вознесенский сасқанынан стакандағы суды ұстай алды. Қолы қалтырап қоя берген. Козлов оның қалтыраған қолына бар зейінін салып, рақаттанып қарап отыр. Ақындар алмағайып жерден сүрініп құлағанда әкімдер осылайша ләззатқа бөленеді!

Қара тобырды тыншытуды ойлаған ақын не істерін білмей, өлең оқи жөнелді.

– Өлеңін өзіңе! Білеміз ғой...

– Түс кәне!

Болары – болды. Ақын оқи жөнелді. Ол зұлымдық империясындағы лагерлердің нарларында мұңға батып жүрген Муза сұлу хақында жырлады. Үкімет басшысы сол кезде айғай салған:

– Жансыз! *(«Агент» деген сөз қазақша аударылмайды екен. С.А.)*

Мұны айтқан Сталиннің жеке басына табынуды әшкерелеп, Гулагтың мың-миллиондаған тұтқындарының қолындағы темір шідерді шешкен Хрущевтың өзі еді!

Осы жиыннан соң кенес әдебиеті ақсақалдарының бірі Илья Эренбург жас ақынның рухани құдіретіне аң-таң қалып: «Мына сұмдыққа қалай шыдадың, бауырым! Сенің орнында кім болса да жүрек талмасына ұшырар ма еді, қайтер еді. Сол жерде қасқайып тұрмай-ақ аяушылық ет деп аяғына жығыла кетсең де біз сені кешірет едік қой!» – деген екен.

Осы кезде бір журналист ұлынан жарты жылдай хабар-ошар ала алмай жүрген ақынның шешесіне телефон соғады:

– Сіздің балаңыз өзін-өзі өлтірді дейді ел... Рас па?

Ақынның анасы телефон-мелефонымен жерге құлап түсті.

Вознесенскийдің трибунада абдырап, Хрущевтің оған жұдырығын түйе қарап тұрған суреттері ақынның «Аксиома – самоиска» атты (*Мәскеу. СП «ИКПА»*) кітабында жарық көрді. Не деген ұқыпты, зерделі халық еді орыс жұрты! Қазақстан жазушылары одағының пленумында желтоқсан оқиғасының тігісін жатқызуға келген Колбиннің көзін шұқып сөйлейтін біздің Жұбан Молдағалиевтің сол тарихи сәттегі кескін-келбеті сақталған ба? Қайдағы... Вознесенский мен Хрущевтың арасындағы теке-тірес тоталитарлық жүйенің тасы өрге домалап тұрған тұста өткен. Жұбан мен Колбиннің жекпе-жегі демократия дейтін шарана дүниеге келген қайта құрудың кезіндегі жағдай. Екеуінің арасы жер мен көктей. Тап бір орыс пен казактың арасындай алшак! Сурет демекші, Алатаудың биігінен асып, Алаштың ақиығы атанған Мұқағали Мақатаевтың айбарлы үні эфирімізден естіле ме? Асқақ бейнесі теледидарыңыз бен киномыздан көріне ме? Қазақ радиосының алтын қорында сақталған бір поэмасынан басқа не қалды екен? Оның өзі «Большевиктер» поэмасы көрінеді!

Кенес өкіметі кезінде осы жыртқыштың қызыл көзіне тайсалмай тіке қарап, «Аз и я» атты айбынды еңбегін шығарған Олжастан басқа ту ұстар тұлғамыз болды ма?! Одан басқа шәйірлеріміз Ленинге басын иіп, Брежневке жырдан шашу шашып, қағанағы – қарық, сағанағы – сарк болып жатқан-ды.

Олжас пен Андрейдің достығы өз алдына бір әңгіме. Бір-бірін сонау алыстан танымаса алып бола ма; Вознесенскийдің – Сүлейменовке, Сүлейменовтің – Вознесенскийге арнаған өлеңдерін оқысаң арқаң шымырлайды. Андрей, тіпті, оған өкпелеп те жүреді. Адамзаттан асып, Алаштан туған осы ақынның кенет түркі тілін зерттеп, Шумер дүниесіне тастай сіңіп жоғалып, ұлы мәртебелі поэзияны соның жолына құрбан қылып жіберетіні орыс ақынының көңлін құлазытады. Біздің Олжас та маңдайы жарқыраған қасқа ғой: «Сендердің мәдениеттерінде алтын ғасыр – XIX ғасыр болды. Біздің казак казір бірден



XIX ғасыр үшін де, XX ғасыр үшін де жанталасып жатқан жоқ па» депті.

Ал, менің замандас ақындарым бүкіл ғаламдық мәдениетті тұла бойына қотарып, сіңіріп алғандай алшаң-алшаң басады!

Андрей Вознесенскийдің мамандығы – архитектор.

Хоббиі – математика мен сурет өнері, музыка.

Ол неміс фәлсафашысы Мартин Хайдагерді іздеп барып сұхбаттасады. Ал біздің шайірлеріміз болса, шетінен ақылғөй, даңышпан! Сыртынан қарап тұрсаң, бұларды Хайдагердің өзі іздеп келсе сауап болатын сықылды...

Андрей ертеректе біраз уақыт Флоренция мен Венеция архитектурасының тылсым құпиясын көз майын тауыса зерттеген. Көкірегінде – француз архитектурасы Корюзьенің сұлбалары...

– Я пишу стихи ногами! – дейді ол. Қалай түсінсеңіз – олай түсініңіз. Қазақ шайірлерінің көпшілігі өлеңін жүрегімен-ақ жазады. (*«Жүрегімде сенің алтын Отаным», «Жүрегіммен сүйемін мен өзіңді» деген сияқты*). Бірақ олардың «жүрегінен» шыққан өлең біздің жүрегімізге жетпей жатады.

...Иә, сонымен, Хрущевтың «жылымығы» зыр етіп өте шықты да, Брежневтің тоқырауы келді. Бұл патшаның заманында еркін ой, ешкімге басын ие қоймайтын өр рухқа қарсы абалаған айқай, шаптыққан шабуыл бола қойған жоқ. Бар болғаны сол – үндемей қойды! Оны біздің қазақ «ит үреді – керуен көшеді» – дейді! Вознесенскийдің атын ауызға алу үшін ЦК-ның идеология бөлімінің өзінен рұқсат алатындай жағдай болған! Оның әрбір жинағының дүниеге келуі кеңес өкіметіне қарсы жасалған саяси акция ретінде қарастырылушы еді!

Поэзияның қас дұшпандары осы кезде қулыққа көшті: «Вознесенский, Евтушенко, Ахмадулиналардан басқа ақын жоқ па – бар». Халтуршиктер мен грофомандарды тауып алып, енші үлестіргендей, лениндік, мемлекеттік сыйлықтарды үлестіру басталды!

2115

Поэтов наших федераций,

Пускай напишут за меня,

Они не знают деградации, –

деген өлең осы кезде туған. Өлең емес – мысқыл ғой бұл! 2115 деген цифр ойдан тумаған, жазушылар одағының анықтамасынан алынған екен!

Поэзияға деген халық құрметі осы кезеңде сап басылды. Әлі күнге дейін орнына келмей жүр.

Бірақ Вознесенскийдің әрбір жинағы жарық көрген сайын поэ-

зияның босағадағы басы төрге шығып, қалың жұрт оның сол жинақтарын қолына шам алып іздейді. Қолына шам алып іздегенде тауып алса жақсы ғой. Жок! Бітті...

Дәлдүріштердің кітаптары шан басып тұр.

Бізде де солай!

Кейін қайта құру заманы келіп, елдің бәрі бұлбұлша сайрай жөнелгенде Вознесенский былай депті:

Все пишут я перестаю,  
О Сталине, Высоцком, о Байкале,  
Гребеншикове и Шагале  
Писал когда не разрешали.  
Я не хочу попасть в струю».

Франция поэзия академиясы мен Америка және Бавария академиясының мүшесі болғаннан кейін ғана ақын ретінде әзер мойындалып, оған 1987 жылы ССРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Біздің Мұқағалилар көзі тірісінде мұндай мәртебеге ие бола алмай, мына дүниеден баз кешіп кетті. Өлең-поэмаларын былай қойып, Дантениң «Тәңірінің тәлкегі» тәржімасын бағалауға шама-шарқымыз жеткенде ол арақ ішіп, ауырмай-ақ, қасіретті де қасиетті казактың төрінде қасқайып отырар ма еді, қайтер еді? Әлем поэзиясының інжу-маржаны «Тәңірінің тәлкегін» әлемдік өркениеттің өрінен көрініп отырған Жапон жұртының өзі әлі күнге дейін өз ана тілінде оқи алмай отыр ғой...

Өз еліміздің өрге құлаш ұрған талантты да, қанатты ұлдарын қалайша қадірлеп, қастерлеуді орыс жұртынан үйренуіміз керек. Кейде олар да данасын дарынсызына талатып, ерінің еңсесін түсіретін орашолоқтыққа ұрынып жатса да, орыстар өз ұлтының рухын тап басып тануға келгенде дәл біздің казактай тонмойын емес. Оның себебі тереңде жатыр. Бұл ұлттың зиялы қауымының қалыптасып, елі мен жерінің тізгінін ұстағандармен тайталасқанына қаншама заман өтті десеніңші. А. Вознесенский оны: «Есть русская интеллигенция!» деп мақтан тұтады. Біздің зиялы қауымымыз мына жарық дүниеден Абай көшіп, оның соңынан іле-шала Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып, Мағжандар келген кезде енді ғана етек-жеңін жауып, төрге ұмтыла бергенде қыршынынан қиылған! Оның орнын басқан – кеңес зиялылары, диамат пен исматтан мың шіріген өншең қасқалар ғой, шіркін...

Вознесенский Русьтің рух пайғамбарларын төрткүл дүниеге түгел көрсетуге әзір. Оның мақтаны қазекеннің мадақ-марапатынан мүлде бөлек: ол Пушкин, Толстой, Достоевский, Третьяковтардан бастап, қазіргі Третьяков галереясының директоры Ю.К.Королевке дейін тізіп

шығып, сонсоң адамзаттық ауқымға шыға жөнеледі: Габриель Гарсиа Маркес, Пабло Неруда, Федерико Лорка... Осылай кете береді.

Мұндай рух пайғамбарлары біздің Алаш топырағында да жетіп артылады. Скифтердің тұңғыш патшасы, елдің басын қосып, мемлекеттің мерейін асырған Тарғытайдан бастап, түркі дүниесіндегі Ншпакай, Мойыншар, Елгеріс, Күлтегіндер, ақылы кемел Тоныкөк, Асан Қайғылардың аралығында қаншама тұлғамыз бар, шіркін! Біреулер, тіпті, Заратустра мен Будданың төркін жұртын біздің елден ізден жүр. Арманда кеткен арыстарымызды айтпағанда, бет-жүзін біз болмасак та әкелеріміз көрген Әлихан Ермеков, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Евней Бөкетовтердің өзі қандай?! Олардың да тірісінде көрген көресіні өз алдына бір жыр.

«Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» дейтін Абай уағызына құлақ ассақ, рулық, ұлттық томаға – тұйықтықты тәрк етеміз де, бүкіл адамзаттық Жиделібайсынға ат басын тіреуіміз керек. Ол жерде аяғын алшаң басып кімдер жүр? Мәселе – осында. Онда ұлы жырау Гомерден бастап, ойға шомған Аристотель, шежіреші Плутарх, дарға асылған Иса, бұ дүниеден опа таппай о дүниені сүзіп өткен Данте жүр! Осы рух патшалығына исі казактан алғаш ат басын тіреген – Абай! Бұл рух патшалығының ататексіз космополитизмге жүлдызы қарсы. Оған барсаң, тек казактың ұлттық болмыс бітімімен барасың! Әйтпесе, ол есігі түгілі тесігінен қаратпас. Ал, Абай болу екінің бірі, егіздің сынарының маңдайына жазылмаған. Ол үшін Сократ пен Аристотельдерден бастап, Хожа Хафиз, Сағди, Фердауси, Пушкин, Мицкевич, Гетеге дейін мыйыннан сүзіп өткізуің керек!

Адамзат ақындары мен Алаш ақындарының тағдыр таланы ұқсас. Пушкин дуэльде мерт болса, біздің Абай казактың қайғы-қасіретін көтере алмай, пайғамбар жасына тұяқ іліктірместен фәниден бақиға аттанды. Байрон кіндік кесіп, кір жуған жұртынан ат тонын ала қашып, бөтен ел, бөгде жерде қаза тапса, біздің Қасым соғыстан солдат шинелін сүйретіп келіп, ит пен құс, бұралқы мен бұзақы жүрген Алматыдан пәгер таба алмай, жасына жетпей жер құшты!

Қуғын-сүргінді Вознесенский де көрген. Новосибирскіде бір қонақ үйге тоқтал, көше аралап қайтып келсе, жүгін сыртқа шығарып тастапты.

– Мұнысы несі? – дейді ақын аң-таң қалып.

– Сізді шпион деп жатыр! – дейді кезекші.

Аға жұрты оны кеудесінен итерсе, американ, француз, неміс дейтін өрелі жұрт оны алақанына ұстады. Оның сүйікті оқырманының бірі – сенатор Р.Кеннеди.

Ақын музасына арбалғандардың бірі хәм бірегейі – әйел затының падишасы Жаклин Кеннеди.

Оның достары – ғаламзат ақыл-ойы мен мәдениетінің асқақ тұлғалары Ж.П.Сартр, Р.Рашанберг, Л.Арагон, В.Высоцкий.

Хрущев оған жұдырығын түйіп, Брежнев оны мүлде кісі ғұрлы көрмесе, АҚШ президенті Рейган ақынды Ақ үйге шақырып алып, онаша сұхбаттасады. Сонынан риза көңілмен суретке түседі.

Поэзия – Періште-рух. Әзәзілдер қолына таяқ алып, өз бесігінен тырқырата қуғанда ол өзгелердің шаңрағынан пана табады да, кейін өз елі – өлең төсегіне қайтсе де бір оралмай қоймайды!

Мен ақын шығармашылығына егжей-тегжейлі тоқталмай отырмын. Оның геройлары орысқа керек шығар, бірақ қазақ жұрты оған орыстан да зәру: мәселен, орыстың мүйізі қарағайдай ұлдарының бірі Тарковскийді бала кезінде қақпа аузына тығып қойып соққылайтын бұзақыны алайықшы («Тарковский на воротах»). Біржан салға қамшы ала жүгіретін одыраңбай поштабаймен қазақ халқының бетке ұстар ұлын қойша бауыздаған қазан төңкерісіне қандай ұқсас типтер! Немесе, отыз жетінің ойранында аяғы ауыр О.Берггольцті ішінен тепкілеп, кейін одан кешірім сұрайтын тергеуші ше? Көзіңе Фатима Жансүгіровалар елестейді! Оның тергеушісі одан кешірім сұрады ма, сұрамады ма – білмеймін! «Люмпен интеллигенцияны» оқысаң, көшеде арақ сатып жүрген аспирант, күнін көре алмай жүрген академик, қасап болып алған мұғалім-қазақтар есіне түседі!

Айтар сөз, ағытар сыр көп, Әттең! Егемендігіне есі шығып мәз болып жүрген менің қандастарым Алаш ақындарын насихаттап болғандай, енді бізге Вознесенский қалды ма деуі мүмкін. Айтуын – айтады. Адамзаттық алтын идеялар көзден бұлбұл ұшып, рулық, тайпалық, ұлттық өзеуреген өзімшіліктің аяғының астында тапталып бара жатыр! Әрине, қазақ ақындары жөніндегі әңгіме-жыр аяқталған жоқ әлі. Басталды. Бірақ Вознесенскийді білмей жатып, Олжасты түсінбеспіз. Ресей – Ермолов емес – Пушкин, Солженицын емес – Сахаров, Акакий Акакиевич те емес – Андрей Вознесенский ғой!

Ақынның жалғыз орысқа ғана емес, қазаққа да қарата айтқан бір ауыз өлеңімен тәмәмдағалы отырмын:

Мы летим вперед,  
Оглянемся назад.  
Какой раньше рай!  
Какой раньше ад!

Мой родной народ  
Оглянись вперед!

Антипоэзия атқа мінді! Цивилизация Пегасты ағаштан жасап шығарғалы қашан; оның да тұлпардың тұяғына ұксас тұяғы, салпы ерні, салқы түсі, кең сауыры бар. Абайша айтқанда: «шокпардай кекілі бар, қамыс құлақтын» өзі дерсің. «Аяғы тымақты алшаң кигізгендей, кісіні бол-бол қағып жүргізгендей» (*Абай*). Сол ағаш аттың үстінде антипоэзия миығынан күліп тұр!

4

Антипоэзияның атасы Дарвин адамзат үмбетінің түп-төркіні маймылдан тараған дейтін теорияны темір қазық етіп ұстанған тұста екінің бірі, егіздің сыңары күдіктенбей көнген осы пәтуаға қаймықпай қарсы шыққан екі ержүрек адам болды. Оның бірі – Дағыстанның ақыны Расул Ғамзатов. Екіншісі – қазақтың ақыны Жұматай Жақыпбаев. «Үндістанда аңыз етіп айтады: «Ең бірінші пайда болған жылан» – деп. Дағыстанда аңыз етіп айтады: «Ең бірінші пайда болған қыран» – деп. Мен ойлаймын: табиғаттың қолынан, ең бірінші туған – Адам, соңынан, – біреуі оның кетті айналып – қыранға, біреуі оның кетті айналып – жыланға». (*Р.Ғамзатов*). Расул (*арабтың пайғамбар деген сөзі*) андасанда бір туатын поэзияның асқақ пайғамбары. Оны жетпіс жыл жер шарының зәре-құтын ұшырған ұлы империяның өзі мойындаған-ды. Сол ұлы ақынның өзі диамат пен истматтан именшектеп, Дарвинге деген өкпесін қыран мен жыланға балап жеткізгенде, Түркі қағанатының бір боздағы қазақша айтса алтыбақан алауыз жұрты түсінбей қала ма деген оймен өлеңін өзге тілде жазып, Алашты ұлы империямен өз тілінде сөйлестірген-ді: «Дарвин не прав, у нас другие гены, другая не убивают обезьяны...».

Қателесті-ау, Дарвин,  
Қанымыз біздің бөлек-ті:  
Маймылды-маймыл бауыздай алмаса керек-ті  
Етімді қуырып, жемеші, ей, құртша кеміріп,  
Керемет дәм бе ол?  
Кетлессің одан семіріп?!  
«Крокодил» еді сүйікті менің журналым,  
Бетінде оның мысқылдап күліп тұр – жаным.  
Дегенмен...  
Күнде өзегімді өртеп жырларым, –  
Бабамның маймыл болмағанына ырзамын!!!

Күні кеше ғана қасымызда, қатарымызда жүргенде келмеске кеткен көне түркі дүниесінің уытты рухы бойына дарыған Жұматай ақынды танымай, түсінбей қалуымыздың басты себебі – біздің қа-

зақшылдығымыз емес, нағыз шынайы қазақ бола алмағандығымыз еді. Ататегі де, анатегі де – асыл, аталы сөзге тоқтайтын жұрт та осы еді. Аузымен құс тістеген Жұматай сынды ақындары қырықтың қырқасынан аспай, қыршынынан қиылып жатса, бұған қазақ халқы емес, үш жүз жылғы бодандықтан бордай тозған тобыр кінәлі.

Осы тобырдың ұлы Абай ашына шенеген арамза пиғылы, асылық мінез-құлқы Абылай дүниеден көшіп, патшалық Ресейдің сайқал саясаты қаһарына мінген тұста карақұртша балалап, коммунистік отаршылдықтың тұсында тіпті ие бермей кетті. Ахмет пен Міржақып, Мағжан мен Сәкен, Қасым мен Мұқағалилар осы кезде мерт болды да, Жұматайлар осы кезде дүниеге келді. Осы кезде туғанмен, осы кезде өлетінін өзі іштей жақсы біліп, Абайдың тұсында Алашқа тән қан тамырлары суала бастаған қазақтың ана тілінде азалы жырын айта жөнелді. Бірақ оны қазақтық, халықтық кескін-келбетінен айрылып, Мәңгірттің бейдауа бейнесіне түскен тобыр түсінген жоқ. Адамды – албасты, ұлтты – құбыжық, халықты тобырға айналдыру үшін оған сойқан соғыс жариялап, қанын суша ағызудың қажеті шамалы. Ана тілінен айырсаң, жетіп жатыр екен!

Қазақ – кенес поэзиясы (егер оны поэзия деуге болса) демьянбедныйшыл, маяковскийшіл мақамға түсіп алып, халықтың бәйгеге қосқан тұлпары озбай, тобырдың тұғыры көмбеден күнде көрініп жатқанда Жұматай Жақыпбаев ешкімге еліктеп-солықтамай өзегіндегі өз сөзін айтып кетті. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Көктем тынысы» жинағында қырық шамалы жас акынның өлеңі жарияланды. Жұматаймен бірге менің де топтамам осы кітапта жарыққа шыққан еді. Мен оны өзіммен құралыптас шығар деп жүрсем, ол менен бес жас үлкен екен. Жұматаймен алғаш 1988 жылы Алматыда таныстым. «Жоңғар Алатауынан бір акын келіпті. Ләйлә дейтін аруға ғашық екен. Сол қызға арнаған жүз шамалы өлеңі бар екен деседі. Өзі де жігіттің сұлтаны көрінеді. Сәкен сынды сұлу да, маңғаз. Мағжан сықылды терең де, жұмбақ деседі. Жұматайды тұңғыш көргенде елдің айтқанының шынайы шындық екеніне көзім жетті. Атан түйе сықылды алшаң-алшаң басады. Артық ауыз сөз жоқ. Жымнып қойып сөйлегенде аузынан бал тамғандай. Адам баласынан айылып жимай көшеде жүру ережелерін бұзып жүретін Мұқағали ағасы құсап, бұл да өзін емін-еркін ұстайды. «Жалын» альманағында поэзия бөлімін басқарады екен. Тұмаған (Т.Молдғалиев) қолқа салып, Талдықорғаннан астанаға шақырып алыпты. Алматыдағы талантты жас акын атаулы Жұматайдың маңында. Мұның алдында тірі классик болып, бізге мұрнын шүйіріп қарайтындардың жүні жығылып қалған. Сондай бір іштар акынсымаққа Жұматай айтыпты-мыс деген бір

өленді ел ауыздан ауыз қағып әкетіп жүр: «Ілеспесін біледі көшке өлеңі, құм беттеніп, күн көрмей өскен өңі, – шала өлеңші болады – шала сыншы, шала емеске сол шата өш келеді...».

Жұматайдың Алматыға келуі жыр сүйер қауымға бір оқиға болды. Тайкы мен таланттың, өлеңші мен ақынның ара жігін айыратын заман келе жатқандай. Баспадан бір кітабы шықпай жатып, бірнеше дәлдүріштің зәре-құтын алуға болатынын біздің ұлттық әдебиетімізде алғаш рет осы Жұматай дәлелдеп кетті.

Ұлы Түрік Қағанатының ежелгі бір бұтағы қазақ халқының бойындағы бүгінгі көзі тірі ұрпағы көз жазып қалған ұлылық мен сұлулықты тап басып тану үшін Жұматайды оқу керек. Түркі дүниесінің кереметі мен кемелін Жұматайға дейін ұлы Мағжан ғана тереннен толғаған еді.

«Саратан айы. Сарала тауда. Салқын қыр, Саралатауға жұғып тұр кешкі жакын нұр. Жалқын нұр жұққан ақ үйдін жаны, аузына, жаулығын бүркеп, жалтаңдай карап жарқын жүр. Жаутаң көз ару құрбақан құлын мүшелі, өндірдей ұлдың өңінде көрген түсі еді. Сөзіме менің сақылдай қатса ішегі, аузынан лекіп алқызыл гүлдер түседі... Бұл – кім? Дүние жүзінен қолына шырақ ұстап іздесең де кездестіре алмайтын, тек біздің елде ғана бар ару – қазақ қызы!

«Суалтты бір дерт жыр, үні суалмас ұртын. Мәжүнінді мұндай ешқандай туа алмас ұлтын. Айкүмістерді алты орап, алатын сұлу – көршінің қызы-ай, ондай жан туар ма, шіркін? Дірілдер бір сәт туды кеп бұл ерінге де, өлген жоқ, – тірі, үзеді күдерін неге? Қыза келгенде: «Қызынды... Сталин... Деген, бөркімен кірген еді-ау ол Кремльге де. Бұл – кім? Жүзге келгенде грузин сұлуына ғашық болған, ежелгі Үйсін тайпасының соңғы тұяғы, қазақтың ғажайып ақыны Жамбыл!

«Қалай, – деп ағам?» – Қарадым аспанға кілең. Бағасын жұлдыз көрсетті бас бармағымен. Қасокка әкеп береді балық пен суын, Іле өзені Қытайдан басталғанымен. Ағам да – сондай, Алысты жақынға балап, қақтырған біздің намыс пен ақылға канат... Әр елдің өзін-өзіне білгізер ері, бағы да туса, қуанып мұңды жыр елі, Байбақты Сырым батыр да батасын беріп, Кене-ағаң күрең арғымақ мінгізер еді». Бұл – кім? Бүкіл жұмбақ бітімін мұхиттың түбіне жасырып, су бетінде айсберг тұлғасы ғана көрініп тұрған ақын Олжас (*Сүлейменов*), Өзіңіз бүгінге дейін қазақшасы шамалы, жат жұрттың емшегін еміп, қазағын онша түсінбейді деп ағаш аттың басына мінгізіп жүрген Олжасымыз! Бірақ, Қытайдан басталған Іле өзені балығы мен суын Алашқа әкеп бергендей, Олжас та тұла бойындағы әуелі қазаққа, сонсоң – адамзатқа беретінін Жұматай түсінді. Көпшілігіміз әлі түсіне алмай жүрміз. Бұл да болса үш жүз жылдық отаршылдықтың ланы. Өзінің өзегінен

шыққан өр сипат, өзгеше бітімді ұлынды өз қолынмен өңменінен итеріп, өзгеге тели салу да – өз анасын өгей көретін мәнгүрттің тірлігіне ұқсас нәрсе. Содан болар, Жұматай поэзиясы мұң мен шерге толы: «Көзіме келіп тигендей жасынның ұшы, ашылды сырым, қайсардың басылды мысы. Қынқылдап үрген, ұлыған үндерге толды, ию да кию иттерге басымның іші... Ғашықтық тәмам болды ма, еркелік тәмам? Қарардай әлем сен құсап жеркеліп маған. Намыс пен мұңнан Мысырға халифа болған Абақ Қыпшақтай ызадан өртеніп барам!».

«Менің қалған өмірбаяным өлеңдерімде» – депті Сергей Есенин. Ақынның өмірі өлеңі. Оның қалған тірлігінің бәрі жалған, жұмыр басты пенденің кім екендігін істеген ісі мен сөйлеген сөзіне қарап бағалауға болғанмен, ақынды пенде баласын өлшей беретін безбенге салуға болмайды. Күрделі дифференциялық есептерді шығаратын математиктердің көбейту таблицасын біле бермейтіні секілді, адамзаттың асқақ мұратын толғаған ақындардың жердің құрты ғұрлы тіршілік студия карапайым заңдарын біле бермеуі мүмкін. Өйткені ол тіршілік атаулыға жерден, топырақтан қарау үшін емес, аспаннан көз жіберу үшін туған бөлекше қоғамдық тұлға. Ақыл-есі тұзу адам баласы Англияны корольдер елі емес, Шекспир елі, Ресейді патшалар жұрты емес, – Пушкиннің атамекені дейтіні содан!

Жұматайдың кім екендігін өзге ешкім емес, өзі айтсын: «Қалмайын деп мынау өмір көшінен, Жастай зерек ғажайып күй кешіп ем. Жан адамнан жасқанбай нәм жасымай, Құнанбаев Оспан құсап өсіп ем. Гүлді көрдім, нұрды көрдім күнгейден, кен дүние ұланғайыр жыр ғой кен. Жақсы тауда жайсан болып өсіп ем, жамандардың бар екенін білмей мен. Тұзу жүрдім, тұзу ғұмыр кештім де, Биік болдым, биік тауда өстім де. Жапондардың даяшысы секілді, мен иіліп бүгілгем жоқ ешкімге. Қай баланы беделіммен жасқаппын, қай баланы назардан тыс тастаппын? Сәкен жайлы ұлы Мұхтар айтқандай, асқақ болсам – мен еліммен асқақпын!».

Ол жазғышы көптің бәрі – жазушы, айтқысы келгеннің бәрі – ақын болған елде ғұмыр кешті. Біздегі жазушылардың ұзын саны 700-ден асып жығылады. Ақыл-оймен әлемді тәтті етіп отырған Жапонияның өзінде мұндай қаламгер жоқ көрінеді: «Тууы да – үн, Моцарттың құруы да – үн. Татып көрсең ол ішкен бір уынан. Сальери –дарынсыздар тайпасының ең итжанды, ең надан руынан. Мына өмірден Моцарттың кеткені ме, күндіз-түні қызмет етпеді ме? Сальеридің жасы не, көрісі не. Сальеридің шені не, шекпені не?! Мені де бір көріндер адамша ұғып, Ақ пен кара біткен жоқ әлі аршылып. Мен Моцартқа үргем жоқ. Кіжінгем жоқ. мен Моцарттан көргем жоқ жаманшылық...Нұрлы мұңмен ежелгі жолдастаймын, туа қоймас басыма болмастай күн. Моцарт



туған ауданға басымды иіп, Моцарт түскен ауылды қорғаштаймын». Абайдың арқасына ащы таяқ ойнатып, Біржан салды жынды деп байлап тастау, Иманжүсіпті жер аударып, Мағжандарды ажал оғына ұстап, Қасымдарды үйсіз-күйсіз қаңғыртып, Мұқағалидың соңынан шам алып түсіп, Жұматайларды қасақана елемеу, қазақтық төркің жұртын мүлде ұмытып, мәңгүртке айналған қара тобырдың қаракеті еді. Осы ақын өлтіру ойынның қашан тоқтайтыны әлі белгісіз: «Ойнайды заман сойылы – ақын өлтіру ойыны! Заңын да салып соңына, жарын да салып соңына, көріне даусын жеткізбей, еліне даусын жеткізбей, аузымен мұрнын тығындап, сыртынан сұмдар сыбырлап, жас бала демей қарбытып, баспана бермей қаңғытып, ойнайды заман сойылы – ақын өлтіру ойыны! Тойласын соңғы жеңісіп, солардың жері кеңісін. Өлтірмей құдай жөнімен, ойнап жүр енді менімен.» деген Жұматай өз ажалынан өлген жоқ – мерт болды!

## 5

Антипоззия әлі кердең-кердең етеді. Пушкиннің мына жалғанның жарығына келгеніне биыл 200 жыл толды. Біздің жыл санауымыздағы осы екі жүз жылдық – ғасырлар күнпарағындағы адамзат рухының алтынмен апталып, күміспен күптелген айрықша беттері еді.

Тәңрі қара құртша жер бауырлаған адам баласының көзіне өзінің көмескі ғазиз бейнесін елестетіп, тілін кәлимаға келтіру үшін Жер бетіне Көктен жүздеген пайғамбар жіберген. Солардың ішінен біздің зердемізде қалып, ой-санамызға орныққаны Заратустра мен Будда, Иса мен Мұхаммед. Адам баласы жерге Алла лебізін жеткізген сол пайғамбарлардың бәрін де маңайынан ойбайдан аттан салып аластап қуып, аша таяққа шегендеп, түйенің боқтығына көміп – өлтірді. Бірақ Алла тағаланың өзі топырақтан жаратып, аузынан ұрлеп жан салған пендесінің бәрі бірдей иіс алмас надан, шетінен шек-қарыны шұрқыраған хайуан, тәңірі тезіне көнбейтін тексіз емес-ті. Санасыздың саңылауын ашып, телі мен тентекті жөнге салатын ғазуат майданында құрбан болған пайғамбарлардың аузынан айтылған құдайы сөзін құлағы шалып, осынау опасыз дүниеде естілген бакилық ақиқаттың терең мағынасына мағмұрланған Адам Ата-Һауа Ана үмбеттері де болды. Адамзат оларды қасиеттеп Ақын деп атады.

Иса пайғамбар Жаратқан жалғыз Иенің Мәрия ананың жатырына түсірген жалғыз тамшы рухынан жаралса, Пушкин жеміт іздеп, жер бауырлап, фәни дүниедегі ит тірлігінен қажыған пенде атаулының Аллаға деген асқақ махаббатынан туды!

Алла көктен Жердегі пендесіне төрт мәрте сауал салған. Таурат пен Забур, Інжіл мен Құран – адам баласының басын даң, жүрегін күп-

ті қылатын фәни дүниедегі мәңгілік сұрақтардың анатологиясы еді. Сол сауалдарға Гомер мен Данте, Шекспир мен Гёте, Пушкин мен Абай жауап берді. Пайғамбарлардың Көктен – Жерге түсіп, ақындардың Жерден – Көкке кететіні, осы дүниеде олардың екеуінің де оңбайтыны сонан шығар. Пушкиннің Христиандық – құдай әке мен қасиетті рух, хәм құран сүрелерінен босанып шыға алмай, мына дүниеден баз кешіп, басқа дүние іздейтіні, Інжіл мен Құранның арасында құрақ ұшып адасып жүретіні тегін емес. Діні – христиан, ділі – славян Пушкинді түп атасы араб Ганибалдың қаны арбап, құран сөресі дуалады да, орыстың тұла бойы тұңғыш ұлттық ақыны болып жаратылған жампоз, ақыры адамзаттың жаршысына қалай айналып кеткенін сезбей қалды.

Орыс тарихында екі-ақ заман бар. XVII–XVIII ғасырлардағы феодалдық-патриархалдық, XIX ғасырдың басындағы капиталистік формациялар, 1914 жылғы 1-ші, 1939 жылғы 2-ші дүниежүзілік қырғын, қазан төңкерісі мен сүренін қалың орыс салған социализмнің дүниежүзілік жүйесі, 1991 жылғы тамыз бүлігіне дейінгі аралықтағы орасан зор тарихи оқиғаларға қарамастан Россия екі-ақ заманда, Пушкин дүниеге келгенге дейінгі және Пушкин дүниеге келгеннен кейінгі Россияда өмір сүріп келеді. Біздің ісі қазак та Абайға дейінгі хәм Абайдан кейінгі қазак болып қакқа бөлінеді. Біз Пушкиннен кейінгі, Абайдан кейінгі заманда ғұмыр кешіп жатырмыз. Олардың өр рухы өзегімізге өрт салмаса – өз обалымыз өзімізге...

Бүгінде ұлы Пушкиннің бүкіл әлемдік мәдениетке жасаған әсері қақында жиі айтылады. Дүниеге Пушкин келгеннен кейін жалғыз орыс қана емес, жалпақ жаһанның дүниетанымы адам танымастай өзгергені ақиқат. Абай Пушкиннен кейін туды. Лермонтов та солай. Мағжан да жарық жалғанға Абайдың алдын орап келе алмас еді. Қасым да. «Ал, еңді коштасайық, сардар аға, Мен ертең кетем ұшып сар далама, – дейді Мұқағали Пушкиннің Мәскеудегі ескерткішіне қарап – Ақынның ақындығы атакта емес, Ақынның ақындығы – арда ғана». Мынау Олжас: «Поэт красивым должен быть как Бог, Кто видел Бога? Тот, кто видел Пушкина!». Ұлы ақын өзіне жетеқабыл осындай терендер мен кемелдерге керемет әсер етті. Таяз бен керенге даньшпанның бары да, жоғы да бір. Пушкин Абайларды ғана азалы ойға салады. Дәлдүрішке әсер етіп, шыбын жанын жанартаудай әлем-тапырық қылатын Пушкин емес – шетелдік авто мен жапондық видеомангитафон, конвертке оранған құнды банк қағаздары ғана!

Пушкин – Тәңірімен тілдесті. Патшаны да көзіне ілмеген. «Воспитанный под барабаном, Наш царь лихим был капитаном...», «Ура!

В России скачет кочующий деспот!» дегендей мысқыл өлеңдер шығарған. Пушкинге дейінгі, тіпті, Пушкиннен кейінгі билеушілердің образы жатыр осында. Пушкиннің кескіні Гогольден артық болмаса, кем емес еді.

Поэзия – Құдаймен сөйлесу. Басқа түк те емес. Саңқылдаған дауыс, карқылдаған күлкі, жарқылдаған теңеу, тақылдаған ұйқас та емес. Дантениң «Тәңрінің тәлкегі» басы жұмыр пенденің Алламен арадағы диалогы ғой. Ақын Алламен сөйлесуге тиіс! Дәлдүріш пендемен ғана сөйлесе алады. Пендені тәңірге теңеп марапаттайды. Пендеге жағынып бәйік болады, өзінің хайуандығына өзі де мәз болып, өзге хайуанды да соған тәнті етеді. Мұндай «сарай ақындары» Пушкиннің кезінде де болған. Қазір күнде итше күшіктеп жатыр. Өркениетті адамзат Пушкинінің 200 жылдығын кеудеден жоғары кеңістікке көз салып, атап өткелі жатқанда біздің қазақтың кіндіктен төмен түсіп, ақыннан дәлдүрішті айыра алмай албасты басып отырғаны ойлантады.

Жұмыр басты пенденің 99 пайызы ас үй мен әжетхананың арасында жүріп қарғаяды екен. Пушкин Жер анадан Аспанға кетті. Мәңгілікке. Өмір мен тіршіліктің ара жігін айыра алмай, өзегі кеуіп, өлімге бола туған біз секілді ұсақ-түйек пенделерге Пушкинге танырқап карап, тереңіне бойлай алмай, тізесінде қалу немесе жүрген-тұрған, сүйген-күйген, сүрінген-бүлінгенін жіпке тізген анекдодтарды тамсана тыңдау ғана бұйырған шығар. Тәңрі маңдайға не жазса сол болады.

Заратустра мен Будда, Иса мен Мұхаммед тәңрінің жерге аспаннан түсірген елшілері болса, Пушкин азалы адамзаттың Аллаға жіберген өкілі еді. Адасқан адам баласының мұң-шерін Жасаған Жалғыз Ие Пушкин поэзиясынан естіп, бізге кеңшілік жасап отырғандай. Әйтпесе, ақыр заман болатын мезгіл әлдеқашан жетті ғой...

Президенттер Пушкинді жатқа оқи бастады.

Түп-тұқиянынан адамзатқа арнап аталы сөз айтып көрмеген орыс патшасының аузына құдай осы күндері керемет бір лебіз салды: «Адамзат ХХІ ғасырды Пушкинмен қарсы алғалы жатыр...» (Ельцин).

Слава Богу!

## МЕНИҢ ҚАСЫМЫМ

### *Қасымның 80 жылдығында Қарқаралыда сойленген сөз*

1955 жылдың қаңтарының 18-ші жұлдызына қараған түні казак поэзиясының босағадағы басын төрге шығарған ақын фәниден бақиға аттанды. Марқұмның екінші бірі, егіздің сыңарының өресі жете бермейтін ғарыштық кеңістік – адамзат рухани мәдениетіндегі орнын іштей сүйсініп, түсінген азын-аулақ қана азалы топ табытты үйден сыртқа алып шыққанда, оның мәйіті жер бесіктен қара үзіп, енді ел-бесікте тербетілгендей шалқактап бара жатты. Осы қаралы шерудің басы-қасында болған ақынның терең ойлы, тегеурінді замандастарының бірі сол мезетте:

*Өмірге келдім еңбектеп,*

*Шалқалап әкем шықты үйден,* – деген өлең жолдарының еске түскенін кейін тебірене жазып еді. Бұл – жаңа ғана жарық дүниемен қоштасқан марқұмның өз өлеңі болатын-ды.

Иә, адамзаттың толқын-толқын буыны зұлымдық пен ізгіліктің үзілмей, қайта одан сайын үдеп келе жатқан текетірес алыс-жұлысында талай ұрпақ тамсана ауызға алар нелер дүлдүлі мен бұлбұлын дүниеге әкеліп жатыр. Ғаламзат пен адамзаттың гармониялық үйлесімге толы ғұмырнамасында осынау рух пайғамбарларының ешқандай дау-кес пенде тартып ала алмайтын өз орны бар. Күйкі тіршіліктің күй-бесінен аспайтын көрінген жұмыр басты пенденің пайымдап, түсінуге парасаты жете бермес осы өмір заңдылығын заманы мен замандастары мойындамағанымен, ұлы сарапшы – уақыт пен ұрпақтар бәрін де өз тезіне салады. Уақыттың қатал сынына қарсы төтеп беріп қана қоймай, оның темір талқысынан болаттай суарылып, алмастай жанылып, жарқырап шыққан Алаштың арқалы ақындарының бірі, хәм бірегейі Қасым Аманжоловтың туғанына биыл, міне 80 жыл толып отыр.

Қасымның өмірі қасіретті де, қасиетті өмір!

Елу бесінші жылдың қаңтарында осы ақынның мәйіті табытта жатқан кезде ісі казак қана емес, он бес ордалы одақтың төбесінде жеке адамның жер апшысын қуырған патшалығы әлі де кәріне мініп тұрған-ды. Еліміздің сорпаның бетіне шығар мың-миллиондаған ұл-қыздарының қанын суша ағызып, ГУЛАГ архипелагына айдаған қарабет Берияның абыройы осыдан бір-екі-ақ жыл бұрын айрандай төгілгенімен, «Жылымықтың» жыл құсы секілденген XX съезге дейін әлі де жылдан аса уақыт бар еді. Бұл кезде аспандағы құдай емес, құдайдан да былай емес жарықтығымыз мавзолейде шалқасынан түсіп, Ленинмен қатар жатқан-ды. Сонау Гомерден бастап, күні кешегі

Маяковскийге дейін болмыс-тіршілігімізге әбден сіңісіп, адам баласының ақ-адал ниеті мен ой-сезімін жалғанның жарығына шығарады дейтін қоғамдық құбылыс – поэзия түгілі, өз үйі-өлең төсегінде отырып, қатын-қалашына айтатын бір ауыз сөзіннің өзін өңін айналдырып, жала ғып жауып, күйе ғып жағатын қазармалық социализмнің тұсында ақын болып өмір сүру – ажал аузында тұрумен пара-пар еді!

Барлық қоғамдық құбылыстар секілді поэзияның да күнгеі мен көлеңкелі жақтары болады. Оны қатын-балаңның қамы үшін күнкөрістің көзіне айналдыру да немесе кір жуып, кіндік кескен жұртының еңірегеген «Елім-айына» ұластыру да адам баласының өз қолында. Дәніккен дәлдүріштер соның ең оңай жолына Абайша айтқандай: «Күштілерім сөйлесе, бас ізеймін шыбындап», – деген әдебиеттегі теріс тезисіне жармасып алса, шынайы ақындар «Қаратаудың басынан көш келеді» дейтін қаралы әуеннен қара үзіп шыға алмай, шырғаланға түседі. Менің ұғымымда Алаш ақындарының күллі жырының құлақ күйі осы – «Қаратаудың басынан көш келеді!»

Бұл кезде казак шәйірлері қарындасынан айрылып қара көзге келген жасты сурту былай тұрсын, казак өлеңін адами мұраттан ада болып, ұрдажық ұранмен сірескен осы системаны мақтап-мадақтайтын, басы бар, аяғы жоқ ойсыз одаға айналдырып алған-ды. Өлемдік әдебиет шежіресіне сын көзімен қарап шыққан адам кәрінен қан тамған патшасы мен хандарын басындағы бөркін аспанға атып жырлаған неше түрлі сарай ақындарын таба алады. Бірақ, дүниежүзілік әдебиетте мақталуы мен марапаттаулы жағынан «ұлы» Сталинге тең келетін әдеби геройды кездестіру қиын. Ақ пен қараны айыруға келгенде жаза баспайтын қасиетті халықтан «сарай ақыны» деген қара таңба алған сол «бұлбұлдарымыз» поэзия дегеннің адамзат тарихындағы мәңгілік құбылыс, ал өздерінің бүгінгі ел құлағын шулатып тұрған атақ-даңқтарының бір-екі күндік қана алдамшы нәрсе екенін сезген жоқ. Атам заманғы немесе кешегі халтурщиктер мен графомандардың құлағын шулатып қайтеміз, қара құртша өріп жүрген қазіргі өлермен өлеңшілер мен данғой дәлдүріштердің де көкірегі қуыс та, кеудесі керемет қой. Ұлы Пушкиннің тұсында Сенковский деген сыншы Тимофеев деген ақынсымақ біреуді данышпан деп мақтапты деседі. Кейін орыс әдебиетінде сол кезде осы сыншының «дуалы аузына» ілікпеген Пушкин мәңгілікке қалды, бірақ Тимофеев деген «тірі классикті» қазір бір адам білмейді ғой.

Қасым ғұмыр сүрген кезеңде казак ақындарының тілі Сталиннен басқаға келіңкіремей, сақаузанып бара жатқан-ды. Жер бетіндегі жұмыр басты Сталиндер түгілі, көктегі тәңірдің өзімен тәжікелесуге жа-

райтын Жамбылымыздың өзін көсемнің шашбауын көтеретіндердің біреуі қылып көрсетіп, акынның аузынан шыққан сөзін қағазға түсіргенде Сталиннің аты-жөнін қоса тіркеп отыратын оқымаған жыраудың «оқыған» хатшылары ойына не келсе соны істеп жатқан кез еді. Әлімсақтан адами мұратты ақзер дүниеге айғай салып айтуда адамзат поэзиясының алдында келе жатқан қазақ өлеңін өз қолымызбен сызып-бұзып, енді міне, «Жамбыл сталиншіл ме?» – деп бірімізге-біріміз жаутандап отырған жайымыз бар. Бұл-дағы Абылайдың түсіндегідей арыстаннан азып, ақыры бақа-шаян болғанымыздың болжауы.

Әңгіменің өзегі Қасым болғандықтан қазақ поэзиясының о бастағы төркін жұрты мен бастау бұлағына көз салмай кету күнә. Өйткені, акынның туған топырағы да, ана сүтін арда емген ата-жұрты да осы – Алаш. Ана сүті демекші, Адам ата мен Хауа анадан бері көшпенділер мәдениетінің емшегін еркін еміп келе жатқан сүттен ақ, судан таза халқымыздың өлең-жыры да оның өзі сынды тап-таза еді.

Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған, –  
топырағын тебірене жырлаған сонау Асан Қайғыдан бастап:  
Бұдырайған екі шекелі,  
Мұздан үлкен көбелі.  
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,  
Адырнасы шәйі – жібек,  
Айдаса қойдын көсемі,  
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,  
Бұлт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан,  
Мұсылман мен кәуірдің  
Арасын бұзып, дінді ашқан, –  
Сүйіншіұлы Қазтуған!!!

немесе:

Қоғалы көлдер ком сулар,  
Кімдерге қоныс болмаған,  
Саздауға біткен сары ағаш,  
Кімдерге сайғақ болмаған,  
Жағына жалаң жібек байлаған –  
Арулар кімнен қалмаған?  
Жағы түкті жылқы айуан,  
Иесін қайда жаяу салмаған!  
Мынау жарық дүние  
Кімдерден кейін қалмаған. –

дейтін Шалқияз:

Құлдір-құлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екенбіз  
Күдеріден бау тағып,  
Қамқалты киер ме екенбіз,  
Өзенге бие байлатып,  
Төскейге орда орнатып,  
Төрткүлдеп ошак қаздырып,  
Төбел бие сойғызып,  
Төменде бидің кенесін,  
Біздер де құрар ма екенбіз?! –

дейтін Ақтамбердіні айтсақ та, құлдық пен күндікке көнбейтін қазақ поэзиясының атойлы үні анталап алдыңнан шығар еді. Алаштың Алладан кейінгі несі Абылай ханға:

Ей, Абылай!  
Сен он бір жасыңда,  
Әшейін-ақ ұл едің,  
Әбілмәмбет төренің,  
Түйесін баккан құл едің! –

деген Бұқар жырау ше?!

Дүниежүзілік поэзияда бірде-бір акын өз елінің өктем билеушілерінің көзіне тайсалмай тіке қарай, бұлайша сөйлеген емес!

Әлімсақтан арқасын кенге салып, Сарыарқадай көсіліп, Атыраудай арындап, Алатаудай аспандап, адам баласынан айылын жимай келе жатқан қазақ өлеңі жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының соңында Асан Қайғы, Қазтуған, Марғаска, Бұқар жыраулар шығарып берген XV–XVIII ғасырлар аралығындағы биігінен тағы да он бес-он сегіз ғасыр дерлік төменге құлдырап кетті...

Ұлттық поэзиямыздың Абайдан кейінгі маңғаз шыңы Мағжанның шығармалары түгілі, аты-жөні атаусыз қалып, ұрпақтар сабақтастығы пышақпен кескендей кілт үзілген тұста, Сәкеннің «Көкшетауының» азаттықты аңсаған арналы әуендері көзден бір ұшып, Ілиястің «Күй», «Күйші», «Құлагер» сынды кең тынысты эпикалық дастандарындағы ыршыған ырғақтарды күштеп ұмыттырған кезде, тарих сахнасына Қасым Аманжоловтың жарқ етіп шығуы – қазақ өлеңі үшін тарихи қажеттілік, рухани ділгірлік пен зәрулік һәм рух революциясы болатын-ды!

Адам деген қоғамдық жануарды нендей «измдермен» алдап-арбап, қандай тәртіпке құлақкесті құл етіп көндірсең де, «бір мезгіл жер бетіне соғып кететін адамзат сапарының мейманы» ғана екенін осы тонмойын тоталитарлық жүйенің тұсында алғаш Қасым Аманжолов айтты! «БКП(б) қысқаша курсының» дойыр доғмасын дұғадай жаттап

алып, жер шарынын жартысын алып жатқан жалпақ дүниені күндіз түні кірпік қақпай бағып тұрған цензор Ждановтың уақытында екі аяқты пенде бола тұрып, өзегің қанша өртенсе де Өзің туралы айтып көр – кім болар екенсің! Не болар екенсің...

Қасымның өз замандастарынан еңсесінің биік, иығынын озықтығы – ордалы одақтың қызыл туы астында бір ғана «күн көсемнің» Мені кеудесін қағып, керденден, басқа пенде атаулының ар-намысы азаматтық ожданы табанға тапталып жатқан әкімшілдік-әміршілдік жүйенің айдарынан жел есіп тұрғанда бүкіл халықтың Менін өз Мені не ұластырып айта білуінде жатыр. Лирикалық кейіпкердің жалғандағы жалғыз «тәнір» – Сталиннің аяғына жығылып, өмірдегі жағымпаздың өлеңдегі жағымпазға айналған тұсында Қасым өз шығармашылығы арқылы отыз жетінің от дауылынан кейін ойраны шыққан Алаш топырағында диктатордың айтқанына көніп, айдағанына жүрі беретін өлімтік өлеңшілер ғана емес, от ауыз, орақ тілді Ақын қалғанын да паш етті. Өмірге бостан-босқа келмеген тірі жан иесінің босқа жасап, босқа өлуіне қарсылықтың түп тамырында да осы системаға қарсылықтың нышаны жатыр.

Поэзия дегеніміз не деген сауал әдебиеттану оқулықтарының бетінен бірден-бірге көшіп, ақындар мен филологтардың бірнеше буынының шашын ағартып келе жатқанын білеміз, әлі де оның не екенін тұжырымдайтын белгілі рецепт ұсынған ешкім жоқ. Меніңше, поэзия дегеніміз – адам баласының өзі өмір сүріп отырған қоғамдық тәртіпке қарсы көмекейінің түбінен күңірене шыққан жан дауысы! Қандай қоғамдық құбылыс, мейлі, ол қауымдық, феодалдық-патриархалдық құлдық, капиталистік немесе социалистік система болсын, қай заманда да ақын атаулының талғам-таразысынан шыққан емес. Тіпті сонау Одиссейді жырлаған Гомерден бастап, Гамлетпен бірге боздаған Шекспирге дейін де «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған қоғамды» марапаттаған ақынды табу мүмкін емес. Мен, бұл жерде, сталинді социализмді өңешін керіп жырлағандарды айтып та тұрған жоқпын. Мұндай демьян-бедныйшылықтың аяғы немен тынғанын біз көріп те біліп те отырмыз...

Шынайы ақын ешқандай системаның маңдайына сыймайды, төманын маңдайына сыймайды, Қасымның біз білетін шымыр шығармалары поэзияның осы негізгі қоғамдық миссиясын алдымызға жайып салады.

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз толғанып, мың ойланам.  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп!



Осы өлеңге Қасым қайтыс болғалы етіміз әбден үйреніп кеткенімен, сол кезде мұндай жырдың дүниеге келуі қияметтің қиыны болатын.

Өйткені, жарық дүниеде Сталиннен басқа мәңгілік құбылыс қалмаған шақта басқа нәрселер секілді өлең де өлуге тиіс сияқты еді. Осыны біліп алған пысықтар газеттің бүгінгі санында шығып, ертеңгі санымен бірге құритын өлеңдер жазып жатты. «Түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік», – деп Сталин кесіп-пішіп, кейін Ждановтар қолдан жасап шығарған социалистік реализм дейтін құйтырқы тәсіл Қасым секілді арқалы ақындарға алая карағанымен, әдебиетті нан табудың наубайханасына айналдырып алған кәсіпқойларға майдай жағып, халықтың ана тілімен ойнайтын «қаламгерлер» қауымы қалыптаса бастады...

Меніңше, сол кездегі поэзияны Қасымға дейінгі және Қасымнан кейінгі поэзия деп екі дәуірге бөлуге болады. Бұрын бізде өлең жазғанның бәрі ақын атанып келсе, қазақ әдебиетінің көкжиегінде Қасымның қарасы көрінгеннен кейін енді ондай болмай қалды! Александр Блок айтқандай, ақын дегеніміз – өзінің ой-сезімін өлеңмен жазатын пенде ғана емес. Сөз бен Дыбысты гармониялық үйлесімге түсіріп, жарық дүниеге жариялайтын гармонияның ұлы, адамзаттың рухани мәдениетінде ерекше орны бар, адам баласының алысқа бет алған көш-керуенінде арқасына нардың жүгін көтере алатын азамат болып шықты!

Ежелден ерке бұлан Қасым едім,  
Бұлқана тасып едім, басып едім.  
Жүзім – жаз, көңлім – көктем, кең пейілді,  
Жаксының жүрегіне ғашық едім, –

дейтін құлдық пен күндіктен еңсесі түсіп, әбден төменшіктеп қалған кейіпкерлердің бірде-біріне мүлде ұқсамайтын, қайта оған керемет соны лирикалық геройдың образы шынайы поэзияға әбден сусаған азат ойлы халықтың көкейіне бірден қона кетті. Біздің жыл санауымызға дейінгі және онан кейінгі уақыт аралығында тарихтың бұрқанған от-дауылдарында жеңін, етегін төсек етіп келе жатқан халық деген жарықтық тумысында бостандыққа құштар, еркіндікке ғашық. «Еңкейгенге еңкей, ол – әкеңнің құлы емес, шалқайғанға шалқай, ол – құдайдың ұлы емес», – дейтін қазақ халқының даналығында да көшпелі жұрттың көп ғасырлық тәжірибесінен туындаған әлсізді жәбірлемейтін, күштіге көңісі келмейтін кекесінді ой тұнып жатқан жоқ па?

Қасым өзінің өршіл пафосымен, өзіндік ақындық мәдениетімен көрінген ақын. Дауылдай өртке тиген өлеңімен поэзиямыздың қатып-

семген кескін-келбетіне, күретамырына қайтадан қан жіберген Қасымның бойынан қазақ жырының екі арысы Абай мен Махамбеттің қалайша қайта туғанын пайымдау қиын емес.

Шарпыған қызыл жалын мінезім бар.

Мейлің сүй, ерік – өзіңде, мейлің сүйме, –

дейтін Қасым поэзиясы советтік дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі бунтарлық поэзияның басы болды. Орыс әдебиетінің алпысыншы жылдарындағы Евтушенко, Вознесенскийлердің тентек талағысына аузымызды ашып, таңырқай қараған шақта әкірендеген әміршіл-әкімшіл жүйенің дегеніне көнбейтін асау жырдың алғашқы толқыны біздің ұлттық поэзиямызда Қасыммен бірге сонау отызыншы жылда-ақ буырқана бастағанын ұмытпайық.

«Кеткен коммунизмге», –

Деген еді сені жұрт.

Сол баяғы орныңнан,

Жылжымапсың сен мимырт! –

деген шумағын бүгін қайта оқығанда, оның бір адамға ғана емес, бірнеше ұрпаққа арналып айтылғанына таң қаласың!

Коммунистік құрылыстың бірінші сатысы деген даурықпа атпен салынып жатқан қоғамдық құрылыстың алдамы астарын ұққан алғашқылардың бірі – Қасым. Содан болар, ол өз маңында жүріп жатқан әлеуметтік құбылыстарға кейбіреуше керенау қарап, «Одағым – бақыт ордасы» деген ойсыз оданы малданған жоқ. Марқасқа жырдың Маяковский секілді тұлғаларын пір тұтқан ақын тіршілік пайда болғалы тірі пенденің соңынан қалмай, тізгін қағысып келе жатқан тоғышарлық дейтін топалаң дерттің социализм кезінде де келмеске кетпей, ұрығын ұзаққа шашып, құлқынын кеңітіп, құтырып бара жатқанын көрді де, күңірене айғай салды. Бірақ, адамзаттың асқақ рухын аялаудан гөрі, бетімен кеткен Бериялардың темір тәртібін көздің қарашығындай сақтап, соларға қол қусырып, құрақ ұшуға жаралған топас тобыр Қасымды да қақпақылдап, қанатын кеңге жайдырмай қойды.

Ұлы Пушкиннің «Ақын мен тобыр» дейтін әйгілі өлеңінде өлтіре әшкерленген бұл антиадамзаттық құбылыстың бүкіл әдебиеттегі ғана емес, әлеуметтік дүниедегі әлегі мен әзәзілдігін айтып жеткізу жалғыз Қасымның ғана ма, ғаламның күллі ұлы классиктерінің қолынан келер емес! Бұл тобырдың әлемнің түкпір-түкпірі мен әлеуметтік өмірдің барлық саласында, тіпті әдебиетте де өз өкілдері болады. Олардың бәрі де дарынсыз пенде болғанымен, даңғой саясатшы болып келеді. Бұлардың талғамына қарасаң, сталиндер мен бериялардың сөзін

сөйлейтіндер жағымды, қалғаны жағымсыз кейіпкер болып шығады. Осындай тұрпайы социологиялық талғам-топшылаулардан ең көп таяқ жеген осы – Қасым Аманжолов. Оны біресе «ұлтшыл», біресе «күйрек лирик» деп ағаш аттың басына байлап, бір кезде Мағжанға көрсеткен көресінің Қасымға да көрсетпек болып жанталасты. Отыз жетінші жылдың ойран-асырында «халық жауы» деген ұранға ұйлыға бас салғандар да – осылар! Алаштың Абайдан кейінгі әулиесі Ахметтің көзін құртып, Қызыл сұңқар Сәкеннің өзін итке талатып, халқымыздың біртуар ақыны Мағжанды әдебиет шежіресінен кара бояумен өшіріп тастаған топас тобыр Қасымның уақытында да қалғып кетпей, аңғал ауыздан шыққан бір сөз бен әрбір өлең шумағының қойны-қонышын тіміскілеп жүретін-ді.

Әдебиет дегеніміз – Моцарт пен Сальеридің арбасқан айқасы! Зұлымдық пен ізгілік, аярлық пен адалдық, сұмпайылық пен сұлулық текетірес белдесуге шыққан болмыс-тіршілігімізді бейнелейтін Әдебиет дейтін әлемдік Алаңға данышпанмен қоса, бес қаруын сайланып, дарынсыз да атып шығады. Данышпан халықтың өкілі болса, дарынсыз тобырдың шаранасы! Осынау жан баласы шыдамайтын жанталаста келешекте кімнің жеңіп, кімнің ел жадында қалатынын уақыт пен ұрпақ қана білетін болса да, менен кейін бұл болмаса, күл болсын дейтін жанкешті дарынсыздардың дәл бүгін айы оңынан, жұлдызы солынан туатынына ешкімнің таласа алмайтынын әдебиеттен хабары барлардың біразы біледі...

Қасым творчествосын оның көзі тірісінде қабыл алмағандардың көпшілігі социалистік реализм уағыздарының уысынан шығып кететін ақын шығармаларынан зәресі ұшып, үрейленген, қасаң қағидалардан қатып-семіп қалған сыншылар болғанымен, біразы – талантты ақынның көсіле шапқанын көре алмайтын іштар қызғаншақтар, сандалбай сальерилер еді. Әдебиетте осы әпербақан тобыр ақынның асқақ жырынан мін таба алмағанда оның тұрмыстағы сүрінген шағын да еппен пайдаланып, Жазушылар одағының жиналысында Қасымның мінезі мен тәртібін талқылады. Сталиншілдіктің өгтем билігі құлдық психологияның нелер құрт-қыбырын өліктердің үстіне өргізіп жіберген репрессия жылдары мінберге жең түрініп шығып, желпіне сөйлегендер Ақындық дегеніміздің өзі – алдымен, адамның мінезі екенін, Пушкиннің тәкаппар, Абайдың асқақ, Есениннің ерке болғанын естеріне де алған жоқ...

Ақын – өз заманының перзенті. Ақынды терең танып-білу үшін оның туған жері мен тұрған үйіне ат басын тіреп қана қоймай, ғұмыр кешкен ортасы мен қоғамдық болмысына ой жүгірту керек. Ұлы Абайдың: «Жүрегімнің түбіне терең бойла, мен бір жұмбақ адаммын

оны да ойла», – деуі осыдан. М.Әуезов Абайтану ғылымының іргесін қалап, шаңырағын көтеріп кеткенімен, осы салада да әлі ашпаған құпиямыз, шешпеген жұмбағымыз баршылық. Тіпті ғасырлардан ғасырға ілесіп келе жатқан ғалам шекспиртанушыларының арасында да әлі бір пәтуаға келе алмай жатқан кереғар пікірлер айтылады. Ал біз болсақ, қасымтану курсы жүйелеп аша алмай жатырмыз. Қасым шығармашылығын тілге тиек еткен әдебиет оқулықтары мен монографияларының көпшілігі тұрнайы социология тұрғысынан жазылған Қасымсыз-татымсыз дүниелер екені көңіл құлазытады. Қасымның қасына қайдағы бір халтурщиктерді тіркеп оқытатын қалың тізімнен халық та қажып бітті...

Қасымтану дегеніміз – халықтың өзін-өзі тануы, түсінуі деген сөз! Өзінің саусақпен санарлықтай талантты ұлдарын тани алмаған халық өзін де, өзгені танып жарыта алмайтынын Ахмет, Мағжан, Шәкәрімдердің мұралары дәлелдеп отырған жоқ па?

Тарихтың қараңғы қапталынан ақыны мен азаматын жоғалтпай тауып, тану – әрбір ұлт пен ұлыстың төл ісі болғанымен, талағында биті бар әрбір кісі өзінің рухани пірін өзінше тануға тиіс. Мектептер мен университеттерде Абайды қанша қадала ежіктеп оқысақ та, «Есіл сөзім қор болды, тобықтының езіненің» кері болып тұрған жоқ па?

Абай – Алаштың әліппесі! Абайды түпнұсқадан түсініп оқымай жатып, Қасымды – қазақшасынан, Олжасты – орысшасынан түсінем деу тыраштық болады. Ұлтымыздың ұлыларын бір аудиторияда отырып, жамырай оқып түсіну мүмкін емес! Әркімнің өз Абайы, өз Қасымы, өз Мұқағалиы болуға тиіс!

Менің Қасымым елдің Қасымынан бөлек, әрине, Халық-ананың ұлы құрсағынан бір ғасырда тек бір-ақ рет туатын бұл ақынның ғұмыры мен шығармашылық өмірінде өз дәуірінің бұраланы мен шырғалаңы Гордий түйініндей шырматылып жатыр. Қазақ әдебиетіндегі Асан Қайғының заманы, Абайдың заманы демекші, Қасымның да заманы бар. Адамзат тарихына қара таңба болып басылған құлдық қоғамнан кейінгі ренессанс, беріректегі сыншыл реализм дәуірінде де әдебиет деп аталатын әлемдік құбылыс Қасым ғұмыр кешкен сталиндік диктатураның кезіндегідей екі бүйірінен қысылып, енгіге дем алған емес! «Қоғамдық сананы қоғамдық болмыс билейді», – деп Маркс айтқандай бір халықтың маңдайына бір-ақ бітетін Қасым секілді ғаламат ақын да қанатын кеңге сала алмай қайралаңдап, камшының сабындай қысқа ғұмырдан абдырап-абыржып өтті. Өзінің талант табиғатындағы мол шығармашылық қазынаны халқына сталиндік қатал цензура түксіе қарап тұрғанда сарқа бере алмайтынын қырандай қиядан шалған ақын отызыншы жылдары өз өлеңдерін ысырып қойып, орыс

поэзиясының озық үлгілерін тәржімалауға көшті. Бір кезде Қасым қазақша сөйлеткен Пушкин, Лермонтов, Байрон, Шевченко, Некрасов гуындылары күні бүгінге дейін өзінің түпнұсқасындағыдай көркем, терең! «Маскарадтың шығарып маскарасын, Алматыда жортып жүр ерке Қасым», – дегенді ол, менінше, сол кезде өзі айтсам деген аскак сөзін, тентек те, тегеурінді ойларын бүгінгі тәртіпке қатысы жоқ кешегі классиктердің аузына салып кеміс ойлы кеңкелестерге ащы кекесінмен карап отырғандай елестейді. Бүкіл бір халықты бір пенденің аузына қаратып, соның қасан қағидасымен қойша өргізген темір тәртіптің тұсында «партияға», «зула, Түрксіб» секілді әлсіз дүниелер тумай қоймайтын еді. Бірақ Қасымның қасиеті – кейбір замандастарына ұқсап, құрғақ сөзбен құнсыз мадақты өз творчествосының өзегіне айналдырып алмай, шынайы ақындық лебізін айтуында жатыр ғой! Күні кешеге дейін әдеби ортаға мәтел болып келген «жаман өлеңім жақсы өлеңімді асырайды» деген сөз осы ақынның аузынан шыққанын елдің бәрі біле бермейді, әрине...

Ана тіліміздің ғажайып әуездігін ашып берген айрықша тұлғалардың бірі Қасым Аманжолов құдайдың құдіретімен «туған елі өлеңнен құя салған» кісі еді. Оның бүгін біздің қолымыздағы небары төрт-ақ томның басын құрап отырған мұрасын парақтаған кезімізде қазақ тілінің дүние жүзіндегі қандай тілден де кем түспейтін мол байлығына, образдылығына, оралымдылығы мен нақтылығына таң-тамаша қаласын. Қасым поэзиясында баттасқан бояу, көзді арбайтын қызыл сөздің қыздырмасы жоқ. Қазақ жырына Абайдан кейін әлемдік поэзия мәдениетінің жаңа тынысы мен жарқын үлгісін әкеліп, соны мектебін қалыптастырғаны үшін де біз осы адамға мәңгілік қарыздармыз! Өз тұстарының көпшілігі сол кездегі ресми тіл – газет тілімен бұрқыратып жазып жатқан шақта, Қасым қазақтың телегей-теңіз бай фольклорынан жүзіп ішкен жоқ па?! Ол кезде Алаштың баламасы секілді Абайды да сан сакқа жүгіртіп, «осы кісінің өзі біздің пролетариатқа жат емес пе екен?» – деп, әрі-сәрі күйде жүргенбіз. Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады деген міне, – осы! Тумысынан ұлтының ұлағатынан нәр алып, барлық болмыс-бітімімен қазақ болып жаралған Қасым қырқыншы жылдардың қанды қырғынында жүріп те:

Құраулап жылқы шақырған,  
Қоңырау үнді келіншек,  
Қуалап құлын қайырған,  
Қайда жүрсің жеткіншек, –

деп жазады. Бұл – тек, қазақ ақынының ғана өзегінен шығатын сөз! Тарихи тартыс тауқыметінде тағдырдың жазуымен феодализмнен

социализмге бір-ақ секірген қазақ поэзиясының құлақ күйі, құлындағы дауысы, міне, осы жолдарда жасырынып жатқан шығар?! «Цивилизация» деген терминді жиырмамыншы ғасырда әбден кемеліне келіп, адамның өзіне суық көзінің сұғын қадап тұрған ғылым мен техника жетістігі деп түсінетін ел біз ғұмыр кешіп отырған тоталитарлық жүйе мен кемтар ұрпақ, кесапат дерт сеуіп жатқан атом бомбасын да соның нышаны деп дәлелдей алар ма екен?! Осылардың бәріне мүлде кереғар «құраулап жылқы шақырған қоңырау үнді келіншек пен қуалап құлын қайырған жеткіншектің» жоғын поэзия іздемегенде, кім іздейді деген заңды сауал тіл ұшына оралады. Егер біз, қаламгер қауым, жағымызды жанымай, жанымызды кинап, осы сұраққа ойлана-толғана жауап іздегенде қазақ поэзиясы дүниежүзілік поэзияның жұлдызды шоғырында ешкімге де ұқсамай, өз жарығымен көрініп, қараңғы дүниеге өз сәулесін түсірер еді. Жер бетіндегі халықтардың бірде-біріне ұқсамайтын қазақ ақындарының ойлау жүйесі, бейнелеу әдістері, сөйлеу мақамы да бөлек еді ғой, шіркін! Күні бүгінге дейін орысша ойлап, орысша жазатын біздің жазушыларымыздың Қасымнан үйренер тағы бір тағлымы, міне, осы ұлттық дәстүр мен халықтың ойлау жүйесін тәрк еткен жерде ұлттық әдебиеттің де тілі күрмеліп, тышысы тарыла бермек.

Атам заманғы ақиқатты ұйқасқа түсіріп, тақпақтау мен шынайы поэзияның арасы жер мен көктей екенін осы акын көзге шұкып көрсетті десе де болады. Қасымның интимдік лирикасы – азаматтық лириканың асқан үлгісі! Бүкіл тіршілігімізге ілесіп қалмай келе жатқан ең қатал, жан түршігерлік «ажал», «өлім» секілді суық сөздің өзі осы акынның аузына түскенде қалай өзгеріп, қандай образға оранып шыға келеді десеңізші:

Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,

Ән мен күй, өлең сені қоя алмаспын.

Тірлікте тебіренейін, тербелейін,

Бір күні кетсем ұйқтап оянабаспын! –

дейді ол. Бұлай ешқашан да екі аяқты пенде айта алмайды. Пайғамбар ғана айтады!

Әдебиетте сан қилы тақырыпты саудаға салып, онымен жырымыздың жыртығын бүтіндей алмайтынымызды біз Қасымнан кейін ғана сезіне бастағандаймыз. Елді индустрияландыру, колхоздастыру, Ұлы Отан соғысы, соғыстан бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру деген сықылды бірнеше дәуірлерге бөлініп, бірнеше науқандық «шығармаларды» бұрқыратып шығарған «көкейкесті» тақырыптарды қолдан жасағанымызбен, айналып келгенде, әдебиет дегеніміздің өзі Адам туралы ғана көркем ой емес пе еді?! Арқалы акындардың

азаматтық келбетінің ажары, әсіресе, интимдік лирикасында айқұлактанып көрінетіні де содан шығар?

Ең құнарлы творчестволық ізденіс ақынды небары мысықтабаңдап қана ілгері оздыратын өлең техникасы саласында емес, оның поэтикалық қуатын бірнеше шақырымға дерлік ұзатып тастайтын адам психологиясы мен ақыл-ойындағы ізденістер болуға тиіс екенін Қасым шығармалары тайға таңба басқандай көрсетіп отыр. Қасымдай хас шеберге кездескенде сонау Гомерден бері келе жатқан төрт жолға жазатын «жаңашылдарымыздың» өмірдің иісі болмайтын жасапды гүл екенін түсінуге өресі жетер ме екен, жетпес пе екен?! Қасым – қазақтың рухы! Одан өлермендік жасап, өлеңнің техникасын үйреніп алуға болар, бірақ ізгілік пен зұлымдығы, сұлулығы мен сұмпайылығы адам танымастай араласып кеткен мынау ұлан-ғайыр дүниеге Қасымға қарап, Қасымша тебірену – екінің бірі, егіздің сыңарының маңдайына жазылмаған нәрсе! Сондықтан, әдебиет деген киелі шаңырақтың табалдырығынан аттаған адам Қасымдар отырған ұпы төрге ұмтылғанда пенделік арам пиғылынан құлан-таза арылып, аяғындағы киімін босағаға шешіп кетуге тиіс. Адам болмай жатып, ақын болу мүмкін емес!

Қасым туралы қалай болса солай сөйлеуге болмайды! Кеше ғана ақынды аяқтан шалып, қаңқу сөз шығарғандар енді келіп, ол жөнінде «елжіреп» сайрай бастағанымен, біз, ұрпақтар, Қасымның кімді сүйіп, кімді жек көргенін сезіп-біліп отырмыз! Азғантай Алашының ғана ма, бүкіл адамзаттың көзіне тік қарап сөйлеген Қасымның қадіретіне жету – бір ұрпақтың ғана парызы! Қасымның қасіретті тағдырын ойлағанда туған елінің бүгінгі мен ертеңгі өзегін өртеген талантты ұлдарын сол жұрттың тіршілігінде танымай қалып, өлгеннен кейін «бауырым-айға» басатыны көңіл құлазытады. Біздің қазақ жалғыз Қасымын ғана емес, Төлеужаны мен Жүсібін, Кеңшілігі мен Жұматайын да «байқамай» қалып, бармағын тістеп отыр ғой... Асан Қайғының тұсыңда исі қазақ ақын адамды әулие деп ойлаған болса, қазір бұл түсініктің түрі өзгеріп, мәні кетіңкіреп, мазмұны сұйылып барады. Енді ақын деген кім дегенде – Қасым, – деп, Қасым деген кім дегенде – ақын! – деп айтсақ қана адасып қалған атауымыздың о бастағы төркін-жұртына қайта оралатын шығармыз!

Қасым қазақ жырын ғана бел асырып келген жоқ. Өзінің өртке тиген өлеңдерімен ізгілікке тәнті, сұлулыққа шөлі қанбайтын бүкіл қазақ халқының асқақ рухын аспанға көтерген ақын! Кешегі екінші дүниежүзілік қырғынға қазақ жұртының атақ-даңқы Әлия, Мәншүк, Бауыржан, Нұркен сынды қаһармандармен ғаламды өзіне жалт қаратса, Қасым поэзиясы ана тіліміз бен ана сүтінен арда емген азаматтық

рухымызды аспандатқан жоқ па?! К.Симонов, А.Твардовский, Мұса Жәлел туындыларындағы арқанды шымырлататын патриоттық лириканың шаһқар (шедевр) үлгілерінің қасында Қасымның «Абдолла» поэмасы да тұр. Қасымның кемеліне келген тұсы да осы. «Адамның басы – Алланың добы» болып, өмір мен өлім белдескенде зенбіректер үнсіз қалып, музалар сөйлейтінін Қасым творчествосы тағы да дәлелдеп кетті.

Менің дүниежүзілік поэзияда күн сайын қайталап оқитын шығармаларым бар, Соның бірі – Қасымның «Дариға сол қызы» мен «Өзім туралысы», «Дариға» – макропоэманың микроэскизі! «Дариға» – бүкіл бір дәуірді бір-ақ демде көзге елестететін әлемдік поэзияда мүлде сирек кездесетін лириканың әрі қысқа, әрі нұсқа үлгісі! Егер ғаламдық лириканың шаһқар үлгісінен бір-ақ кітап құрастырылып, соған Қасымның «Дариғасы» кірмей қалса, әлемдік поэзия бүгінгі әдемі әрінен аздап болса да айырылып тұрар ма еді, қайтер еді?!

«Бәріміз де Гогольдің «Шинелінен» шыққанбыз» деп Достоевский айтпақшы, соғыстан соңғы қазақ поэзиясының тұтас бір ұрпағы Қасымның осы туындыларынан нәр алып, өсіп-өніп шықты. Ұлы Мұхтар «жыл келгендей жаңалық» деп бағалаған Тұманбай, Сағи, Қадыр, Жүмекен бастаған ұлттық жырымыздың уыты да, тегеурінді толқыны Қасым поэзиясының уызын еміп, қазақ жырын қайтадан түлетті. Осы толқынға кеш келіп қосылса да, бүгін бір өзі ұлттық жырымыздың бір заманының бет пернесін ашып отырған ұлы Мұқағали да Қасымның перзенті!

Жеді... Тынды... Керемет дерттер төніп,

Кең кеудеде кетті ғой кектер сөніп.

Қасым деген – қалғыған жанартау ғой,

Жанартау ғой.

Жанды да кетті өртеніп! –

деген шәкірт-Мұқағалидың ұстаз-Қасымның хақындағы тебіреністерінде бейнеленген жегі құрт ақыры оның өзін де алып жеді-ау!

Қасым поэзиясымен қанаттанған бұл буын абстракциялық тәңір үйірінде көмескіленіп, өліп-өшіп бара жатқан лирикалық қаһарманды аспаннан қара жердің үстіне түсіріп, өмірдегі жан иесін өлендегі жан иесімен жолықтырады. Қазақ жырының басында сол кезде мандайы жарқырап Қасым тұрмаса өленнің өлімтік бейнеден құтылып, тірі жанмен табысуы мүмкін емес еді!..

Қазақ өленінің шежіресінде Абайдан соң өзінен кейінгі буынға Қасымдай айрықша ықпал еткен ақынды табу қиын. Мүмкін Қасымнан кейін осындай ілу де шалу қасиетке ие болған тұлғалардың бірі ретінде Мұқағалиды айтуға болатын шығар. Мұқағалидан бастап.



Жұматай мен Есенғалиға дейінгі талантты толқынның өне-бойында Қасым Музасының тегеурінді тентек дауылы бұрканып тұр. «Дүниесте келер әлі талай Қасым», – дегенде кемеңгер акын кереметті болжағандай пайғамбарлық жасаған екен...

Қасым туралы сөзде мен оның бүкіл шығармашылық жолы мен өмірбаянына, өлең түрі мен оның ырғақ-әуенін өзінше өзгертіп, соны тыныс бергеніне тоқталып жатпаймын. Бұл филологтар мен әдебиет зерттеушілерінің, сыншылар, акын ғұмырнамашыларының шаруасы. Тек сөз реті келгенде айтарым Маяковский мен Қасымның немесе Мұқағалидың көзі тірісінде оларды түсінуге өресі жетпей, ақындық арының замандастары мен ұрпағы мойындай бастағанда ғана солардың мұраларынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, үлде мен бұлдеге бөленген һәм бөлене беретін оқымыстыларды көру мен үшін күлкілі нәрсе. «Заманның жеңіл ауыз джентельмені мактайды-ау данышпан деп өлсем мені», – деген Қасымның кекесінге толы керемет сөзі осындайда еске түседі. Көкірегінде адамгершілік ар-ождан, кеудесінде азаматтық жүрегі жоқ жарымжан пенде Абайды да, Қасымды да, Мұқағалиды да жарытып түсіне алмайды! Әсіресе, мұндай күйкі жандардың әдебиеттану деп аталатын ғимараттың маңынан жүрмегені жөн болар! Қасымдардың қадыр-қасиетін ел-жұртқа ежіктеп түсіндіретін атшаптырым аудиторияларда азаматтық лириканың антиподы болатын ұсақ-түйек жандардың тіл безеп тұруы кешірілмес күнә ғана емес, ұлтымыз бен ұлысымыздың ертеңі деп есептелетін ұрпақтың алдында да қып-қызыл қылмыс!

Ғабең айтқандай, біз Қасымды мақтамай Қасыммен мақтана білуіміз керек. Қасымнан кейін қазақ поэзиясында ұйқасқан сөздің бәрі өлең емес, өлең жазатын пенденің бәрі акын емес екенін сезіне бастағанымызды айту сүттей ұйып келе жатқан ұлтымыздың рухын одан сайын мөлдірете түседі. Қазір адам баласының интеллекттік мәдениетінің шегіне жетіп дамығаны сонша екі сөздің басын қосып, үш буынның ұйқасын жасаудан оңай түк қалған жоқ. Азияның азғантай ғана аралынан мекен тапқан бір ұлыс өкілдері жора-жолдасына құнды бір кітап сыйлағанда қолтанба орнына бірер шумак өлең жазып бере салады екен. Мұндай дәстүр бізде де болған. «Той дегенде қу бас та домалайды», – дейтін думаншыл қазекең қызыққа құнығып, қымызға қызара бөртіп алған соң бір-екі шумак өлеңді табан астында суырып сала салады. Бірақ, қолтанба орнына өлең ұсынған мәдениетті жапондар секілді, олар да өзін акынмын деп ойламаған екен. Бүгінгі таңда біздің ұлттық рухани дүниемізде осыған мүлде кереғар, кеудемсоқ тыраш қарекеттер жасалып жатыр. Аузына ак ит кіріп, қара ит шығатын «айтыс акындары» дейтін қыздырманың қызыл тілін кенейтіндер киіз

үйден шығып, сахнаға мініп алды! Исі поэзияның атам заманнан бергі ата жауы таптаурын ұйқас, жаттанды сөз, құлақты шулатып, құлқынды құнықтырып барады! Біржан сал мен Сарадай айтыскері бар казак жыры бұрынғы базарынан көз жазып, ажарынан айрылып, рухани мәдениетімізде өлермені мен көрермені көбейген атын атап, түсін түстей алмайтын осындай бір оспадарлау «заман» туыл тұр... Ана тіліміздің ажар-көркін ашып, атак-абыройын көкке көтерген кайран Қасымдар өзін де өзгені де мысқылап:

Жігіттің көрдік жүйрік, шабанын да,  
Япырым-ай, бір шаба алмай қаламын ба?  
Үстімнен түспей қойды-ау кара пальто,  
Көк бөрік, көк жағаның заманыңда, –

десе, қайта құрудың еркетотайлары болып есіріп алған мына өлеңшілер сахнада небары жарты сағат тілін безеп отырып, ат мініп, шапан жамылып, түрлі-түсті теледидар құшақтап, миығынан күліп жүріп жатыр? Бұдағы қандай қоғамдық құбылыс, саяси науқан болса да ақынға оң көзімен қарай қоймай қайта дәлдүрішін одан гөрі қасақана жоғары көтеріп, халықтың рухани қазынасын базар нарқымен өлшенісі келетін топас тобырдың бір сұрқылтай әрекеті шығар. Бірақ, талай сұрқылтайдан аман-есен құтылып, жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарына сау-саламат жеткен казак поэзиясын осы кара тобырдың далбасасына салып қойып, сыртынан оның қызығына карап отыруға ешкімнің де моральдық хақы жоқ!

Қандай халықтың болса да мәрттілі мен мәртебесі талантты да, қанатты перзенттерімен тарих таразысына түсетіні хақ. Бүгін, міне, ағы аңызға айналған Сарыобалының тұсына Алаштың еңбектеген баласы мен еңкейген қариясына дейін жиналып, Қасымның өзі жасай алмай кеткен мерейтойын дүбірлетіп өткізгелі жағырмыз. Ақынның екі өмірі болады. Оның біріншісі – өксікке толы ғұмыры да, екіншісі – өзі өлгеннен кейін де ұрпақтан-ұрпаққа керуен-көші соқпай кетпейтін темірказық бекет сынды өлеңдерінің өмірі. Сондықтан, ақын тойын қарқылдаған күлкі, жарқылдаған сән-салтанат қылмай, Қасым өлең жазған қасиетті ана тіліміздің бүгін неге баяғы ажарынан айырылып, азып-тозып, әлебиетіміздің қалайша дәнiккен дәлдүріштердің дәмсіз шатпағына айналып бара жатқанына толғана көз тастайтын мәнді мәжіліс жасағанымыз ғанибет. Қасымның тойында қасаң қағидалар миды жеп, құрт-құлқындар жыбырлап, өзекті өртемейтін өлеңдер оқылмауы тиіс!

Қасымның тойы – алдымен, Халық-ананың тойы! Ана тіліміздің тойы! Тілі жоқ ұлттың – ділі де жоқ. Ал өзінің ана тілін құрметтеу, ең

әуелі әдебиетін әспеттеуден басталатынын кім білмейді? Бүгін, міне, табанымыз тиіп отырған топырақта бір заманда қарадан туып хан болған аға сұлтан Құнанбай мен артынып-тартынған Алшынбайлар алшаң-алшаң басса да, Атырау-Алтай-Алатауды алып жатқан қалын қазақ Қарқаралыны Мәди мен Қасымның елі деп қана естіген жоқ па еді? Қолына дүниенің тас-талқанын шығаратын аждаһа атом бомбасын ұстап, болат құрсанып, ұлы держава атанып отырған оңар мемлекетердің, күндердің күні ұлы әдебиеті жоқ елдің ешқашан да ұлы халық бола алмайтынына көзі жететін болады! «Халықтар түрмесі» болған монархиялық Ресейді ұлы халық атандырған, аш-жалаңаш ел-жұртын қамшының ұшы, зенбіректің мысымен билеген Романовтар әулеті емес. – Пушкині мен Гоголі, Достоевскийлері мен Горкийлері болатын. Осы күнге дейін өркениетті (цивилизациялы) елдер қатарына дәулетіне сәулеті жарасып, техникасы тірі адамай тіл қатып, ішкені алдында, ішпегені артында тұрған мемлекеттерді қосып жүрміз. Бізден кейін дүниеге келетін толқынның біреуі болмаса, біреуі осы аузынан ақ майы ағып отырған жұрттың арасынан асып жатқан адамзаттық идеяларға толы әдебиеті бар ма екен деп сұрайтын күн де туатынын ойлап, басын ауыртып жүрген ешкім жоқ...

Дүниеге келерде анасын таңдай алмайтын бала сынды ақын да Отан таңдамайды. Халық-ананың ұзақ жылғы толғағынан ақын перзент жаратылып, ақ сүтін ақтап кеткен екен, енді оның алдындағы халықтық қарызды қайтарып, парызды өтеу – біздің еншіміздегі дүние. Орыстар жыл сайын Пушкиннің кітаптарын миллион тиражбен жариялап қоймай, тіпті топырағын тәрк етіп, өздеріне оқ атып кеткен ақ гвардияшыл эмигранттарын да бірнеше жүз мың тиражбен жариялап жатыр. Ал бізде Қасымның шығармалары бақандай он жылдан бері оқырманымен жүздескен жоқ! Астананың баспаханалары «Алматыда жорғып жүрген бота тірсек бозбалаларының» шатпақтарын қайта-қайта шығарып жатса да, сол «кітаптар» дүкендерде шаң басып «отпей» тұр ғой? Қолына шам ұстап, Қасым жырларын таба алмай жүрген қалың елді көрер көз қайда?! Ана тіліміздің ақ сүттей құдіреті мен тылсым құпиясының дәмін Қасым поэзиясынан тұшынбай, қайдағы біреулердің тақылдаған тақпағынан тамсанатын болсақ, әбден жетіскен-ақ екенбіз! Қасымның кіндік қаны тамған Қарқаралыда тұрып айтқан сөзім қияндағы елдің құлағына шалынар ма екен, шалынбас па екен, Ақынның әруағына тапсырар, әйтеуір! Талғардың құзар басына қарап тұрып, қайран Қасым бір кезде:

Биіксің Талғар тамаша,  
Тұрсын көкпен таласа.

Өткен, бірақ баурыңда.  
Адамдар бар-ау аласа. –

дегенде осындай күлді-көмештерді меңзеген шығар...

Заманы мен замандастарынан озып туған ұлы адамдар бүгін осында көздері бақырайып отырған біздер мен сіздерден гөрі ұрпақтарға бір табан жақын болады. Олар қолына билік тізгінін ұстаған қожайынсымақтардың қамқорлығына да, әліпті таяқ деп білмейтін «Меценаттардың» мүсіркеуіне де ділгір емес. Өлі арыстаннан тірі тышқандай арықтау көрініп, тарих оқулықтарын жазғанда олардың аты-жөнін қаншама жерден өшіріп, керемет кескін-келбетін кемітіп көрсеткенімізбен, келер ұрпақтың өзі-ақ оларды жеті қат жер астынан суырып алады! Бірақ, дәл қазір қолға алатын игілікті істі ертеңге қалдырмау – бізден кейінгі буынның көтерер жүгін жеңілдете түсетінін түсіну де – кісілік емес пе?! Онсыз да жетпіс жылдан бері жерге көміп тастаған асылдарымызды топырақтан аршып алу, өзімізге де оңай болып отырған жоқ қой.

Қоғамдық болмысызды түп-түбірімен қайтадан құрып, өркениетті елдердің қатарына қосылайын деп жатқан өткен мен келешектің осы өліарасында ғұмыр жасымызды қысқартатын темекінің қорабының құны өзі валютамен бағаланып, Қасымдардың томдары тиын-тебеге түсе бастады! Рухани дүниемізден басқа нәрсенің бәрі удай қымбаттап бара жатқанда біз, адам баласы, ақыл-есімізді жиып, алдыартымызға енді ойлана қарамасак, бір күні космос қораблінен Робинзон Крузоның лашығына қалай топ ете түскенімізді байқамай қалуымыз да мүмкін...

Ақынның Аққорадағы шыр етіп түскен осынау киелі топырағын аяғымызбен басып тұрғанда:

Бір күні от өмірім қалса өшіп,  
Қайран ел, туған жерден кетпес көшіп,  
Торқадай жамылып ап топырағын,  
Жатармын өз жерімде бір төмпешік, –

деген өлеңі еске түседі. «Ақындар ауылда туып, Парижде өледі» – деп француздар айтқандай, Қасым тағдырлын жазуымен Қарқаралыға жетіп жығыла алмады. Ақынның туған жері, туған күні – бар да, өлген күні – жоқ. Ендеше, өлген жері де жоқ болуға тиіс! Жер бетінің саяси картасы мен ғаламзаттың кең ғарыш кеңістігінде қазақ халқы қандай мәңгілік болса, Қасым да сондай – мәңгілік! Сарыобалыдан Алматыға ғана емес. Алматыдан – адамзатқа аттанып бара жатқан ақын үшін бұдан арғық ештененің де керекті жоқ қой.

## ПАБЛО НЕРУДА МЕН ИОСИФ СТАЛИН

*(Өлең мен өкімет қахында)*

*Кеңшілік Мырзабековтің аруағына.*

*Автор.*

*Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Тек қана мұңын шағар қаламына.*

*Мағжан*

Пабло Неруда – Чили ақыны. Сталинның кім екенін айтып жату артық, әрине. Екеуінің арасын бірнеше мың миль қашықтықтағы құрлықтар мен мұхиттар бөліп жатыр. Біреуі – ақын, біреуі – патша. Бір ғасырда ғұмыр кешкенмен біреуіне-бірі тәуелді болмаған тұлғалар. Мені таң қалдырғаны – Пушкин Александр патшаға ыза болып «Ты – прозаик, я – поэт» дегендей кекесінді өлеңдер жазса, Ресейден шалғай, Латын Америкасында жатқан Чили ақыны Пабло Неруда Еуразияда ұлы империя құрған, көзі тірісінде аты аңызға айналып, фәниден бақиға көшкен күні жаман аты шыққан әмірші туралы тосын да, қызықты әңгімелер қозғайды. Ақынның осы эссесін нарық заманы – жаңа заманның жампозымыз деп, ұлттық рух, адами қасиет, адамзаттық мұрат атаулыны аяғының астына тастаған біздің көзімізбен бір шолып шықсақ, өзегімізге өксік тығылады. Ен аяныштысы – осы.

«СССР-ге қанша мәрте жол түскенмен Сталинмен жүзбе-жүз көрісуді тағдыр менің маңдайыма жазбады» деп бастайды әңгімесін шетел ақыны. Бірақ ақын оны сыртынан көрген. Бір емес, екі емес, бірнеше рет көріпті. Бірінші май, 7 ноябрьдегі дүбірлі мерекелерде Мавзолейдің мінбесінен көргенін айтады. Халықаралық сталиндік сыйлықтар жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәжілістерінде де Сталин ақын көзіне бір түспеген. Кремль коридорында да көзіне бір шалынбапты. Сталиндік сыйлыққа кандидаттар іріктеу кезінде небір қызу айтыс-тарғыстар болған. Бірақ Сталин тарапынан сол кандидаттарға қарсы бір ишарат болғанын байқамағанын айтады. Ол кездегі советтік-социалистік тоталитарлық жүйенің тылсым құпиясына тірі пенденің ақыл ойы бойлай алмаушы еді.

«Бір күні менің Кремльдегі осы жұмбақ жанмен сырттай таңыстығым басталды» деп жазады Пабло Неруда. Қалай? Күтпеген жерден. Халықаралық сталиндік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі Пабло Неруда Луй Арагонмен бірге кезекті мәжіліске қатысу

үшін Мәскеуге жол тартады. Бұларға жол серік болып жүрген кеңес өкіметі шенеуніктерінің бірі сыйлыққа кімдерді лайық көретінін сұрайды. Неруда мен Арагон ұсыныстарын айтады. Өлгі шенеунік сталиндік сыйлыққа кандидаттарды Мәскеуге телефонмен хабарлайды да, Неруданы оңаналап:

– Құттықтаймын сізді, Неруда жолдас! – дейді. – Сталин жолдас кандидаттардың аты-жөндерімен танысқаннан кейін: «Ал, мұның ішінде Пабло Неруда неге жоқ?!» – депті.

Келесі жылы Пабло Неруда халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін халықаралық сталиндік сыйлықтың лауреаты болып шыға келеді!

«Мүмкін, осынау марапатқа мен де лайық шығармын, – деп жазады ақын аң-таң қалып. – Бірақ пенде баласының қолы жете қоймайтын биіктікте жарты ғаламның тізгінін қолына ұстап тұрған осынау қаһарлы патша мына жарық дүниеде менің бар-жоғымды қайдан білген?!».

Пабло Неруда осынау жұмбақ жанның тағы бір қарекеті хақында тебірене жазады. Соғыстан соңғы уақыт. Космополиттерге қарсы саяси науқанның кәріне мініп тұрған кезі. Жойыт жұртының ауызға іліккендерінің бәрі дерлік – абақтыда. Бір күні таңертеңдік мезетте Илья Эренбургтің телефоны шыр-шыр етеді. Тұтқаны жазушының әйелі Люба көтереді.

– Илья Григорьевичтің үйі ме екен? – дейді бір бейтаныс дауыс.

– Оны сұрап тұрған кім екен?!

– Сталин...

– Илья сені бір қалжакбас телефонға шақырып тұр!

Телефонды құлағына тосқан жазушы совет халқына етене таныс Сталиннің дауысын бірден таниды:

– Мен түнімен көз ілмей, Сіздің «Париждің құлауы» атты кітабыңызды оқып шықтым. Қымбатты Илья Григорьевич! Сіздің тағы да осындай совет халқы өте зәру, қызықты кітаптарды жаза беруіңізге тілектеспін!

Сталиннің телефондағы осы бір ауыз сөзі орыс әдебиетінің классигі Илья Эренбургтің өмірін небір пәле-жаладан сақтап қалды! Қандай ғажап құбылыс! Не деген биік интеллектуалдық өре еді!

Біреулер аристократиялық қасиет те ақындық сынды адам баласына Алладан, ата-баба қаңынан дариды деседі. Әкесі маскүнем, етікші, шешесі үй шаруасындағы көп әйелдің бірі болған Сталинге бекзаттық бітім қайдан келді екен?! Әлде, орыс баспасөзінде қаңқу сөзге айналған Сталиннің әкесі – Прежавальский немесе осетиннің бір бай шонжары көрінеді деген әңгіме расқа айналғаны ма?

Ақсүйектіктік төркінін іздеп жүрген тағы біреулер кейде бұл қа-

снет пенде баласына жүре жұғысып, кейін кесектеніп, кемелденіп кетеді деседі. Қашан?! Тұрмыс-тіршілігі оналып, рухани жан дүниесі байып, Абайша айтқанда, «толық адамға» айналған тұста. Бірақ мен бұған сенбеймін... Мүлде, сенбес едім! Қазақстанның қазына байлығын бізден тарғып алып бауырына басып жатқан бүгінгі «элитаның» гүр-нұсқасына қарасаңыз оған, мен түгілі, сіз де сенбейсіз!

Чили акыны орыс патшасының орыс әдебиетіне сіңірген тағы бір ерен еңбегі жөнінде егіле баяндайды. Берісі – орыс, әрісі – әлем әдебиетінде бұрын сонды болмаған асқақ ақып, айтулы тұлға Маяковский дүниеден қайтқаннан кейін, оның аруағын қорлап, есімін совет әдебиетінен аластатқысы келгендер көп болған екен. Біреулер поэтикалық бітімі бөлек, болмысы күрделі жанашыл акынды түсіне алмады. Енді біреулер түсініп, түйсіне тұра, оның поэтикалық тосын болмысын қабылдай алған жоқ. Шынында да бір түрлі акын! Мүлде, бір түрлі... Осындай алмағайып тұста «көзінен басқа ойы жоқ, адамның надан әуресі» – мен (*Абай*) көре алмайтын іші тар, көр соқыр пенделердің дегені болып кетуі мүмкін еді.

Адамзат тарихында атаусыз қалған ақындар аз ба? Алысқа бармай-ақ, осы өзіміздің Алаштың тарихына көз салыңыз. Жетпісінші жылдары Мұхтар Мағауин болмаса, он бесінші ғасырдағы акын-жыраулар поэзиясы осы күнгі әдеби айналымға түсер ма еді? Қазақ осы орнында отырар еді. Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберлі, Қазтуғандар жоқ болар еді! Оларды осы жиырма бірінші ғасырда қазақтың бір баласы шаң басқан архивтерден іздеп жатар еді...

Маяковскийге қарсы науқан басталғанда ақынды жанындай жақсы көретін әйел Лилия Брик шырылдан қоя береді. Ақынның жаулары (*оның көбісі әдебиетшілер, әрине*) ұрымтал тұсты күтіп, ақынды аяғының астына тастауға тас-түйін әзір отырған... Сталин Лилия Бриктің арызының шетіне: «Маяковский совет заманындағы ең таңдаулы талантты ақындардың бірі болған, һәм бірегейі болып қала бермек» деген бір ауыз сөз жазады. Содан кейін дүние өзгеріп сала береді. Елде Маяковскийдің музей үйлері шаңырақ көтеріп, жер-жерде ақынға ескерткіштер қойылады! Оның жыр кітаптары мың, миллиондаған тиражбен Совет Одағының түкпір-түкпіріне таралады!

Әдебиет атаулыдағы алтын айдарлы жанр осы Ұлы Мәртебелі Поэзия екенін ешкім де жоққа шығара алмас. Адамзат қауымдастығының алғашқы бірлестігі тайпалық қоғамда да көмейінен небір інжу-маржан жыр төккен аркалы ақындар болған шығар. Бірақ, тарихта солардың бірде-біреуінің аты-жөні қалмағаны қалай? Әргі-бергі әдебиет тарихын зерттеушілердің бірде-біреуі осы сұраққа әлі күнге дейін жауап іздеп көрмепті. Ойланатын-ақ мәселе. Адамзаттың ал-

ғашқы ақыны Гомер құл иеленушілер заманында дүниеге келген. Бұл – тарихи факт. Күнделікті күйкі тіршіліктегі материалдық игілік, дүниеауи мәселелердің басын қайырып, өзін бір сәтте болса да тұрмысқа тәуменді емес тәуелсіз тұлға ретінде сезінген құл иеленуші өз жүрегінің лүшіліне құлақ аса бастаған кезде Ақын атаулының қадір-қасиетіне жетті. Сөздің қадірін біліп, қасиетін бағалады. Жерден жеміт теріп жеуді ғана ойлайтын құл мен күннің баласы өзінің қу қарақан басын көтере алмай жүріп, өлеңді қайтушы еді?!

Қазір де – солай!

Көктен түскен төрт кітаптың біреуі діни уағызын «Дүниеде ең алғаш Сөз пайда болған» деп бастаған. «Ұятыңды жап!» деген сөз болмаса әйел затында – дамбал, еркек затында – шалбар болмас еді! Адам баласының миындағы Алланың коды – Сөз! Діни семинарияда оқыған Иосиф Сталин соны жақсы білгенге ұқсайды. Партияның пленум, съездерінде сөйлейтін сөзі мен баяндамаларын өзі жазып шыққан. Алдынан ала қағаз кетпеген, қолынан қаламы түспеген. Сталиннің бүкіл ғұмырнамасына жүгірте көз салсақ, оның құлағында Таураттағы «Қу дүниені күйттеген пенде – құл, рухқа шомылған адам – патша» деген сөз мәңгілікке қалып қойғандай сыңай танытады. Сол кездегі орыс және әлем әдебиетін терең білген: күніне бес жүз бетке жуық көркем, әдеби шығарма оқуды әдетіне айналдырған көрінеді. Ұлы Отан соғысының қанды күндерінде де сол дағдысынан бір жаңылмаған деседі...

Ақсүйектің болмысын ақсүйек қана аңдай алады. Баймағамбет сұлтанның өзін жерден алып, жерге салған Шерниязды өкпеге қиғанмен өлімге қимағаны – содан! Шернияз сондағы Баймағамбетке айтқанын сол байдың есігінде жүрген бір батыраққа айтсыншы, не болар екен? Төбелес болады!

Совет өкіметі Пушкинді мың-миллиондаған таралымға шығарды. Соны қара тобыр қабыл алды ма?! Жок! Лениннің өзі түсіне алмаған Пушкинге лениншіл қалып нөпірдің өресі қалай жетуші еді?

Таяуда интернетте Абайдың өлеңдерінің жалғанның жарығына шыққанына жүз жылдай уақыт болғаны жария етілді. Осы уақыт ішінде осы жұмбақ жанның жүрегінің тереңіне бойлауға қазақтың өресі жетті ме? Абай аруағы арқасына қонған Алаш азаматтары қанша?! Соншалық көп пе еді? Саусақпен ғана санауға болады: Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов, Тәкен Әлімқұлов, Мұхтар Мағауин...

Қалып қойған тағы кіміңіз бар?! Білсеніз – айтыңыз!

Шолоховтың «Тынық Дон» романы төңірегінде дау-дамай көтеріліп, бұл оның шығармасы емес, ақ гвардияшыл офицердің қолжазбасы дейтін қысыр әңгіме қоздағанда Сталин жазушының жағына



шығады. Жалақорларды колдап кетсе қайтер еді? Не істер еді орыс жұрты?!

«Григорий Мелехов кашан большевик болады?» деген Сталиннің сұрағына Шолохов: «Партияға өт деп қанша азғырсам да, ол маған әлі көнбей жүр!» деп жауап қайтарған. Дүниенің төрт құбыласын қабағымен бағып отырған көсем оның айтқанына үндемей келіскен көрінеді... Шолохов 1940 жылы Пастернакпен бірге орыс поэзиясының ханшайымы Анна Ахматованы сталиндық сыйлыққа ұсынады. Шолоховтың Сталиннің айтқанына жүріп, айдағанына көнбегені осыдан-ақ көрініп тұр!

Осындайда қылышынан қан тамған Ақсақ Темір еске түседі. Хафиздің:

Мен Шираздың бір қызының меңіне,

Самарқан мен Бұқараны берер ем! – деген өлеңін ақынның жаулары Әмірге өңін айналдырып:

– Сіз салған Самарқан мен Бұқараны қайдағы бір қаңғып жүрген қайыршы бір қатынның бір меңіне айырбастағалы жатыр! – дейді араға от салып.

– Алдыма алып келіңдер! – дейді хан. Оның жырларын әмірші бұрын да естіп жүрген. Хафизбен әңгімелесіп көрсе, ол сарайындағы күйкі пенделердің бірде-біреуіне ұқсамайтын бөлек жан болып шығады! Шәйрдің жырларына тамсанған Ақсақ Темір оны сарайында алып қалып, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасап:

Ақындары патшаларын іздесе,

Ондай жұрттың маңдайда сору бес елі;

Патшалары ақындарын іздесе,

Сол ел бастан бейіш ғұмыр кешеді! –

деген. Бүгінде біреулер осы өлеңді Хафиздікі деп айтып жүр. Бұл – Ақсақ Темірдің өлеңі! Ол заманда патшалардың бәрі де ақын болған. Пушкиннің мен пайғамбармын дегені бар. Патшаңыз жайына қалады! Мұқағалидың «Ақынды – ақын түсінбесе, сол – қайғы» дейтіні содан.

Сталин де өлең жазған. Отызыншы жылдары грузиннің бір топ әдебиетшілері Сталинге:

– Біз сіздің өлеңдеріңізді өзімізге үлгі ғып алғанбыз – дегенде Сталиннің не айтқанын білесіз бе:

– Онда грузин поэзиясының күні батқан екен! – депті.

Бұлай деп рухы мықты тұлға ғана айтады!

Кейде осынысына қарап, Сталин қазақ тілін еркін біліп, «Күй», «Күйші», «Құлагер» дастандарын түпнұсқадан оқығанда қазақ поэзиясының ерен жүйрігі Илияс Жансүгіров «халық жауы» деген жазаға ұшырамас еді деп ойлайсың. Олай болса, ол Иосиф Манделштамды

неге оққа байлап жіберді?! Анна Ахматованы не себепті құлғанадай қуғындады?! Заболоцкийді қалайша кара қапаста ұстады?! Марина Цветаеваны асылып өлуге неге мәжбүр етті?!

Сұрақ көп.

Жауап жоқ...

Пабло Неруда тілге тиек еткен Маяковский, Эренбургтарды Сталин терең түсінді немесе олардың шығармаларына еміреніп, егіле тұшынды деп айту асылық болар. Бірақ, адамзағ тарихында айрықша орны бар осы күрделі құбылыстарды түсінуге тырысканы немесе түсінгендей сынай танытқанының өзі Сталинның тарихтағы айтулы саяси тұлға екендігінің бір нышаны емес пе?!

Бүгінде Мұқағалидың Қонаевқа жазған хаты жөнінде әңгіме көп. Заманынан асып туған М.Мақатаевтың ұлы акын екенін сол кездің өзде ақ Атырау-Арқа-Алтай-Алатауға дейінгі аймақтағы көзі қаракты жұрт аңыз ғып айтып жүрген. Оны әдеби орта, өзінің дос жаран, ағайіні каламдастары ғана мойындамады! Жұрт ішінде жападан жалғыз калып, жаны құсаға батқан шерлі акын республика басшысына хат жазып, басына пана сұраған. Сол хатына жауап күтіп, Қазақстан Жазушылар Одағы қасындағы Үкімет үйіне жаутан-жаутан қараумен күн өтеді. Жауап жоқ... Біреулер ол хат Димекеннің қолына түспеген деседі. Димекен Мұқағалидың өзіне жазған хатын оқымаса да, өлеңдерін оқыды ғой? Олар дүркіндік баспасөзде күн сайын дерлік жарияланып, жыр жинақтары да он мыңдаған тиражбен таралып еді. Басқасын айтпағанда, бір ғана «Большевиктер» поэмасының саяси, көркемдік дәрежесінің өзі сол кездегі замандастарының партия туралы жазған-сызғандарынан әлдеқайда жоғары еді ғой? Меніңше, Димекен оларды оқымады... Немесе, оны бағалауға бірінші хатшының интеллектуалдық шама-шарқы жетпеді!

Бұл үшін Димаш Ахметұлын кінәлау күпірлік болар. Тәңрі пендесінің пешенесіне не жатса, сол болады. Жұмыр басты пенде көкке қол сермеп, қанша тыраштанса да, жаратқанның құйған қалыбынан асып, қайда барушы еді? Тым биікте тұрған Политбюро мүшесінің көзіне төменде бұлдырап жүрген кішкентай пенделердің ілікпеуі мүмкін нәрсе ғой. Енді осыған, мүлде, кереғар бір жағдаятты айтпай кетуге болмай тұр. Ілияс Есенберлин грузин жазушысымен бірге лениндік сыйлыққа ұсынылғанда Мәскеуге Гүржістаннан бір пойыз гүл. Қазақстаннан бір қап арыз келеді... Сонда біздің Димекен Политбюродағы бедел салмағын салып жіберсе, мәселе басқаша шешілетін еді ғой? Есенберлин оған қайдағы біреу емес... Сырлас-мұңдас, жолдас-жора болатын!

Таяуда Бауыржан Момышұлының генерал шені мен Совет Ода-

ғының батыры атағын алуына сол кездегі Қазақстанның басшылары Шаяхметов пен Оңдасынов көне-көрнеу қарсы шығыпты деген сөз таралды. Осыны Оңдасыновтың өзі мойындағанын Баукең бір гуысына жазған хатында баяндайды. Сол хатты Момышұлы туралы документальды фильм жасап жүрген бір режиссер тауып алған екен – басы пәлеге қалды! Қазір ел дүрлігіп жатыр... Жауырын жаба тоқып ел болған ешкім жоқ. Батырының ерлігіне мағұрланып, ақынының лебізіне елжіреген жұрт қана еңселі ел болады!

Поэзия – Құдаймен сөйлесу, Алла мен адамның арасындағы диалог, пенде баласының миындағы Тәңірінің жұмбақ коды еді. Құдай оны сүйген құлына ғана сыйлаған. Көрінген пендесіне бере салмаған! Өлең мен өкімет, акын мен қаратобырдың арасындағы кикілжің содан күшіктейді. Бірнеше ғасыр бойы бөгде біреулерге тәуелді болған біз секілді бодан жұртты қойшы: Көк Түркінің заманындағы өр кеудеміз басылған... Жан-жүйеміз ашынған, көзімізге көк шыбып үймелеген! Содан әлі ақыл-есімізді жия алмай жатқан шығармыз. Ал, тірі жанға есесін жібермеген, ешкімге құл болмаған Ұлыбританияға қараңыз – адамзаттың арыстаны ақын, лорд Байронның елі, адуынды ақсүйектердің жұрты! Соған туған сол Байронның өзі, біздің Мәдише айтқанда, сол бекзат Англияның саясынан неге саяқ құрлы сая таппады?!

Енді қазақты да, ағылшынды да қойып, осы күнгі әлемдік өре, адамзаттық өлшем қандай деңгейде екен, соған қарайық. Елдің бәрін елендетіп жүрген Нобель сыйлығын алып жатқан кімдер? Швед академиясы Лев Толстойға қимаған Нобель сыйлығын ғұмырында жөні түзу бір көркем шығарма жаза алмаған, бар жоғы көк езу публицист Александр Солженицинге неге бере салды?! Осыны айтып көк түркінің үмбетіне жар салған Амангелді Кеншілікұлының соған кереғар бір беделді сыйлық белгілеу жөніндегі жан айқайына құлақ түрген тірі жан бар ма?! Көрінгенге есесі кеткен қайран да, есіл Түркі Дүниесі!

Абай атамыз казак казактың сөзін жүре тындайтының баяғыда айтып кеткен. Оған ормандағы орыс, аралдағы ағылшын немесе қорғандағы шүшіттің сөзі ғана өтімді. Олай болса, орайы келіп тұрғанда, солардан бір саты артық болмаса, кемдегі жоқ жапон жұртының арқасына аруак қонған бір ұлы Акутагава Рюнескэнің бір сөзін алдыңызға көлденен тартайын: Швед корольдік академиясының қолынан Нобель сыйлығын алып тұрып: «Адамзаттың бүкіл тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі Бодлердің өлеңінің бір шумағына тұрмайды!» деген ғой!

Елбасының бәсекелес елу елдің қатарына тұяқ іліктірейік дегені – ұлтымызды ұшпаққа жеткізетін ұран болғалы тұр. Жұрттың көбі оны ішіп-жем, киім-кешек, экономика саласындағы бәсеке леп қана ойлайды. Сол елу елдің ешінде казак поэзиясымен қанжағаласа алатын

бес ел бар ма? Қазақ, немене, дүниедегі елдің қоры ма еді? Атом өндіретін стансамыз жоқ шығар – адамзаттың бірде бір баласының аузына түспеген асқақ лебіз айтқан Ақтамберліміз бар еді ғой! Дүниежүзілік поэзияда біздің Кеңшілік Мырзабековтің жырындағыдай уылжыған ұлттық колорит, мың құбылған сиқыр бояу мен ою-өрнек, экзотикалық ерекше құбылыс болды ма?! Осы қазақ жырын елдігі жарасқан елу елдің тілінде сөйлетіп жіберсек, біздің мемлекеттік мерейіміз бұдан да биіктей түспес пе еді?

Кемпірбайдың Әсетпен бақылдасуы деген бір жыры бар. Әлем әдебиетінде жоқ мұндай жауһар дүние! Қазақ ақынының суырып салып айтқан жыры! Сол өлең түпнұсқадағыдай көркем қалпында басқа тілге тәржімалана ма? Сол Кемпірбайлардан бізге жетіп, жиырмасыншы ғасырдың шаңына көмілген айтыс өнерін арқасына аруақ қонған Жүрсін Ерман бетіндегі шаң-тозаңын сүртіп, жеті қат жердің қалың қатпарынан суырып алып еді. Ол да сайқал саясаттың ойыншығына айналып барады.

Біздің орнымызда Жапон жұрты секілді өрелі ел болғанда өзгеде жоқ, өзінде ғана бар мұндай рухани салаға жалмажан миллиондаған доллар инвестиция салар ма еді, қайтер еді...Он миллионнан астам қазақтан осыны ойлайтын бір мемлекетшіл қазақтың, патриот Алаш азаматының шықпай отырғаны көңілді күп етеді.

Абайдың әкесі ақсүйек Құнанбайдың біздің заманымыз Пайғамбарға бір табан да болса жақындау, неғұрлым жақын болса, соғұрлым артық болар деген сөзі ақиқатқа айналып барады! Артымыз – күмән, алдымыз – тұман... Ұры-қары, бетсіз біткен байлыққа кенеліп, тексіз біткен төрге шықты!

– Қайдасың, қайран, Махамбет?! – дейді көкірегіне өксік толған Дидар Амантай – осы күнгі жас Алаштың жампоз бір өкілі. Махамбет түгілі, Баймағамбет сұлтанға зар болып қалдық! Маңайымыз – қаптаған Ықылас! Құлагер шаршы топтан шыққалы қашан?! Бәйгіде Батыраш пен Қотыраш кикүлап келеді! Махамбет те, Ақансері де көзден бір-бір ұшқан – мәңгі бақи екі көзіміз төрт болып, соны іздеумен өтерміз енді! Тұқым тұяғынан ел жұртты ойлаған есі дұрыс бір кісі шықпаған, халқының қолынан кісең, аяғынан шынжыр түскенде соның қазынасын бас салып, иемденіп алған байшыкеш мырзаларым-ау, көздерінді ашып, көк жиекке бір қарасандаршы, сенің қолыңдағы мынау мыңғырған мал, алтынмен алталған сарайлар, аузынан аққан ақ май, бүгінгі бүкіл тіршілік болмысың Мағжанның:

Ұзын Орал – Күн мен Түн шекарасы,

Өлім-түн, өмір-гүлді Күн даласы.

Өмірменен өлімнің шекарасың,

Ұйқтап озбақ ежелден жер баласы.

Екі дүние – Күн мен Түн, Өмір – Өлім,  
Бірі – бесік, біреуі – даяр көрің.  
Бала болып жата бер бесігінде,  
Сарыарқаның еркесі, қазақ елім! –

деген екі шумак өлеңіне тұрмайды ғой!

Совет өкіметі көшпелілер цивилизациясының соңғы тұяғы Жамбылды Гомермен пара-пар тұлға деп мойындады – Сталиннің заманында!

Осы тұста Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы сталиндік сыйлықпен марапатталды. Алашорданың айтулы тұлғасы болғанына қарамастан! Кейін сол роман «Абай жолы» эпопеясына айналып, Алаштың рухын адамзатқа әйгіледі!

Әлиханнан бастап, Ахмет, Міржакып, Мағжан, Сәкен, Бейімбет сынды сорпа бетіне шығарымызды қалқып алып, ұлттық рухымыздың тамырына балта шапқан осы Сталин деген қанішерді қанша жерден иттің етінен жек көрсем де, Пабло Неруда мойындаған кісілігін, мүлде, жоққа шығара алмай, шақшадай басым шарадай болып отырғанын қарашы!

Совет өкіметі – құл мен құтанның өкіметінің өзі әдебиетке киелі өнер, адамзат мәдениетінің айтулы бір арнасы деп қарады. Қазір ше? Жазған-сызғанына қаламақы алмайтын кімдер? Қазақ ақын-жазушылары... Ұлттық әдебиетіне анда-санда берілетін мемлекеттік сыйлыққа қазақ тілін білмейтін қайдағы бір иіс алмас шенеунік, әнші-биші билік айтатын ел кім? Өлі аруақ пеп тірі талантты таластырып қойған қандай жұрт? Қазақстан! Өз әдебиеті мен өнері түгілі, ана тіліне мұрнын шүйіріп қарап отырған бізден басқа ел бар ма жер бетінде? Жоқ!!!

– Ей, тәкәппар дүние,

Маған да бір қарашы:

Танысың ба сен мені,

Мен – қазақтың баласы! –

деп еді-ау, қайран, Қасым. Бүгінгі күнгі күллі қазақтың тағдыр-таланы, болмыс-бітімі, арман-аңсары Қасымның осы гөрг-ақ жол өлеңіне сыйып тұр! Бізге соны таратып, жіліктеп айту ғана қалған. Мынау тәкәппар дүние қазақты қашан танып, Көк Тәңірі оған қашан мейірім шуағын төгеді? Асан Қайғыдан бастап, Ақтамберлі, Қазтуған, Шалкиіз, Абай, Мағжан, Мұқағали, Фариза, Темірхан, Несіпбек, Ғалым, Дәурен, Танакөздерге дейінгі толқын-толқын буынның сор мандайына сол сауалға жауап іздеу жазылған! Бүгін болмаса, ертең, ертең болмаса күндердің бір күні соның жауабына бетпе-бет кез болмай, жүрегіміз тыншымас, көңіліміз көншімес...

Қолдай гөр бізді, Көк Тәңірі!

## «АЛАШҚА АҚСОРАҢНАН ЖОЛ ШЫҒАРҒАН...»

*Бақытбек бауырыма*

*Автор*

*Сәлем де артта қалған туған елге.*

*Әсет*

*Арғынмын, атым – Әсет – арындаған,  
Арындап ән сала ма дарымаған?!*

*Ілияс*

Біздің Қызыларайда өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарында Боздақтың Әубәкірі деген бір ақсақал ғұмыр кешті. Жауырыны жерге тимеген палуан. Кеудесі – жыр-дария. Сол совет өкіметінің кезінің өзінде бәйбіше-тоқалы – екі әйелі бар. Жасында сал-серілерше дәурен кешкендей. Бұ дүниеде Әсет деген акынның барын мен алғаш осы ақсақалдың аузынан естіп едім. 60-шы жылдары он-он екі жасар бала едік. Өлендеріміз аудандық «Қызыл ту» (кейіннен «Арқа еңбеккері»), ара-тұра облыстық «Орталық Қазақстан» газеттеріне шыға бастаған. Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер жаппай ақталып, кітаптары дүкен сөрелеріне қаттай түсіп жатқан кез. Әскерден жаңа келіп, бізге сынып жетекшісі болған каталдау Қапан мұғалім маған Ілиястің бір томын сыйлап:

– «Құлагерді» оқы, акынның акыны осы! – деген.

Бір ай бойы қайталап оқып, жаттап та алып едім...

Әсетті мұнда әлі ешкім біле қоймаушы еді. Бір күні Боздақтың Әубәкірі Әсеттің Кемпірбаймен бақылдасуын домбыраға салып, шырқай жөнелгенде аркам шымырлап кетіп еді.

– Бұл кім? – деймін аң-таң қалып.

– Бұл Әсет акын! – дейді Әукен. – Осы Қызыларайдың тумасы, руы – Қаракесек-Қарашор, бізбен аталас болады. Жас кезінде біздің осы Ақсораңнан Қарқаралы – Семей өтіп, Қытайдың Құлжа қаласында қаза тапқан...

– Қалай?

– Аркада Әсеттей әнші болмаған-дейді Әукен маған егжей-тегжейін түсіндіріп – Ән айтқанда даусын ашуға мүсәтір ішеді екен. Сонда акынды көре алмаған күншілдердің біреуі мүсәтір орнына алмасты жұтқызып жіберген көрінеді...

Әукен әнге басады:

Алмасты мүсәтір деп татып алдым,  
Дерт шалды өне бойды, жатып алдым.  
Құдайдан тура келсе, арманым не,  
Ажалды ақша беріп сатып алдым.

Кейін Әсеттің шығармалар жинағында баяндалған осы гәпті Қызыларайдың шалдары сол кезде-ақ біледі екен. Онда Әсеттің кітабы шықпаған.

Мен онда Әсеттің «Кемпірбаймен коштасу» деген өлеңінің казак жырындағы бөлекше бітімі мен көзді арбар көркемдік деңгейіне дәл қазіргідей бойлай алғам жоқ. Енді бүгін казак пен қалған дүние жұртының жыр-жауһарына жан дүниемді суғарып, алшысқа тұяқ іліктіргенде қайырыла бір қарасам...бұған дейін әлем әдебиетінде, мүлде, көзге шалынбаған шаһкар (шедевр) жырдың озық үлгісі тылсым тереңіне тарта береді мені. Ең бір ғажабы – бұл ақынның қолына қалам алып, ойланып-толғанып, ала қағазға бізше телмірген сәтінде туған дүние емес – қас қағымда суырып салып айтқаны!

– Ассалаумағалайкүм, нар Кемпірбай!  
Науқасқа шила берсін патша құдай,  
Сыркат деп Сарыарқадан естіп келдім,  
Жаксы ма, қандай боп тұр хал, Кемпірбай? – деп басталып:

– Көңілді Әсет келді-ау, көтергелі,  
Қысады кеуде шіркін жөтелгелі.  
Арғыма бір-екі ауыз сөз тастайын,  
Басымды құс жастықтан көтер бері!  
Өлсем де «Көк кептерге» бір басайын.  
Қу тақтай қос ішекті әпер бері!  
Аузыма өлерімде сөз салмасаң,  
Қонғаның, өлең, шіркін, бекер ме еді? –

деп, шырқау шынға құсша қалықтаған жыр, тек казак баласының жүрегінен ғана төгілетін төлтума туынды. қара өлеңнің кемерінен асып, кемеліне келген шағы!

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,  
Алланың аманатын көрем білем.  
Кеудемнен көк ала үйрек «қош»! деп ұшты,  
Сол, шіркін, кәрі жолдас өлең білем...

Бұлай деп, мына жарық дүниеде тек казак ақыны ғана айта алады! Өкініштісі, Кемпірбай мен Әсет, Біржан мен Сара, Сүйінбай мен

Жамбыл, Шөжелер сөз маржанын терген қазақтың аламан айтысы, суырып салма өнері, көзден ұшқалы қашан? Аялап сақтауымыз керек еді. Польша саяхатшысы Адольф Янушкевич (1803-1807 ж.ж.) қазақ сахарасынан өз көзімен көріп, аң-таң қалған замандағы айтыс қандай еді?! Демосфен мен Цицерондардың есімін естімеген шешендердің сөз сайысына Еуропа жұртының талғампаз өкілдері аузын ашып, көзін жұмған!

Суырып салу өнері Жамбыл, Исалармен XX-шы ғасырдың 50-ші жылдарына жетіпті. Соның ең озық үлгісі – Исаның «Клеопатрась».

Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Құрманбек Жандарбековпен бірге мәскеулік Григорий Рошаль, әдебиетші Виктор Шкловскийді Әбділла Тәжібаев ұлының шілдеханасына шақырады. Орталарында қыран құстай қомданған, көшпенділер өркениетінің соңғы тұяғы Иса ақын отыр.

«– Адам емес қыранға ұқсайды.

– Шабыт бейнесі осылай көрінуі керек!

– Мен Пушкин жазған импровизаторды көріп тұрғандаймын, – десті олар.

– Біз қымбатты ақынға өзіміз тақырып беріп, тыңдағымыз келеді. Иса жолдас оған қалай қарар екен? – деді Рошаль.

– Пожалуста, – деп Иса өзі орысша жауап берді.

– Онда менің тақырыбымды қабылданыз, – деді Вера Павловна, ақынға барынша нұрлана және сүйсіне қарап.

Иса да орнынан тұрып, көрікті әйелге бас иіп ырзалық етті.

Вера Павловна қайта сөйледі:

– Пушкиннің «Египет түндерінде» атакты сұлу және асқан ақылды деп саналған әйел патша өзіне ғашықтарға ұлы мәжіліс үстінде тіл қатыпты.

– Маған ғашықпын деушілер көп-ақ. Ондай ғашықтарға қоятын шартым бар. Түнде құшағымда болып ләззат алғандар таң ата басымен қоштасады. Осындай саудаға ырза қайсыңыз барсыз? – десе, қалың топтың ішінен даңқты қолбасшы үш батыр «ырзамыз!» деп, бірінен соң бірі шығыпты. Бір кешкі ләззат үшін өлімге бастарын байлапты. Сонда осы ұлы патша атанған сұлу Клеопатра қандай әйел?

– Түсіндің бе, Иса? – деп Мұхтар ақынға кеудесімен түгел бұрылды. – өзі ақылды, патша бола тұра сүйікті қолбасыларына бұзық шарт қойғаны қалай? Соны ойланғайсың.

– Жарайды, – деді Иса. Содан соң, Вера Павловнаға саусақтарын көрсетіп: «пять минут» – деді. (Ә. Тәжібаев. «Жылдар, ойлар». «Жазушы» баспасы. Алматы 1976 ж. 241-242 беттер.)



Исаның сондағы бес-ақ минут ойланып, суырып салған жырын  
Әбекең қартайғанда есіне түсіріп, қалың оқырманға ұсынған-ды:

«Ду-думан ұлы патша ордасында,  
Болмаған ондай жиын сол ғасырда.  
Жинаған батырларын, ақындарын,  
Қалдырмай жортағын да, жорғасын да.

Ортада күндей жарық патша қатын,  
Жұрт сүйіп, Клеопатра қойған атын.  
Көк теңіз, Қызыл теңіз жағасында,  
Асырған бар патшадан салтанатын.

Өзі жас, кең мандайы ақ сәулелі,  
Ақылды, ән-жырға бай, асқан сері,  
Қол бастап, жауын жеңіп қайтқаннан соң  
Осылай жинайды екен туған елін.

Сұлуға сұңғыланың бәрі құмар,  
Мұндайда жарк студен кім тартынар?  
Жас сұлу бірімізді жар етер деп,  
Ерлердің күні туды бағын сынар.

Талайлар ғашықтығын айтқан бұрын,  
Батырлар, ақындар да шаққан мұңын.  
Сұлудан біріне де жауап болмай,  
Бәрі де амалсыздан күтті ақырын.

Айтармын өзім бір күн жинап елді,  
Деп берген уағданың күні келді.  
«О, Халқым», – деп падиша сөз бастады,  
Үстінен алтын тақтың тұрып енді.

Елім бай, патшалығым асқан мықты,  
Тойтардым сырттан келген қастандықты.  
Жеріме жасын атқан өрт майданда  
Жауымды батырларым айдап шықты.

Алдында тұрмын, міне, қалың топтын.  
Жарқырап шам-шырағы жақсы үміттің.  
«Жарым бол жан берісер» деушілер көп  
Ішінде бас құраған осы жұрттын.

Тілері бәрінің де махаббатым,  
Демеймін бірің алыс, бірін жақын.  
Қымбатқа құшағымды ұсынамын –  
Кім, кәне, тартынбастан төлейді ақын?

Көнгенді жар етемін жалғыз-ақ түн,  
Түн бойы берілемін соған бүтін.  
Күн шыға басын кесіп жоғалтамын,  
Айтыңдар соған көніп, шығатын кім?

Лезде ашып тастап көңлің мұннан,  
«Мен! – деді кәрі батыр, тұрды орнынан.  
Тартынып тар кезеңде көргенім жоқ,  
Бүгін де айнымаймын өз жолымнан.

Көп көрдім, өмір үшін көп соғыстым,  
Ұрандап қан майданға талай түстім.  
Көк семсер – кекті болат қында жатыр,  
Қызығын көріп болдың қайран күштің.

Ырзамын өміріме көп жасаған  
Қимайды қу тірлікті ит жанды адам.  
Ең соңғы ләззатымды татып өлем –  
Қойныңды аш, сұлу патшам, енді маған...»

Майданда орнататын заман ақыр:  
«Мен!» – деді атып тұрып ең жас батыр –  
Лап етсе кен дүниені күйдіргендей,  
Ішімде ғашықтықтың оты жатыр.

Қайралған жүзіндеймін ақ семсердің  
Алыссам, басын алдым талай ердің.  
Жауыма жағаласқан салдым әлек,  
Намысын жібермедім туған елдің.

Ғашықпын, арманым жоқ сенен басқа,  
Қыранмын қиналмайтын түссем тасқа.  
Жас жанды құшағына ал, құрбанға шал,  
Кеттім деп өкінбеймін қыршын жаста».

Аруағын лирасымен шақыратын, –  
«Мен!» – деді, тұрды орнынан батыл ақын.

Ішімде лапылдаған жатыр жалын –  
Жарылса, жанар таудай атылатын.

Қосылып алтын лирам сұңқылдаған,  
Жан едім жар іздеуден бір танбаған.  
Ғашықтық құмарлығын жырладың деп,  
Ақын деп атак берген берген жұртым маған.

Сүймесем сені, патшам, күйіп өлем,  
Одан да сені бір түн сүйіп өлем.  
Алдында бас идірді, қол қусыртты  
Құдіретті кеудемдегі құйын өлең».

Ұқсайтын түнде сұлу жанған шамға,  
Жарк етіп, жалт қарады үш адамға,  
Еңкейіп алдарында иді басын  
Сонан соң сөз бастады жиын жанға:

«Айтым ем сынайын деп ғашықтарды,  
Көп ғашық көріне алмай қашып қалды  
Қатал сын қалай оңай ашып берді,  
Мені оңай құшпақ болып асыққанды.

Бірзамын үш досыма жаннан кешкен,  
Ант етем – ерліктерің қалмайды естен  
Жарым деп біреуіңді атаймын да  
Қалдырмай естіртемін ертен кештен» –

Деп сұлу жұртқа көзін салды тіктеп,  
Ғашықты талай жалған алды бүктеп.  
Қуанып келер кешті күтті халық,  
Үшеудің кімі алса да әділдік деп.

*(Ә. Тәжібәев. «Жылдар – ойлар» 143-145 бет.)*

Не деген керемет дүние!

Бұл – өткен ғасырдың 50-ші жылдары борған оқиға!

Қазақ өлеңді ғана емес, әнді де суырып салым айтқан. Алыс жерге, басқа руға ұзатылып бара жатқан қыздың жасауына Абайдың ұлы Ақылбай өзінің әйгілі «Ақылбайдың әнін» көш қозғалған сәтте көрімдік ретінде сыйға тартады.

«Бір ән тауып, Әлекең бер деген сон,  
Матайды алыс, бір талай жер деген соң,-  
Он минутта ойыма осы ән түсті,  
Қапаш-құпаш қолымды сермеген сон»

(Ақселеу Сейдімбек. «Қазақтың күй өнері. Астана. «Күлтегін» баспасы – 2002. 51 бет).

Меніңше, Әсеттің «Інжу-маржан», «Мақпал», «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ», «Қаракөз», «Майда қоңыр», «Қызық-ай, шіркін», «Желдірме», «Тоты», «Қоныр қаз», «Қисмет», «Ырғақты», «Әпитөк» әндері де осылайша бар-жоғы «он минутта ойына келген» әндер! Сонысымен қазақтың өзіндей табиғи, ұлттық рухқа шомылған өнер гуындысы!

Ендеше, Біржан – Сара айтысы да тарихта болған! Бұл тақырыптағы алыпқашпа сөздерді доғару керек енді! Оларға күдікпен қарау – қазақ халқының поэтикалық болмыс-бітіміне, шешендігі мен туа бітті ақындық қасиетіне күдікпен қараумен бірдей, ұят нәрсе! «Өшпейтін дауды өспейтін елдің баласы қуады» – дейді қазақ. Әдік-күдік әңгімені енді кілт тоқтатып, бүгінгі айтысты мал табудың оңай кәсібіне айналдырмай, баяғы классикалық өнеріміздің деңгейіне көтеруіміз керек!

Әсет поэзиясының шырқау шыңы «Япырм-ай, осы екен ғой өлім деген» өлеңі.

Ұлы ақындардың фәниден бақиға аттанар сәттерін қыдыра шолғанда, Алланың хикметін олардың жарық дүниені жанындай жақсы көретін өздеріндей басы жұмыр пенделерден гөрі терен сезінетініне көз жетеді. Мына дүниеде Алла ғана – мәңгілік! Онан басқа дүниенің бәрі алдамшы. Абай айтқандай, Алланың хикметі – махаббат пен ғәділет сезім. Адам баласы бір-бірінен байлық пен мансап, қулық-сұмдықпен артыла алмайды. Сол Алланың хикметін сезінумен артылады. Ақ патшаның сарайында айрықша құрметке бөленіп, жалғанды жалпағынан басқан сарай шәйірі Г.Державиннің өзі өлер шағындағы соңғы өлеңінде өмір деген асау озеннің небір халықтар мен патшалықтарды тасқын селінің астына қалдырып, тып-типыл ғып өте шығатынын айтады («Река времен в своем стремленьи, Уносит все дела людей, И топит в пропасти забвенья, Народы, царства и царей»). Өз халқына мұрнын шүйіре қараған қаншама диктатор жермен жексен болды?! Оның ешқайсысы дүниені өзімен қоса көшіріп әкете алған жоқ! Артында Алладан кейінгі алып – халық қалды. Сол ел-жұртына махаббат-

пен елжірей қарап, әділеттің ақ туын көтере білгенде аты-жөндері адамзат шежіресіне алтын әріппен жазылып қалар ма еді, қайтер еді?

Пушкин өлерінде кітаптарын ғана кимаған көрінеді. Елінен, жерінен де, замандастарынан да көңілі қалған. Жаны жабырқап, сүйікті кітаптарына жаутаңдай қарай беріпті. Адамзаттың ақыл парасаты, махаббат, ғаділет сезімі сол кітаптарда ғана кара көрсетіл қалып бара жатқанын аңғарған!

Орыстың тағы бір бұлбұл лиригі Афанасий Феттің ажалы әлі күнге дейін жұмбақ. Аурудың азабынан әбден титықтаған ақын өлеріне санаулы уақыт қалғанда жұбайына:

– Шіркін-ай, бір стакан шампан шарабын сіміріп жеберер ме едім?! – деген.

– Оған докторың рұқсат берер ме? – дейді әйелі.

– Барып, сұрап келе қойшы!

...Қайтып келсе, ақын о дүниеге жөнep кетіпті.

Федор Иванович Тютчев – орыстың XIX ғасырдағы ұлы ақыны, ақсүйек, дипломат, жетпіс жеті жастан асқанда сал ауруға ұшыраған. Жар дегендегі жалғыз бауырынан, тұла бойы тұнғыш ұлынан, айдай сұлу ару қызынан айрылған. Жанына қартайғанша серік болған Муза – Ару бұған көз салмай кеткелі қашан... Ресейден шалғай Батыстың алтынмен апталып, күміспен күптелген шаһарларында пар ат жеккен күймемен сайран салған ұлы мәртебелі мырза ажалды төсекке таңылып қарсы алады. Ақындардың өмірі ғана емес, өлімі де қасіретті!

Мынау, күні кеше ғана өзімізбен қатар жүрген, орыстың бард-шәйірі Владимир Высоцкийдің соңғы жыры:

Қырық қыркада қалды ғой өксіп өткенім,

Тәңрім сақтап, бүгінге жеттім дін аман.

Құдай алдында шырқайтын әнім көп менің,

Ақталар сәтте аз емес кінә, күнәдан.

*(«Мне меньше полувекa – сорок с лишним, Я жив тобой и господом храним. Мне есть что спеть, представ перед Всевышним, Мне есть чем оправдаться перед ним»).*

Сергей Есенин өз тамырын өзі қиып жіберіп, соның қанымен соңғы өлеңін жазады. *(«До свидания, друг мой, до свидания...»)*. Владимир Маяковский неге өзін өзі атты?! Марина Цветаева досы Пастернак сыйлаған шылбырға қалай асылып қалды?!

«Алмасты мүсәтір деп татып алған, Ажалды ақша беріп сатып алған» Әсеттің соңғы жыры қандай:

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,  
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.  
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,  
Қаптағы дән сияқты себілмеген.  
Тірліктің қызығына қызып жүріп,  
Айқайға қайран даусым ерінбеген.  
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,  
Жаксы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген!  
Зымырап бәйге атындай өте шықтым,  
Жабығып көріп еді көңіл неден?  
Ертең жазып, бүрсігүн бітірем деп,  
Баянсыз тіршілікке сенуменен;  
Гүлдерім қайта өнер ме өрімдеген,  
Жібегім кетті-ау талай өрілмеген!  
Өмірдің өрге басқан жолын қумай,  
Өттім-ау бос үмітке еруменен!  
Қатын-бала асырау амалында,  
Кеттім ғой соған көңіл бөлуменен.  
Ақында менен сорлы өтті ме екен,  
Бір сөзі баспа орнына берілмеген?  
Осымен өмір бітті, дәм таусылды,  
Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген!  
Тіршілікте әрекет етпеген соң,  
Сүйектен не шығалы кебіндеген?

Арқасына осыншама аруак қонған, Алаштың айтулы ұлын ұлы Абайдың сын тезіне салып, «Біреуден біреу артылса» деген ащы өлең жазуы менін ақылыма сыймайды. Абай заманында «Көр-жерді – өлең қылып, жоқты қармап, Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап; Әр елден өлеңімен қайыр тілеп, Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап» (Абай), дейтін «ақылсыз, надан ақындар» (Абай) көп болған. Мұндайлар тіпті, біздің нарық заманымызда күн сайын күшіктеп, көбейіп барады. Әсеттің шығармаларын қолға шырақ алып, тінтіп оқығанда «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, Мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаған» (Абай) бір өлеңін іздеп таба алмадым! Әсет Абайдың «Біреуден біреу артылса» атты өлеңіндегідей өлермен пенде болып, ұлы ақынның қаһарына іліксе, жарық дүниемен қоштасарында «Абайдай арт жағына сөз қалдырып, Жаксы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген!» демес еді ғой! Абайдың бұл өлеңі өнерпаз Әсетке емес, өлермен бір пендеге арналған! Сондықтан бұдан былай, бұл өлеңнің басында тұрған «Әсетке»

деген тақырыпты алып тастау керек! Қазақ сахарасында Абайдың ізін басып, Пушкинге ой жүгірте караған акын осы Әсет емес пе еді?! «Онегин мен Татьяна» дастанына қараныз. Белгілі әсеттанушы, жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің айтуына карағанда, бұл жырдың бірнеше нұсқасы бар, – Шәріпов нұсқасы, Әлімбетов нұсқасы. Көлдеев нұсқасы. Яғни, дастанның авторлық нұсқасы сақталмаған! Бұл хиссада Әсеттің ақындық қуаты өз денгейінде көрінбей тұрғаны содан. Оның ақындық арыны соңғы жырынан айқұлақтана көзге шалынады. Әсет бұл жырды суырып салып айтқан! Біздің бағымызға, соны сол сәтте тындап отырған кеудесі алтын сандық, құйма құлақ қауым оның бояуын солғындатпай, ою-өрнегін бұзбай, ұрпаққа түпнұсқасын жеткізіп кеткен екен. Құдайға – тәубә!

Әрбір акын – өзінше бір әлем. Әрбір жан иесі, әрбір жұрт, әрбір ұлт та солай. Бұларды бір-бірімен салыстыруға келмейді. Бірақ, өнер жарыстыруға, өлең жарыстыруға болады ғой. Орыстың аузымен құс пістеген ақындарының соңғы өлеңдерін біздің Әсеттің осы жырымен таразы басына қатар тартып көргенде, қазақ ақынының поэтикалық қуат-қарымы олардан әлдеқайда биік екеніне көз жетеді.

«Осыдан оншақты жыл бұрын –деп жазады Мұхтар Мағауин, Мәскеуде әріптестеріммен бас қосқан отырыста бір үлкен орыс жазушысы:

– Сіздер Жамбылды әлі құрметтейсіздер ме?! – деді. Мен айттым:

– Құрметтеп жеткізе алмай жатырмыз, бағасын бере алмай жатырмыз.

– Қалайша?! Ол Сталинді мақтаған ғой! – деді. Сонда мен айттым:

– Сталинді ХХ ғасырдың ұлы ақыны Анна Ахматова мақтаған. ХХ ғасырдың ұлы жазушысы Пастернак мақтаған. Бүкіл дүние таныған Мандельштам мақтаған. Басқаларын айтпай-ақ қояйын дедім – Бірақ солардың бәрінен де Жамбылдың арнауы артық болды. Өйткені, Жамбылдың ақындық таланты артық еді» (*М.Мағауин, «Қағанат». Алматы – 2002, 10 том, 185-186 бет*).

Мұқанның осы сөзіне менің де алып қосарым жоқ.

Әсет қазақ жырының ғаламат сұлулығы мен ұлылығын, қазақ тілінің телегей теңіз байлығы мен орасан зор оралымдығын көзге шұқып көрсеткен ақындарымыздың бірі хәм бірегейі еді. Қазақтың қара өлеңінің Құлагері Илияс Жансүгіровтің алтын бастауы осы біздің Әсетте жатыр. Ілекеннің «Күй», «Күйші», «Құлагер» дастандарындағы төгілген әуен, ыршыған ырғақтар, қазақ тілінің ғажайып бояу өрнектері көзге Әсет жырының асау ағысын елестетеді. Сонау Күлтегін жы-

рынан қанат қағып Қазтуған, Асан Қайғы. Ақтамберділермен аспанға қалықтап, Абай, Мағжан, Ілияс, Қасымдармен кара жерден кара үзген казак жыры бүкіл дүниежүзілік поэзияда ешбір елдің өлең-өрнегіне ұксамай, елден ерекше тұр! Әттен, мұны Абайдан, мүлде. алыс ормандай орыс түгілі, ана тіліне алая қарайтын казактың өзі де байқар емес. Қазак мемлекеті – бір жакта, казак халқы – бір жакта. Қазак шенеуніктері – бір жакта, казак тілі, казак жыры, казак рухы – бір жакта... О, сұмдық-ай! Осы бір тығыл-таянға карамастан казактың кара өлені күн сайын, жыл сайын жасанып, мына ағзер дүниенің тылсым тереңіне бойлап барады! Әсіресе, кейінгі жас буынның берісі – Алаштық, әрісі – адамзаттық биікке аласұра қол созуы мені қайран қалдырады.

Кеше Қызыларайдағы Боздақтың Әубәкірінін аузында жүрген Әсет жыры бүгінде күллі казактың жүрегіне жол тартып барады. Абай жеткен Пушкинге, Әсетпен бірге Қарқаралы – Қызыларай жұрты да елден бұрын жеткен екен. Содан кейін сол Қарқаралы – Қызыларай топырағынан Қасым туып, казак өленін қия шыңға алып шығыпты.

Ауылға ат шалдырып, Ақсоранның биігіне көз салғанда көңілім алай-дүлей болады. Қаршадай жасында өзі туған Рязань топырағына даңқты ақын болып оралсам, сонда маған жерлестерім қоладан ескерткіш қояды деп армандаған Сергей Есенин орыс қоғамындағы небір оңбағандықтарды көріп, өмірден түніледі. «Ошағыма оралмаймын енді мен...» («Не вернусь в отчий дом») деген өлең жазып, жерлестеріне: «Маған енді ескерткіш қоя көрмендер!» деп жалынады (*«На кой мне черт, что я поэт!.. И без меня в достатке дряни. Пускай я сдохну, только... Нет, не ставьте памятник в Рязани!»*). Ал, біздің Әсет «Сәлем де артта қалған туған елге, ту тігіп, думан құрған өскен жерге! Жыртылып айырылған бүйрек-казы, самалы қоныр салқын айдын көлге. Ел-жұрттан алыс кетіп ақырында Аяғын шалыс басқан мен бір пенде» деп алыстағы Алашына жете алмай, жат жерде арманда өледі.

Қарқаралы – Абыралы – Семейдің айдау жолымен Қасым көкем Алатау асса, Әсет көкем Аягөзден Құлжаға бұрылып кетіпті. Сол – бұраң жолға түспегенде тірі қалып, ел ішінде сайран салып жүрер ме еді, қайтер еді? Әлде, отыз жетінін ойранында «халық жауы» болып ұсталып кетер ме еді? Мұны тірі жан білмейді, бір білсе – Алла ғана біледі... Бірақ, бір ғажабы, менің осы екі көкемнің екеуі де Ақсораннан Алашқа баратын сүрлеу жол салып кетті. Сол жолмен қиянды бетке алып, сапарға біз де шыққанбыз. Сонымен қаншама жас ұрпақ қолына жүрегін ұстап, осы Ақсораннан Алаш Анасына қарай бет алады әлі...



Мәртебең күллі таудан өсіп те, өктем,  
Ақсораң, түскендейсін көшіп көктен.  
Бар еді бауырыңда екі көкем,  
Неге олар екі жаққа босып кеткен?

Біреуі Арғында Әсет арындаған!  
... Кұлжадан жетеді бір сарын маған:  
Таңдайда – Тәңрі үні уылжыған,  
Маңдайда – соры қалын – арылмаған.

Біреуі сенен шыққан Қасым – Дауыл,  
Қазаққа Қасым да бір – жасын да бір!  
Оралдан Атырау мен Алтайға өтіп,  
Атой сап Алатаудың басында жүр!

Жыл сайын жылдың құсы келді қайтып,  
Сарғайған сағынышын шер ғып айтып.  
...Алашқа Ақсораңнан жол шығарған  
Келмейді-ау, екі көкем енді қайтып.

Иесіз екі пырақ жетегімде  
Итшіліп дүниеден кетемін бе?  
Көңілім – ойран дауыл, жолға карап,  
Отырам Ойрантаудың етегінде.

Батыста көкке шапшып жатса мұнай,  
Балқыған Ақсораңның ақ шағылы-ай!  
...Жабырқап осы тауда жалғыз қалдым  
Жалғызға жар бола гөр, патша күдай!

## ЕБІНЕЙ БӨКЕТОВ. РЕКВИЕМ

*Пушкин умер в полном развитии своих сил и бесспорно унес с собою в гроб некоторую великую тайну. И вот мы теперь без него эту тайну разгадываем.*

*Ф. Достоевский*

*Ұлтқа қожалық жасауға болмайды. Оған тек қызмет етуге ғана болады. Ұлтқа қызмет жасай алған жан ғана оның қожасы бола алады.*

*М.К.Айтүрік*

Менің ғұмырымның жартысы Қарқаралы мен Алматының арасында өтті. Еңбек демалысым наурызбен тұспа-тұс келеді. Француздардың «Ақындар провинцияда туып, Парижде өледі» деген сөзіне өзінің тағдыр-таланымен көзі жеткен екі кісі болса, біреуі мен шығармын.

Рязанның ну ормандарында дүниеге келген бала Есенин орыстың ақшанқан астанасы Петерборға ақсүйек Александр Блокты іздеп келеді. Орыс табиғатындай тап-таза, мөп-мөлдiр өленге таң-тамаша болған Блок көзіне жас алып: «Ғұмырыңды сақташы, жаным!», – деп бәйек болған екен. Бізге мұндай өнердің камқоршы құдайы кездесе қойған жоқ. Бірақ, Қарқаралыдан шыға салып ат басын Алматыға бұрамыз. Қарқаралыдан Алматыға тіке тартар темір жолда, аспан жолы да жоқ. Қарағандының үстінен өткенде жүректі бір тәтті сезім шымырлатып, ордалы ой ұшқыны осып өтуші еді. Қазақтың төбесінен қамшы ойнатқан кенес заманы төбеден тосырая қарап тұрса да. Қарағанды шаһарының өңінде ерекше бір ұлттық тәкәппарлық, бекзат интеллектуалдық бейне, Сарыарқаны сансыз құрлықтармен күре тамырдай қосатын азаматтық ақыл ой ағыны «мен мұңдалап» тұрады. Орыстың провинциялық қалашықтарына ұқсас осынау шаһардың көшелерінде ХІХ-ХХ ғасырлардың өліарасында көзден ғайып болған ұлттық ренессанс тұлғаларының соңғы тұяғындай Ебіней-Аға Бөкетов алшан басып жүруші еді! Қазақтың бір ұлттық университетінің как төрінде сол кісі отырған-ды. Бірнеше топ ұсақ-түйек пенделер түгіл, әлемдегі ең азулы соңғы империя да одан именуші еді. Менің тұла бойы тұңғыш туындым «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» жа-на ғана жарық көрген кез. Бірде Акселеу Сейдімбеков:

– Сені Ебіней ағаң іздеп жатыр. Ағаға іні сәлем бермеуші ме еді? – деген.

Мен таң қалдым. Ол кісі мені біле қояды деп ойламағам. Осындай бір наурызда, Алматыға кетіп бара жатқан сапарымда «Қазақстан» қонақ үйінен телефон шалып, ағамен бір көрісу арман екенін жеткізгем. Ол кісі сәлемімді қуана қабыл алып, өзінің төсек тартып жатқанын, сәті келгенде кездесіп, әңгімелесуге бейілді екенін айтты.

Бірақ, сәті түспеді, біз кездесе алмадық. Содан бері біраз уақыт өтті. Дүние төңкеріліп түсті. Қазақ егемен ел болып, ғаламға танылды. Бірақ, Қарағанды көшелері қаңырап тұр. Ебіней аға жоқ!..

Қарағандының әкесі – Кенес Олағы, енесі – Карлаг. Оны ұлттық шаһарға айналдыру үшін ұлттық тұлғалар керек. Ұлысты Көк Тәңірі жаратады. Тәңірінің жазуымен жарық дүниеге шырылдап келіп, адамзат үмбетінің бір бөлшегіне айналған әрбір ұлт пен ұлыстың маңдайына туу мен коса өлу де жазылған. Тентіреген тайпалар текті ұлтқа айналады да, мәртебелі мемлекет құрады. Ұлтқа айнала алмай, тоз-тоз болып құрып кеткен ұсақ-түйек тайпалардың көз жасынан арыстан жал мұхиттар мен көк айдын көлдер жаралды ма?! Оларды кім іздейді, олардың жоғын кім түгендейді?!

Үндістердің Яман тайпасының соңғы тұяғы АҚШ-тың бір қаласына келіп, фәниден бақиға аттанған. Қазақ ХХІ ғасырда ат жалы, атан қомында жүріп жасаған ұлттық менталитетінен, тілінен, дінінен, мәдениетінен, зпосы мен поэзиясынан айрылып, дүниежүзілік тексіз космополиттік цивилизацияға судай сіңіп, сағымдай жоғалып кетпеуі үшін, бізге дәл осы сәтте ұлттық тұлғалар – евней бөкетовтер қажет болып тұр.

Ебіней аға, меніңше, дәл осы кезеңде, исі қазақ ХХІ ғасырға ұжымды ұлт, еңселі ел болып бара ала ма, жоқ па дейтін екіұдай от кешіп отырған алмағайып заманда тірі болуы керек еді. Алла оны алды-артына қаратпай ала жөнелді. Көресісін көріп, көзіне көк шыбын үймелеген жұрт қана мемлекет бола алатыны шын болса, меніңше, халық ананың құрсағынан енді тағы бір Бөкетов туатындай кез болды. Мүмкін, ол қазір тал бесікте тамылжын ұйықтап жатқан болар? Жоқ. Әлде, қайранға түскен балықтай қазақ мектебінде оқып жүр ме? Кім біледі... Онын да жүрегі – күпті, көңілі – алаң. Мұсылман күнпарағын ашып, наурыз мейрамы келген осынау ұлыстың ұлы күні Саған бір тілек айтамын, Тәңірім: сол балаға қуат бере гөр!

Екі ғасырдың тоғысында екі ойда отырған осынау жұртқа өз еліне шекесінен қарайтын қу шеке шенеуніктің де. Алматыдағы құнсыз қытай товарын алыс ауылға апарып пұлдап, құндап сататын алыпсатардың да, ақшаңқан сарайларда «Алашым» деп ойбайлап аттан салып, қазақтың қасіретіне мұрнын шүйіріп те қарамайтын айтыскер шәйірдің де керегі жоқ. Тәңірім! Диамат пен исматтан басы айналған апыыншы ақымақ оқымыстының да қажеті шамалы. Ұлтқа ұлы тұлға керек! Жер бауырлаған пенденді қайтадан гомосапиенс бейнесіне түсіріп, көзін Көк Тәңіріне қарататын қазақ керек! Аузын аққа жарытып, дүние-мүлік базарынан адамзат мәдениетінің алтын бекетіне ат шалдыртар руханият базарына алып шығатын Ебіней Бөкетовтерге зәру мына жұрт.

Қабыл ала гөр, Тәңірі, ұлыстың ұлы күнгі тілегімізді!..

## ТОНЫКӨК ПЕН ТЕМІРХАН

*Ілтеріс қаған  
Қатулана атқа қонбаса,  
Мен де атқа қонбасам,  
Түрік елі құм астында қалар еді.  
Күл астында қалар еді.  
Шүкір!  
Елім – ел болды.  
Жерім – жер болды.  
Ерлерімді былай қойғанда,  
Құлыма дейін өр болды!*

*Тоныкөк*

*Алшайып жүрдім.  
Талтайып тұрдым.*

*Темірхан*

Адамзаттың алғашқы ақыны Гомер «Илиада» мен «Одиссея» дас-  
тандарын қауырсын қаламмен қағазға түсірсе, көне түрік жырының  
бастауында тұрған Тоныкөк өз өлеңін тасқа қашап жазған. Мұнда әр  
сөз, әр буын өлшеулі. Әрі – қысқа, әрі – нұсқа. Жарықтай – жеңіл,  
табыттай – ауыр. Кеңістік кең болғанмен, көйітуге уақыт болмаған.  
Қолда қалам емес – қашау, алдында қағаз емес – қара тас. Гомердің  
өлеңі мұхит сынды арнасынан асып, төгіліп жатса, Тоныкөк жыры ар-  
ғымақтың тұяғындай асау түрік жүрегінің нотасын дөп басады. Темір-  
хан ақын да әр өлеңін Тоныкөк атасындай ақ паракка қаламмен емес,  
қара тасқа қайламен қашағандай жазады: «Қазір менің сыртым – бү-  
тін, ішім – түтін. Сол түтін бықсып жанып, жан жүрегімді қамап, өкпе  
қолкамды қауып тұр...Сол түтінде, мен білсем, катерлі қауіп тұр. Ішкі  
әлемім одан сайын көкала түтін бол бықсып кетеді. Көзімнен жас ыр-  
шып кетеді. Демім жетпей, алқынып қалам. Қайрат, қуаттан сарқылып  
барам. Мәртебелі мемлекет басшылары! Түтін астында қозданып жат-  
қан шок болады, ал шокта ертең лап ете түсетін от болады! Соны  
түсінсендерші».

Сүйегіне қына шыққан Тоныкөк пен небір Ақтабан шұбырынды  
– Алка көл сұлама – орыс отаршылдығының ойраны, аштық пен ре-  
волюция, репрессияларды көріп, қазақ дейтін халықтың қара шаныра-  
ғын құлатпай ұстап отырған едің шері мен уайымы әлі бір; арада

қаншама ғасыр өтсе де, өзгермеген қалпында қалған. Ең өкініштісі – осы. Таңдайына татыған тарихи қасіреттен татымды тағлым ала алмаған не деген ел едік?! «Ұшсам – атты. Жүзсем – ау құрды. Жатсам – аттан салды. Жүрсем – қақпан салды... Содан бері күнімді санап жатырмын. Жарамды жалап жатырмын. Жұлқынып жатырмын, – құрған аудан шыға алмай – жайындай! – бұлқынып жатырмын. Амалым бітіп, құрып тұрмын. Ақ қар, көк мұзда қақпаннан босай алмай, жүзінде қан сөлі жоқ боп-боз Айға қарап, Бөрідей ұлып тұрмын».

Кешегі көк түркінің нәсілі ұшты күйлі құрып кеткен жоқ. Темірхан жырының басқамыздан гөрі тегеурінділігінің түп-төркіні осы ақиқатты алақанға салғандай, алдымызға жайып салуында жатыр. Орнында бар – оңалар, тұқымсыз қалсақ не істейміз: «Қабағы жауар бұлттай түйіліп, қастары адырнадай иіліп, әрі сөзін жебедей қадап сөйлесе, мүлгіген жұртты дауылдай сілкілеп кеткен, әр сөзін еменнің шор көзіне шегедей қадап сөйлесе, естіген жұрт Күндей күркіреп кеткен

Шерхан Мұртаза! Сен жел құсап, есіп сөйлейсің. Қылып құсап, кесіп сөйлейсің. Сен көктегі бұлттардай көшіп сөйлейсің. Сен сендер соқтығысып жағқан асау ағысқа омыраулап кіріп, кешіп сөйлейсің. Сен кейде жауға соғыласың – жау да теңселеді. Сен де теңселесің. Сен кейде тауға соғыласың. Тау да теңселеді. Сен де теңселесің. Опасызды көріп, күйініп тұрасың. Сондай кездерде жұдырықтай түйіліп, қаршығадай шүйіліп тұрасың. Ессізді көргенде ашудан қабынып кетесің. Толқын ұрған жар тастай, тас-талқан боп жарылып кетесің. Халқын сені арда туған арысым дейді. Жонына қол тигізбейтін барысым – дейді, – Шерхан Мұртаза!».

Темірханның тай-құлындай тебісіп өскен құрбы-құрбастарын жоқтауына қараңыз: Көк Түріктің қандай оғыландары қасымызда жүрген! Оны біз байқамай қалыппыз, Темірханның қыран көзі ғана қиядан шалыпты: «Кеңшілік! Сен бәрімізден басқа, бәрімізден бөлек едің. Ерек едің! Сен бірде екпін, бірде серпін болатынсың. Сахнада тұрғанда да, көшеде тұрғандай – еркін болатынсың. Сен ешуақытта да біреуге жақсам деп ойланбайтынсың. Содан ба, кейбір тымырсық отырыстарды бомба жарғандай ойрандайтынсың... Жамандықты да, жақсылықты да көңілге тоқитын едің. Өлең оқығанда да, мына лас тіршілікке қарағың келмейтіндей, көзіңді тарс жұмып оқитын едің. Сен иілмейтін едің. Сен қырқылатынсың. Біз именіп ұмтылған жерлерге, сен кимелеп, ұмтылатынсың. Күлсен де мына өмірді мазақ етіп күлгендей – күлетінсің. Жүрсен де – мына өмірді нығымен қағып жі-

беретіндей, қайқаң-қайқаң етіп жүретінсің. Өзге емес, өзіңді өзін тар жол. тар қыспаққа салып, қинайтын едің. Біз сыйған мына өмірге Сен сыймайтын едің. Ақыры сыймай кеттің».

Темірхан Медетбек қазақ жырындағы соны құбылыс! Кейбіреулер Темірхан айтарын-айтты, енді осы жерден тоқтай қалса деседі. Бұл шегіне май айналмайтын іші тар пенденің өксігі. Қазақ жыры нотасындағы Темірхан Медетбектің Көк Тәңіріден қуат алып, Көк Бөрімен шарболаттай шарпысқан Көк Түріктер сарыны адамзат тарихында үш мың жылдай асыр салған көшпелі салт аттылар тұяғының салқар симфониясына ұласқалы жатыр. Қазақ поэзиясында көне Көк Түріктер сарынымен алғаш бетпе-бет келген ақын осы Темірхан Медетбек, сол симфонияны да оның өзі тамамдап кетуі керек. Оған орта жолдан килігуге ешқайсымыздың моральдық хақымыз жоқ!

Ақын – ат үстінде! Ат жалын тартып мінген жұмыр басты пенденің өзі жаяу-жалпылы адамзаттан бөлініп, аруақтанып кетеді. Ал, ат үстінде айдарынан жел ескен Ақын тұрса, оның өзі бір кезде төрткүл дүниені өзіне жалт қаратқан түрік ақына болса, әңгіме, мүлде, басқа: «Еңкіп-еңкіп соққанда таудың денесінен тастар бұршақ боп құйылды. Серпіп-серпіп соққанда, үзіп жібердім – шынжыр боп шырмалған, бұғау боп күрмелген түйінді. Күрсінгенімде – Күн күркіреді. Сілкінгенімде – Жер тітіренді. Хахахаулап жар салғанымда, аспандағы бұлттар жерге қонды. Ахахаулап ән салғанымда, аспандағы құс біткен көлге қонды. Еңкейгенге – еңкейдім, Шалқайғанға – шалқайдым. Асқанның орманын отындай өртедім. Тасқанның көлдерін астаудай төңкердім. Қысқанда қу ағаштан бу шығардым. Сыққанда қара тастан су шығардым. Атанды асықтай аттым. Қарсы келгенді қазықтай қақтым. Алшандап жүрдім. Талтандап тұрдым».

Көк Түріктің қара шаңырағы біздің қазақ екеніне көз жеткізу үшін археологиялық қазба, генетикалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шаң басқан көне тарихи мұраттарды ақтарып, төңкерудің қажеті жоқ, – Темірхан Медетбектің «Көк Түріктер сарынын» оқып шықса жетеді. Түрік атауының бір кезде бәрі текті, бекзат болғанымен, біздің қазақтың генетикалық болмыс-бітімі соның бәрінен мықты болып шықты. Сол қуаттың арқасында VIII ғасырда сүйегі қурап қалған Тоныкөк арқасына аруақ бітіп, XXI ғасырдың басында Көк Тәңіріне қарап, Көк Түркінің нәсіліне қайта сөйледі. Қалай сөйледі десеңізші: «Алатауы бесік болып тербеткен, жарқылдаған от пен сарқыраған судың ішінде ер жеткен Көк Тәңірінің оғыландары, бүкіл түрік жұртының ар-

ландары мен қабылдары – Бумын қаған мен Істемі қаған таққа қонды. Елімді ел етемін деп, жерімді көгертемін деп, оттай асау, оқтай ұшқыр атқа қонды...Қадырхан жерін басып жатқан жұртқа айналдық. Сілекей бал болып аққан құтқа айналдық. Кену тарманға дейін ел қонды. Суы сарқырап аққан, көлі жарқырап жатқан жер болды. Құлынның өзі құл жұмсайтын болды. Күңнің өзі күң жұмсайтын болды...»

Бұл – Иоллаһ Тегіннің Күлтегін Жыры. Оны Темірханға дейінде небір марғасқа осы заман тіліне тәржімаламақ болған. «Күлтегін» аудармашыларының алтын бастауында орыс әскерінің тұтқыны, швед офицері Филипп Иоганний Страленберг тұр. Күлтегін жазуы биіктігі 3,5, төменгі ені 1,32, жоғарғы жағының ені 1,22 метр зәулім тасқарға қашалып жазылған. Филипп Иоганний Страленберг осынау жұмбақ тастарға кез болғанда тарих парағының беті XVIII ғасырдың басын көрсетіп тұрған-ды. Содан бері үш жүз жылдай уақыт өткен екен. Сол меңіреу тас шежіре «Орхон ескерткіштері» (VII-VIII ғ.ғ) деген айдарға ие болып, дүние жүзінің ғалымдарының отырса – ойы, жатса – түсінен шығар емес. Ғалымдар үшін ол түркі халықтырының тасқа қашалған құпия шежіресі болғанмен, кейінде оның әлемдік поэзияның классикалық озық үлгісі екені көзі қаракты жұртқа белгілі бола бастады. Қазақ лингвист-әдебиеттанушылары Филипп Иоганний Страленберг нұсқасынан жолма-жол аударма жасап шығарғаннан кейін Қадыр Мырза Әли 1970-жылы «Жұлдыз» журналында оның алғашқы әдеби нұсқасын жариялады. Бірақ, ол нұсқалардың бәрі де қазақ оқырманын Күлтегіннің поэтикалық рухына кенелте алған жоқ. Ұлы шығарманы осы заманғы әдеби тілге қотару үшін аяқтан бұғау, қолдан кісен түсуі керек екен. «Игорь жасағы туралы жырдың» 1800 жылғы Мусин-Пушкин жасаған тәржімасы мен Игорь Шкляревскийдің қолынан шыққан 1980 жылғы аударманың аралығында 50-ден астам тәржіма-тәжірибе дүниеге келген екен. Аудармашылардың атына қарасаң, атақ-даңқынан ат үркердей өңшен аузы дуалы шебер: Т.Шевченко, А.Прокофьев, Н.А.Заболоцкий, Е.Евтушенко сынды ақындар, А.С.Орлов, Б.А.Рыбаков, Д.С.Лихачев сынды ғұламалар бар. Бірақ, орыс халқы «Игорь жасағы туралы жырдың» әлемдік деңгейдегі әдеби нұсқасын әлі жасап біткен жоқ...

Темірхан Медетбек Күлтегін Жырының көне түркі тіліндегі нұсқасынан осы заманғы қазақ тіліндегі әдеби нұсқасының алғашқы һәм кемел үлгісін жасап шықты. Бұл әлем әдебиеті шежіресіндегі атап айтарлықтай ұлы оқиға десе болады. Алаш жұртының азаттық алуы

қазақ ақынның арқасына аруак қондырып, адамзаттық поэзияның аламан бәйгісінің алдына алып шықты. Бірақ, қазақ әдебиеттану ғылымы қазақ әдебиетінде ел құлағын елеңдетерлік түк болмағандай, – әрі күнге дейін енжар, есінеп отыр...

Түрік Күлтегін ХХІ ғасырдың елең-аланында өзбекше, қырғызша, қарқалпақша, тіпті, түрікше де сөйлеген жоқ, – қазақша сөйледі! Қалай сөйледі десенізші: «Көк Тәңірінің өзі әкем Ілтеріс қағанды қуатты болсын деп. қара бұлтқа орап, төбесіне көтерген. Шешем Ілбілге қатынды шуақты болсын деп! – ақ бұлтқа орап, төбесіне көтерген... Жаулары табандарына таптап, мал ғып кеткен халықты, қағанынан айрылып, қаңғып кеткен халықты, күлді көмеш күң боп кеткен халықты, құлағы кесік құл боп кеткен халықты азат еткен. Күні кеше билік құрған жауларын белдерінен бүгілдіріп, мойындарынан иілдіріп – мазақ еткен. Көнбегендерін күлге аунатып, құм асатып. жер еткен. Теңтіреп кеткен төлім, тардауышты ел еткен. Ағам такка отырып, Қаған болды. Елі мен жеріне қара жартастан сокқандай камал болды. Ерлерінің намысын үрлеп, өрт қылды. Кедейін – бай, азын – көп қылды».

Қазақ поэзиясы қазақ халқын қара үздіріп барады. Еуразияны салт аттылар тұяғының шаңына көміп, төрткүл дүниені тітіркеткен, Әль-Фарабидай дананы, Абайдай ақынды, Хан Кенедей батырды туған қазақ елі өзінің поэзиясынан 300-400 жыл кейін қалып қойды... «Арғымақтар мінетін, тозбас тондар киетін; қара тастарды қак жарып, қарағайдай қаптап өсетін, қара нарлары шудалары желкілдеп, қара бұлттардай көшетін; айғырлары Күнге қарап кісінеп, биелері Айға қарап құлындаған; Кетіссе – бұрылмаған; Сөздерін тасқа қашаған, алыпсоқтарының итаяғын оюлап, жезден жасаған; Алтайды жастанып жатса, аяғы Үрімге жеткен, керілсе – Үрімнен де өткен; Кермелеріне Тайбурыл мен Керқұла байланған, Алты айшылық жолдарды, алты күнде айналған; Қамалдары құлжалар шыға алмас ақар-шақар күз болған, қағандары Күн астындағы Күнекей қызды алған; Күн жағы күміс дінгекті, Ай жағы алтын дінгекті ордада отырған, сол жақтан келгенді жапырған, оң жақтан келгенді опырған; желдей аңқылдап, сұңқардай саңқылдап сөйлейтін. даладай кен, таудай биік халық едік. Алып едік!».

Ұлт жер бауырлап, Ұлттық Рух аспанға жөнep барады! Өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары Азия. Африка елдерінде де ұлттық рух – ұлттық поэзияның аламан бәйгесі көзге айқұлақтана көрініп еді. Қазір



сол ұлттық Ренессанс дәуірі қазақ жұртының шаңырағына да қасқая қарап тұр. Елді қыл тамағынан буындырған сайын, оның ақындарының аузынан от шығады. Тоныкөк жырау Асан Қайғы, Қазтуған, Ақтанберлі, Доспамбет, Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали, бәрімізді қыдыра шолып, Темірханның қасына келіп, кілт тоқтады! Мына жырдың жұлын жүйесі осы күнгі қазақ поэзиясынан, мүлде, бөлек. Күлтегін жырының ХХІ ғасырдағы соны сорабы, жаңа жаңғырығы секілді.

Темірхан Медетбек мына жарық дүниенің есігін екі мәрте жұлып ашқан адам. Бірінші рет өз анасының құрсағынан ақын боп туып, 70-жылдары қазақ поэзиясының босағасын аттағанда кара өлеңге еуропалық озық өлең мәдениетін еселеп енгізіп, ғылыми-техникалық прогрестің әуен, ырғағын алып келсе, ел жұрты егемен болғанда Алаш Анасының құрсағынан қайта туып, қазақ жырын көне түркіде қалған төркін жұртымен қайта табыстырды.

Дәл бүгін түркі дүниесінде Темірханмен қанжығаласып қатар тұрған ақынның қарасы көзге шалынбай тұр. Абай Алланың хикметі – махаббат пен ғәділет сезім, біреуден біреу сол хикметті анығырақ сезінуімен артылады деген. Күндердің күні адам баласы сол Абай ақиқатына ат басын шалдырмай қоймайды. Қазір дүниенің көзіп шел басып тұр. Ұлылық пен сұлулыққа тұшынып, оны орнымен саралау жайына қалғалы қашан. Адамзаттық рухтан материалдық игілікті жоғары қойған аш көз Батысты орнына қою үшін түркі жұрты абыройы айрандай төгілген Нобельмен парапар немесе одан да биік бір беделді сыйлық ойлап тапса, оның алғашқы иегері осы Темірхан болуы керек. Түркі жұртының Тәңіріне ғана тән бекзат болмыс бігімін төрткүл дүниеге паш еткен осы – Темірхан жыры!

Сонау В.Белинскийден өзіміздің М.Қаратаевқа дейінгі аралықта Ақын деген кім деген сауалға қолына шырақ алып, жауап іздегендердің ұзын қарасын түгендеп жатпайық. Менінше, Ақын деген, Абайша айтқанда, махаббат пен ғәділет сезімді басқа пендеден гөрі анығырақ сезінетін адам, Гома Сапиенстің ең шырқау шынына шыққан Азамат болса керек-ті. Қазақстан Жазушылар одағында 700-ден астам ақын-жазушы бар. Солардың жүріс-тұрысына қарасаң, қазақ елінде 700-ден астам тірі классик жүргендей әсер қалдырады. Бірақ, сонын қайсысы Алланың хикметін Абайша сезініп жатыр?! «Айтып өткен ақында арман бар ма?!» – бұл Алаш жұртының арқасына аруақ біткен адуынды бір ұлы Мұқағалидің сөзі. Ұлттың өзегіндегі өксік өлеңге айналған-

да жалғанның жарығына өлмес өнер туындысы келеді. Адамзаттың актық сөзін Ақын ғана айтады. Халтуришик оны құранның сүрелерін құлықсыз жаттап, дойыр доғмаға салатын дүмше молладай, халықтың миын ашытып, құлағын сарсылдырады. Ақынын сүйген ел ұлтқа, халтуришигін төбесіне көтеретіндер қыртқа айналып жатыр. Соның бәрі Алланың хикметі – махаббат пен ғәділет сезімді терек сезіне алмаудың әлегі. Алла мандайға не жазса, сол болады.

Орыс жыры «Игорь жасағы туралы жырдан» бастау алады. Қазақ поэзиясының бастау көзі Күлтегін жырында жатыр. Баян атты қыпшақ жырауының көкірегінен туып, орыс әдебиеті мен мәдениетін алтын қазынасына айналған «Игорь жасағы туралы жырмен» көзін ашқан орман елі бүгінде төрткүл дүниенің төбесінен қарап, ұлы держава атанса, поэтикалық потенциалы мен көркемдік қуаты одан әлдеқайда әулетті Күлтегін жырының әулеті соның бодандығынан әлі күнге шейін құтыла алмай тұр. Бұл да – тарихи парадокс!

Алла Тағала адамзат тарихында айрықша орны бар Ақынды ата-жұртынан асқақ биікте самғау үшін жаратқан. Тобырдың тілін тауып, билік пен қазы-қарта асасатын демиянбеднийшылдықтың Ұлы Мәртебелі Поэзияға үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны – содан. Ресей қанша ұлы держава болып, жер шарының жартысының төбесінен қамшы ойнатса да, әлі күнге дейін Пушкиннің адамдық-азаматтық деңгейіне жете алған жоқ. Алаштың Абайға жетуіне де әлі қанша уақыт бар?! Әлемдік империя атанған Ұлыбританияның бүкіл қаракет-тірлігі Шекспирге, мүлде, қарағар. Американың Уитменді түсінуден қалғаны қашан?! Ұлт пен ұлыс жер бауырлағанда Поэзияның көкала бұлттарға сүнгіп, көк аспанда көлбей жүзуі Алла Тағаланың бір тезі болуы мүмкін. Құранның «Әл-Баһар» сүресінде «Алеф-Льям-Мим» деген сөз бар. Мағынасын бір Алла ғана біледі. Теологтар оның мәнін түсіне алмай, әрі күнге дейін әуре-сарсаңға түсіп жүр. Халықтың рухынан жаралған поэзия жарықтықтың сол елдің болмыс-бітімінен биік қанат қағуы да осыған ұқсас құбылыс. Мұның да құпиясын бір Алла ғана біледі...

## АЛАШОРДАНЫҢ СОҢҒЫ КӨЗІ

1920 жылы Мәскеуге Кирвоенревкомның №2043 мандатымен келген Әлімхан Ермеков қазақ өлкесінің жәй-күйі һәм онын шекарасын белгілеу мәселелері жөнінде баяндама жасады. Сол кезде уыздай жап-жас жігіт, небәрі 29 жаста екен. Комиссияның жұмысына Халық Комиссарлар Советінің председателі В.И. Ленин басшылық жасайды. Әлімхан Ермеков Столыпин реформасы салдарынан шұрайлы жерлерінен айрылып, орыс батрактарына басыбайлы құл болған казактардың тағдыр-таланын езілуші таптың мұң-мұқтажын жоқтаймыз дейтін большевиктердің алдына кесе-көлденең тартады. Бұл – большевиктердің ұлыорыстық шовинизм дертімен ауыра қоймаған кезі. РКБП Орталық комитетінің мүшесі Г.И. Сафаровтын казак жеріндегі орыс отаршылдығының оңбаған көріністері хақында айтқан ащы айыптау сөзі елдің көбін елең еткізді.

– 1916 жылы Әулиеата қаласына Фольбаум дейтін генерал келді. Ол казак жастары патша өкіметінің герман соғысына барып, кара жұмыс істеуге, окоп казуға тиіс деп жарлық берді. Казак енбекшілері одан үзілді-кесілді бас тартып, патша өкіметіне карсы көтеріліске шықты. Осы кезде патшаның жазалаушы отрядтары көтеріліс басшыларын, оның сарбаздарын да атып-асты. Ел талауға түсті. Жұртты киізге орап, үстеріне керосин құйып өртеді! Тірідей жерге көмді! Жетісу жақтағы орыс кулактары казактарға карадан-карап өшікті. Оларды жерлерінен қуып шығып, үстерінен оқ жаудырған. Каспий теңізінің теріскей жағасындағы ұзындығы 70-80 шақырымға, Нарын құмына созылған маңызды шығанақ-бұғазды патша өкіметі орыс помещиктеріне беріп жіберген! Столыпинның мемлекеттік думада казак жерін игеру туралы сөзінен кейін «Миллионный фонд» деп аталған өңірді орыс-жапон соғысы тұсында сібірлік казак-орыстарға сыйға тартқан!

Мәжілістің қызған кезінде Г. Сафаров:

– Түркістандағы орыс кулактарын Ресейге қайта көшіру керек! – деп тұрып алады.

Ленин Ермековке карап:

– Сіз бұған қалай қарайсыз? – дейді.

Әлімхан Ермеков бұлай істесек, екі жұрт арасында алақөздік пайда болуы мүмкін, жергілікті казактарды атамекеніне дұрыстап қоныстандырып алғанша, ішкі Россиядан жаңа көшпелілер әкелуді тоқтата тұрған дұрыс дейді. Мұны естіген Ленин:

– Ғажап! Орталықтың өкілі, орыс коммунисі орыстарды казак жерінен көшіруді сұрады. Ал партияда жоқ казак тек көшті тоқтата

тұрған дұрыс дейді. Ойланатын жағдай екен! – деп мәз болып, Ермаковтің арқасынан қағады.

Каспий – Атырау жағасындағы Астрахань жактағы бұғаз-шығанақты қазақ автономиясына қосу мәселесіне партияның сол кездегі көрнекті қайраткерлері Ш.З.Элиава, Н.П.Брюханов, Л.Н.Крестинский үзілді-кесілді қарсы шығады. Сондағы уәждері – қазір Ресейде аштық. Атыраудың балығына Мәскеу мен Петроград өте зәру. Сондықтан бұл алқапты РСФСР-ге қалдыру керек десті.

Содан кейін Ленин: Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателінен:

– Қане, сіз айтыңызшы, Каспийдің осы теріскей жағасындағы бұғазда тұратын халықтың көпшілігі қазақ па, орыс па? – деп сұрады. Ол сонда:

– Владимир Ильич, қолымда дәлме-дәл санақ мәліметі жоқ еді – деп екі ұштылау жауап береді.

Ленин:

– Жоқ, бізге дәлме-дәл санақ керек емес. Сіз шамамен Каспийдің осы жағасындағы ел-жұрттың қайсысы көп, қайсысы аз екенін айтыңыз? – деп тұрып алады. Астрахань өкілі мұндағы тұрғындардың көпшілігі қазақ екенін мойындайды. Ленин:

– Онда мен бұл мәселені дауысқа қоямын, – деп, Атыраудың осынау жағалауын болашақ Советтік Қазақ Автономиясына қайтарып беруді ұсынады.

Дау-дамай ұзаққа созылады. Сол кезде Әлімханның мәжілістен шығуын асыға күтіп отырған Алаш ардагерлері арасында Ахмет Байтұрсынов айтты деген бір сөз елге жайылады: «Біздің Әлімханмен бес сағат сөз таластыруға шама-шарқы жеткен орыстың мынау сақау адвокаты Владимир Ульянов адамзаттың төресі екен!» депті...

Ленин мәжілістің соңында автономия құру жөнінде Ұлт істері Халық Комиссары Иосиф Сталинмен пікірлесіңіздер, онда арнайы жоба бар дегенді айтады. Мәжілістен ақ маңдайы жарқырап, алшан басып шыққан Әлімхан осыны Әлихан Бөкейханға айтқанда, туасы бекзада, көрінген күлді-көмешті көзге ілмейтін Әлекең:

– Сталин не шешер дейсің?! Оның білігі мен білімі белгілі ғой! – деп шалқалап жүріп кетіпті. Түп атасы Шынғысханнан тарайтын шынжыр балақ, шұбар төс, тектінің тұқымы! Арғы атасы –Тәуке хан «Жеті жарғыны» сомдап, қазақты ел қылудың алғашқы заңнамасын жасаған! Қазақ тарихының білгірі Мұхтар Мағауинның айтуына қарағанда, Әлихан Бөкейханның әулеті анандан шырылдап туғаннан Алаш жұртының табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін дейтін ұстаныммен ғұмыр кешкен ақсүйек тұқым! 1537 жылғы Сан –

Таштағы қырғында оның арғы атасы Тоғым хан тоғыз ұлы және әскер басы отыз жеті сұлтанымеп шәйт болған! Осы Тоғым ханның туған інісі Шығай ханның ұлы – Еңсегей бойлы Ер Есім! Осындай қаракөктің тұқымынан қазақтың қара баласының хан баласына кеткен есесі көп еді, соны қайтаратын кез келді деп, бүкіл ғұмырын қазақ халқының ұлт азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан тұмағанда кім туады?!

Алаш арыстарын ел-жұрты Совет өкіметінің кезінде де аласұра іздеген. Әлімхан Ермековтің күйеу баласы, Арка өніріне танымал азамат – Қалкен Мәкенбаев, жетпісінші жылдары Әли ағалың қасында жүріп, ұзақ сырласады. «Әли аға, ғафу етіңіз, осы Әлихан Бөкейханов қандай адам болған еді?» – деп сұрайды. «Ол кісі Петроград университетінің орман-ағаш факультетін тамамдаған. Заң факультетіне Ленинмен қоса экстернат болып емтихан тапсырған. Терең дария мұхиттай білімді ғалым болатын. Тоғыз тілде еркін сөйлеп, жаза білетін» – депті Әлімхан Ермеков, «Осы Тоқырауын өзенін білесің ғой. Ұзындығы 300 шақырымдай. Балқаш көлін жүзіп көрген шығарсың? Шығысынан батысына 600-700 шақырымдай. Өзің білесің, қарлы жылы Тоқырауын Балқашқа құяды ғой. Ал қар аз жылы Балқашқа жетпей, орта жолда қалып, құмға сіңіп кетпей ме? Біздің ақыл-ойымыз Тоқырауын өзеніндей болса, Әбекең Балқаш көліндей дария еді ғой!» (Қ. Мәкенбаев «Жадымда бәрі жазулы», Астана, 2011).

Жазушы Жайық Бектұров алпысыншы-жетпісінші жылдары Әлімхан Ермековпен сырлас-мұңдас болған кісі. Сол Жәкең Әлімханның: «Әлихан Бөкейхан жаратылысы бөлек, әрі көргені, тоқығаны көп кісі еді» дегенін айтады. – Мына біз көбінесе Том, Семей, Омбы маңынан, Н.М.Ядринцев пен Г.Потанин өрісінен аспадық. Ал Әлихан жастық шағын Ресей империясы астанасында өткізді. Алғашы Думаға депутат болып, орыс-еуропа елдерінің көркем әдебиетін зерделеді».

Большевизм адамзат тарихындағы бұрын-соңды болған саяси ағымдардың ең аяры болып шықты. Үш жүз жыл отарлық езгіде болған қазақ жұртының өкілі Әлихан Бөкейхан патшалық Ресейдің кезінде Дума депутаты болып, ел-жұртының мұқтажын үстем елдің заң шығарушылар алдында ағынан жарылып айтып, отаршыл мемлекеттің назарын бодан жұртына аудара алса, большевиктер оларды «халық жауы» деп жариялап, жаппай қуғын-сүргінге ұшыратып, атып асты! Лениннің ілтипат құрметіне бөленген Әлімхан Ермековтің өзі үш рет Столыпин – Сталиннің вагондарында неше-түрлі қиямет-қайымды басынан кешіп, Гулагтың күллі түрмелерін көзімен көріп қайтты!

«Неше-түрлі қуғын-сүргінді басынан кешсе де, Әлімхан Ермековтің ішкі сарайын тот басқан жоқ еді, – деп жазады Жайық Бектұров. – Зерделі-зейінді, зиялы қалпынан тамбады. Шешендігі, білгірлігі сол

қалпында қалды. Күлгенде, сөйлегенде дәл бір күнәдан пәк жас сәбидей аяулы бейнесі көрініп тұрды. «Бұрын аз уақыт Алашта болған бізге жабылмаған жала жоқ» – деуші еді Әлімхан Ермеков. «Қазақстанның бір түкпірінде әлдекімдер бұзакылық жасаса да, Қаракұмда, Маңғыстауда, Шұбартауда, Бактыда, Баканаста ашыққан жұрт ереуілдеп атқа конса да, Жетісу жұрты Қытайға көшсе де, бір ауылда колхоз малы ұрланса да, тіпті, біреу әменгерлік жолымен қос қатын алса да, газет-журналдарда бір ауыз оғаштау сөз жазылса да, осының бәрін бізден көре бастады. 1921 жылы атакты Мәдиді Қарқаралының көшесінде тапа-тал түсте ГПУ адамдарының атып тастағаны мәлім. Тегі, Мәди Қарқаралы абактысында жатқан бір жолдасына, әлде, осы елдің бір беделді адамына, бәлкім, бұрын, Уфадағы «Ғалия» медресінде оқыған өзінің жерлесі Мұстахимға жолыққалы, соның хал-ақуалын білгелі келсе керек. Әрине, Мәди бетті, кеуделі адам. Ол түрме әкімдеріне қатты сөйлеуі де мүмкін. Сол үшін түрмеге ат үстінен қамшы сілтеді, күш көрсетті деп Мәдиді көшеде атып тастаған! Мәдидің осынау бір қасқыр арқалап аеткен тоқты-торымдай аянышты өлімін Жүсіпбек Аймауытов па, әлде Мұхтар Әуезов пе, әйтеуір осы екі ініміздің бірі Семейдің губерниялық газетіне жай ғана некролог ретінде жазыпты. Соны Қазақстан партия ұйымының 1921 жылы Орынборда өткен тұңғыш конференциясында Семей облыстық партия ұйымының делегат-өкілі Саблин дейтін кісі «Қазақ коммунисті редактор болып отырған Семейдің партиялық органында совет әскерлеріне қарсылық жасағаны үшін атылған бір бандитті жоқтап некролог басты» деп қанша жұртты кінәлады. Бұл тек сөз жүзінде ғана қалған жоқ. Мұның салқыны, Ә.Бөкейхановтен бастап, бәрімізге де тиді. Сондағы айтып отырған бандиті – атакты әнші, күллі елдің сүйікті азаматы, Қаз дауысты Қазыбектің ұрпағы – Мәди!».

«Ә.Ермековті соңғы кезде қатты бір кейіткен – өзіміздің осы күнгі ғылым докторы Б.Серікбевтың «В.И.Ленин және Қазақстан» атты кітабы еді. «Осы бір жігіт өткен күннің уақиғаларының байыбына жете бармайды. Шындықты, әділдікті басшылыққа алмай, тек қазақтың бұрынғы оқығандарына қара күйені аямай жаға берген. Тіпті, ол Бакытжан Қаратаевтың патша әкімдеріне, орыс помещиктеріне қарсы сөйлеген. В.И.Лениннің оны демеп қолдаған сөзінің де өңін теріс айналдырып, контрреволюцияшыл деп көрсеткен. Осындай зерттеу, тарихи деректі сұрыптау бола ма екен? Ғылымға адалдық, шындық, әділдік қажет емес пе? Тарих өтірікті көтермейді. Бұл өтірік бүгін іске асқанымен, ертең опа бермейді. Біздің қазақ «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» демей ме? Бүгінгі кейбір солақай тарихшыларымыз осыны неге ойламайды. Оңай атақ, мансап үшін еңбек етпеу керек қой» – деп

Әлекең реніш-наразылығын сыпайы айтып отырушы еді» (Ж.Бектұров, «Енеден ерте айрылған төл секілді», Қазақстан, 2002 ж.).

Адамзаттан асып туған алтын айдарлы ұлдар Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Ақбайдың Жақыбының кіндік қаны тамған жері біздің Қызыларай – Аксоран. Қазақтың арқалы ақындарының бірі хәм бірегейі Дәуітәлі Стамбеков Совет өкіметі кезінде ызаға булық-қанда:

– Ақтоғайға неге шойын жол тартылмаған?! – деуші еді.

– Оны мен қайдан білейін?

– Оны білмесең, қолына қалам ұстап, несіне кісімсініп жүрсін?!

Көкемнің мінезі өзіме белгілі. Үндемей құтыламын... Біраз уақыт үнсіз отырады да:

– Совет өкіметінің үш қас жауы осы топырақта туған! Соларға кеткен өшін алу үшін бізді құс ұшып, құлан аяғы баспайтын құладүзге қалдырып отыр! – деуші еді... Мұны естігенде Ақтоғайдың коммунистерінің зәре-құты ұшып, орындарынан тұра-тұра қашатын...

Солардың көбісінің көзі әлі тірі.

Қызыларайдағы жері былқылдап, өзен суы сылқылдап ағып жататын Былқылдақ – Ермековтердің ата жайлауы. 1914 жылы Әлаған Томда оқып жүргенінде орыс оқымыстысы Потанинді осында өзімен ертіп келген. Потанин осы жерде Аяпберген аузынан көптеген казак ертегілері мен аңыздарын жазып алған көрінеді. Қыдыр қонакқа арнап құлын соймақ болады. Сонда Потанин:

– Мен десеңіздер, мына құлынға пышпақ тигізе көрмеңіздер, – деп шыр-пыр болады. Сол оқиғаны Қызыларайдың көне-көз қариялары бертінге дейін күлісіп айтып жүрді. Құнанбай аға сұлтан боларда Әлиханның атасы Ермек би оны осы Былқылдақ жайлауына шақырып, Арқаның бір топ атқамінерлерімен қонақ қылған. Тәттібеттің «Былқылдақ», «Сылқылдақ» күйлері осы жерде дүниеге келген. Әлағанын шапағатымен ғылым жолына түскен Қаныш Сәтпаев 1923-1925 жылдары осы Былқылдақтың самал ауасымен тыныстап қайтады. Қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Н.Нұрмаков пен Т.Жүргеновтің үйлену тойлары осы жайлауда дүркіреп өткен көрінеді. Соның бәрінің басы қасында Әлімхан Ермеков жүрген... Бір қызығы – Ермековтің арғы атасы, Абылайдың батырларының бірі – Сеңкібай би. Әлімхан да, қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжолов та осы Сеңкібайдан тарайды.

Қарқаралы – Қызыларай Алаш ардагерлерінің қазақты қалай ел қыламыз деп әнгіме-дүкен қылған жері! Ақбайдың Жақыбының ауылында молда болған Әбіштің Рахымжаны осы ауылда туған. Қызыларайдың шалдары Сұлтанмахмұттың сол молланың аузынан

жазып алған Әлімхан Ермековқа арпаған өлеңін айтып жүретін. Ол кезде біз жас едік. Өз өлеңімізбен өзіміз әуре болған кезіміз. Жаттап алып, жадымызда сақтай алмай қалдық. Есте қалған бір-екі-үш жолы: «Қызыларайдан ұшқан қыраным, Ұлыста бөлек ұланым, Томағанды сыпырып, Қиядан елді шоларсың, Алатауда қалықтап, Алтайында шалықтап, Алтын тұғырға қонарсың» дегені ғана. Қаншама сөз ұмыт қалды? Он-он үш жаста естіген өлең алпыстан асканда қайта еске түсе ме? Сол Қызыларайдан ұшқан қыран, ұлыста бөлек ұлан, томағасын сыпырып, қияны көктен шола алмай, Алатауда қалықтап, Алтайында шалықтап, алтын тұғырға қона алмай – арманда өтті!

1967 жылы Қарағандының облыстық театрында С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасының премьерасы болды. Тұсаукесерге Сәбит Мұқановтың өзі де келді. Залдың бір мүйісіндегі оңашалау жерде Әлімхан Ермеков отырған. Сәбең оны сыртынан көріп қалды ма, әлде, көптен көңлінде жүрген ойы ма екен, Жайық Бектұровқа:

– Үйіңе шақырғалы тұрсың ғой? – дейді, – Менің қасыма ресми адамдарды қоспа. Осында Әлімхан Ермеков бар деп естимін. Сол кісінің жүзін бір көргім келеді.

Жайықтың үйінде:

– Әбеке, сіз бізден көп үлкенсіз. Көпті көрдіңіз. Мына біз Совет өкіметі орнағанда кедей едік, жалшы едік. Әлі оқыған жоқ едік. Ауылда етекбасты болып өстік. Біздің көзімізді совет өкіметі ашты – деп, Сәбең әңгімесін бастай жөнеледі. – Содан біз осы жаңа өкіметтің сөзін сөйлеп, сойылын соғып, кете бардық. Сол күрес, шайқас тұсында сіздерге, бәлкім, біздің сөзіміз де, сойылымыз да тиіп кеткен кезі болған шығар, – деп, әлденеден кешірім сұрағандай, алды-артын орағытып сөйлеп кетеді. Біреуінің жасы сексенде, екіншісінің жасы жетпіске келіп қалған.

– Пьесанызды көрдік – дейді Әлағаң. – Сахнада Сәкен болып ойнаған артист Бөкейхановқа «Сен, төбет!» деп тұрды. Бөкейхановқа Сәкен солай айта алушы ма еді?

Сәбең қысылып қалып:

– Ей, Жайық, пьесада өзі сондай сөз бар ма еді? – деп, өзі жазған шығармасының сөзін ұмытып қалғандай сынай танытады...

Актар мен қызылдардың қырғыны шегіне жетіп тұрған азамат соғысы кезінде Міржақып Дулатов екі жақтың түрмесіне кезек-кезек түседі. Мінезі тік. Көкейіндегі ойын күлтелемей, айта салатын бетті адам екен. Сол мінезімен екі тапқа да жақпай, екі жақтың да қуғын-сүргініне іліне береді. Бір кезде қараңғы Сахараға «Оян, қазақ!» деп айғай салған Алаштың боздағын өзге жұрт өз алдына, өзінің қазағы түсіне алған жоқ. Түсінуге өресі жетпеді! Әлі де жетер емес... Сондай



тар жол, тайғақ кешудің кезінде М. Дулатов Әлімхан Ермековтің үйіне келіп бас сауғалайды. Оның осы үйде екенін басқа біреу емес, казактың өзі көрсетеді! Қылышынан қан тамған қызыл комиссар Уғар Жәнібеков Міржақыпты тұтқындауға келсе, есік алдында интеллигентше киінген бір адам тұр. Түр-кескінінен Алашорданың адамы екені көзге ұрады:

– Сен кімсің?! – дейді Уғар ала көзімен атып.

– Мен Әлімхан Ермековпін! – дейді әлгі адам комиссардан айылын жимай.

– Апырым-ай, ә... – дейді Уғар, – Сіз Әлімхан Ермеков болсаңыз... Сіздің үстіңізге баса көктеп кіру ұят шығар?! Мен кетейін. Мен сізді көргем жоқ! Сіз мені көрген жоқсыз!

Әлімхан Ермеков осы әңгімені ылғи сүйсіне айтып жүреді екен. Әлихан да, Уғар да Қызыларайдың тумасы. Бір ел, бір рудың баласы. Бір-бірімен сырттай таныс-біліс болғанмен, бетпе-бет кездесіп тұрғаны осы. Қазакша айтқанда, қанжығада жолығып тұр! Аласапыран заманның дауылы екеуін екі жаққа лақтырып жіберген! Пролетариаты, люмпені, кайыршы, жәлебі болмаған казактың үстіне Қазан төңкерісі жасаған эксперименті, міне, осындай! Әкені – баладан, ағаны – іні-қарындастан, елді – ағайын-жұртынан айырған! Сол тарихи ессіз эксперименттің зардабын казак халқы әлі тартып келеді! Көресінін содан көріп жүр! Адамзат қауымдастығында жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған, әке отырғанда – ұл, шеше отырғанда – қызы сөйлемеген жұрт осы казак еді! Қазан төңкерісінен кейін отыз екінің аштығына ұрынып, жан-жаққа босып кетті. Отыз жетіде бір-бірін «халық жауы» деп ұстап берді! Бүгінде орыс тілді, казак тілді болып екіге бөлініп алған... Енді келіп бір-бірімен ағылшын тілінде сөйлескісі келеді! Орыс болып көрдім, енді бір мәрте ағылшын болып көрсем, адамзат көшінің алдынан шыға келермін деген оспадар ойдың үстінде отыр әлі!

Тышқанды сынауға болады. Көжекті де сынауға болады. Топырақтан жаралып, Алланың демімен адамзат өркениетін құрған адам баласына эксперимент жасауға болмайды! Әлихан, Әлімхан, Ахмет, Міржақып, Мағжандар, міне, осы үшін күресіп, алтын бастарын Алаш жолына құрбан қылды! Германдық-фашистік, советтік-коммунистік режимдердің адам баласына жасаған сынақтарына ақыл-есі түзу адамзат үмбеті дағнет айтып жатыр. Орыстан баска, бізден баска... Коммунизмді қарғап-сілеген Балтық жағалауы, Батыс Еуропа елдері өркениет өріне тұяқ іліктіріп, экономикалық жағдайын, ұлттық рухын да жөнге қойып, еңсесін көтеріп алды. Біз баяғы Ленин мен Сталинның

койып кеткен жерінде көзіміз іріндеп, көңліміз тұманданып әлі отырмай. Әлі қанша отырамыз?!

Осы Алаш қайраткерлерінің тарихтағы кескін-келбет, болмыс-бітіміне қарағанда, адамзат қауымдастығындағы ерекше орны бар ұлттық интеллигенция, ұлттық тұлғалар хақындағы біздің осы күнге дейінгі ұғым түсінігіміз тым ұшқары, жалаң, жайдақ болып тұр. «Толковый словарь русского языка» т.б. анықтамалардағы интеллигенцияға берілген түсініктемеге қараңыз: **«Интеллигенция – люди умственного труда, обладающие образованием и специальными знаниями в различных областях науки, техники и культуры; общественный слой людей, занимающиеся таким трудом».** Бар-жоғы – осы! Ұлттық негізден мүлде ада – космополиттік тұжырым! Біз ұлттық тар аяда қалып қоймай, әлемнің азаматына айналамыз деп жүрген тексіз космополиттерді төбемізге ойнақтатып қойған – осы сөз! Ұлтының бесігінде жатып, анасының ақ уызына жарымаған бала қырық жұрттың тілін білсе де, өз ұлтының зиялысы бола алмайтынын тарих дәлелдеп берді. Қазақтың һас зиялысы – Абай! Аз ғана Алашының ғана емес, Адамзаттың Азаматына айналған жалғыз қазақ болса, ол да осы – Абай! Сол Абай дүниенің кілті орыста. Сол үшін оның тілін білу керек деді. Неге? «Зарарынан алыс боларға!». Совет өкіметінің кезінде «Капитал» мен «Анти-Дюрингке» дейін жағқа білетін қазақтар аз болған жоқ. Бірақ олардың бәрі халық ауыз әдебиетінен хабарсыз, ұлттық уыздан жұрдай, билердің шешендік сөздерінен Ленин мен Сталинның тезистерін жоғары қойған пенделер болды. Орта ғасырдағы жыраулар поэзиясының жауһарын сезінбеген! Абайдан – Демьян Бедныйды, Магжаннан – Маяковскийді артық көрген!

«Бір күні, – дейді Қалкен Мәкенбаев – Әлағаның үйінде отырғанымызда жасы отыз-қырықтар шамасындағы ер адам мен әйел адам кіріп келді. «Біз Ленинградтың тұрғынымыз. Мен де профессор боламын, ал жұбайым доцент. Ленинград университетінің оқытушыларымыз. Мен, – деді еркегі, – өзіңіздің ежелгі досыңыз, Томскіде бірге болған революционер Дволейскийдің, ал мына қызыңыз, ол да досыңыз. Бауэрдің ұрпақтарымыз. Сол әкелерімізді көргендер болса тілдесейік дегенбіз. Бабаларымыздың естеліктерінде Сіздің, Әлімхан Әбеуович, атыңыз жиі аталады. Сондықтан біз Сізді сұрастырдық. Сізді тірі, осы Қарағандыда тұрады деп Томскідегілер айтқан соң, арнайы іздеп келдік», – дейді.

Бір мезгілде Әлі аға: «Сенін атаң Дволейский былай деуші еді» деп итальян тілінде сөйлеп кетті. Ленинградтың профессоры итальян тіліне жетік екен, екеуі итальянша біраз сөйлесті. Бір кезде өте сымбатты жас келіншекке: «Сіздің үлкен әкеңіз Бауэр ұдайы латын-

грек тілінде былай дейтін» деп доцент келіншекпен латын-грек тілінде қызу әңгімеге көшті (*Қ. Мәкенбаев «Жадылда бәрі жазулы»*).

Қазактың Атырау – Арка – Алатау-Алтайға дейінгі аумағын Алашына аман алып қалып, осы күнгі шекарамызды белгілеу үшін Ленинмен бес-алты сағат салғыласқан Әлімхан Ермеков қазақпен сөйлескенде бір ауыз орыс сөзін қоспай кеткен кісі екен!

Алашорданың көсемдері Абайдың алтын тұғырына аяғын нық қойып, Алашын аспанға көтерді. Сол аласапыран заманның өзінде Алаштың бірінші ақыны Абай екенін алғаш айтқан Әлихан Бөкейхан еді. Ұлы абайтанушы Мұхтар Әуезовтің алдын орап айтты. Не деген кемел ой, керемет тарихи құбылыс! ХХ ғасырдың басында Әлихан таныған Абайды ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған қазақ әлі түсіне алмай жатыр. Тұшына алмай жатыр Абайға! Қазақ үшін күллі ұлыстық қасірет, ұлттық трагедияның қара басы, міне, осы болып тұр!

Алашорда жолы – Алла жолы, Абай жолы – Ақиқат жолы еді. Абайда тап пен тайпа жөнінде бір ауыз сөз жоқ. «Қайран, елім, қазағым» – ел-жұрт, ұлт қаһындағы терең ой бар. «Адамзаттың бәрін сүйі, бауырым деп» – дейді. «Смирись, Кавказ, идет Ермолов!» демейді!

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөз айырмас!» –

деп – ғаламзаттық. Тәңірлік деңгейге көтеріледі. Алашорданың күллі саяси бағдарламасы, міне, Абайдың осы сөзінен бастау алады. Алаш көсемдері бас-аяғы жиырма жыл ішінде Қазақстанды Азияның алдыңғы қатарлы елі Жапония деңгейіне көтеруді ойлаған-ды. Совет өкіметі оларды осы үшін Жапонияның агенті деп айыптаған! Егер большевиктер одақтас республикалардың өзін-өзі билеуі туралы идеясына адал болып, империалистік, шовинистік пиғылынан бас тартқанда қазақты бүтінгі Жапония сынды өркениетті елге айналдырар ма еді, қайтер еді...?!

Алашорда үкіметінің құрамына бір сәт көз салыңыз. Шетінен иман жүзді интеллигент! Професионал маман! Алашына адал патриот! Ұлым дейтін Алаш болмаса, Алаш дейтін ұл бола ма дейтін аристократтың тұқымы! Мұндай интеллектуалды үкімет Қазақстанда бұрын-соңды болған емес! Алашорданың ой дүниесі Құранның қағидаларымен сабақтас. Адам – Құдайдың ғана құлы. Бір ұлттың екінші бір ұлтты айтқанына жүргізіп, айдағанымен өргізуге хақы жоқ!

Айдарынан жел ескен алып империялардың бәрінің шаңырағының ортасына түскені содан!

Алашорда мен Абай – егіз. Адамзаттың азаттықты көкसेген асқақ рухы шиыршық атып, кемеліне келген сайын Абайға деген зәрулік көбейе береді. Соның бір куәсі Мәскеудегі «Окупай Абай» атты қалың шеру. Мәскеу баспагерлері Абай өлеңдерін әуелде үш жүз таралыммен шығарды. Өте ме, өтпей ме деген күдігі болған... Бас-аяғы бір аптада қайтадан үш мың таралыммен шығарады. Енді оны отыз мыңға жеткізу жөнінде әңгіме көтеріліп жатыр. Күндердің күнінде ол отыз миллионға жетуі мүмкін! Адамзат Абайға келе жатыр!

Әлімхан Ермеков 1977 жылы фәниден бақиға қайтты. Сол күні ұлттық азат тұту рәсімі жарияланбады. Оны жариялатуға шама-сарқымыз да жоқ еді. Қазақ халқы өзін жеке өз алдына дербес, тәуелсіз ел деп жаһанға жар салып, өркениет өріне сүйремек болған Алашорданың соңғы арысынан айырылып қалғанын сезген жоқ. Аспаннан Алла бәрін көріп-біліп тұр! Ішкен – мас, жеген – тоқ болып жатты... Ұлттық рух – аяқтың астында... Жері – киесінен, елі – иесінен айрылған. Сол қазақ енді келіп Алаш арыстарына жете қабыл тегеурінді ұлдар неге тумай жатыр деп зар илеп жүр. Ұлым дейтін Алаш болмаса, Алаш дейтін ұл туа ма?! Алла бәрін көріп тұр!

Ататүрік елі енді егемен бола бергенде Ұлыбританияның бір ханзадасын қонаққа шақырады. Дастарқанда не керектің бәрі бар – майысып тұр. Кенет, мәртебелі қонаққа қызмет етіп жүрген даяшылардың біреуі ханзаданың жанына жете бергенде қолындағы дәмін жерге төгіп алады. Тылсым тыныштық. Ағылшын аристократтары түріктерді біздің мысымыз басып кетті дегендей – маз-мейрам. Сол кезде Ататүрік:

– Уа, мырзалар! – деп саңқылдай жөнеліпті. – Мен мына еліме кеуденді Осман империясы тұсындағыдай асқақ ұста дедім. Ұстады. Аяғынды алшаң-алшаң бас дедім. Басты. Бірақ, осыларға біреуге құлша қызмет етуді үйрете алмай-ақ қойдым. Үйренбеді!

Құлын – ұлға, күнін – ару қызға айналдырған патшаның аузынан шыққан сөз бұл! Алашорданың да бар дйттегені осы еді ғой?! Бүгін исі қазақ осындай лебізді естігісі келіп тұр. Сол сөзді айтатын ұлдың да туатын уақыты болды...

## ҒАСЫР ҒҰЛАМАСЫ

*Что-то физики в почете.*

*Что-то лирики в загоне.*

*Борис Слуцкий*

Қарағандының көшесі – жөнiлген жұрт. Кiм келiп, кiм кетпеген бұл жерден? Бiр кезде осынау шаһардың көшесiнде маңдайы жарқырап Әлiмхан Ермеков жүрген. Алаш Орданың соңғы көзi! Қазақтың алғашқы математигi! Кеудесi толы – Алаш идеясы! Қазақстанды Жапонияның деңгейiне көтеремiз деп ойлаған көксерек топтың бiрi һәм бiрегейi. Бiрақ оны өзге түгiлi өз қазағы да түсiнген жоқ... Жетпiсiншi жылдары фәниден бақиға аттанғанда соңынан аз ғана ағайын шығарып салды. Қазақ өзiнiң соңғы көсемiнен көз жазып қалғанын сезбей қалды!

Мұнда Ебiней Бөкетов те жүрген. Өзi – химик, өзi – лирик. Төбеден қамшы ойнатқан қатыгез совет өкiметi оның да маңдайынан сипай қойған жоқ. Көп – қорқытты, терең – батырды. Ол да қазағына Құдай берген құдiреттi дарын-арынын сарқып бере алмай, iш құса болып, фәниден бақиға озды.

Қазiр осы шаһардың көшесiнде алшаң-алшаң басып Темiрғали Көкетаев жүр! ХХ ғасырдың ғұламасы! Ол атақты, жапондардың ұсынысымен, оған 1999 жылы Кембридждегi Халықаралық Биографиялық орталық берген. Омырауында соның күмiс медалi. ХХ–ХХI ғасырдың аса көрнектi физигi! Резерфорд емес, Эйнштейн де емес, – Көкетаев! Қазақ! Америка, Англия немесе Жапония топырағында туғанда абырой-атағы бұдан да асқак болар ма едi. Бiрақ, бұл жолы Алланың тандауы Алашка түстi. ХХ ғасырдың ұлы бiр физигi қазақтан туды!

1964 жылы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттiк педагогика институтының физика-математика факультетiн тамамдап, Эстонияның Тарту Мемлекеттiк университетiне жол тартады. Эстондар сол кездегi Совет Одағының құрамындағы Балтық жағалауы елдерiнiң бiрi едi. Орыс отаршылдығының қамытын бiзден гөрi кештеу киген. Үйде де де, көшеде де өз ана тiлiнде сөйлеседi. Өзiнен басқаны көзге iлмейдi! Орысша сөйлесең, одырайып шыға келедi! Тоталитарлық жүйенiң қылышынан қан тамып тұрған сол 60-шы жылдардың өзiнде физика-

математика факультетінің орыс бөлімін жауып тастаған көрінеді. Мұнда жетпіс мыңдай халық тұрады. Университетінде екі жарым мыңнан астам студент оқиды, 92 кафедрасы бар. Ғылыми қарым-қуатының қандай болғанын елестете беріңіз енді...

Темкең осы университетте 92 тіл білетін филологты көріп, аң-таң қалған. 18 тіл білетін студентпен жатақханада бірге тұрады... Осында жүріп 1970 жылы докторлық диссертациялар қорғайтын маманданған ғылыми кеңесте «Мыс және күміс иондарының сілтелі-галоидтық кристалдардағы люминесценция орталықтарының табиғаты» туралы кандидаттық диссертациясын қорғады. Физиканың заңы бойынша 180 градусқа дейін қыздырылған қандай болсын қатты дене сыртқа жарық бермей қоймайды екен. Көкетаев суық жарықты ойлап тапқан. Дене қызбай-ақ сыртқа жарық шығарады. Бұл – физика ғылымында бұрын-соңды болмаған соны жаңалық еді. Физиктің кейіп ХХ ғасырдың ғұламасы атағын алып берген ғылымдағы жаңалығы осыдан төркіндейді. Ғылыми жетекшісі поляк ғалымы, профессор Г.Б.Лучик. Ол Көкетаевтың диссертациясындағы оқшау ой-толғамдарға келіспеген көрінеді. Совет Одағында ғылыми жетекшісінің жетегінде жүрмей, өз идеясын өзі қорғап шыққан бірінші қазақ осы Темірғали Көкетаев!

Темкең өзіне-өзі мәз болып, өзіне-өзі тамсанып жүретіндерді жек көретін кісі. Бірақ, ғұмырында бір-ақ рет тебіреніп егілгенін айтады. 2006 жылы Англияның Оксфорд университетінде лекция оқыды. Бұл дүниежүзінің ұлы физиктері Ньютон, Резерфордтар маңдай терін төккен, әлемдегі саусақпен санарлықтай оқу орындарының бірі. Ірге тасы 1242 жылы қаланған. Англияның премьер-министрлері Уинстон Черчилль, Маргарэт Тетчер осында оқыған. Т.Көкетаевтың дәрісін Франция, Германия, Англия, Жапония сынды дүниенің іргелі елдерінің жетпістен астам аузына әлем қарап отырған ғұламалары сүйсініп тыңдаған. Бір дәрістің уақыты – 50 минут, құны – 1500 доллар!

Біздің Темкең дәрісін қазақша оқымақ болған! Сөйтсе, физиканың қазақша – ағылшыншасының тәржімесі бір жүйеге түсіп болмаған екен. Еріксіз орысша оқиды. Иманактай ат шаптырым ауылдан шыққан қазақтың қара баласына әлемнің ірі ғұламалары, аузын ашып аң-таң қалған!

– Өзіме-өзім сонда бір тәнті болған едім – дейді Т.Көкетаев.

Дүниежүзінде мұның табаны тимеген жер жоқ. Ғаламды қара үздіріп бара жатқан бір жұрт жапондар ғой. Солармен кездескенде қандай ғылыми шаруамен айналысып жатырсындар десе, – Перышкин-

нін «Физикасын» тәржімелеп жатырмыз дейді... Орыстың орта мектептерге арналған оқулығы бұл. Міне, совет оқу жүйесінің озықтығының бір белгісі! Ал біз не істеп жүрміз?! Бірыңғай ұлттық тестілеу деген қайдан шыққан пәле?! – дейді Т.Көкетаев ыза болып.

Темірғали Көкетаевтың тұла бойы – ұлттық рух! Күні-түні соны іздейді. Ол физикада жок екен... Жанарқаның белінен, Сарыарканың елінен соны іздейді! Соны іздеп, «Ақ жол» партиясына барып еді – таппай қайтты!

Қазір қайда барарын білмей, дағдарып отыр...

Өркениет өріне шыққан Батыстың өзі ұлтым дегенде ішкен асын жерге қояды! 1966 жылдың қаңтарында Чехословакияға Совет танктері баса көктеп кіргенде чех студенті Ян Палах өзі-өзі өртеп жіберген! Ресей экспансиясы бел алған XVIII ғасырдан бастап, 1986 жылғы Желтоқсан дүрбелеңіне дейінгі аралықта қазақ елі орыс отаршылығына қарсы 300-ге тарта ұлт-азаттық көтерілісін басынан өткерген екен. 1931-1932 жылдары 7 млн қазақтың 4 млны аштан қырылды. 1,5 млны шет елдерге босып кетті! Қазан төңкерісі мен қызыл қасап репрессия болмағанда қазақ халқы өзінің табиғи өсімімен осы күні 30 млн болып отырар ма еді, қайтер еді...

Физиктер мен лириктер хақындағы дау-дамайдың көтерілгеніне көп болды. Өткен ғасырда орыстың талантты ақыны Борис Слуцкийдің «Физиктер мен лириктер» деген өлеңі біраз айтыс-тартысқа арқау болған-ды:

«Физикте – құрмет, марапат, Лириктер өксіп, налып жүр. Заманда мынау алапат, Ғаламның зілді заңы – бұл...»

*(«Что-то физики в почете. Что-то лирики в загоне. Дело не в сухом расчете, Дело в мировом законе. Значит, что-то не раскрыли, Мы, что следовало нам бы! Значит, слабенькие крылья – Наши сладенькие ялбы, И в пегасовом полете. Не взлетают наши кони... То-то физики в почете, То-то лирики в загоне. Это самоочевидно. Спорить просто бесполезно. Так что даже не обидно, А скорее интересно Наблюдать, как, словно пена, Опадают наши рифмы И величие степенно Отступает в логарифмы»).*

Екінші дүниежүзілік қырғынның кезінде АҚШ атом бомбасын ойлап тауып, оны Хиросима мен Нагасакиде сынақтан өткізді. Сол күннен бастап адамзаттың тағдыр-таланы адамның бармағы баса са-

латын атомның бір түймесіне қарап қалған... Сегіз жылдан соң Совет Одағы одан да алапат сутегі бомбасын сынақтан өткізді. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Кариб дағдарысы кезінде адамзат баласы атом алапатының алдында тұрған. Сутегі бомбасын ойлап табушылардың бірі Андрей Сахаров кейін өз ісіне өзі өкініп, диссиденттік қозғалыстың көсеміне айналды. Ол кезде ядролық бомба жасағандар ерекше мәртебеге ие болған. Көбісінің аты-жөні мемлекеттік құпияға айналған. Тоталитарлық қоғамда физиктер мемлекеттің ерекше ілтипат-құрметіне бөленеді. Лириктер болса – қуғында болды. Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенскийлердің антисоветтік өлеңдері Саяси Бюроның шамына тие бастаған. Баспасөзде бұл ақындардың аты-жөнін атауға ЦК-нің арнайы рұқсаты керек болған...

Ғасыр адамы атанған Темірғали Көкетаев:

– Мен физик болғаныма өкінемін! – дейді.

– Неге?

– Қазағымның жоғын түгендей алмадым... Біз американың үндістері секілді өз байлығы өзіне сор болған елге айналып барамыз. Қазақтың қазаққа жаны ашымайды. Абайдың кезіндегі қазақтан қара үзіп кеткен қазақ саусақпен санарлықтай. Поляктарға қарашы! Парижде баяғыда дүниеден қайтқан Шопеннің жүрегін Варшаваның шіркеуіне әкеліп, әспеттеп қойды! Ал біз не істеп жүрміз?! Кенесарының басы қайда?! Біреуге есесін жіберген ел – ел емес! – деді де – Физикадан лирика мықты! – деп қалды. – Менен сен мықтысың!

Мен аң-таң қалдым...

Осыдан жиырма шақты жыл бұрын қазақтың қарымды ақындарының бірі Есенбай Дүйсенбаев: «Серік, сен осы қайда істейсің?» – деп сұраған. – «Облыстық газетте». – «Ойбу, олар поэзияны түсінбейді ғой! Мен Ақтөбеден алты баламды жетектеп, Алматыға солардан қашып кеткем...» – деп еді.

Мен Қарағандыда калып қойдым. Тағдырдың маңдайға жазғаны осы болды. Бір кезде мұның көшесінде ақ маңдайы жарқырап Әлімхан Ермеков, Ебіней Бөкетов жүрсе, бүгінде алшаң-алшаң басып Темірғали Көкетаев жүр! Бір қалада тұрсақ та, анда-санда бір көрем. Той домалақта. Тәрде отырады, әрине. Аузынан ақ майы аққан байшыкештердің арасында. Көңілі құлазып отырады, менінше. Аналар – мээ-мәйрам... Өздерінің кіммен қатар отырғанын сезбейді! Біреуі – ірі компанияның иесі. Біреуі – ең кем дегенде, – базардың бастығы! Шетінен – бай. Тәкәппар! Өр кеуде.! Есептері – түтел! Осындайда



философ Диоген еске түседі. Олимп сарайынан келген Диогеннен біреулер: «Онда халық көп жиналды ма?» деп сұрайды. Сонда ойшыл: «Халық – көп. Жөні – түзу кісі аз» депті! Мынау сондай бір тойдан кейін іле-шала жазылған өлең еді.

*Темірғали Көкетаевқа*

Физика-математика – несібіңіз,  
Алты Алашқа әйгілі есіміңіз.  
Бірақ, аға, есебін мына қудың,  
Сіз шығара алмайсыз – кешіріңіз!

Бұл шайтанның есебі жан улаған,  
Шығара алмай, ел естен тануда, аға:  
Амалында косу мен көбейту жоқ,  
Бөлу ғана – мұныкі,  
Алу ғана.

Мен түгілі, көктегі Құдайға анық,  
Көз атаулы барады ылайланып:  
Бөлу менен алудың күні туды,  
Көбейту мен косуың былай калып.

Өз есебін шығармай қоймайды бұл,  
Біз – етекте,  
Төбеден ойнайды құр:  
Сізді қалай – ақымақ, мені – мәжнүн,  
Елді – есалаң тобыр деп ойлайды бұл.

## ХАС САҚТЫҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ

*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...*

*Абий*

XX ғасырдың 60-70-ші жылдары Яман тайпасының соңғы тұяғы АҚШ-тың бір шаһарында фәниден бақиға жөнелді. Дүниежүзілік баспасөз сол үндістің өлімін жерден жеті қазына тапқандай, жарыса жазып еді. Жүздеген жылға созылған отаршылдықтан беті қайтпай, талшығын тау-тастан теріп жеген, құралайды көзге атқан мерген осы күнгі өркениетпен тіл табыса алмай, құсадан өледі. Біздің ата-бабаларымыз секілді ат үстінде енку-енку жер шалған бұл үмбеттің адамзат тарихындағы бекзат бейнесі ұмыт болғалы кашан... Көп – қорқытты. Терең – батырды. Атақты Мая мәдениетін жасаған асқақ ұрпақ отаршылдық озбырлығынан өркениетке судай сініп, тастай батып барарды. Зенбіректің оғымен жаулай алмаған ақ нәсілділер олардың биік еңсесін вискидің усойқысымен басып, аздырып-тоздырып жіберген! АҚШ нейтрон бомбасын ойлап тапқанда:

– Сенің нейтроныңнан менің садағым мың есе артық! – депті осы сабаз, – садақтың оғы хас дұшпанның ғана көзін жояды. Ал сендердің нейтрондарың күллі күнәсіз адамзаттың түбіне жетеді ғой!

Өлім аузында жатқан жарықтықтың қасында тұрған жұрт:

– Сен бір тайпаның соңғы тұяғысың ғой. Сенімен қоса бір тұқым, бүтін бір әулет құрып кете ме?! – деп мүсіркегенде:

– Адамзат деген қызық екен ғой – депті үндіс, – өздері өлтіреді де, «Өлтірген – кім?!» – деп сұрайды!!!

Яман тайпасының соңғы тұяғы фәниден бақиға көшерде бір-екі ауыз тілге ғана келсе, Ұлы Дала төсінде үш мың жылдай сайран салған көшпелілер өркениетінің кара шаңырағы Хас Сак – Қазақтың Соңғы Тұяғы көкейіндегісін күллі әлемге саркыл айтып жатыр! Орыс тілінде, неміс, казак тілінде...

Көкірегі шер құса болған соң, тілі де – удай: «XX ғасырдың 90-шы жылдары – дейді Ол, – Беларусияда Дементей деген бір мемлекет қайраткері болған. Ана тілінен мақрұм пенде екен. Жоғарғы Кеңестің бір мәжілісінде одан беларус тілінде бір ауыз сөз айтуды сұрайды. Сонда әлгі бейшараның кәлимаға тілі келмей, ел-жұртына күлкі болған...

Біздің шенеуіктерімізден қалай аумамай калған?!

Сол кезде Беларус мектептерінде «Көп тіл білетін кісіні кім дейді?» деген сауал жүрген көрінеді.

– Полиглот! – депті оқушылар бір ауыздан.

– Ал ешқандай тілді жөнді білмейтін кісіні кім дейді?

Оқушылар үнсіз қалып, терең ойға батады. Сыныпта тылсым тыныштық. Сол кезде бір оқушы орнынан атып тұрып:

– Ондай пендені Дементей дейді! – депті» (*«Гармония духа»*, Москва. *«Русская книга»* 2003. 212 бет).

«Біздің үкіметіміз бен депутаттық корпусымызда, Президентіміздің манайында осындай қаншама «дементейлер» қаптап жүр?! – деп жазады Хас Сак-Қазақтың Соңғы Тұяғы, – Осындай «дементейлердің» қарасы көбейген қазіргі тұста қазақ тілінің қасиеті мен қарымдылығы хақында қалайша тіл безеуге болады?!» (*Бұл да соңда*, 212 бет).

Керемет сөз! Тағы бір кереметі – мұны айтып отырған қазақ емес, қазақты – қазақтан да асыра бар болмыс-бітім, жан-тәнімен сүйетін заманымыздың заңғар сөз зергерлерінің бірі һәм бірегейі Герольд Бельгер!

Алашты Алла алқады, аруак жебеді! Үш жүз жылға созылған отаршылдық ойранынан тігерге жөні түзу тұяқ қалмай, енді келіп жаһандану заманы ұлтымыз бен ұлысымызды жалмауыздай жалмағалы жатқанда Тәңрі бізге Герольд Бельгерді жіберді!

Беларустың «дементейлері» біздің «дементейлердің» қолына су құя алмай қалғалы қашан?! Біз он алты миллион қазақстандық өзінің мемлекеттік тілінде сөйлей алмайтын мемлекетте өмір сүріп отырмыз! Өзінің Президентінен мемлекеттік тілде емтихан алатын ұлт республикалық, облыстық, аудандық, тіпті, ауылдық денгейдегі ірілі-ұсақты шенеуіктермен мемлекеттік тілде сөйлесе алмайтын күнге де жетіп жығылды. Әлемдегі бәсекеге қабілетті озық елдердің қай-қайсысымен болса да тізе қағыса алатын ұлы мәртебелі поэзиясы бар қазақ тілінің мемлекет басқаруға қабілет, қарымы жете бермейтін көрінеді... Олардың ойы – осындай!

Осыншама ұшқары ұғым, жадаң түсінік қашан шыққан? Қазақтың билікте жүрген игі жақсылары біле қоймайтын құпияны Г.Бельгер біледі екен. Сөйтсек, оның тамыры тым тереңде. 1986-шы жылы. Желтоқсан көтерілісінің айдарынан ызғарлы жел есіп тұрған кезде Қазақстанға Мәскеуден Мищенко ма, Тищенко ма, бір эмиссар келеді. Оның бар мақсаты қазақ тілінің бар жоғы екі жүз (200!) ғана сөзден тұратынын дәлелдеу екен! ЦК-ға ара-ағайын ретінде Гер-Ағаны шақырған. Неге дейсіз ғой? Біріншіден, ол басқа ұлттың өкілі, екіншіден, қазақшадан орысшаға тәржіма жасап жүрген маман. Қазақ тілінің бар-жоғы екі жүз (200!) ғана сөзден тұратының бір білсе, осы біледі деп ойлаған болуы керек!

Қазақ тілінің кедейлігі мен жұтандығы хақындағы ой бұлардың басында баяғыдан бар болып шықты. Бірде Мәскеуден келген танымал бір әдебиет сыншысы, еуропалық тілдердің білгірі Гер-Ағаннан:

– Қазақ тілі деген бар ма өзі?! Осының өзі өзбек тілінің бір диалектісі емес пе? –деп сұраған көрінеді!

Тағы бірде социалистік Германиядан келген бір журналист:

– Қазақ тілінде махаббат деген сөз бар ма? Бар болса, ол біздің еуропалық ұғым, түсінікке каншалықты сай келеді?! – деген!

Гер-Ағаның қаны сол кезде қарайған – совет өкіметі кезінде! Қазақ тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болғанда ол неден қаймығып, неден тартынады?! Шығармашылық азап-бейнеті бір басына жететін, анасынан Суреткер болып туған неміс баласы адам рухының шиыршық атқан сәттері қахында айтар сөз, ағытар сыры жан дүниесін буып тұрса да, соның бәрін сырыл қойып, қазақ тілінің телегей-теңіз байлығы мен образ, оралымдылығы жөнінде терең ойға батады. Орыс, қазақ, неміс сөздіктерін ақтарып, төңкереді. Адамзаттың алып суреткері ағылшын Шекспир шығармашылық жұмысында 15 мың сөз қолданса, қазақтың Мұқтар Әуезові «Абай жолы» дәуірнамасында 16 мың 893 сөз қолданғанына көзі жетеді. Елу үш жыл кара терге түсіп, орыс сөздігін тезге салған Дальда екі жүз мыңдай сөз болса, 1953 жылы шыққан қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде 180 мың, 1972 жылы шыққан сөздікте 2 миллион 550 мың сөз болған! Қазақ тілінде «ақ» деген сөздің 130 мағынасы бар екен!

1899 жылы Орынборда профессор М.Машановтың «Русско-киргизский словарь» деген сөздігі шығады. Совет өкіметінің өзі түгілі, қарасы көрінбеген кез. Сонда ол орыстың «вид» деген сөзінің қазақша мынандай баламаларын атайды: түр, кескін, сынық, сымбат, тұрпат, келбет, нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рен, тұлға, ұсқын, айбар, пыс, кейін, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, өң, көрініс.

Ілияс Жансүгіровтің шығармаларындағы Гер-Ағаның көзіне түскен өсімдік атаулары: қарағай, тал, долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша, ақсасық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйенкі, шырғай, балғын, тораңғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, түйеқұйрық, тауконақ, шәйшөп, құлынембес, сүтіген, еңлік, мейіз, киізкік, ақшалғын, көкемарал, бетеге, балдырған, уқорғасын, мынтамыр, жаужапырақ, ермен, жалбыз, құлмық, қарқияқ, жыланқияқ, сасыр, таусарымсақ, қызсалмалдық, ойлықияқ т.б. (167 б.)

Қазақ атамекенін қандай қару-жарақпен қорғаған: алдаспан, қылыш, сапы, семсер, найза, сүңгі, айбалта, селебе, шоқбар, сойыл т.б. (160 б.)

Кейбір қазақтар бізде би өнері болды ма? – деген күмәнді ойда

жүр. Қазақта мұндай өнер болмаса соған қатысты мынандай сөздер қайдан шыққан: саяк жүріс, сыпайы жүріс, өкше алмасу, сырма, ширағпа, бұраң бел т.б. (179 б.)

Қазақ адамның ғұмыр жасын қалай атаған: нәресте, сәби, бөпе, бөбек, бүлдіршін, балдырған, ойын баласы, сығыр, ересек бала, боз бала, жас жігіт, құр жігіт, ер түлегі, жігіт ағасы т.б. (155 б.). Осыншама ұғым кеудесіне нан піскен орыс, ағылшын, тіпті, немістердің өзінде бар ма?

Гер-Аға Тұрсынжан Шапайдың бір шығармасынан алпыс екі қос сөз тауып алып, мәз-мәйрам болады!

Қазақ ұғымындағы уақытқа бойланысты сөздердің бір парасы: танертен, елен-алан, құланиек, құлқын сәрі, таң сәрі, таң, сәске, сиыр сәске, сәскетүс, ұлы сәске, түс, бесін, ұлы бесін, кіші бесін, құлама бесін, екінді, намаздыгер, ақшам, ымырт, алагеуім, кешқұрым, намазшам, кеш, түн, іңір, қызыл іңір, жарым түн, қаң қараңғысы т.б. (151 б.).

Гер-Ағаң тіл бай екен деп күллі елге ортақ ұғымдарды қалай болса солай тәржімалауға болмайтынын да орынды айтады. Мәселен: паспортты «төл тұмар», «төлқұжат» деп аударудың қажеті қанша? Цивилизацияны өркениет деп аудардык. Феодализм, социализм, капитализм, комунизм, фашизмді не деп тәржімалаймыз? Аты шулы совет өкіметін «кеңес өкіметі» деудің не керегі бар? Осыншама байлығы телегей теңіз терен, бейнелі, берекелі қазақ тілі қалайша қарабайырланып, бүлініп барады?! Қазақтың үйдегі, көшедегі, қоғамдық орындардағы шәлдір-шүлдірі Гер-Ағаның қанын қарайтады:

«— Мынау нағыз ұйқтайтын пагода екен.

— Иә, бірде қар, то дождь.

— Ау, телефондары не работает қой?

— Бүгін целый день снег жауад деген.

— Снег па, дождь па?

— Снег деп айтты.

— Холод болады деп айтты ма?

— Холод бола қоймас. Временами деді ғой...» (211 б.).

Білгірлердің айтуына қарағанда, жер бетінің тұрғындары 5651 тіл мен диалектіде сөйлейді. Бір ғана Үндістанның өзінде 845 диалект бар. 11 миллион тұрғыны бар Камерун 262 тілде сөйлейді. Бірақ, бәрінің бір-ақ мемлекеттік тілі бар. Тілі қак айрылған қазақтан басқа халық жоқ! Айыр тілді жылан бар дейді...

Ірі мәдениеттанушы һәм тіл білімінің білгірі Вячаслав Иванов жер бетіндегі 6 мың тілден күндердің күні 6 жүз ғана қалатынын айтады. Мұның қасиетті қазақ тіліне, мүлде, қатысы жоқ! — дейді Хас Сақтың Сонғы Тұяғы! Аузыңа — май, Гер-Аға!

Бұған қарап, қазақ тілінде бүкіл адамзатқа тән атаулардың бәрі бар деген ұғым туа ма?

– Жок! – дейді Гер-Аға, – қазақта бұрын түрме деген сөз болмаған! Күллі Еуропа елдеріне етене таныс «презерватив» деген сөз қазақта жок!!!

Гер-Ағаның қазақ халқының даналығына, бекзаттылығы мен тектілігіне деген тәнтілігі бүгінгі қазақтың өзінде жок!

– Бір күні – деп жазады ол, – ауылда жүргенде Ерғали ата менен жеті атамды сұрады.

– Әкем – Карл. Атам – Фридрих. Бабам – Хайнрих болса керек Арғы жағын біле қоймаймын...

– Жә! – деді Ерғали ақсақал, – неміске осы да жетеді...

Қазаққа жеті атаны білу қасиетті парыз. Менің Шота Уалихан досым сонау Шыңғысханнан бастап, бүгінге дейінгі 23 атасын біледі: – деп аң-таң қалады ол. Орыстарда осыншама атасы белгілі Пушкин ғана. Орыстың ұлы ақыны қу тақырдан тамыры тереңге кеткен текті тұлғаның өсіп-өрбімейтінін жақсы білген. Мұны Пушкин ғана емес, Корольдің құпия кеңесшісі, министр фон Гёте де ішінен терең сезінген. Ол – Франкфурт шаһары билеушісінің ақылшысы Иоганн Каспер Гётенің бел баласы! Франкфурттың бас заңгері, император памеснигінің немересі! Оның жетінші атасы XVI ғасырдың ұлы суретшісі Лукас Каринарх Старший! Гетеміздің түбі қандай!? Шынжыр балақ, шұбар төс, дала бекзадаларының белінен жаралған Хакім Абай қандай?! – дейді ол аузынан су ағып!

Ал Алтай – Арқа – Алатау – Атырауға дейінгі ұлан асыр аймақты найзаның ұшы, Ақсүйек мырзаның мысымен жаудан аман алып қалған қазақтың бүгінгі ұрпағы не істеп жүр?! Біздің бүгінгі биліктегі «дементей» – шенеуіктеріміз жеті атасын тани ма?! Таныса – олардың арғы ата-бабасында мыңды айдаған мыңғырған бай-бағлан, ұрпақтан – ұрпағына береке дарыған ақсүйек – бекзат, аузы дуалы шешен, көш бастаған көсем бар ма?!

Ойланатын-ақ мәселе...

Әке-шешесінен бастап, баласы, немере, шөбересіне дейін орысша шүлдірлейтін осы «игі жақсылар» қазақ тілін, қазақ әдебиетін білмей-ақ қойсын. ең болмаса ұлы орыс әдебиетіне көз сала ма екен?! Тәңрі оларға орыс жұртында Собакевич, Хлестаков, Беликов сияқты пенделер ғұмыр кешкенін ой көзінен өткізе алатынындай интеллектуалдық өре берді ме екен?! Орыстағы онбағандық пен қазақтағы қасиетсіздіктің шығар жері, шырқар өрісі біреу-ақ екенін бажайлай алар ма?! Олардың өздері тоғышарлықтың ұлт пен жұртқа бөлінбейтіндігін көзге шұқып көрсететін Әдебиет дейтін Әлемдік Рентгеннің алдында

кеудесін ашып, түрегеп тұрғанын сезе ме екен, сезбей ме екен?! Даладай кең пейілді қазақ жылы құшағына дүниенің қаншама жетімі мен жесірін паналатты?! Совет өкіметі оны «жүз тілдің планетасы!» – деп мадақтаған. Ақыры не болды? Қазақтың жылы бауырына тығылып, басын көтерген осы ұлт пен ұлыстың өкілдері қазақтың көңліне қалайша қарамайды?! Қазақстандағы диаспоралар неге ұлттын деп кеуде көтереді?! Орыс – Ресейде, украин – Украинада, беларус – Беларуста, өзбек – Өзбекстанда түгін түтетіп жатқан жоқ па?!

Гер-Ағаның қазақтың ежелгі ұлттық рух, киесіне деген ілтипат құрметі арқанды шымырлатып, аруақ шақыртады. «Эй, Кира, а у немец бывает «пир»-покровители, защитники. Духи животных?». «– Нет, мне такое слышать не доводилось. Спрошу у родителей.» «А у орысов?» – допытывается старик, ловко затачивая бруском литовку. Тоже не слышал». Жылқының пірі – Қамбар ата, түйенікі – Ойсыл кара, сиырдыкі – Зеңгі баба, қойдікі – Шопан ата. «А у людей покровитель кто?» «У всех людей покровитель один – Құдай!» «– Так разве? А я думал – Сталин?!» «Э, брось Кира, не пугай меня...» (147 б.)

Орыс өлеңінің ұйқасы қазақ өлеңімен салыстырғанда оның көңлін де көншітпейді! Мұны кезінде Пушкиннің өзі аңғарған екен. Соған дәлел ретінде Илияс Жансүгіровтің «Күйшісінен» біраз ұйкастарды көлденен тартады. Бүгінгі қазақ жырында бес, жеті буынды ұйкастар да бар: «Бұлқынбасам қаттырақ – мүшем де ұйып барады, Ханға бермес қолымды – кісен қиып барады.» (Жүмекен Нәжімеденов. «Күй кітабы»). «... Той қылған көпке інінің ерлігі дұрыс, Көмектеп, көптен көрсетер елдігін де ұлыс. Риясыз думан өткізу ендігі бір іс» (Жұматай Жақыпбаев).

Хас Сактың Соңғы Тұяғы әлі күнге дейін қазақтың ғарыштық ойлау жүйесінде жүр. «Қазақ – Ақсүйек! Бекзат! Мырза!» (182 б.) – дейді Ол. Біреу неше балан бар? – десе қазақ үш-төртеу демейді: «Аллаға шүкір, бес-алты жүгірмек жүгіріп жүр ғой» – дейді. «Көрші ауылдың арасы қанша шақырым?» – десең: «Оны кім өлшепті? Иек астында ғой» – дейді, немесе: «бие сауғанша, түйе сауғанша барасын, таяқ тастам жерде» – дейді.

Ол өзі жанындай жақсы көретін қазақ жұртының дүниенің 23 елінде нұмыр кешіп жатқанына алаңдаулы. Ресейдегі қазақтардың кәмелеттік жастағы түлектері ана тілінен махұрым... Өзбекстандағы қазақтар сауатын латын әліпбиімен ашады. Ата-мекеніне оралса, қазақша кара танымай әуре. Қарақалпақстандағы қазақтардың тірлігін көрсең көзіңе жас келеді: өзбектеніп барады! «Егер бізді шақырып алмаса – дейді олар, – шекараны басып өтеміз! Баска шарамыз қалған

жок.» Қытайдағы миллионнан астам қазақ енді қалған елу жылда шүршітке сіңіп жоқ болады!»

Қазақтың арқасына батпаған ауыр жүктен Гер-ағаның белі қайсып бара жатыр! Сонда Хас Сак – Қазақтың Соңғы Тұяғы осы болмағанда кім болады? Қазақтың алтыбақан алауыздығы, ұлт болып ұйыса алмай, рулық, тайпалық деңгейге бұра тарта беретіндігі оның көнілін құлазытады. Ол өзі ерекше қадір тұтатын Юрий Герттің «Отбасындағы мұрағаттарын» оқып шығып, одан да көңілі қалғанын айтады. Тарихи жағдаяттарды бір жақты қабылдап, «Еврейдің жәбірленуі, еврейдің қасіреті, еврейге қасақана жасалған қастандық» тұрғысынан баяндауы Гер-Ағаның ашу-ызасын туғызады. Қазақтың қасіреті жойттан аз деп кім айтты?! Ол оны өз көзімен көрген! Отаршылдықтың озбырлығынан қазақтай қасірет шеккен халық бар ма жер бетінде?! 20-жылдардағы жашпай тәркілеу мен 37-жылғы қуғын-сүргін, жазалауда осы ұлттың сорпа бетіне шығарының бәрін қалқып алды! 32-жылы қазақтың тең жартысын қырып тастады! Қаншама мың қазақ шетел асып, бас сауғалап, қаңғып кетті?! Енді келіп, елі егемен болғанда осындағы гольф ойнайтын мырзалар мен Алаш жұртының арасы аспан мен жердей алшақтап барады!

Қазақтың адамзатқа деген мейір, махаббат, ілтипат-құрметін Гер-Ағандай терең пайымдаған бірде-бір ұлт өкілінің болмауы көкірекке шер ұялатады. Асылы апайдан басқа... Қазақстанда туып, Қазақстанда ер жетіп, қазақ тіліне, қазақ еліне төбеден тіксіне қарау-туасы мәрт, мырза, ақкөңіл қазақ халқының ашу-ызасын түрткілей бастады... Қазақстандықтардың бәрінің бірдей Герольд Бельгер болуы шарт та емес, мүмкін де емес. Ол өзінің гуманистік, кісілік болмыс-бітімімен адамзат баласынан асып туған тұлғалардың қатарын түзейді. Бірақ, қазақстандықтардың бәрінің де қазақты Гер-Ағандай қадірлейтін кезі келді. Егер оған олардың өресі жетпей жатса, енді бұл процесті мемлекеттік тұрғыдан реттейтін уақыт та болып қалды. Алманияға тасша батып, суша сіну үшін, ең құрығанда, немісше ауыз екі сөйлеуге төселу керек. Израиль азаматы болуы үшін ивритше тіл сындыру – міндет. Жойыт жұрты Израиль мемлекетін құрғанда ол елде мемлекеттік тіл деген жоқ еді ғой?! Олар оны Інжілден үйреніп алып, иврит тілін ұлттық айналысқа түсірді! Ұлы халық, сан ғасырлық ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі, ауыз және жазба әдебиеті кемеліне келіп, толықсып тұрған қазақтың мемлекеттік тілін менгере алмайтындай соншама не көрінді?! Неге үндемейсіңдер, қазақ Дементейлері?!

Мандайы жарқыраған қасқа, аузынан ақ гүл төгілген шешен, арқасына аруақ қонған көсем болсаң да, ана тілінсіз адамның ғұмыр-тіршілігі жұтан да, мазмұнсыз, қараң екенін ол біздің бәрімізден жіті



аңғарып қойған: «Айтматовтың «Таулар құлаған шақта» атты романын оқып бітірдім. Басталуы ғаламат. Оқиға жоғары деңгейде өрбиді. Соңы да жақсы біткен. Алайда, көзге ұратын олқылықтар да жоқ емес. Әсіресе, тіл жағынан. Газеттік әуен, көсемсөздік көсіліс. Әдеби машық. Ойдан шығарылған, қолдан құрастырған тұстарына қарын ашады. Қайталап айтайын, соңы әдемі аяқталады, кәдімгі Айтматовтық ауқым. Дегенмен, Шыңғыстың орысшасы осал. Оған қарағанда тұмысы бөлек Ким едәуір қарымды. Ұлты кәріс Ким орыс тілінде орыс жазушысына жетекабыл жазады. Шыңғыстың тілі шимай-шатпақ, интернационалдық тақпақпен шұбарланған...» («*Парасат*» журналы №10, 2008 ж. 29 б.). «Адамзаттың Айтматовының» орысшасы осындай болғанда, біздің «дементей» – шенеуіктердікі қандай екен, шіркін?! Ұлттың бесігінен шықпай, адамзаттың төрінде алшандап жүре алмайсың! Алланың жаратқан ұлы құбылысының бірі хәм бірегейі – Ұлт! Қырт атаулы басқа жерде күшіктейді!

Герольд Бельгер осы замандағы зиялылардың шынайы озық үлгісі! Гете мен Абайдың рухынан жаралған Азамат! Ол нағыз неміс ұлтының бел баласы болған соң қазақ жұртының қасиетін танып, қасіретіне боздап отыр! Әлемнің Азаматы деген не өзі? Ол – қазақ боп туып, орысша өлең жазып, қазағына мұрнын шүйіре қарайтын орыс ақыны емес, осы топырақта немістің кіндігінен жаралып, оны қазақтан да әрі егіле сүйіп, емірене жырлаған біздің осы Гер-Ағамыз!

Қазақ үш ғасырлық отаршылдықтан шықты. Құр сүлдері қалып, эзер шықты. Енді оған жаһандану дейтін жалмауыз аузын ашып қарап тұр! Яман тайпасының соңғы тұяғы дүниеден көшкенде мына жарық жалғанда оның өзінен басқа тірі жан қалмаған-ды. Ал Хас Сак – Қазақтың Соңғы Тұяғының жан айқайын Ағырау – Арка – Алатау – Алтайға дейінгі аймақ естіп тұр ғой. Тәңірге – тәуба! Ол бізге тағы бір тұйықтан шығар жол сілтеді. Қазаққа Гер-Ағаны жіберді! Еңсегей бойлы Ер Есімдей ер ағаны, Момышұлындай ешкімге бас имейтін өр ағаны, Хас Сактың өзіндей сері ағаны жіберді! Алла оның ғұмыр жасын ұзақ қылғай...

## ҰЗАН

*Ғалым Жайлыбай бауырыма  
Автор*

*Өзеге, көңілім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Иштегі дертті жоярсың.  
Сайра да зарла, қызыл тіл,  
Қара көңлім оянсын.  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омырауым боялсын.*

*Абай*

*Келеді күн жауғалы бұлт айналып,  
Шешеннен сақау озды, тіл байланып.  
Тұлпардан мәстек озып бәйге алғаны,  
Дүние кеткені ме шырқ айналып?!  
Халық әнінен*

Қазақтың иесі – Көк Тәңірі, киесі – Домбыра! Аспан астында Алаш дейтін киіз туырлықты ұлан-ғайыр ұлыс пайда болғалы осылай болған. Осылай бола береді.

Жұмыр жердің жартысына әмірін жүргізген Сайып қыран Шыңғыс ханның аңда жүріп, асау тарпаң теуіп өлтірген ұлының қазасын тірі пенде тіл қатып, естірте алмағанда қаралы хабарды осы Домбыра жеткізген деседі. Домбыра бар да қазақ дейтін халықтың тарих сахнасынан із-түссіз жоғалып кетуі мүмкін емес. Домбыра болмаса... Оны бір Құдайдың өзі біледі.

«Ақсақ құлан» аңызы сонау Шыңғыс хан заманының бір көрінісі.

Енді Домбыраның осы заманғағы бір аңызын алдарыңызға тартайың. Мұны маған журналист Мағауия Сембай айтып еді. 2000-шы жылдың жазында Прага шаһарында қазақ әдебиетінің классигі Мұқтар Мағауиннің 70-жылдық мерей тойы болады. Той Влтава өзенінде, «Еуразия» кемесінің үстінде өтеді. Тойға келген қазақтың қарасында есеп жоқ. Туған жері Қазақстан, Еуропадағы қазақ қауымдастығы мен шартарапқа тарыдай шашылған түркі дүниесінің өкілдері, жазушының көзқаракты оқырмандары да – осында. Сол тойда Арқаның айтулы әншісі Құрмаш Ыбышев ортаға шығып, қалың елді өзіне тәнті етеді. Мақтымқұлының термесі Прага көгіне әуелей жөнелгенде туған жерінен саяқ құрлы сая таппай, сартап сағыныш өзегін өртеген түркімендер егіліп қоя беріпті.

– Мынау біздің Мақтымқұлы ғой! – депті көз жастарын тия алмай.

- Әні кімдікі?
- Түп тура біздің түркіменнің әуені! – десіп, әнді қолқалап қайта-қайта айтқызады.
- Қайран, қазақ бауырларым-ай!
- Көсегең көгерсін, көсегең көгергір!
- Түбі бір түріктің қара шаңырағы – қазақтан айналдым! – деп, кеу-кеулесіп кетеді.

Бұл әннің авторы, арқасына аруақ қонған – Арқаның айтулы әншісі Игілік Омаров! Руы – Алтай Алсай – қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, уығын шаншығандардың бірі һәм бірегейі! «Арғын болсаң – Алтай бол!» – деген сөз бар қазақта. Оны тарата, тарқата айтудың керегі шамалы. Осы бір ауыз сөзге бәрі сиып тұр. Заманында қыр төсінде қырық болыс құрып, ұлттық мемлекетіміздің небір уытты ұлдарың арулап Алаш аспанына шығарған бұл тұқымның жатыры алтынмен буланып, жағасы күміспен көмкерілгелі қашан? Арғы жағын айтпай-ақ, бергі жағына қыдырта көз салсаң, адамзаттан асып туған Сұңқар – Сәкен тұр! Сәкеннен бергі аралықта қазақ руханиятына қарымды үлес қосқан қаншама тұлға?!

Игілік Омаров жарық дүниеге шыр етіп келген тұста Ұлы Дала төсінде III мың жыл салтанат құрған ұлы көшпенділер өркениетінің төбесіне камшы ойнап, аяғына кісен түскен-ді. Ол қазақ сахарасына адамзаттық құндылық атаулыға алая қарап, атой салып қарсы шыққан қарғыс атқыр совет өкіметі орнаған заманда туған-ды. Тәңірінің маңдайына жазғаны осы болды. Адамзат үмбетіне айтулы рухани қазына сыйлаған көшпелі өмір салты осы Игіліктер тумай-ақ, XVII-XVIII ғасырлардан бастап, тарих сахнасынан ығыстырыла бастаған. Қалың жауға қасқайып жалғыз шабатын Тарғын Баһадүрді қайдағы бір шиті мылтық ұстаған шибұт самагоншы тарс етіп атып тастаған күні «Мен – Ұлы Тұранның тұяғы! Далада туғанның талайы артық!» – дейтін қазақтың өр кеудесі басылып, көкірегіне шер тұнған. Сары-арқаны әнімен тербеп, сәнімен ажарлаған Сал Біржан, Сері Ақан, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Жарылғалберлі, Уәйіс, Ғазиз, Майра, Балдуан Шолақтар фәниден бақиға көшіп, құлаққа олардың үн-әуезі туу алыстан талықсып жеткен заман еді. Бағыста – Мұхит, Ғарифолла, Жетісуда – Жамбыл, Кене, Шығыста – Берікбол, Көпен, Бәйісбай Шабанбай, Арқада – Әміре, Жүсіпбек тумаса, ұрпақтар сабақтастығы пышақпен кескендей кілт үзіліп, қазақтың ежелгі болмыс-бітімінің быт-шыты шыққалы тұрған.

Игілік Омаров осы өліарада дүниеге келіп, Арқаның ән дәстүрін аман алып қалғандардың қатарын түзейді! Жүсіпбек ағасымен тізе қағыса Нар Кемпірбай, Сері Ақан, Сал Біржан, Үкілі Ыбырайларды қайта тірілтіп, олардың мол мұрасын қазақ руханиятының айналы-

мына косты. Жүсекеңнің ән мектебіне қатарласа, қапталдаса Игіліктің ән мектебі қияға қанат қакты.

Игілік Омаровтың кезінде Сарыарканың Жаңаарқасы қазақ әнінің алтын ошағына айналды десе болады. «Аркаға келсең, әншімін деме!» деген сөз осы кезде шыққан. Тоталитарлық қоғамдық жүйеден әбден қажып, қалжырай бастаған қалың ел Совет өкіметі кезінде Сарыарканың Жаңаарқасына жалт қарады. Қазақ музыкасының алтын қазынасына жазылып, әуе толқынынан күн сайын күркіреп жететін Игілік Омаровтың өр дауысы – ежелден кеудесін кере дем алған, ұлы Тұран империясының сол кездегі көзі тірі зәузатының қанын қайта лапылдаатып, қаһарына қайта мінгізгендей болды!

Мен Игілік Омаровтың әнін етек жауып, ес білгелі естіп, оның ғажайып сиқырына қаршадайдан шомылып келе жатқан кейінгі буынның бірі едім. Жүсекең, Мағауыялардың туған жердің жамалындай сұлу, елжірей соққан самалындай нәзік әуезіне мүлде ұқсамайтын, Игіліктің көмейінен күмбір қаққан рыцарьлық-жауынгерлік жойқын дауыс алпыс екі тамырыма атойлап кіріп, арқама аруақ қондырып еді. Егер бүгінде менің жырларымда Көк Тәңіріне көктей ұмтылып, Көк Бөріні сарғая сағынған асау ағындар бой көрсетіп жатса, мен осы Игілік Омаровтың әндеріне қарыздар шығармын. Атка мінгенде арқасы қозып кететін Сак – Ғұн – Түрік қағанаты ұландарының ғана көмейінен шығатын ұранды өр дауыс, ерен ер болмыс-бітім, жасампаз да жарқын қаһармандық пафос менің көктен көксегенімді жерден тауып берді.

Жүзін бір көрсем деп армандаушы едім. Икең 2007 жылы жетпіс үшке қараған шағында фәниден бақиға көшті. Бұл кезде мен Қарағандыда жүргем... Қарағанды мен Жаңаарканың арасы көш талып жететіндей ит арқасы қиян – жердің түбі емес еді ғой. Бала жасымнан ансарыма айналған осы тұлғамен жүзбе-жүз жолығуды тағдыр менің маңдайыма жазбады. Кінә – өзімнен. Шырақ алып іздеп барсам, адаспай тауып-алар едім... Күйкі тірліктен аспадым. Енді мынау жалғаннан сол өзегімді өртеген өкінішпен өте беретін шығармын...

Қазақтың барлық сал-серілеріндей, Игіліктің де тағдыр-таланы трагедия, қасірет-налаға толы. Өмірінің соңғы он жылында сал ауруына ұшырап, домбыраға қол сала алмай қиналады. Өз күйлеріне қызғанышпен қарап, оны бұзып тартқандарға ашуын ірке алмаған Сайдалы Сары Тоқадай, есігін жауып алып, шыттай киініп, домбырасын қолға алады да, айнаның алдында жападан жалғыз отырып, мұңға батады. Той-домалақта халық әнін әуелеткен жас буын әнші өнерпаздарға сүйсіне қарап, көзіне келген кермек жасты ірке алмай, егіле берген деседі... Құдайдың құдіретімен Батыраш-Қотыраштың балтасынан аман қалғанда... Аяғына жем түсіп... Аламан бәйгеге жанарынан жасы ағып, алабұрта қарап тұрған Құлагер елестейді менің көзіме!

Алашта Садық Кәрімбаевтің «Акеркесін» осы Игіліктей айтар кім бар?! Бұл – ерекзатының әйелзатының сұлу сұңғыласына деген ерекше ілтипат құрметі, ерен махаббатының белгісі. Қос жанары ба-сыр боп, қараңғы дүниені қармап қалған Садық Кәрімбаевтің көзі ша-радай жанған еркек атаулы көре алмаған сұлулықты қалайша байқап қалғанына осы әнді айтатын Икеңнің өзі ан-таң қалған деседі. Тарих-та соқыр музыкалтантар һақындағы аңыз, әпсаналар жетіп артылады. Атак-даңқы адамзатқа мәшһүр неміс композиторы Моцарт... Қазақ Садық Кәрімбаевтің әйел сұлулығын қиядан шалып, қырандай ілуі одан бір кем емес-ті. Әлем әдебиеті мен өнерінде, ән әуенінде әйел әсемдігін паш ететін жауһар дүниелер саусақпен санарлықтай болса, соның бірі һәм бірегейі осы Садық Кәрімбаев пен Игілік Омаровтың «Акеркесі» болуға тиіс! Бұл әнді айтқан әншілер көп-ақ. Бірақ оны дәл осы Игіліктей нәшіне келтіре айтқан ешкім жоқ. Оны алғаш рет фортепьяноның сүйемелдеуімен орындаған Рәбиға Есімжанова. Игілік «Акеркені» әуе толқынына шығарғаннан кейін Рекең сол әнді мүлде айтпай қойған көрінеді...

Игілік Омаровтың орындауындағы Сәкеннің «Тау ішінде», Илья Жақановтың «Жайлауқөл кештері», «Арқаның аруы», «Меңді қыз», «Нұрланып менің-дағы туар айым», Әбілахат Еспаевтың «Әлі есім-де», Шәмші Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу» әндері ешкімге ұқсамайтын ою-өрнегімен елден ерекше тұр. «Қайыптың қоштасуы» мен Мақтымқұлының «Боларсын» әндерін Игілік Омаровтың өзі шы-ғарған. Қазақтың халық әндеріндей! Телтума емес – телтума!

Аркадағы Игіліктің ән мектебі Жаңаарқа топырағынан қаншама бұлбұл мен дүлдүлді қияға қанат қақтырды. Соның бәрін саусақпен санамай-ақ ұлттық ән өнерімізде айрықша орны бар екі әншінің атын атасак та Алашқа аздық етпес еді: Қайрат Байбосынов! Бекболат Тілеухан! Игіліктің осы дүниеге тастап кеткен екі балапаны! Балапан-нан сайып қыранға айналған екі сұңқары! Екі тұлпары! Екі тірі көзі!

Ол серттей берік, анттай адал адам еді. Бірде пойызда келе жатып бір топ жас айтып жатқан бір әнге елжірей құлақ салады. Сол заматта жаттап алып, ертеңіне елге айтып келеді. Сак құлақ қазақ әншілерінің бәрі осындай зерек болған. Сөйтсе, бұл ақын Қонысбай Әбіловтің әні екен. Сол әнді әуе толқыннан естіген Қонысбай: «Ике, менің әнім десеңіз де сізбен таласпайтын едім ғой» деп ырза болған деседі.

Мамандығына қарасан, орыс әдебиеті мен тілінің мұғалімі. Пуш-кин, Лермонтов, Гоголь, Достоевскийлерден бастап, Вознесенский, Евтушенкоға дейінгі орыс әдебиетінің тереңіне балықтай жүзген. Сөйте тұра, есіл-дерті қазақ жыры, қазақ әні, қазақ мүддесі болған! Өктемге өр басын имеген! Заманына қарап күйлемеген, не деген ірі тұлға десеңші!

Өнер атаулының өріне шығып, дүниедегі өркениетті жұрттармен

канжығаласып келе жатқан қазатың өзінде барды өзгеге көрсете алмайтын керенаулығы көңілге көлеңке ұялатады. Икең нәшіне келтіре салған «Жамбас сипар», «Жонып алды», «Қанат қакты», «Алтыбасар», т.б.с.с. Мәди мен Біржан, үкілі Ыбырай мен Ақан сері әндері қайда?! Игілік ғұмыр кешкен замандағы техникалық прогрестің соны көшіріп алатындай қарым-қуаты бар еді ғой? Мәңгі тұратындай көріп, мән бермедік. Қазактың музыкалық алтын қорына оның каншама ән-әуені жазылмай қалды?! Жер сарайын жаңғыртып келетін келер ұрпактың алдында біздің бетіміз талай қызарады әлі... Кеше көр бізді, Көк Тәңірі!

Осы дүниеңді жазып жатып, қаламнан қол талыңқырап, дамылдаған бір сәтте Икеңнің әнін қайта бір тыңдағым кеп, дискісін компьютерге қойып қалсам... Бұрын қалай байқамағам, «Неизвестный альбом», «Неизвестный исполнитель», «Неизвестный автор» деген жазу шығып тұр! Көзім қарауытып кетті! Интернет бір жақта, біздің қазақ бір жақта жүр екен... Сонда, экраннан бір күн түспейтін киркоровтар жалпақ елге әйгілі болып, біздің Игілік Омаровтарды интернетте отырған қазақтың біреуі танымайтын болса, қазақ өнері мен қазақ халқында не мән, мазмұн қалмақ?!

Ғаламдасу дейтін қанды көз қазақтың құтын қашырып, лаңғырлаған поп музыка құлақты сарсылта бастаған мына заманда Игілік Омаровтың орны үңірейіп бос тұр. Енді ешкім Игілік бола алмас, оның үңірейген орны қайта тола алмас... «Ат тұяғын тай басар» деген сөз өмірге жүргенмен өнерге жүрмейді!» деп, қайран Ғабен (Мүсірепов) қалай тауып айтқан?!

Құлагерлерінен айрылып, құла дүзде қолына жүген ұстап қалған біздің буынның елге кеткен есесі аз емес. Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл өтсе де есімізді жиып, етегімізді жаба алмай жатырмыз. Тарих донғалағы шыр айналып, біз жүрген жұрттан совет өкіметі көшіп кеткелі қашан?! Енді Қарағандының қазағы Бензинная, Зональная, Магнитогорская, Кувская көшелерінде емес, Игілік Омаровтың данғылында сайран салып жүруге нақылы! Италия операларын сахнада көшіріп қойғаннан көсегеміз көгеріп кеткен жоқ. Енді ел ішінде бала Игіліктерді сахнаға жетектеп алып шығатын Игілік Омаров байқауларын бастауымыз керек!

Сәкеннің сүйегі қайда қалғанын мұнда тірі жан білмейді әлі. Сарыарқаның Жанаарқасында келген-кеткен жүргінші дұға оқымай өтпейтін Алаштың екі тұлғасы мәңгі ұйқыда жатыр. Түгескенде – Игілік Омаров, Қарауылтөбеде – Акселеу Сейдімбек. Бұлардың біреуін-әңші, екіншісін-жазушы-ғұлама дегенімізбен, бағзыдағы аты-жөні – Ұзан, көне түркі қыпшақ тілінде ақын, жырышы, өнерпаз деген сөз. Мына жырды сол Ұзандардың ХХ-ХХІ ғасырлардағы соңғы тұяғы Игілік Омаровқа арнадым. Топырағың торқа болсын, Ән – Аға!

## «ЕКЕЙДЕ ЕЛУ БАҚСЫ, СЕКСЕН АҚЫН...»

«Шабыт» фестивалі маған казак жырының Шалкөде жайлауы секілді. Осы көкорай дүниеден жана туған құлындай Мұқағалилар кеудесіне жүрегін ұстап, Алаш-Анасына құсша ұшып келе жатыр. «Шабыттан» шыққан шабандоздарға бір сәт көз салып қараныз. Күні ертен казактың кара өлеңінің ауыр жүгін аркалайтын аркалы акындар, міне, – осылар: «Қайдасың, мырза көңіл, мәрт күндерім?! Серт кылып ат құйрығын шарт түйгенім. Егесіп екі кештің арасында, Сүргінге сүрең салып тарттым дедім. Кіреуке кірбің кілкіп кірпігімде, Қосып бір құмай Күнді түлкі иірге. Түтігіп тебінгімді тер шірітіп, Күңреніп күнде жорттым Күн түбінде. Жыра-жар, тұма бастау, құба қырдан, Сағым боп сарнай көштім сылаң ұрған. Қонақтап Қорқыт-тағдыр тар маңдайға, Жын қуып жылыстадым жұмағымнан. Қыркып бір қос қанатын қарға түннің, Тайпалмай, тайғақ кешіп, таңды атырдым. Сера де сера мұзбен шөл кандырып, Қар қарпып, құсаланып қан қақырдым. Күрсінді ол осыны айтып ақырғы рет, Содан соң соқпай қалды батыр жүрек. Түрткілеп ердің тәнін арғымақ тұр, Жапанға ымырт-тарих жатыр түнел. Тартпа бос, тебінгі сау, терлік аман, Тек енді тіл қатпайды шерлі бабам. Күңіреніп Күн түбінде мен де қалдым, Ей, жалған, не істе дейсін енді маған?! (Серік Сағынтай, «Қазақ»). «Ассалаумағалейкум, Бұ дүниенің қонағы һәм қайырсыз қоғамы! Қан жылатып сананы, Саудалаңыз біріңізді біріңіз, Жалықтыңыз құр жылауық ақылдан. Жерің – көрің, құндақтаулы сәбиің... Барлығы да өз қолыңмен сатылған! Акша патша. Қалтаңызда – патшаныз, Қолқаңызда Жап әлемі ластанды... Мен өзімді сізге тегін берейін, Өтінемін, сатпаңызшы Аспанды...» (Бауыржан Қарағызұлы)

Дәулеткерей Кәпұлының «Бүлдірген ағып түскенше» атты кітабын бір демде оқып шықтым. Оның әрбір жырынан кара өлеңнің бүгінгі бір тегеурінді тұлғасы Тыныштықбек Әбдікәкімов айтқандай: «Жұпар Патша Ойдың Алашқа ғана тән аңқымасы» есіп тұр! Алтайдың Азамат Тасқарасы бірде бір акынға ұқсамайды. Бір-біріне ұқсамайтын мықты акындар шеру тартқан сайын (В.Маяковский) ұлттық жырдың көк жиегі кенейіп, көсегесі көгере береді. Өленнің түбіне біреуінен біреуі аумамайтын, бір дауыспен сайрайтын «бұлбұлдар» жетеді!

XV Халықаралық «Шабыт» фестивалінде Ботагөз Мұхиденнің өлендері көз арбап, көңіл көншітті. Оны оқығанда казак жырының Мэтрі Фариза апай орнынан түрегеп кетті... Бұл өлеңді галдап, зерттеудің қажеті жоқ. Заманның қасіреті, адамның қасіреті – бұл! Өмірдің ащы ақиқаты! Көз жасындай табиғи дүние!

Анам мені алдыруды ойлаған,  
Әкемде де Мейірім жоқ әкелік.  
Дүниеге әлі келе қоймаған  
Сәби едім...  
Менің атым – Қателік.

Әлди айтар әлемге бұл шыға алмай,  
Бұлқынумен тар құрсақта тұншықтым.  
Мен жылауды білмесем де уанбай,  
Тумай жатып қарғыс алған Қырсықпын.

Әкем үшін әлі ертемін, Дерт едім,  
Алдымда ажал, жан-жағымда бекініс.  
Ал шешемнің шерлі өзегін өртедім,  
Шикі өкпемін...  
Менің атым – Өкініш.

Жарып шығып жан анамның жатырын,  
Жарық жалған, сені көрсем бір шығып.  
Жанталасқан бір жетімге жасырын,  
Төріңді бер, ей, тәкаппар тіршілік!

Әлсіз әке, ақылсыздау анама,  
Тілім де жоқ айтар сыртқа теппе деп.  
Сөніп барад бір Шарасыз Шарана,  
Өгейсіткен өміріне өкпелеп.

Келмей жатып кең дүниеге сыймаған,  
Бір ананың құрсағына сыйса да.  
Мен – бәріне мұң мен қайғы сыйлаған,  
Жақындары жатырқаған Бейшара!

Бауыр еті бөлшектеген, безінген,  
«Екеуіне» ел өсегі жоғары.  
Селкілдеген бір-ақ сәттік сезімдер –  
Бір бейкүнә Жетімектің обалы.

Естімеген тірі пенде, бір адам  
Іңгәламай іштен тынған шерлімін.  
Мен Анамның Көз жасы боп құлағам,  
Ал Әкемнің Күрсінісі мендік үн.



Есік көрмей анам ашқан етегін,  
Маңдайымның соры болды сол менің.  
Мешіт көрмей менменсіген әкенің,  
Баласы боп, мен де бесік көрмедім.

Уын таттым өзім білес ғаламның,  
Маған жабық бұл әлемге Бөтенмін.  
Мендік өмір – ашы Өксігі Анамның,  
Ал, қабірім – Қателігі Әкемнің

(«Қателік»).

Ботагөзді айтыстың алааманынан көріп қалғаным бар еді. Бұл бала бұдан кейін қолына домбыра ұстай ма, қалам ұстай ма? Домбыра ұстаса, жағдайын жақсартып атуы мүмкін. Қалам ұстаса – қазақ жырын бір қырқаға көтеріп тастайтындай қабілет-қарымы көрініп тұр. Мен оның жырынан Юнна Морицтің әуен-ырғақтарын естігендей болдым. Бұл – қазақ құлағына әлі шалына қоймаған дыбыс-әуендер. Бізде өлеңнен-өлең жасайтындар көбейіп барады! Ботагөз өмірден өлең тудырған. Өкінішке қарай, осы жолы бәйгеге түскендердің арасынан Ботагөзше қара үзіп шыққандар некен-саяқ. Он алты жасар Қарлыға Темірғалидың алғашқы адымы аршынды болатындай. «Шабыттан ши шықты» деп жүргендер оны Атырауда туған соң бәйгеге Ф.Оңғарсынова қосты деп жүр. Бұл баланың өлеңдерін ғаламтордан оқып жүргем, үміткерлердің арасынан көргенде қуанып кетіп, жүлдегерлер сапына қосқан мен едім. Талантты тауып алып, «қойшыға – сөз, жылқышыға – жыр» болып шыға келдік...

Осы жас буынның дидарына қарасам, көзіме өзімнің періштедей балауса бала күнім, кеудемде жыр тулаған, қайран, жиырма бесім елестейді. Әлі есімде... Ресейде, Пенза қаласында әскери борышымды отеп жүрген кезім. Бір күні шешемнен қалың хат келді. Ашып қалсам, алтынмен апталғандай әп-әдемі кітап – «Көктем тынысы»! «Жазушы» баспасынан жарық көріпті. Көлемі он баспа табақтай! Ол кезде бұл біздің түсімізге де кірмейтін дүние. Қырық шақты ақынның жыры. Бейне бір антология секілді! Несіпбек Айтұлы, Исрайыл Сапарбай, Жұматай Жақыпбаев, Заида Елғондиева, Иран Ғайып алғаш рет оқырмандарымен осы кітап арқылы жүздесті. Дәуіт ағам (*Дәуіталі Стамбеков*) кітап құрастырушыларға жалынып-жалбарынып жүріп, мені өзгер қосыпты. Беташарын қазақ әдебиетінің классигі Тұм-Ағам (*Молдағалиев*) жазған. Екі-үш ақынмен қоса менің де аты-жөнімді атаған екен. Жүрегім лүпілдеп, жүрелеп отыра қалғаным есімде... Бұл 1975-жыл. Мен жиырма бес жаста едім.

Бірінші кітабымды шығару мен үшін азап болды. «XX ғасырдың жиырма сәтін» алты жыл арпалысып жүріп, отыз төрт жасымда, жалғанның жарығына әзер шығардым. Көлемі бір баспа табақтай. Цензураның қатал тезінен өткен. Редактор шимайлаған... Өлеңдерімнің нобайы бар да, өзі – жоқ!

Қазіргі жас ақындардың алғашқы кітабы Мұқағалидың тұңғыш таңдамалысы «Өмір өзендей» – бір том! Тәңірі жарылқаған Тәуелсіздіктің арқасы – бұл!

Дәуітәлінің есімін естіген сайын әлі күнге дейін егіліп отырамын мен... Алматыда туған-туысым, арқа сүйер көкем, ат басын тіреп түсетін үйім жоқ. Дәуітәлінің үйі – Сарыарқаның алтын бекетіндей. Алаштың бүгінгі айтулы ақындары Абзал Бөкен, Ғалым Жайлыбайлар осы үйден шығып, комунистер даңғылындағы 105-ші үй – Қазақстан Жазушылар Одағына имене кірген-ді...

Ол Қасым мен Пушкинді өлі өлгенше пір тұтып кетті.

Дәуітәлі Стамбековтің мына жарық дүниеге ақын болып келмеуі ақылға сыймайтын дүние десе болады. Кіндік қаны түскен топыраққа қараңыз: Алашорданың үш бірдей арысы Әлихан Бөкейхан, Ақпайдын Жақыбы, Әлімхан Ермековтің туған жері.

«– Совет өкіметі Ақтоғайды неге жек көреді?! Білесіңдер ме? – деуші еді кейде Дәукең ашуына мінген бір кезінде – Совет өкіметін иттің етінен де жек көрген қазақтың үш боздағы осында туған!»

«Ассалаумағалейкум, Ақырзаман!» – деп жазды ол сол кезде.

Біреулер заманның балын жалап жатқанда, ол уын ғана ішіп жүрді...

«Достарым менің – ұрылар!»

«Достарым менің – бандиттер!» – деп жазды ол 70-жылдары. Совет өкіметіне ерегісіп айтқаны!

«Алаш» сыйлығына ұсынғанда ол өлім аузында жатқан. Лауреат болғанын естімей кетті марқұм. Соңғы кітабі – «Жұмағым мен тамұғым»ды қолына ұстай алмай да кетті.

Ол маған бір өзі бір әдеби ортадай болған тұлға еді.

Алматыға келсем, ат басын Дәуітәліге тіреймін. Буырқанып Қазақстан Жазушылар Одағының үйіне келеміз.

– Қашан келіп едің?» – дейді Қадағам (*Қадыр Мырзалиев*).

– Келгеніме 2-3 күн болды» – деймін күмілжіп...

– Ендеше, өзіңе-өзің келіп ал... Соңсоң, маған келесің ғой!»

Әдеби ортаға алысқанмен-алысып, жұлысқанмен-жұлысып жү-

ріп, мені сүйреп әкелген – сол! «Менің пірім-Сүйінбай» деген Жамбыл тәтем. Менің пірім – Дәуітәлі! Алдында Дәуітәлідейін адуынды азамат ағасы болмаса, мына дүниеде мендей Серік Аксұнқар деген басы жұмыр пенде болар еді. Ақын болмас еді! Алматыға келсем, көзіме Дәуітәлі елестейді. Бәрі – бар. Дәуітәлі – жоқ...

Ақынның алдында Алла, арқасында Аруак болу керек! Екеуінің ортасында – Алаш! Басқа ешкім болмауы керек!

Мен Мұқағали жарықтықтың «Алдымда көз тоқтатар кара жоқ, артымда сендер болмасаңдар...» дегенін өз құлағымен естіп едім. Кейінгі толқынға деген керемет сенім ғой – бұл! Замандастарынан көңлі қалып айтқаны. Бұған қарап, жас ақынның бәрі жасын болады, Қасым болады деген ұғым тумайды! Ақынға Алла берген дарын аздық етеді. Гомерден бастап, Танақөзге дейін түк қоймай, оқып шығу керек! Ұлттық эпос пен әлемдік философия – өз алдына. Сонда ғана «ең жас ақын – ұлы ақынға» (*Ұлықбек Есдәулет*) айналуы мүмкін. Қазір бізде жөні түзу әдеби сын жоқ. Жастардың бәрі дерлік өлең техникасын әбден меңгеріп алған. Мұның да күнгейінен гөрі көлеңкесі көп болады. Маманданып, машыктанудың соңы ақынды халтураға сүйреп апаратынын Александр Блок та айтқан. Бұл өлеңдерге қарасаң, сарт-сұрт ұйқас, жылтыраған сөз, дыбыс қуалап, дырылдау, қызыл-жасыл бояу дейсің бе, поэзияға керектің бәрі бар. Бір-ақ нәрсе жоқ... Поэзия!

Жүлде алу басты мұрат емес. Бәйгеге қатысып, оны өз көзінмен көргенде, содан арқан қызса, ақынға Алланың берген несібесі сол болады. 1979 жылы, 29-жасымда шығармашыл жастардың республикалық «Жігер» фестиваліне қатыстым. Лауреат деген марапаттау қағазын берді. Ол кезде, қазіргідей, ақша бермейді! Біз соған мәз-мәйрам болған едік.

Баяғыда совет өкіметі кезінде он шақты ақынды әскерге шақырыпты. Сапқа тұрғызып, әскери тәртіп бойынша, бірінші, екінші, үшінші деп санаңдар дейді. Бұл – бұйрық. Сонда сапта тұрғандардың бәрі де: «Мен – Бірінші! Мен – Бірінші! Мен – Бірінші!» деп, атып шығыпты!.

Кімнің «бірінші» екенін маңайыңда кикүлап жүрген кара тобыр білмейді. Уақыт пен ұрпақ біледі! Заманында Сеньковский деген сарай ақыны Пушкинді менсінбеген! Демьян Бедный бөленген ілтипат-құрметке Борис Пастернак бөленген жоқ!

Поэзия – Құдайдың құпиясы. Пушкиннің: «У жизни есть любимцы, Мне кажется, мы не из их числа» дегені бар ғой. Көшедегі кө-

рінгеннің сүйіктісі болу Абайдың да, Мағжан, Қасым, Мұқағалидың да маңдайына жазылмаған нәрсе. Ақын елдің бәріне ұнауға тиіс емес. «Всем нравятся только стиральный порошок «Новость» или дубленки. Каждому – свое» (*А. Вознесенский*). Осы ақынға өзімен тұстас бір әдебиет сыншысы Роберт Рождественскийді түсінуге жеті жылдай уақыты кеткенін айтыпты. «Енді он шақты жылдан кейін. – деп жазды А. Вознесенский – оның басқамызды да түсінуге өресі жетіп қалар...»

Темірханды түсінуге қазақтың тағы бір жүз жылы кете ме деп қорқамын!

Қандай ақынның болсын, ақындық арынының өлшемі – азаматтық лирика. Қу қаракан басын күйттеген пендеден ақын түгілі, жөні-түзу азамат та шықпайды. Әдебиетті Періштеден сәл төмен, пенде атаулыдан әлде қайда биікте тұрған, Тәңірінің тізесінен келетін тұлғалар жасайды! Орыс поэзиясында Афанасий Феттің дәуірі деген жоқ. Пушкин дәуірі болды! Қазақта да – солай: эпос дәуірі, жыраулар дәуірі, Абай дәуірі, Қасым дәуірі, Мұқағали дәуірі!

Мағжанның дәуірі енді басталайын деп тұр!

Есенин интимдік лирикасын – азаматтық лирикадай, азаматтық лирикасын – интимдік лирикадай жазған! Мықты ақынның «Менінен» ошағы – Отанындай, Отаны – ошағындай болып, айқұлақтана көрініп тұруға тиіс! Абайға қараңыз: «Қайран елім, қазағым, қалың жұртым...». Мағжан: «Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы, бір жағы – Күн, бір жағы – Түн баласы. Арғы жағы – Көк көзді жын ұясы, бергі жағы – Түріктің сардаласы... Ұзын Орал – Күн мен түн шекарасы, Өлім – Түн, өмір – гүлді Ғұн даласы. Өмір менен өлімнің шекарасын, Ұйқтап озбақ ежелден жер баласы. Екі дүние: Күн мен Түн – өмір – өлім, Бірі – бесік, біреуі – даяр көрің, Бала болып жата бер бесігінде, Сардаланың еркесі – қазақ елім!». Қуандық (*Шаңғытбаев*) Атыраудан Алтайға дейінгі даласын қалай жырлайды: «Сол даланың сызы емес пе, Арқаға алғаш тигені? Сол даланың қызы емес пе, Жүрек алғаш сүйгені!». Көрінгенге көз түрткі болған, қайран, Отажан Нұрғалиев не дейді: «Бес баласын жүрегіне бөлеген, Бұл арадан жүріп өтті Төлеген... Болдырмастан, қиналмастан қартайып, Жасынмен бір жарқ ете ғап – жөнеген!..»

«Бүгінге дейінгі қазақ жыры түкке де тұрмайды, жаңа жырды жасайтын – біз!» деп, кеуде керетін жастар да бар деп естиміз. Ақтан берлі. Қазтуған, Махамбет, Абай, Мағжан, Қасым, Қадыр, Мұқағали, Фариза, Кеңшіліктерді аттап өтіп, Алаш руханиятына ат шалдырғысы

келетін бұлар – кім?! Көктен түскен бе?! Мұндай көкетантықтықпен көсегесі көгерсе бір сәрі? Көктей солып жүрмесе!

Алашқа айтары болмаса да, Жазушылар одағының есігін жұлқып ашып, әдебиеттің төріне шыққысы келетіндердің қарасы көбейіп барады! Ұлтының ұлы, ұяты болмай жатып, «ұлы» болғысы келетін сорлы пенде қолына қалам алып, ала қағазды шимайлайтын болса, Алаштың көзіне ақ, көңіліне кірбің, жүрегіне дерт түседі!

Жас ақын Дәурен Берікқажыұлы «Алтын қыран» халықаралық қайырымдылық қорында (президенті Исламбек Салжанов) жұмыс істейді. Өзінің том-том дүниесін шығарам десе, қолынан ешкім қақпайды. Биылдың өзінде алты жас ақын-жазушының кітаптарын шығарып берді. Қазақ руханиятының осындай қызғыш құстары көбейе берсе, қазақ мемлекетінің ғаламдағы орны елден ерекше болар еді! Осы фестивальда лауреат болған Ілияс Мұқай Балқашта бір өзі бір әдеби орта жасап отыр. Әдебиетке қызмет ету – қасиетті іс. Егер жас қаламгердің жан дүниесін әдебиет маған қызмет етсін дейтін пенделік пасық ой жаулап алса, оның Алашқа айтар сөзі, ағытар сыры да болмайды! Халтуршиктер осындай типтерден күшіктейді!

Ақындық – Рух. Алладан келіп, жұдырықтай жүрекке ұя салады. Оған қылау түссе – бітті! Дүниені азамат болмай жатып, ақын болғысы келетіндер бүлдіреді! Құдай солардан сақтасын бізді!

Шығармашылық жастардың XV Халықаралық «Шабыт» фестивалі жүлдегерлеріне бөлінген каражағ қарын аштырады. Талант – көп, бәйге – аз. Қазақ экономикасымен елдің алдына түскен жоқ. Бірақ, кара өлеңімен бәсекеге қабілетті елу елді кара үздіріп тұр ғой! Инновацияны, міне, қайда салу керек?! Қазақтың қаңқу сөзінде айтатынындай: «Оны білетін бала қайда?!»

Баяғыда Жетісудің жүйрігі Құлмамбет жарықтық XIX ғасырдың басында «Екейде елу баксы, сексен ақын, Болады жын соққандай кешке жақын» деген еді. Содан бері бір ғасыр өтіп, екінші жүз жылдықтың жүзі көрінді. Басымызға ойран салып, қазан төңкерісі кетті. Екі өкпені қысып, нарық заманы келді. Қазақ әлі өлең жазып жатыр!

Мұндай топырағы текті, рухы қуатты елдің жер бетінен із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін емес. Мәселе – осында ғой! Ғаламтордағы өсек-аяң, қаңқу-саңқуда емес...

## ҚҰДАЙДЫҢ ҚҰБЫЛЫСЫ

Биыл республика жұртшылығы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Фариза Оңғарсынованың шығармаларын оқып жатыр. Егер Қазақстан халқының «түрі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» екендігі рас болса: Фаризаны құныға оқып, құнарына бойласа, қазақтың кара өлеңінің өзіне жол сілтеп тұрған отыз елдің поэзиясын баяғыда-ақ кара үздіріп, ғарышқа самғап кеткеніне көзі жеткен болар еді.

Жетпісінші жылдары казак руханиятына Фариза Оңғарсынова келгенде караша үйде енесі түсіп, калғып-мүлгіп отырған біздің үстімізге көне түркі дүниесінен үсті-басы алтынмен апталып, күміспен күптелген Томирис ханша кіріп келгендей болып еді. Қазақ жырының өніне кан жүгіріп, орта ғасырдағы жыраулық дәстүр, жауынгерлік-рышарлық поэзия төркін жұртына қайтып келді. Бұл – «адасқан ұлдың ата-жұртына қайтып оралуына» пара-пар құбылыс болды! Қазақтың баяғыда көзден бір ұшқан көне ұлттық макамы еуропалық-классикалық өлең мәдениетімен жасанып, жаңғырып, арада бес ғасыр өткенде өзінің каһарына қайта мінді. Ежелгі казак поэзиясының күллі әлем жырында мүлдем кездеспейтін ыршыған ырғақтарымен қауыша табысқан тұста арқамызға аруак конғандай болғаны әлі есімде. Ұлы Мұқағалидың: «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз. Өмірде ақындардың бәрі жалғыз» дейтіні осы кез: «Сенің от құшағында дүниені ұмытып талықсыдым. Жүрегімді өртеді жан ыстығын. Мынау байтақ әлемде тек екеуіміз жүргендейміз айналып ғарышты мын. Көзімді ашсам, шырын сәт көзден ұшып кететіндей жанарды тарс жұмдым. Сен аймалап алқындың, одан сайын есімді шығардың да, мен балқыдым көміліп қылаң нұрға. Жаксы сөздің барлығын саған айттым, ішімнен бе, әлде үн шығардым ба... Сен жанымда жүрдің де, жанарымды толтырдың жылылыққа (жан жылуын балар ем ұлылыққа). Тәттілігін сезіндім бұл өмірдің, әр күніне тоймадым құнығып та. Қайырымды да боп кеттім. Қатыгез жан дірілдеген жүрекпен сыр ұғып па?! Бірақ өзің айныдың. Ұмыттың да жастықтың жұмак күнін, сен мысқылдап, мен болсам жылап тұрдым. Өмір деген бұрқанған дарияға бұрымымнан ұстап алдықтырдың. Сонда ғана есейіп, бұл жалғанда бәрі алдамшы екенін бірақ білдім. Сенің от құшағында ардан аттап, калдырдым пәктігімді, ләззатқа батырған ақ түнімді. Айырдым мен аяусыз енді кимес ақ көйлекті тігілген сәтті күнгі... Мен күнәһар емеспін ар алдында, Құдайын да кешеді тап мұнымды».

Фариза дүниеге келгенге дейін казак қызы кабырғасы қырық

жерден сөгіліп, елжіреп егіліп, дәл осылайша сөйлеп көрмеген-ді. Ойы озық орыс акындары Анна Ахматова мен Марина Цветаеваның махаббат лирикасынан да бой көрсетпеген әйелзатының әлемде жоқ образы Фариза жырларынан жарк етіп көрінді. Поэзия, Маяковский айтқандай, — адам баласының аяғы тимеген аралдарға сапар шегу деген сөз! Мұндай жырды адам баласы Алла алқап, аруақ жебегенде ғана жаза алады!

Фариза көктен түскен жоқ. Қазақ халқының тереңінен кайнап шықты да, дүниежүзілік поэзияның інжу-маржанын тұла бойына сіңіріп алып, кір жуып, кіндік кескен ата жұртына қайта оралды. Мәселе осы — қайта оралуда жатыр. Әлемдік руханият — түпсіз мұхит; ол адам баласын бауырына алтын басқан айдаһар сынды алдап, арбап тарта береді. Құнары мол, топырағы текті елдің тегеурінді тұлғасы ғана осынау ұлы мұхиттың тереңінен жүзіп ішіп, жағалаудағы ұлтарактай жер — ұлтына қайтып оралады. Абайға қараңыз: Еуропаның есігін айқара ашып, алар қазынасын олжалап, Сахарасына қайтып келді. Пушкин мен Лермонтовтың, Гёте мен Мицкевичтердің көлеңкесінде қалып қойған жоқ. Қара үзіп шықты! Батысы — Шығысына, Шығысы — Батысына айналды! Туған ел, шыққан шаңырағына қайта орала алмай, із-түссіз жоғалып кеткендер, зым-зия құрып кетіп жатқандар қаншама?!

Қазақ Ибраһим Пушкиндердің алтын бекетіне біраз ат шалдырып, Алашына Абай болып қайтып келген. Абайдың Пушкинінің Алаштың Пушкиніне айналуы содан! Виссарион Белинский он сегізінші ғасырдағы орыс өмірінің энциклопедиясы деп атаған Пушкиннің «Евгений Онегин» романның ортасынан ойып алғандай Абайдың бес-алты өлеңінің аудармасынан осы жырдың күллі жұлын-жүйесі көзі қаракты қазаққа алақанға салғандай ап-анық көрінеді. Неге? Абай Еуропаға Пушкин мен Гётені іздеп барған жоқ... Алашын іздеп барды! Ұлы ақын атаулының бәрі де өз ұлтының перзенті! Мына ақзер дүниеде өз ұлтына ақыннап өткен етжақын, етене тұлға жоқ!. Ақтаудың белінде, Алғадайдың шөлінде туған Фариза да ХХ ғасырдың екінші жартысында Латын Америкасына қазағын іздеп барып, Пабло Нерудаға кез болды. Төбедегі совет өкіметі мен төрдегі қызыл көз цензураны асау ақындық алымына шалдырмай, қанды балақ совет империясының үстінен атой салып өте шықты!. Оның ақындығының аласапыран қуатын осыдан-ақ көруге болады. «Отаным, саған ант етем: от жанарына қан тұнған, күл-талқан мынау қалпыннан арылар бір күн туады, туады нұр Күн шуағы. Аштықтан өзек үзілген, бүгінгі жадау жүзіңнен кетеді қайғы тұманы, даланда бидай тұнады. Әйтеуір сол күн келеді, жүрегім соған сенеді. Ал бүгін қолға балта алып, ізінен басқан қан тамып тынышын бұзған жан-жақтан, жексұрындарды қарғаймын! Шұбырып

келіп жат елден нан мен бақыт орнына, көз жас пен қайғы әкелген, көр-соқырларға мың қарғыс!...Келер-ау бір күн құртар күш...».

Мұндай сөзді адамның аузына Алла ғана салады!

Поэзия – қалыптасқан қасап қағидаларды тас-талқан қылып талқандау деген сөз!. Совет өкіметі кезінде аузымен құс тістеген орыстың арқалы ақындары Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенскийлермен қатарласа, қапталдаса қазақ ақыны Фариза Онғарсынова да социалистік реализмнің қалыбына сыймайтын анти-советтік өлеңдер жазған! Бірақ, оны ойы озық, санаулы сұңғыла адамдардан басқа ешкім де аңғармай қалды...

«Қарғыс» поэмасындағы Анджела Дэвис образы – Фаризаның өзі! Латын Америкасындағы азаттық идеясының азапкері Анджела Дэвис қандай тұлға болса, сол кездегі қазақ қоғамындағы Фариза Онғарсынова да соған жетекабыл күрескер тұлға болды! Поэзия – ұлт азаттығының атойлы үні! Ұлты боздап жатқан елдің өлең-жыры «Әзірет Әлі алтын иек, сарала қыз» (*Абай*) секілді абстракциялық идилияның гөй-гөйіне айналса, ондай елдің күні қараң, болашағы бұлыңғыр болады!

Ақынның алтын айдары тек қана азаматтық лирикасынан айқұлақтана көрініп тұрады. Абай мен Махамбеттің бүкіл өлең-жыры қазақ қашан еңселі ел болып, өрдегі өркениетті жұрттардың қатарына қосылады, алыс көкжиекке бет алған адамзат көш керуенінен қалып қоймай ма деген сара уайым ғой. Бар ғұмыры Петербор мен Мәскеу кабактарында өткен орыстың сері жыршысы Сергей Есениннің өлеңдерінің өзі қалың ормандай орыстың қасірет-шеріне сықап тұр! Халық – қасиетті. Оның қасиетін ұстанып, қасіретіне ерше егілу көшедегі көрінген пенденің пешенесіне бұйырмаған. Басы жұмыр пендеден алтын айдар азаматқа айналатын санаулы қарақөктің қаракеті – бұл! Бүгінде халықтың антиподы қара тобырдың мәдениеті өңмендеп төрге ұмтылып келеді! Мағжан «халық жауы» болып, Қасымның қарасы көрінгенге дейін қазақ өлеңі сол қара тобырдың боданында болып еді. «Ленин ата біз ұлан, сенен туған шат көңіл, Сенің нұрлы шұғылаң, бізге әперген жақсы өмір» деген такпақтар соның куәсі. Халық кәріне мінген кезінде Алла тағала үнсіз қалып, Поэзия сөйлейді. Құдайдың құбылысы деген – осы!

Ұлттың миындағы код біреу ғана – Поэзия! Өзегінде өлеңі жоқ жұрт қара тобырға айналады. Халық көресісін көріп, көркем ойлау жүйесінен көз жазып қалған тұста таңдайы тақылдап, такпақ айта бастайды. Халық Ананың ақиқатқа жерік болып, Қасымдарға босанар тұсы – осы. Қазақ өзінің қара тобырға айналмай, дүниежүзілік поэ-



зиямен қанжығаласып, өркениетті елдермен қаз қатар келе жатқаны үшін қара өлеңіне қарыздар!

Бүгінде ұлттық уызына жарымай жатып, Еуропадан келе жатқан елеске көзі арбалған, қазақ жырының арғы-бергісін жоққа шығарып, «модернистік жана әдебиет» жасап шығарғысы келетін ессіз топ төбе көрсете бастады. Олар қазақтың қан тамырынан қайнап шыққан Махамбеттің жыры мен замана дауылының эксперименті деңгейінен аса алмай қалған Маяковскийдің арасы жер мен көктей екенін, мүлдем, сезбей жүр. XX ғасырдың саяси ойынының көзір картасына айналып, Нобель сыйлығымен марапатталған Иосиф Бродский, қалай дегенмен де, Евгений Евтушенко сықылды орыстың ұлттық ақыны деңгейіне көтеріле алған жоқ қой!

Шаһқар (шедевр) өнер туындысының жарық дүниеге келуі өте күрделі процесс. Бұл кезде екі аяқты, басы жұмыр пенде баласына Алла тағала мен аруақ көмекке келеді. Бұл – құдайдың құбылысы. Адам баласы Алланың аузына түсетін сөзді айтқан кезде Ақынға айналады. Жапон жазушысы Акутагава Рюноскэнің Нобель сыйлығын алып тұрып: «Адамзат баласының бүкіл тіршілігі Шарль Бодлердің бір шұмақ өлеңіне татымайды» дегені осындайда еске түседі. Мұхаммед ғ.с. Пайғамбар: «Менен кейін енді пайғамбар келмейді. Ақындар келеді» дегенде осы құдайдың құбылысы туралы айтқан болуы керек...

Адамзат тоғыз ай толғатып, дүниеге адам әкелетін Науа ананың үмбеті әйелзатына қалай салғырт һәм тәкәппар өзімшілікпен қараса, Халық Ананың құрсағынан анда-санда бір туатын Ақын атаулыға да қалай болса солай қарауды дағдыға айналдырғаны қашан?! Достоевскийдің бір романындағы: «Осы ақын деген кім өздері?! Олардың адамзат тіршілігіне қажеттілігі қанша?! Адам баласы ұйқаспен ойланып, ұйқаспен сөйлей ме екен?!» – деген мағынада ой толғайтын көр соқыр пенденің көкпен тілегені бүгінде жерден шығып отыр. Алла тағала «Інжілде»: «Дүниеде ең алғаш пайда болған – Сөз!» – дегені қайда?! Қазір мына дүниенің біріншісі де, соңғысы да – ішіп-жем, көзді арбаған Батыстың көк қағазы болып тұр! Міне, нағыз Ақынның шыр етіп жарық дүниеге келетін тұсы – осы. XIX ғасырда Семейдің шынжыр балақ шұбар төс тобықтылары: «Құдайға тәубә, біздің тұқымда ақын жоқ!» деген кезде, Алла оларға Абайды жіберген! Қазан төңкерісінен дүние басынан аяғына төңкеріліп, исі қазақ өз алдына, күллі түркі дүниесі төбесінен жәй түскендей болғанда Тәңрі Алаша Ананың құрсағынан ұлы Мағжанды жарық дүниеге әкелді! Әлихан, Ахмет, Міржақып, Әлімхан бастаған Алаш арыстарының тұқымынан тігерге тұяқ қалмай, қазақ рухының демі бітіп, өзегі үзілер кезде сол Тәңрі тағы біздің топырақтан Қасымды жарытқан-ды. Совет өкі-

метінің қанды шенгелі қазақты қыл тамағынан қылқындырып, тұншықтыра бергенде Тұманбай, Жүмекен, Қадыр, Өтежан, Мұқағали, Фариза, Кеңшіліктер бірінен кейін бірі дүние есігін айқара ашып, Алаш жұртының адамзатқа айтар сөзін айтып кетті. Егер оны естір құлақ болса...Енді міне, жабайы капитализм жан-жүйемізді жаныштап, мына жарық дүниеде казак дейтін халық қала ма, жоқ, әлде, қалмай ма деген өліара кезеңде ұлттық жырымыздың тағы бір тегеурінді толқыны өз сөзін айтқалы жатыр. Төрде – казак жырының ханшасы Фариза, төменде – сонынан каз-қатар келе жатқан нөкері – біз, Ақтамберді айтпақшы, «Жаксылар кеңес құрғанда, мұртымыз көкке шаншылып, бұрында сөйлер ме екеміз?!».

Қазақтың жыры орыстың жырынан тым бөлек,  
Нұр да көп онда, самал жел, жамал – гүл де көп.  
Есінен танып түнекте жүрген Есенин,  
Мағмұрланғанда Мағжан көкем –  
Күнге кеп!

Қазақтың жыры – Қаражорғамен желем деу,  
Блоктан – Сырбай,  
Тихоновтан – Темірхан тереңдеу;  
Кеңшілік сынды керемет акын жоқ онда,  
Ө. Нұрғалиев –  
Ю. Кузнецовтан кемелдеу...

Алашқа-дағы Анна Ахматова керек бір,-  
Деген – кім, тілін кенеп бұл?  
Әлемде – күллі әйел акынның ішінде  
Фариза әпкем бәрінен де асқак,  
Бөлек тұр!

Ғаламда ерек Қазтуған сынды данада – ой.  
Көз тоқтар, шіркін, қара ғой,  
Дана,  
Дара ғой:  
Абайды ешкім қазақша оқи алмайды,  
Оқитын оны –  
Алла мен Алаш қана ғой...

## АБАЙ-ШӘКӘРІМ ГАЛЕРЕЯСЫ

Соңында сан сұрақ қал,  
Алланы сап алдына, –  
Абай Рухы Қарауылды бір аттап,  
Келді Қарағандыға.

Шәкәрімді зарлатқан,  
Мақашты да сандалтқан  
Өмірің – «Үш Анық» – бұл.  
Қарағанды шыға салып КарЛаг-тан  
Базарға кеп басы айналып,  
Лағып тұр!

Біздер Мұзды Мұхитында тұрамыз.  
Осы жерде дүниенің қызығы:  
Галерея іші – 7-ақ градус!  
40 градус – Казиноның қызуы.

Ер Кебекке Еңліктейін қыз ғашық.  
Көрген күні, бірақ – тұл.  
Ай маңдайын мұз басып,  
Абай жылап тұр!

Түн де кетті, күліп таң,  
Алты Алашты жынды ғып:  
Шәкәрімнің Тәні шығып құдықтан,  
Шынырауда Рухы жүр шыңғырып!

Кім бар оған ілескен?  
Жұрт базарда жүр шұбап.  
Маңайым – Мұз. Сірескен...  
Алла менен Абайда екен нұр-шуақ.

Есік жабар кезде Абай жалт қарады,  
Мақаш ағам Мағжанды жыр кылып.  
Дүние – шіріп барады.  
Рух қалды – шыңғырып...

Бұл өлең 2005-жылы қаңтардың 28-жұлдызында жазылған. Сол күні галереяның іші азынап тұрған еді. Абайдың ай маңдайын мұз

кұрсаған. «Галерея іші – 4-ақ градус, 40 градус – Казиноның қызуы» деген жолдар сол күні туып еді. Дүние – быт-шыт: басы – аяғында, аяғы – басында. төңкеріліп тұр!

Қарағандыда Абай – Шәкәрім галереясын барын мұндағы екінші бірі, егіздің сынары біле бермейді. «Жаксының жаксылығын айт, Нұры тасысын» дейді қазақ. Қарағандының как ортасында Нүркен Әбдіров даңғылындағы 43-ші үйде Абай – Шәкәрім галереясы тұр. Қазақтың Ұлттық Рухы сонда тұнып жатыр. Алаш жұрты адамзаттың ілгеріге тартқан көшіне қашан ілседі деп мыңмен жалғыз алысқан Абай, қарғыс атқыр кеңес өкіметінің кәріне ұшырал, тәні 40 жыл құдықта жатып, жалғанның жарығына жаңа шыққан Шәкәрім...

Бәрі – осында.

«Қазақтың басқа жұрттан сөзі ұзын» деп, Абай жарықтық текке айтпаған екен. Қазір елдің аузында Абай мен Шәкәрім. Қазақ екі сөздің бірінде екеуіне жүгінеді. «Абай айтқан, Шәкәрім айтқан»... деседі. Осы елдің айызына қарасаң, иісі қазақ осы екі ақыл-ой алыбының асқақ рухын тұла бойына сіңіріп алғандай – алпаң-алшаң басады. Асқақ-асқақ сөйлейді. Бірақ, Абай, Шәкәрім галереясына кіріп-шығып жатқан ел жоқ. Галерея ішінде жалғыз адам: жарты ғасыр тұмырын осы екеуіне бағыштаған жаны жаралы Суретші, сонсоң, күзетші мен ғимарат сыпыратын бір-екі кісі...

Егер бізден гөрі ақыл-есі кемелдеу Европа елдердің бірінде осындай галерея болғанда еңбектеген баласынан бастап, еңкендеген кемпір, шалына дейін мағмұрланып жүрер еді: Қандай көшелі ұлтпыз, көргенді жұртпыз деп төріне көшедегі қағынған-соғығанды шығармай, төбемізден қобыз тартар еді! Өркениеттің өрінде отырған өрелі елдер қас надан мен нағыз адамның, дәлдүріш пен таланттың арасындағы жер ме коктей айырманы баяғыда-ақ бағамдап қойған. Есіне орыстың ұды ойшылдарының бірі һәм бірегейі Пестеровтың суретші Васнецовтың қабыры басында сөйлеген сөзі түскенде кара жердің тесігіне, түсіп кеткін келеді: «Егер Ресейде Павел Михайлович Третьяков болмаса, Суриков та, Васнецов та болмаса еді».

Ол – кім?

Орыс көпесі. Көпесі десе көз алдына қанағаты жоқ алып-сатар, қарны жуан мешкей елестейді. Мұндай типтерді біз де көшеден күнде көріп жүрміз. Қағанағы – қарқ, сағанағы-сарқ. Бармақ басты, көз қыстымен ұлттық байлықты жеке меншігіне алып алып, сол ұлттың өзіне шекесіне қарап отыр. Байлық бабасынан-атасына, әкесінен-баласына мирас болып қалғандай шалқак-шалқак етеді. Белі сыздап, бейнет көрмеген, ауыр көтеріп, арқасы терлемеген, арамтамақ нәсілден күтер үмітіміз шамалы болып тұр.

Орыс көпесі Павел Михайлович Третьяков орыстың атакты Третьяков галереясының іргесін көтерді. Біздің көпестеріміз іргесінде тұрған Абай, Шәкәрім галереясының есігі түгелі, тесігінен сығаламайды...

Парадокс!

Тектінің аты – текті: Третьяковтың әйелі Вера Николаевна фортепианода Бах пен Шопен, Даргомыжскийдің музыкасын ойнаған. Третьяковтың өзі бала кезінде орыс консерваториясының негізін қалаған ағайынды Рубенштейндермен Мәскеу өзеніне шомылып, орыстың ұлттық рухына кенеліп өскен. Тургенев, Гончаров секілді жазушылармен мұндас-сырлас, орыс әдебиетінің тұнығында жүзген ойлы оқырман, Ресейдің ары мен ұяты сынды Лев Толстоймен терезесі тең сөйлесіп, хат алысқан ақылы асқан ғұлама болған!

Третьяков галереясы дүниеге қалай келді?

Елдің көбісі оның байыбына терең бойламай, суретшілердің салған суретін бай көпес сатып ала салды деп ойлайды. Мүлде, олай емес! Третьяков орыс суретшілерінің шедевр туындыларын жасауға өзі ұйытқы болып, сол шығармалар дүниеге келгенше тыныш ұйқтай алмаған көрінеді! Оның 1872 жылы Достоевскийге жазған хатына көз жүгіртіңіз: «Мархабатты Федор Михайлович! – деп жазады ол – мен орыс живописі атты портреттер коллекциясын жинағалы жатырмын. Менде қазірдің өзінде Карамзин, Жуковский, Лермонтов, Тургенев, Островский т.б. ақын-жазушылардың суреттері бар. Енді Герцен, Шедрин, Некрасов, Белинскийлерге қолқа салғалы жүрмін. Сіздің портретіңізді салса (майлы бояумен) қалай болар еді? Сіздің жаныңызды кинамай, суретіңізді тез, әрі әдемі салатын суретшіні өзім тандап алар едім...».

Третьяков Тургеневтің портретін салуға Перовты тандайды. Бірақ оның эскизі көпеске ұнамайды. Сосын Репинге қолқа салады. Онын салған суреті де ұнамайды. Сөйтіп жүргенде Тургенев қайтыс болады да сурет салынбай қалады!

Қаншама мазасыз күндер мен ұйқысыз түндер босқа кетті...

Орыс көпесі П.М.Третьяковтың галереясы бүкіл Ресейдің мақтанышы!

Третьяков галереясын орыс суретшілерінің мүйізі карағайдай бірнеше толқыны жасаса, Абай, Шәкәрім галереясын жалғыз қазақ-Мақаш Әлиакпаров жасады! XX ғасырдың XXI ғасырға ауысар тұсында жасады. Мәселе – осында ғой: Бүгін біздің көзімізді шел басып тұрғанмен, ертең дүниеге көзі қаракты ұрпақ келеді ғой – көреді ғой!

Мақаш ағаның айтуына карағанда қазақтың біраз қалталысы галереяны көріп, тамашалапты.

Келді. Көрді. Кетті...

Осымен – бітті!

Кеше бір газеттен оқыдым, осындағы тексіз бір байдың баласы өзінің ойнасына миллиондаған доллар шашып, әлгіні алтынға аптап, күміспен күптел қойған. Осыншама қазынаның иесі болған мына сұлудың әкесі Қазақстан азаматы, шешесі Ресейлік екен. Өздері Қазақстанды дүниедегі артта қалған ең мешеу жұрт деп ойлайтын көрінеді! Қазақша білмейді. Білгісі де келмейді! Қазақ тілін латын тіліндей өлі тілдердің қатарына қосып қойған!

Мына бетпен қазақ қайда барар екен?!

Мақаш аға жылына маған екі рет телефон шалады: Абайдың туған күнінде, Шәкәрімнің туған күнінде. Сол күні галереяға Әлиакпаровтың ең жақын достары мен інілері жиналады.

Мақаш Әлиакпаров – медицина ғылымының докторы. Қазақстан ұлттық академиясының академигі, Ресейде – Мәскеуде, Италияда-Миланда сурет көрмелерін өткізіп, Абай – Шәкәрім рухын төрткүл дүниеге паш етіп жүрген Алаш ардақтылығының бірі хәм бірегейі!

Бүгін сол ағам 70 жасқа толып отыр.

Дүние –  
Жатқан кезде күлге айналып,  
Біреулер – байға,  
Құлға,  
Күнге айналып, –  
Абаймен, Шәкәріммен бірге ойланып –  
Шықты ағам 70 мәрте Күнді айналып!

Маңдайда Тәңірінің талайы бар,  
Болмысын болмаған ел қалай ұғар?  
Айналса Күнді – айналсын осы Көкем,  
Жүрегінде – Алласы бар,  
Абайы бар!

Біреулер жатқан кезде күлге айналып,  
Абаймен, Шәкәріммен бірге ойланып –  
Жүреді осы Көкем Күнді айналып,  
Шығады күлден қайта –  
Гүлге айналып!

## “ТҮСІНІКСІЗ ҚАЗАҚ”

### *Абай феномені*

*Таң арайлап атқанда,  
Бұ да Тәңрі ісі деп,  
Тұяқтары от лақтырып, шапқанда,  
Жау ішіне кіріп келген кісінен!  
– Аттарға серт!*

*Жүрек пендеден шайлықты,  
Алланы ол қалай түсінбек?!  
Жердегі ырыс-байлықты  
екі көзі тұр ішіп-жеп!*

*Ей!  
Білмейсің бе, сұм пендем,  
Айтылса Алла үкімі,  
Қабірден шығар тұл кеудең –  
Хайуан болмыс-бітімі!*

*Тарыдай жерің шашылар,  
Сөгіліп жасан қолтығы;  
Жан сырың сонда ашықтар,  
Жазаңды ал, әне, сол күні!*

*Құранның “Гадият” сүресінен*

Биыл Ресей тағы бір дүрлікті. Алтғы ай қыс ұйқыда жатқан орыс аюы орнынан қорбандап тұрған. Соңғы президент сайлауына көңілі толмаған орыс оппозициясы Мәскеудегі қарсылық акциясына қарай ағылды. Оппозиционер-блогер Алексей Навальный ереуілшілерді “Чистые пруды” бульварындағы “түсініксіз қазақ” – Абай ескерткіші басына жиналуға шақырды. Сол-ақ екен, саяси шеруден хабардар болып, интернетке көз телміртіп отырғандардың біреуінін: “Ех, Алеша, Абайдың кім екенін білмегенің атыңа ұят емес пе?! Нағыз от ауызды оппозиционер Абай емес пе?” – дегені күллі жер жаһанға жарық жылдамдығымен тарап кетті. Содан бастап, Батыстағы “оккупайуоллстрит” қозғалысына пара-пар “оккупайабай” шеруі басталды да жөнелді. Ресейдің “Альпина нон фикшн” баспасы сол кезде Абай шығармаларын 330 данамен шығарды. “Өте ме, өтпей ме?” – деген күдігі болған. Баспа директоры Павел Подкосов оның бірінші күні-ақ сатылып кеткенін аң-таң қалып айтады. Сонан соң іле-шала 3 мың тиражбен қайта шығарған. Ол да лезде жок болады! Күндердің күні ол 30 мың, 30 миллионға жетуі мүмкін...

Сыңсыған қалың ормантың ішінде аузы аққа жарымай, аш-жалаңаш, шытымыр аяз, азынаған жел өтінде еркіндік пен тоқшылықты аңсап өсіп, патшалық-советтік империялардың темір шенгеліне түскен шерлі орыс жұрты Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Блок, Есенин, Евтушенко, Вознесенский сынды аузымен құс тістеген арқалы ақындарын аттап өтіп, неге Абайдың басына келіп, ботадай боздап тұр? Орыс тарихының арғы жағына бармай-ақ бергі жағын шолып өтсеңіз, бірімен-бірі іркес-тіркес, қым-қуыт тарихи оқиғалар көз қарықтырады. 1917-жылғы Қазан төңкерісі, жекеменшікті жаппай тәркілеп, бай-бағландарды жер аударып, атып-асу, қанды қасап репрессия, ұлы отан соғысы, халық шаруашылығын қалпына келтіру, қырғи қабақ соғыс, соңынан Совет одағы секілді алып империяның шаңрағының ортағы түсуі – ормандай орыс жұртының жүрегіне зілдей салмақ түсіріп, қабырғасын қақыратып-ақ кетті. Содан бері жиырма бір жыл өткен екен. Бұл – ер жігіттің ат жалын тартып мініп, азамат атанар тұсы. Не өзгерді?

“Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргенінен емес” дейді Абай. Совет Одағының заңды мұрагері Ресей құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құрудың алғы шарттарын да жасай алмай, феодалдық-патриархалдық, патшалық-советтік, тоталитарлық-авторитарлық қоғамның ұрандарын ұстанып қалды. Ресейдің тарих тақсыреті таңдайына әбден татыған мемлекет ретінде соңынан ерген біздей еншісі бөлінбеген елдерге үлгі-өнеге көрсетіп, өркениет өріне қаймықпай қадам басатындай хақысы бар еді ғой? Ақыры не болды? Сахара ойшылының XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында сын тезіне алған “сабырсыз, арыс еріншек, көрсе қызар, жалмауыз, өсек, өтірік, мақтаншақ, бекер мал шашпақтық” сынды анти-адамзаттық мерез мінездердің XXI ғасырдың басында Ресейде де одан сайын ордаланып, ойнақ салып бара жатқаны орыс оппозициясының да өзегіне өрт түсіріп, Абайдың басына жетектеп алып келді. “Чистые пруды” бульварындағы шерудің түп-төркіні, міне, осында жатыр!

“Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа, Аларында шара жоқ, алдамасқа. Табысына табынып, қалғаң қағып, Тойғанынан қалғанын берсе Алашқа. – Мал жияды мақтанын білдірмекке, Көзге шұқып, малменен күйдірмекке. Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар, Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке. Ақылды деп, арлы деп, аклейіл деп, Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп. Осы күнде мал қайда, бок ішінде, Алтын алсан, береді боғынан жеп. Осыны оқып, ойлай бер, болсан зерек. Еңбекті сат, ар сатып неге керек? Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Абай).



Біздегі рыноктық экономиканың бүгінгі сықпыты – осы! Адамзаттың сан ғасырлық шежіресінде әбден сыннан өтіп, мойындалған, күнделікті әдет-ғұрып, тұрмыс-салтқа айналуға тиісті адамдық-гуманистік мұраттар аяқ астына тапталған! “Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек” жөнінде әңгіме қозғаудың өзі күлкілі. Аспанмен таласқан, алтынмен апталып, күміспен күптелген сарайларда халық қазынасына суық қолын салған ұры-қарылар тұрады! Аш-күрсақ халық – қараша үйлерде... Билік – бір жақта, халық – бір жақта. Жұрт «бірі кан, бірі май боп екі ұрты», жақсы менен жаманды айырудан қалғаны қашан?! “Аузымен орақ орған өңкей қырт, өз сөзінен басқа сөзді ұқпайды!”, “бас-басына би болған өңкей қикым елдің сыйқын бұзып” бітті!

Мынау Абай заманындағы атқамінердің типтік бейнесі: “Уағалайкүмүссәләм, Болыс, мал-жан аман ба? Мынадайға кез болдың. Аума-төкпе заманда. Ел билеген адам жоқ, Ата менен бабаңда. Болыстықтан пайда қып, Шығыныңды алсаң жаман ба? Қалжыңдаймын әншейін, Оған келе де бермес шамаң да. Орныңнан тұра шабасың, Атшабар келсе қышқырып. Ояз келсе қайтер ен, Айдаһардай ықырып? Отырасын үйінде, Өз-өзіңнен күш кіріп. Босқа-ақ түсіп қаларсың, Біреу кетсе үшкіріп!..” (Абай). Бұлардың бүгінгі біздің ірілі-ұсақты шенеуіктерден айырмасы қандай?

Абай “измдердің” бәрінің төбесінен асқак қарап, Аллаға қарай бет алып келе жатқан тұлға! Ол өзі ғұмыр кешкен феодализмге де, әлеуметтік әділеттілік деп ұрандатқан социализмге, тіпті, біздің бүгінгі жабайы капитализмге де жақпай отыр! Абай жолы – адамзатты Аллаға жетектейтін сүрлеудің басы екенін бажайлатады. 30-жылдары совет өкіметінің одан зәресі ұшып, қорыққаны да содан!

Абайдың “Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да, Алдамаған кім қалды тірі жанда” дегенін белгілі бір тарихи тұлғалар, таптар мен топтарға, саяси ағымдарға қараға да айтуға болады. Ресей “Еуропаны кезіп жүрген коммунизм елесіне өзі ессіз сеніп қана қоймай, өзімен қоса біз секілді боданындағы “бұратана” елдерді де қоса алдап соқты! “Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда” дейді тағы сол “түсініксіз” Абай! Ресей мен бүгінгі Еуропалық одақ, Бірынғай экономикалық кеңістіктегі елдердің болмыс-бітімі, міне, Абайдың осы сөзінен айқұлақтана көрініп тұр ғой! Советтік-тоталитарлық қоғамды аластап, оның орнына қандай қоғам құрдык? “Ендігі жұрттын сөзі – ұрлық-қарлық” (Абай) болып тұр! Қоғамның түр-келбеті өзгергендей болғанмен, мазмұны – бәз-баяғы қалпында. Генсек – Президент болды! Қызыл армия – аққа айналды! Обком хатшылары – генерал-губернатор! Милиция – полиция! Ұры-

карылар – миллионер-олигарх! Баяғы жалаң ұран, ұлыдержавалық шовинизм... Орыстар Андрей Вознесенскийдің:

Мы летим вперед,  
А глядим назад.  
Какой раньше рай!  
Какой раньше ад!  
Мой родной народ,  
Оглянись вперед! –

дегенін құлағына да қыстырған жоқ. Акын бұл сөзді Совет өкіметінің іргесі сөгілмей тұрған 1981-жылы айтып еді ғой?!

Мұхтар Әуезовтің “Абай” романы жарық көргеннен кейін 70-жыл өткенде, 2012 жылдың 25-ші шілдесі күні орыстарды шуылдатып, Мәскеудің “Чистые пруды” бульварына алын шыққан айықпас дерттің атауы, міне – осы! Батыс Еуропа, Балтық жағалауындағы бауырларымыздан баска, ТМД елдері деген атқа ие болып, айдар тағып алған бұрынғы Совет одағындағы жұрттың басындағы жағдай – осындай! Орыс халқы ғұмыр бойы қолына шырақ алып, сандалып, сарсыла іздегенін Абайдан тауып алып, енді Аллаға бет қойғалы жатыр! “Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас” (*Абай*) болып шықты – “Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді. Оларға кез-кезімен Нәби келді. Қағида, шариғатпен өзгерсе де, Тағриф Алла еш жерден өзгермеді” (*Абай*). Ақ патша кетті... Генсектер де келмеске кетті. Президенттер де бірінің соңынан бірі жөнөп барады. Бірақ, Ресей өзгерген жоқ! XIX ғасырда Тәңірі Лермонтовтың аузына салған: “Хош, Ресей сорынан арылмаған...” – деген сөзін XXI ғасырдағы орыстың көшеде жүрген көрінген баласы айта алатын жағдайға жетті! Сонда адамзат тарихында айрықша орны бар екі ғасыр – екі жүз жылдықтың бостан-босқа із-түссіз өткені ме?! Тоталитарлық советтік қоғамдық құрылыстан әзер құтылған кейінгі жиырма жылды айтпағанда?! Пушкин, Радишев, Салтыков-Щедрин, Герцен, Чернышевский сынды бостандық пен теңдікке тәу еткен озық ойлы ұлдарының рухы қанында ойнақтаған орыс оппозициясы осыны енді ғана сезіп, шиыршық атып отыр!

Абай шығармалары орыс тіліне әлі өз мәнінде тәржімаланып жеткен жоқ. Шала аудармасының өзі құдайы көршімізді шалқасынан түсірді! Мәскеудегі оппозициялық шерулерді ұйымдастырушылардың бірі Борис Акунин “Азаматтық белсенділік қандай жақсы еді! “Чистые прудыда” отырамын деп, Абайды оқып шықтым, ғажап акын!” – деп жазады “Альпина нон фикшн” баспасынан шыққан Абай кітабы хақында. Ресейлік акын, әдебет сыншысы Лев Рубинштейн “Бір ғажайып аркасында Мәскеудің құрметті адамы әрі еркіндік символы-

на айналған дала данышпаны Абай ендігі жерде еркіндік сүйгіш Мәскеу жұртымен бірге жер-жаһанды аралап, өзінің бостандық, еркіндік құқығын талап ететін болды!” – деп жазды.

Абай “Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және һақ жолы осы деп әділетті!” – деген. Тарих зұлымдық пен сұмдықтан, қан төгістен құрылған қоғам адам баласының көсегесін көгертпейтінін әбден дәлелдеді. Абайдың да айтпағы осы еді ғой! Бір кезде Абай сынаған, қазақ қоғамында бұрын-соңды болмаған, орыс отаршылдығымен қоса келген, ел-жұртының үстінен бишік үйіретін билікқұмарлық, мансапқұмарлық секілді бюрократиялық кеселдер мен “көзінен басқа ойы жоқ, адамның надан әуресінің” (Абай) Алаш жұртындағы жиіркенішті көріністері бүгінгі орыс қоғамын да тығырыққа тіреп отыр!

Совет өкіметі құлағалы өркениетті жұрт секілді бірде-бір демократиялық сайлау өткізіп көрмеген, обком хатшыларынан қолдан жарты патша жасап шығаратын Ресей (*Евтушенко: “Вот вам Русь – производство царей из обкомовских секретарей!”*) Абайдың “Биік мансап – биік жартас, екпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады” дегенін оқып, пірдің қолын ұстағандай болды! Халық қазынасын тиын-тебенге жекешелендіріп алып, бай-бағлан атанған Березовский, Әлиев, Храпунов секілді кашқан-пыскандардың кешегі Собакевич, Хлестаков, Оразбай, Күлімбайлардан қай жері артық?! Орыс демократтары Абайға қайта-қайта оралып, көзінің жасын көл қылмағанда қайтеді?!

Абай 45-ші кара сөзінде: «Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай гартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады» – дейді. Бұл жұмыр басты пенделерге ғана емес, тұтас мемлекеттерге де қатысты сөз! Атом бомбасы, империялық кеуде, шовинистік өркөкіректікпен елдің алдына түсудің күші өтіп барады! Мәселе – осында! Абайдың басына келген орыстардың осыны түсінуге өресі жетсе, жер шарының саяси картасы бір-ақ күнде өзгеріп шыға келер еді!

Орыстар Абайдың Алашқа ғана емес, адамзатқа айтқан сөзін оқығанда көктен Ғайса түсіп, жерден Мәді шыққандай болды! Қалың орыс “түсініксіз қазаққа” Мұхтар Әуезовтің “Абай” романы жарық көргенінен соң, 70 жылдан кейін қайтадан жалт қарады. Бірақ... Орыс империясына “түсініксіз” болған жалғыз қазақ Абай ғана ма?! Орыс отаршылдығына жанталаса қарсы шығып, өз еліндегі сатқындар мен түбі бір түркі – қырғыз бай-манаптарының қолынан қаза тапқан қа-

зактың соңғы ханы Кеңесары Қасымов, Исатай – Махамбет, Қыпшақ Кейкі, жыртқыштың бодауынан сытылып шығып, өз алдына казактың ұлттық мемлекетін құрмақ болған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Жанша, Халел Досмұхамбетовтер, Мағжан Жұмабай, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жакып Ақбайұлы, Мұстафа Шоқай, Халел Ғаппасұлы және т.б.с.с. Алашорда кайраткерлері, герман-орыс соғысында жауды Мәскеу түбінде тоқтатқан полковник Бауыржан Момышұлы, Рейхстагтың терезесінен қызыл туды бірінші болып желбіретіп, атаусыз қалған Рахымжан Қошқарбаев, төсекте басы, төскейде малы косылған түрік-славян жұртының тілін зерттеп, орыс эпосы “Игорь жасағы туралы жырдың” төркінін түркіден шығарып, басы дауда қалған Олжас Сүлейменов... Құдайы көршіміздің “түсінбей” қалған “түсініксіз” қазақтарын санап шығуға осы заманғы электронды есептегіш құралдардың шама-шарқы жетер ме екен, жетпес пе екен?

Осыдан жиырма бір жыл бұрын болған оқиға, тағы бір “түсініксіз казак” туралы айтудың реті бүгін келіп отыр. 1991 жылы тамыздың 19-шы жұлдызы күні таң азанындағы Мәскеу радиосының хабарлары КСРО Жоғары Кеңесі төрағасы Лукьяновтың мәлімдемесімен басталды. Содан кейін КСРО вице-президенті Янаевтың жарлығы оқылды. Іле-шала кеңес басшылығының мәлімдемесі жарияланды. М.С.Горбачевтың денсаулығына байланысты өзінің міндеттерін орындай алмауына, бұл мансаптың Янаевтың қолына көшуіне байланысты елдің жекелеген жерлерінде алты айға төтенше жағдай енгізілді. КСРО-да төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік Комитет құрылып, оның құрамына Қорғаныс кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Бакланов, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Крючков, премьер-министр Павлов, ішкі-істер министрі Пуго, КСРО шаруалар одағының төрағасы Стародубцев, Мемлекеттік кәсіпорындар ассоциациясының төрағасы Тезяков, Қорғаныс министрі Язов, КСРО Президенті міндетін атқарушы Янаев кіргенін хабарлады.

Сол күні Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің редакторы кеңесінің есігін жауып алып, бір мақала жазды. Айдары: “Жексенбіден дүйсенбіге қараған түні Кеңес Одағында төңкеріс жасалды». Тақырыбы: “Иә, бұл – төңкеріс!”.

“Иә, көреген саясатшылар әлдеқашан айтқан диктатура кәтері іс жүзіне айналды. – деп жазды Нұрмахан Оразбеков, – Заңды сайланған Президенттің денсаулығы кенеттен нашарлап, елді басқара алмайтын жағдайға жетті деген қып-қызыл өтірікке сене қоятын ақымақ бүгінде күндіз қолыңа шам алып іздесен де табыла қоймас. Иә, бұл – қып-қызыл төңкеріс!”

Газеттің ертеңгі санына кетіп бара жатқан материалды секретариаттағы, басқа да жігіттер оқиды. Сол кезде редакцияға жазушы Жайық Бектұров келе қалады. Бұл өзі сталиндік репрессияның өткелегінен өткен өте сақ адам.

– Бір тыңдаса, Сізді тыңдайды, сөйлесіңіз! – деседі жігіттер.

Жақан:

– Ең болмаса, шапкасын жұмсартсайшы. «Кеңес Одағында маңызды оқиға болды» десең де, жетеді ғой. Көкейіміздегі сөзімізді айтамыз деп, көрдік қой азапты! – дейді.

Сонда Н.Оразбеков:

– Жақа, сөзді шығын қылмаңыз. Ендігі кезек біздікі шығар, бәлкім. Тағдыр солай болса, бұқпантайлағанмен құтыла алмаспыз! – деп көнбеген.

Таяуда жазушы Жайық Бектұровтың 100 жылдық тойына келген Н. Оразбеков осы тамыз бүлігіне байланысты бір фактіні ортаға салды. Сол кездері обкомның екінші хатшысы Әбілғазы Құсайынов ГКЧП-ның күллі қаулы-қарар, нұсқауларын тірі жанға көрсетпей, сейфке тығып тастаған көрінеді...

– Рас па?! – дедім мен аң-таң калып.

– Сен, Серік, – деді Нұрекен жақтырмай калып, – Қазақ коммунистерінің бәрін Елтай Ернараров деп ойлайсың ғой деймін?!

Бір кезде өзімнің де коммунист болғаным ойыма түсіп, қызарақтап қалдым.

Бүгінде ел арасында сол сойқан совет өкіметінің түбіне жеткен Горбачевті сатқын деп айыптайтындар жиі кездесіп қалады. Сол 1991 жылы ГКЧП дегеніне жетіп, совет өкіметі қайта орнағанда, баяғы таз кепешімізді қайта киіп, қанды шенгелде көзіміз бақырайып отыра беретін едік қой. Еуропадағы ең соңғы деспот Лукашенкоға салсаң, адамзат тарихында Сталинге жетер ақылман тұлға, КСРО-ға жетер ел жоқ...

Тәңірі Қазақстанның Халық Қаһарманы атағын осы Нұрмахан Оразбековтің маңдайына жазғандай еді. Бірақ, оны күллі елдің сонынан салпақтап, егемендігін әзер алған өзінің қазағы да, ойы озық демократияшыл орыс көршісі де түсінген жоқ...

Нұрмахан Оразбеков – “Орталық Қазақстанның” редакторы боп келгеннен екі жылдан соң газеттің маңдайындағы “Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!” – деген ұранды алып тастаған адам. Совет өкіметінің кезінде!

“Кітабы жоқ жазушы” Жайық Бектұровтың сандығында 30-40 жыл бойы жарыққа шықпай, сарғайып жатқан Алашорда ардақтылары туралы жазбалар осы газетте жалғанның жарығына шықты. Мағ-

жан Жұмабайдың “Батыр Баян” дастанын осы газет республикада бірінші болып жариялады.

1991 жылы Қарағандыда Қасымның 80-жылдығы дүркіреп өтті. Мен онда Қазақстан Жазушылар Одағы Қарағанды облыстық бөлімшесінің хатшысы едім. Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Рымбала Омарбекова, Нұрмахан Оразбеков үшеуіміз той қамымен Қарқаралыға келдік. Қасым туралы баяндаманы кім жасайды деген сұрақ туындады.

– Мен жасаймын! – деді аупорткомның бірінші хатшысы.

– Сен неңді айтасың? – деді Нұрекең жұлып алғандай, – Қанша қойдан қанша қозы, қанша сиырдан қанша бұзау алғаныңды айтарсың. Ақын туралы сөзді ақын айтуы керек. Баяндаманы Серік жасайды! – деді.

Мен ыңғайсызданып қалдым. Қасым хақындағы білігім де шамалы еді. Келе салып, Қасымның кара томдарын қайта-қайта ақтарып, өзім бұрын-соңды біле қоймаған сиқыр әлемге сүңгідім де кеттім. Сол тойда менің Қасым туралы сөзімді жұртшылық жылы қабылдады.

90-жылдары Нұрекең Алматыға қайта көшті. Аяулы ағам Абайдың 30-жылдардың басында шыққан сарғайған бір көне томын сыйға тарттым. Ағам кітаптың сары парақтарын аударыстырып, сипап отырып:

– Абай атамның шығармаларын мен алғаш осы кітаптан оқып едім. Кейіннен көз жазып қалдым. Қолыма қайта түсер деп ойлаппын ба? – деп мәз-майрам болды.

## АЛАШ ПЕН МАНАСТЫҢ БАЛАСЫ

Мен Баянғалимен өткен ғасырдың сексенінші жылдары Қазақстан Жазушылар үйінде танысқан едім. Онда ол «Жұлдыз» журналының сын бөлімінде қызмет атқарады. Әлі тезге түсе қоймаған тентек кезі. Сөйлеген сөзінен ұлттық әдебиеттің төрт құбыласын түгел білетіні көрініп тұр. Осы жігіт кейін келе көмейінен қырғыздың «Манас» жырын төгіп-төгіп жібереді деп ол кезде кім ойлаған...

Әлкей Марғұлан «Манас» жырының бүкіл жұлын-жүйесінде Алаш рухының атойлап тұратынын айтып кетіп еді. Жырдағы геройлардың көпшілігі кейінде қазақ ұлысына қосылған тайпалардың өкілдері немесе сол тайпалардың өздері екенін қадап айтқан (*Әлкей Марғұлан, Ежелгі жыр – аңыздар, Алматы. «Жазушы» баспасы, 108 бет.*) Мәселен – Ажыбай – қазақтағы арғындардың бір руы. Алеке, Баубек, Мәжік – арғынның ру атаулары. Ер Көкше, Ер Қосай, Бейімбет (Майымбет) – қазақтың Уақ тайпасынан. Ер Үрбі – Бағаналы Найманның Ақтаз руынан. «Манас» жырының оқиғаларына қазақ тайпалары тегіс қатысады дейді Әлкей Марғұлан. Ұлы жүзден – Үйсін, Жалайыр, Қаллы. Орта жүзден – Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңрат, Уақ, Керей. Манасты таңнан-таңға жырлайтын біздің Баянғали да осы Керей руынан. Кіші жүзден – Алшын, Тама, Төлеу, Керейт, Шеркеш, Кердері. Бұлардың бәрі де монғол дәуірінен әлдеқашан бұрын жасаған тайпалар.

«Манас» жырында қырғыздың өз руларының аттары, қырғызға басшы болған тарихи адамдар есімдері Ахскенди, Барысбек, Орыс-Инал еш жерде кездеспейді. Мұнда қазақ, Орта Азия халықтарына ортақ тайпалар немесе олардың сан түрлі тарихи дәуірлерінде жасаған адам аттары көбірек ұшырасады. Памир, Шоң-Алай тауларын мекендейтін, Ош өлкесін қоныстанған қазақтағыдай ру аттары жиі кездеседі. Бірақ бұлардың тарихи шежіресі ерте заманда Енесей мен Алатау арасында көшіп жүрген Оң-хал қырғыздарынан біраз өзгеше. Абылдаевтың зерттеуіне қарағанда ішкі қырғыздар рухани, мәдени тіршілігі жағынан қазақтарға көбірек ұқсайды. Олардың тайпа құрамында қазақтың Арғын, Алшын, Үйсін рулары өріп жүр. Бұлар қырғызда кездесе қоймайтын 11-12 буынды жырды «өлең» деп атайды. Мұндағы қырғыздар жырлайтын «Ер Қосайдың» мазмұны қазақтың «Ер Көкше», «Ер Қосайына» өте ұқсас.

Абылдаевтың зерттеуінде «Манас» жырын жатқа айтатындар Ыстықкөл, Алатау, Нарын қырғыздары. Түстікке қарай қадам басқан сайын манасшылар саны азая береді. Ішкі ел арасында бұл эпос жоққа тән десе болады. Соған қарағанда, ішкі ел XVI ғасырда Тайыр хан мен

Хак-Назар кезінде қырғызға қосылған қазақтар емес пе екен деп ой толғайды Әлкей Марғұлан.

Қазақ халқының құрамында да ерте заманда Арғынға сіңген қырғыздар аз емес. Олар XVIII ғасырдағы Абылайға еріп келген қырғыздардан, мүлде, басқа. Арғынға қосылған қырғыздар Шерік, Доит, Құсшы, Жүнді қырғыз деп аталады. Олар осы күнгі Қарағанды облысының Қызыларай, Бегазы таулары Ақтау, Атасу, Нұра, Бұғылы маңына қоныстанған. Олар Ішкі Сібірден Арқаға ауып келген деседі. Шіліктен Ұбай, Ноғай, Орыс деген ағайынды үш жігіт тараған екен. Арқаға ауып келгені – Орыс пен Ұбай. Олар Ертіс өзенінен бір атқа мінгесіп өтеді. Арқаға бұлардан көп бұрын атасы Шерік келіп, қазақ (қыпшақ) ханның биі болған. Ол Арқаға қол басқарып, қырық шорасымен келген. Ақтоғай, Тоқырауын қазақтарының айтуына қарағанда, Ер Манас – Ер Көкшенің баласы-мыс. Оның Ақ құла атының жайылған жері – Бегазы тауының бөктері. Менің де кіндік қаным осы жерде тамған. Бізді осындағы қазақтар әлі күнге дейін «қырғыз» деп атайды. Мұхтар Мағауиннің «Шынғыс хан» романында Арқадағы қырғыздар хақында егжейлі-тегжейлі айтылған. Манастың Ақ құласы күндіз Бегазы тауының іргесінде жайылып, түнге қарай шыңына шығып, Тас – ақырдан шөп жейтін болған-мыс. Осы өңірдегі кеудесі алтын сандық ақсақалдардың айтуына қарағанда, оның су ішкен тас қазаны Бегазы тауының басында әлі күнге дейін сақтаулы тұрған көрінеді. Сол жерде Манас тұлпарының тұяғының таңбасы да бар көрінеді. Оны осындағы көне көздер Манастың Ақ құласының тұяғынан түскен таңба деп дәріптейді. Осыларға қарағанда, «Манас» жыры қазақ-қырғыздың бір-бірінен енші алып, екіге бөлінбей тұрған кезінде туған жыр ма деген ой келеді. Мәселен, Күлтегін жырында: «Төбеде – Көк Тәңірі, Астында – қара жер болғанда» делінсе, «Манаста»: «Жер – жер болғанда, Су – су болғанда» – деген шумақтар кездеседі.

Қазақ пен қырғыз түү атам заманнан еншісі бөлінбеген екі ел, ел болғанда ішкен-жегеніне мәз, езуінен көбік аққан тексіз тайпа емес, көрген-білгенін көркем оймен өрнектеген, адамзат тарихындағы сау-сақпен санарлықтай эпос елі! XX ғасырдың екінші жартысында ел алдына Баянғали Әлімжанов шыға келіп, көмейінен «Манас» жырын төгіп-төгіп жібергенде бұған таң-тамаша қалмаған қазақ, қырғыз жоқ десе болады. Қырғызбен екі арасы екі аттам Талас қазағы емес, Бішкектен таң ата салт атпен шығатын болсаң, Көкшетауға бір-екі күн қонып, әзер жететін жер; былайша айтқанда ит аркасы қияндағы Сарыарқаның баласы арада бірнеше ғасыр өткенде манасша боздап қоя береді. Бұл не?! Ғафуша айтқанда, қазақ феномені – бұл! Дүниеге «Манас» жыры келгелі қаншама жыл өтті? Сондан бері қаншама та-



рихи оқиғалар дүниені дүр сілкінтті?! Евразияда үш мың жылдай патшалық құрған түрік дүниесі өзі ел қылған орман жұртының тепкісіне түскелі қашан? Қырғыздан – қазақ, қазақтан – ноғай айрылды. Қанқұйлы революциялар репрессияларға ұласып, XX ғасырдағы екі дүниежүзілік қырғын түрікті түп тамырынан айырып, ата жаумен ассимиляциялап жіберді! Кенет Көкшетауда туған қазақтың бір ұлы атамзаманғы «Манас» жырын есіне түсіріп, қазақша емес, қырғызша сайрай жөнеледі. Бұл не өзі?! Қырғыздың қай баласы біздің «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлуымызды» жырлап жатыр?! Өзбектің қай ұлы Мағжанның өлеңін оқып, тебіреніп жүр?! Түріктің бүкіл болмыс-бітімі, дәстүр-салты, рухы, жыры да қазақтың қанында, жадында қалған! Соның бір көрінісі осы – Баянғали Әлімжанов! Мағжанның «Түріктің қара шаңырағы – қазақ!» дейтіні міне осыдан шыққан!

Академик Радлов 1868 жылдары Сахараны аралап, «Манас» жырының «Алмамбет», «Жолай» тарауларын жазып алады. Сол жолы ол миллион жолдай жырды жатқа айтатын манасшыларды көріп, аң-таң қалған. «Осыншама өлеңді қалай жаттап алғансыз?!» дегенде, олар: «Бұл жырларды Тәңрі менің көкірегіме құйып, аузыма салған! Мен оны жаттап алмаймын, ол менің өзегімді жарып, өзі шығады!» деген. Меніңше, Баянғали да оны кітаптан жаттап алмаған, жыр оның түрік қанында ойнап, түп-тамырында қайнаған! Содан жадында жатталып қалған! Сонау Шоқаннан бастап, кешегі Әуезов, Марғұландардың «Манас» жырын көз майын тауысып зерттеуі кездейсоқтық деп кім айтады?! «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген міне осы!

Баянғалидің бойында көне түрік жыршысы Ұзанға тәннің бәрі бар. Ұлы дала жырының уызына жарыған! Ол бір кезде Абай тезге салып, еуропалық поэзияның мәдениетін жан-тәніне сіңірген қазақтың жазба жырының жағасына жармасып, біздерше өлеңді өрнектеп, түзеп – күзеп, оған осы заманғы поэтикалық күрделі иірімдерді күштеп тықпалап жатпайды! Абайды аттап өтіп, бірнеше ғасырлық дәстүрі бар ауыз әдебиетінің інжу-маржанына кенеліп, XX ғасырдың Гомері Жамбылдың жарық жұлдызын маңдайға алып келеді! Жасандылықтан мүлде, ада! Тәңрі аузына не салса, соны айтады! Ол өлеңді оқырманға емес, тыңдарманға айтады! Қазақ пен қырғызға ғана тән өлеңді суырып салу өнері деген міне – осы! Сүйінбай, Кемпірбай, Әсет, Шөже, Біржан салдардың аламан айтысы көзден ұшқалы қашан? Сол суырып салу өнері біздің Жамбыл, Исалармен XX ғасырдың 50 жылдарына дейін жетіп еді. Солардың XX-XXI ғасырлардағы көзге шалынар жалғыз қырасы, соңғы тұяғы осы Баянғали Әлімжанов десе болады!

Бүгінгі айтыс акындарының тыңдарманын ұйыта алмай жүрген-

дігінің түп-төркіні неде жатыр? Олар өленді көрерменге емес, оқырманға арнап айтқысы келеді! Пушкин мен Абайды, Мағжан мен Қасымды, Жүмекен мен Өтежанды, Андрей Вознесенский мен Евгений Евтушенконы қанына, жан-дүниесіне сіңіріп алған оқырыманды селт еткізуге олардың шама-шарқы жете қояр ма екен?!

Баянғалиға қараңыз, оны тыңдағанда Баян жыраудан бастап. Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Сүйінбайлардың жан-дүниенді балқытар көне де, көркем мақамы алдыңнан атойлап шығады: «Байтақ әлем бұл күнде, Қырғыз десе, Манас дейт, Манас десе, қырғыз дейт, Дәл Манастай қырғыздың, Қасиетін ешкім де, Бұл жалғанда білгізбейт!»

Талант өленді тудырады. Дәлдүріш – жасайды! Табиғи гүлдің иісі бұрқырап тұрады. Жасанды гүл гүлден аумаса да, онын хош иісі жоқ қой! Мұны оқырман да, тындарман да біліп қойғалы қашан?!

Мынау Сәкен серінің 60 жылдығындағы суырып салып айтқаны: «Ұлылар Көкшетауда аз тумалы, Дұрыс қой соған лайық сөз туғаны. Тойында Сәкен аға сөйле деді, Төлеген – жазушы ақын – Қажыбаев, Көкшенің Қарға бойлы Қазтуғаны! Аман ба Қызылтудың заңғар елі, Сәкеннің кіндік қаны тамған жері. Ақ шанды аспанға атып жалаңаяқ, Тасында балаң ізі қалған жері!» Кәкімбек Салықовтың 60 жылдығында айтқанына қараңыз: «Ел-жұртын тілеуінді тілеуде, аға, Әнінмен ажарлансын жүдеу дала. Оқжетпес жер бетінде біреу болса, Кәкімбек Салықов та –біреу ғана!» Бір айтыста Әселхан ақын бүгінгі ел байлығын тонап алған ұры-қарыларға қарата, сырттай қарасаң бәрі әдемі, галстук тағып, сып-сыпайы болып жүреді. Ал құлқындарын ойлағанда алдарына жан салмайды деп ашына жырлайды. Сонда сөзді іліп әкеткен Баянғали былай деген: «Ұрының ең жаманы сыпайысы, Болмайды ондайлардың Құдайда ісі. Ұрының қолын шауып тастайтұғын, Бәрінен жақсы екен ғой Қытай ісі. Билікке аз ғана күн кетсе жолап, Алады ел байлығын түгел тонап. Қытайдың заңын егер бізге енгізсе, Болады бастықтардың бәрі – шолақ!» Бейімбет Майлиннің 100 жылдығындағы айтыста: «Азамат алдыменен жұртын ойлар, Өз басын күйттегендер мұртын майлар, Заманда нарық қысқан не болады. Елдегі кара табан Мырқымбайлар? Жағдайын Мырқымбайдың не қылады, Қолында билігі бар Қыртымбайлар?! Туған ел түгі қалмай тоналыпты. Ар-ұят, әділеттік жоғалыпты. Кешегі тыр жалаңаш коммунистер, Мыңғырған капиталист боп алыпты!» деген! Өзін «Мен – Сары тентекпін» деп, өзін-өзі жарнамалаған бір әріптесіне: «Қалайша мақтанады мына сары, Өзіне бұлай деген жарасады. Бір кезде сары болу мода болған, Ұмтылған сарылыққа жұрттын бәрі. Мақтанып керегі не, сарымын деп. Дариға-ай, болмаған сон Кеңесары!» депті! Александр Солже-

ницын ұлыдержавалық уағызын сарнатқан тұста: «Қазаққа бәле боп тұр Александр, Қатыны күнде үйінде әлек салғыр! Орыстың парасаты әділ жұрты, Іргесін бұл бәледен бөлек салғыр!» дейді!

«Биіксің, Талғар, тамаша, Тұрсын көкпен таласа. Әттең сенің баурында, Адамдар бар аласа!» дегенді Қасым Талғардың қарлы шыңдарына қарап тұрып, суырып салып, айтқан! Қасым өлім аузында жағқанда оның бір топ қаламдас-қатарласы хал-жағдайынды білуге қолымыз бүгін тиді деп келеді. Сонда Қасым: «Кеттін келмей, шіркін достар, Жазып роман, жасап жоспар, Қалмаған-ау қолы бостар. Қайдан болсын қолы бостар, Қолдарында толы тост бар, Қайтіп босар қайран достар?!» депті. Ақынның аузы – дуалы. Ол аузына Алла не салса, соны айтуға тиіс. Пенденің айтқанын айтпауы керек! Алтын айдарлы ақынның жұмыр басты пендеден айырмасы – осы. Осы ғана!

1995 жылдың тамызында президент Көкшетаудың Енбекшілдер ауданына келеді. Ол кісіні қарсы алуға дайындық жүріп жатқанда аудан басшылары ақыннан «Президентке не айтасың?» деп сұрапты. Сонда Баянғали: «Сіз келеді дегелі Біздің елге көп болды, Күте-күте өзінді Елдің көзі төрт болды. Сізге сойған жылқыны, Әкімдер өзі жеп болды! – десем қайтеді?!» дейді. Сонда әлгілердің зәре-құты қалмаған!

Содан елге келсе, аудан атқамінерлері президент ауылға келіп қала ма екен деп күтіп отыр екен. Ақынның әңгімесін тыңдап, мән-жайға қаныққаннан кейін, аудан әкімі: «Бізге де бірнәрсе айтсаңшы» – дейді. Сонда Баянғали: «Айтайын әкімдерің құлақ қойса, Жиналып отыр екен жағып монша. Патшаға өлең айтып келгеннен соң, Әкімге көңілім жоқ менің онша!» – дейді! Бұдан патшадан да айылын жимаған қазақ ақынының нас тұлғасы көзге ұрып тұр! Мансаптан бәрін жоғары қоятын шолақ белсенділерге жасаған қыры! Тура Баянғалидің өз мінезі! Ол біреуге бодан болған, маңдайдағы сору бес елі елдің баласы! Бірақ өзін қор сезінбеген! Ұлы Тұран империясын құрған ата-бабасының аруағы алқап, зор сезінген! Оның ақындық қуатының алапат болып тұрғаны сондықтан!

«Манас» жыры күллі түркі дүниесіне ортақ ұлы жыр. Оның оқиғалары мен сондағы геройлардың бәрі де осы екі жүртқа етене гән, типтік дүниелер. Осындағы Көкаман (көзкамандар) Жақылтың қандас туғандары. Бір қанды қырғында Қытай әскерінің қолына түсіп сонда тұтқын болып қалып қояды. Кіндік кесіп, кір жуған ел-жұртын ұмытқан! Ата дәстүр-салтын тәрк еткен! Тұла бойында түріктік қасиеттен түк қалмаған! Ділі де, тілі де, діні де бөтен. Кейін Манас ат жалын тартып мініп, азамат болып, қол бастап шыққанда сол көзкамандарды жау қолынан босатып, еліне алып келеді. Түрі – қырғыз.

түбі – шүршітке айналып, көлгірлік пен күн көрудің камына түскен күйкі көзқамандар Ежен ханның жансызына айналып, қырғыз жұртын қырықпышақ қылады. «Манастын» Саяқбай Қаралаев нұсқасында ежелгі жау Қоңырбай ел ішінде бүлік салу үшін көзқамандарды Таласқа жібереді. Ақыры олар басқыншылармен жемтіктес болып, Манасты улап өлтіреді!

Арада бірнеше ғасыр өткенде сол оқиғалар тарихта қайта қайталанды! Қасиет болып қайталанса бір сәрі, қасірет болып қайталанып отыр ғой! Қырғызстанға қараңыз: совет өкіметі кезіндегі қасіретін қайта қозғамай-ақ қояйық. Тәуелсіз ел болғалы қырғыздың көңілі көншіп, көсегесі көгеріп кетті ме?! Бұған кім кінәлі?! Кешегі көзқамандар, бүгінгі мәнгүрттер кінәлі! Басқа ешкім де емес! Ал енді қазаққа қараңыз: қазақтың ұлттық тәуелсіздігінің қадір-қасиетіне жете алмай, орман ұлысына қарап ұлып отырған – кім? Тағы да – осылар! Ұлттық байлықты бұрынғы қожайындарымен қоса бөлісіп алып, мұртын майлап, мыңғырып отырғандар кімдер? Тағы да – осылар! Өзінің ана тілінің мемлекеттік мәртебесіне ата жауындай аттандап қарсы шығып отырғандар кімдер? Осылар – «Манастағы» көзқамандар, бүгінгі мәнгүрттер әулеті!

Көк Тәңірі қазақтың басына күн туған кезеңде Арқаның бір баласының аузына «Манасты» салды! Бізге Баянғалиды жіберді ғой! Алла тағала Алашты қауіп-қатерден, зұлматтан сақтап, әлі қорғаштап тұр! Алланың көңілі – Алашта. Ал Алаштың көңлінің қайда екенін бір сайтан білмесе, әлі ешкім білмейді...

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Көкшетау көшесіне Жүсіпбек Аймауытовтың аты беріліп, соны бір-екі орыс таба алмай, Баянғалиден жөн көрсетуді сұрайды. Сонда Баянғали: «Аймауытов – репрессированный великий казахский писатель. Шестьдесят лет предавали его имя забвению, теперь можно шесть часов поискать его улицу!» – деген екен! Бұл өлеңге бергісіз, жатқа есесі кеткен жампоздың жан дауысы, азалы өксігі, ақынның аузынан шыққан айыптау әктісі!

Ол алақанына қан уыстаған совет өкіметінің кезінде Мағжанның «Батыр Баянын» жырлап жүрген жігіт болатын!

Талантты адам – қанатты құс секілді, көкке көтерілмесе көңлі көншімейді. Аспанға ұшса, өзімен бірге Алашын да ала кетеді. Біз қазақтан шыққан кез-келген қанатты, талантты адамға ерекше ілтипатпен қарауымыз керек. Олардың қай-қайсысының болсын түбінде таудай бір-бір тұлға тұрады. Баянғалидің де әр жағы түпсіз терең – Керей Жәнібек, бергі жағында – Батыр Баян. Біржан сал, Ақан сері, Мағжан тұр ғой! Арада қаншама ғасыр өткенде атам заманғы «Манас» жыры Аркада орыс балаларымен асық ойнап жүрген осы қазақ баласының

жадына оралды! XX—XXI ғасырлардың көш керуенінде Алаш пен Манас осы баланың жұдырықтай жүрегінде келіп, қайта тоғысты!

Баянғали – Ақын! Ақын болғанда да ұлы дала төсін бірнеше мың ғасыр дүбірлеткен көшпенділер өркениетінің тірі қалған бір өкілі! Біз барлық болмыс-бітімімізбен Абайға, Мағжан, Қасым, Мұқағали, Жүмекендерге жақын болсақ, ол бізден гөрі Бұқар Жырау, Сүйінбай, Орынбай, Исаларға жақындау, көрінгенге бас имеген Көк Түріктің – өр заманның өкілі! Бір кезде бай-бағлан, шынжыр балақ, шұбартөс болған ата-бабаларымыздың аузынан түскендей жыршы-жырау, бүгінгі біздің күйкі тіршілігімізге мүлде кереғар, көне заман, көшкен мәдениеттің перзенті! Сондықтан біз оны аялап сақтап, ардақтап ұстауымыз керек! Ұлы дала жырының уызына жарыған! Одан айрылсақ, онымен бірге ұлтымыздың бүтіндей бір ұлы мәдениеті көзімізден бір ұшуы мүмкін... Тәңірі Баянғалидің ғұмыр жасын баянды кылып, Алаш пен Манастың арасын айыра көрмегей! *(Бұл эссемді Арқадағы айтулы айтыс ақыны, айтыстан докторлық диссертация қорғаған Қойлыбай Асанға арнадым. Неге арнағанымды Қойлыбай да, Баянғали да ішінен жақсы біледі...)*

## МАЗМҰНЫ

Ұзан .....	5
Қарқаралы – қараорманым .....	173
Адасқан ұлдың ата жұртқа оралуы .....	189
Едіге жыры .....	192
Қорқыттың қобызы .....	194
Ей, Байбөрі, Байбөрі .....	200
Қыпшақ Кейкі .....	203
Қабырыңа қоям бес шоқ қара гүл .....	209
О, тәңрі .....	219
Жырма бір жыл .....	227
Алас! Алас!! Алас!!! .....	247
«Қызыларай» колхозының баласы .....	254
Антипоззия .....	262

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

АЛАС

*Екінші том*

Редакторы *Н. Оразбек*

Компьютерлік дизайны *Р. Жарипова*

ИБ № 173.

Басуға қол қойылды 30.01.14. Қалпы 60x90  $\frac{1}{16}$

Кағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”.

Баспа табағы 25,0. Таралымы 800 дана. Тапсырыс №42.

ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”

050046, Алматы қаласы, Прокофьев көшесі, 226/1.

Тел./факс: (8-727) 392-94-18. E-mail: idkz@mail.ru

ISBN 978-9965-10-123-6



9 789965 101236

ISBN 978-9965-10-121-2



9 789965 101212

